

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№9 (176),
ҚАРАША
2019 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, — т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар — т.ғ.д.,
проф.; Д.Сәтбай, С.Сымағұ-
лова, Ұ.Ысмағұлов — т.ғ.д.
доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмаділ,
Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина —
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен — п.ғ.к.,
Қ.Қарамандаев — тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы — тұңғыш бас
редактор. Б.Матекова — ұстаз-
әдіскер. Ш.Таңмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
— озат ұстаздар.

Басуға 21.11.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. — 5. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы — 1500.
Индекс — 75748.
Тапсырысы —

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғ ы л ы м и - т е о р и я л ы қ
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір қынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспей де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Құмарбек Жұпбаев. Күн хан және оның мемлекеті. Гүндер	2
Қуаныш Бектұрғанов. Мұстафа Шоқай және соғыс тұтқындары	7
Аманбай Сейітқасымов, Арайлым Жетенова. Шәймерден Қосшығұлұлы — Алаштың ардақты ұлы	8
Қуаныш Аканов. Казахские делегаты на съездах областников Сибири	10
Жанат Бексейітова, Өтеубай Қожақұлы. Көші-қон және оралмандар мәселесі	13
Нұрлыхан Мәжиқызы. Қытайдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер	16
Батырбек Назаров. Атқа міну мәдениеті	18
Қабибек Мұхитов. Доссор-Рақуша мұнай құбырының салынуы	19
Рахат Бөлімбетов. Қазақ даласындағы діни ахуал	21
Амангелді Қашқымбаев. Ресей империясының отарлау саясаты	22
Өтеген Исенов. Патша үкіметінің жасақ салығы	26
Күлімкөз Сантаева. Қазақ халқын отырықшыландыру саясаты	28
Досалы Салқынбек. Ялтадан Сталинге жазылған хат	30
Арайлым Мұсағалиева. Солтүстік Қазақстанға халықтардың жер аударылуы	33
Ардақ Әбдірайымова, Ақмарал Өтешова. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әйелдердің ерлігі	35
Марал Калиева. Социальная повседневность военного времени в письмах казахстанцев	39
Эльмира Абланова. Қазақ зиялы қауымының демографиялық дамуы	42
Әлібек Аман. Ауыл халқының сандық өсімі	45
Құндызай Ерімбетова. Қазақстандағы тұрғындар көші-қоны	47
Жапсарбай Қуанышев. Азаматтық сәйкестікті қалыптастыру	52
Болат Қалмырзаев. Қазақстан аумағында тыйым салынған экстремистік ұйымдардың қызметі	55
Елизавета Исибаева, Балжан Дәулетиярова. Ауыл шаруашылығын жекешелендіру және оның нәтижелері	60
Руслан Бекмағамбетов, Майсара Бекмағамбетова. Особенности деятельности лагерей для военнопленных	63
Назым Қасымова. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы мәдени революция	65
Қалдыгүл Тасболатова. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу әдістері	68
Қайрат Есмахан. Жетекші әрі ең үздік жоғары оқу орыны	70

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Хадиша Ермұханова. Тарих оқулығындағы тұлғатану мәселесі	71
Ж.Әділғазықызы, Ж.Әбдіғалиева, Э.Көкенова, Д.Сейдалықызы. Тарихы терең, білімі кемел оқу ордасы	74
Несібелі Анарбекова. Моңғолдар әлемдік империяны қалай құрды?	77
Гүлімжан Өтешова. Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер	78
Ләззат Ескендірова. Ақ Орда	79
Гүлзира Дүйсенбинова. Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі	80

КҮН ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ. ГҮНДЕР

Құмарбек ЖҰПБАЕВ,
зейнеткер

Жалғасы. Басы өткен санда.

Соңғы 17 жылда гүндерде бес шаньюй ауысады.

90 жылы қалың қытай әскері гүндерге соғыс ашады. Жорыққа 70 мың атты әскер, 100 мың жаяу әскер, Шығыстағы Яймынь бекінісінен қосымша 30 мың атты армия мен 10 мың жаяу әскер аттанады. Ордос пен Лобнор жақтан 40 мың атты әскер шығады. Хулугу шаньюй әйелдер мен балаларды тылға жөнелтіп, айқасқа дайындалады. Өзіне бағынышты тайпаларды шақыртады. Шаньюй әскеріне динлиндер, хагастар, бұрымды тобалар, сәнбилер мен чешилер қосылады. Тек үйсіндер ғана келмейді. Олардың өз ішінде қытайшылдар мен гүннің жақтастары өзара күресіп жатады. Сөйтіп, Шығыс Азия екі лагерге бөлінеді. Гүндер жағы, бәрін жұмылдырғанмен, қытайлардан аз болады. Батыстан 20 мың гүн, 4 мыңдай жаяу чеши әскері, шығыста 30 мыңдай әскер, орталықта шаньюймен 50 мың гүн және динлинь шықты. Бірақ, екі есе аздығына қарамай, гүндер шаньюйдің басшылығымен жанталаса айқасып, қаранор қытай әскерін жеңіп шығады. Бұл соғыс «Яньжан қырғыны» деп аталды. Гүндер тағы Шығыс Азияның жетекшісіне айналды. Гүндер қарсы шабуылдап, Хэсиге баса-көктеп кіреді. Қытай әбден әлсіреп, тұралайды.

85 жылы Хулугу шаньюй қайтыс болады. Шығыстағы лули князінің көмелетке толмаған ұлы Хуанди шаньюй болады. Бірақ, ол әлсіз билеуші болып, гүн ішінде билікке талас туады. Қытайлармен бейбітшілік туралы келіссөз жүргізіледі. Гүндер алғашқы тәңіріқұт-шаньюйлер билеген жерлерді Үйсінді, Соғдиананы, Ухуань, Ордос, Лобнорды, ең бастысы шапқыншылық жасаудың базасы, ит жүгіртіп, құс салатын жазық Иньшанды қайтарып алуды көздейді. Ол кезде «*Иньшан қыратынан айрылғаннан кейін гүндер ол арадан жыламай өте алмайтын*», – дейді екен.

80 жылы 20 мың гүн Қытайға баса көктеп кіріп, бірақ жеңіліп қалады. 9 мың адамынан айырылады. 79,78 жылдары жасалған жорықтар да сәтсіз болады. 77 жылы 3 мың гүн Ордосты шауып, біраз нәтижеге жетеді. Гүндердің қуаты кеми береді. Осы кезде ухуань татарлары бұрынғы кектерін қайтармақ болып, гүн шаньюйлерінің молаларын бұза бастайды. Гүндер ухуандарды атойлап шауып, қайта бағындырады.

Б.з.д. 73 жылы үйсіндер қытаймен әскери одақ құрып, гүндерге бірлесіп шабуыл жасауды ұсынады. Қытай императоры Сюань-ди ұсынысты қуанышпен қабылдап, соғысқа мұқият дайындала бастайды. 160 мың жеңіл атты әскер дайындалады. 72 жылы олар бес колоннамен Хэси мен Ордостан шығады. 50 мың үйсін гүндерге батыстан тиіседі. Батыстың лули князінің қосыны талқандалады. 39 мың адам, 700 мыңдай мал айдап әкетіледі. Гүндер Чешиді тастап кетуге мәжбүр болады, ол жерлерге қытайлар келіп орналасады. Осы кезде ухуань татарлары көтеріліс жасайды. 71 жылы гүндер күш-қуатын жиып, үйсіндерге соққы береді. Бірақ, қайтар жолда гүн

әскері аяз бен бораннан, түгелге жуық опат болады. 71-жылы жазда үйсіндер батыстан, ухуань татарлары шығыстан, динлиндер солтүстіктен гүн жеріне басып кіреді. Қалжырап, азып-тозған жұртты шауып, қырып кетеді. Соғыстағы жеңіліске жұт, аштық қосылып гүндер халқының үштен бірінен айрылады. Гүн иеліктерінің бәрі бөлініп кетеді.

Қ.Халид келтірген үйсіндер мен татарлардың қытайлармен бірігіп гүндерге қырғын салуы осы жылдардағы оқиғалар деп пайымдаймын. Онда Сағун шаһарының ханы Бұғұқра мен татардың Чамунат ханы, үйсіндермен қосылып, 350 мыңдай қол жиналып, Алтайдан, Зайсан көлінен бастап, қытай қорғанына дейін гүндерді қуып, қырғын салғаны жазылған еді. Бірақ, оқиға уақыты көрсетілмеген болатын. Гүндердің осы күйрей жеңіліп, қырылуы кезінде тірі қалған гүн билеушісінің ағайынды екі баласы Қиян мен Нүкүз әйелдерімен құтылып шығып, Гаочан тауындағы **Еркіне Қон** деген жерге жасырынады. Бұлар Ел ханның нәсілінен шыққандар екен. Еркіне Қон деген жер – айналасы биік құз, жалғызаяқ бір ғана жолы бар, адам шығуға қиын жер екен. Бірақ үсті жазық, шөбі-суы мол екен дейді. Осы жерді қашқындар мекен етеді. Ұрпақ көріп, өсіп-өніп, көбейеді. Олардың ұрпақтары Еркіне Қонда 450 жылдай өмір кешіп, өздері бір ел болады. Ақыры, олар маңайда басқа елдер барын біліп, таудан жол салып, көшіп түсіп, сахараға келеді. Өздері екі тайпа болады, **Қиянның ұрпақтары қият тайпасы деп, Нүкүздің ұрпақтары нүкүз немесе дарлекин тайпасы деп аталады** [2.29-б.]. **Бұлардың Еркіне Қоннан шыққан кездегі билеушісі қият тайпасы, құрлас руынан шыққан Бөрте Шина (Ашина) деген кісі екен.**

Бөрте Шина елін Еркіне Қоннан алып шыққан заман мөлшермен б.з. 380 жылдары (IV-ғасыр). Гаочан маңында тұра бастаған бұл елге татарлар шапқыншылық жасайды, бірақ моңғолдар тойтарыс береді. 439 жылы Ашина түріктері (моңғолдары) 500 үй болып, жужан татарларына бағыныштылыққа түседі. 460 жылы Ашина моңғолдары Гаочан маңынан Алтайға көшіп, қоныс аударады. Бұл кездегі олардың билеушісі Асан шад екен. Ол Бөрте Шинаның ұлы еді. Ашина түріктері оңтүстік Алтайды мекендеп, жужандарға темір қорытып, құл болады. Асан шадтың ұлы Ту, оның ұлы-болашақ түрік қағаны Бумын еді.

Гүндер одақтастардан күйрей жеңілгенімен, әлі үмітін үзбейді. 68 жылы Хуанди шаньюй дүние салып, шығыстың чжуки князі Хюйлюй-Цюанькюй таққа отырады. Осыдан былайғы заманда гүн мемлекеті құлдыраумен болады. Жиі-жиі шаньюйлер ауысып, билікке қарсы бүліктер шығып тұрды. Қытайдың белсене араласуының нәтижесінде гүн мемлекеті екі рет бөлінді. Бөлінген сайын бір-бірімен жауласып, біреуі қытайға қосылумен тынатын болды. Бірінші бөліну б.з.д. 56-55 жылдары болды. Гүндер шығыс, батыс болып бөлінді. Шығыс гүн мемлекетіне Хуханье

шаньюй болды, батыс гүн мемлекетіне Чжичжи (Шөже) гудуху шаньюй болды. Шөже Хуханьені жеңіп, қытайға қуып салады. Гүндердің басым бөлігін билейді. 48 жылы Шөже үйсінге жорық жасайды, қаңлылармен одақ болады. Оған себеп б.з.д. 3-ғ. Қожақ хан шаньюй үйсіндерге гүн империясының батысын қорғауды тапсырған еді. Бірақ, үйсіндер б.з.д. 2-ғ. ортасында гүн мемлекетінен өз бетімен бөлініп кеткен болатын. Гүндер үйсінді шауып, күйретеді, б.з.д. 42 жылы үйсіндердің астанасы Чигу (Қызыл алқап) қаласын талқандайды. Үйсіндер батыс иеліктерін тастап, шығысқа қарай ауады. Гүндер әрі қарай Ферғана жаққа жорық жасап, көп олжалы болып оралады. Талас өзенінің алқабында б.з.д. 37-36 жылдарда қорған салдырып, сонда орнығады. Бұл қорған қазіргі Тараз қаласының орнында салынған. Яғни, **бүгінгі Тараз қаласының негізін б.з.д.36 жылы гүндер қалаған.**

«Шөже мұнымен де тынбай, алыстағы Парфияға елші аттандырып, шығыстан төнген қауіп ертең олардың да басына төнетінін ескертеді. Өзіне әскери көмек беруін өтінеді. Бірақ мұның бәрі кеш еді. Парфиядан келген үш легион әскердің Хань империясының 300 мың адамдық қарулы тобына қарсы тұра алмасын Шөже бабамыз жақсы түсінген» (17.100-б.). Бұл кезде шығыс жақта Хуханье жеке дара билеуші болып алады. Б.з.д. 36 жылы қытайлар үйсінмен бірлесіп Шөженің гүндеріне шабуыл жасайды. Қаңлылар гүндерге көмектеспейді. Қытайларға қарсы Шөже жағында Рим легионерлері соғысады. Бірақ, жаудың күші тым басым болғандықтан гүндер жеңіледі. Шөже шаньюй күші бірнеше есе басым жаумен гүндерді өзі бастап соғысып, ерлікпен қаза табады. Оның әйелі мен ұлы, барлығы 1500 адам өлтіріледі. Хуханье шаньюй 31-жылы қайтыс болғанша гүндердің бірден-бір әміршісі болып қалады. 47 жылы қытаймен бітім шарт жасасып, оған *«Хань үйі мен Хун үйі тең құқықты»* деп жазылады.

Хуханьеден кейін үлкен ұлы Фучжулей жодишаньюй болады. 20-жылы ол өліп, інісі Сэусие 12 жылға дейін билікте болады. 12-8 жылдары немере інісі Гуйя шаньюй болады. Б.з.д. 8 жылы Учжулю шаньюй болып, б.з. 13 жылына дейін билік құрады. Учжулю шаньюйдің жерленген қорғанын (обасын) 1924-жылы П.К.Козлов бастаған экспедиция қазып, көптеген археологиялық құнды заттарды Эрмитажға жіберді. Бұл «Ноин-Ула қорғаны» деген атпен белгілі.

Гүндердің екінші рет бөлінуі б.з. 47-48 жылдары болды. Бұл жолы гүндер оңтүстік-солтүстік болып бөлінді. Солтүстік гүнді Пуну шаньюй басқарды, оңтүстікте гүннің сегіз руын ағасы Би бөліп алды. *«Б.з. I ғасырында бөлініп – жарылуына қарамастан Хунну әлі де Ұлы мемлекет болатын»* деп жазды Л.Н.Гумилев [10.214-б.].

49-жылы оңтүстік гүн солтүстік гүнге соғыс ашады. Оларға сәнби татарлары көмектеседі. Пуну шаньюй көп жерлерін тастап, Халха жаққа шегініп кетеді. 58-жылы гүндер Манжуриядан айрылады. Б.з. 55-85 жылдарында гүндер мен қытай арасы соғыс, шабындылық жағдайында болады.

86-жылы оңтүстік гүндер Сюань шаньюйдің басқаруымен солтүстік гүндерді шабады. Шығыстан сәнбилер, солтүстіктен динлиндер тиіседі. Батыс өлке де сенімді болмайды. Солтүстік гүн шаньюй Юлю қоршауда қалады.

87-жылы шығыстан сәнби татарлары басып кіріп, Юлю шаньюйді тас-талқан етіп жеңеді. Шаньюйдің өзін ұстап алып, тірідей терісін сыпырады. Солтүстік

гүннен тағы 58 ру (200 мың адам) оңтүстікке көшіп кетеді.

88-жылы солтүстік гүндерде аштық болады. Оңтүстік гүндердің шаньюйі Сюань қайтыс болып, інісі Туньхуэ билікке келеді. Ол қытайлармен одақтасып, солтүстік гүндеріне шабуыл жасайды. Солтүстік гүн шаньюйінің мираскері Яншань тауында жеңіліп, 8 мың қытай әскері, 30 мың оңтүстік гүн әскері солтүстік гүннің тағы 200 мыңдай адамын айдап әкетеді. Гүндердің босуы басталады...

90-91 жылғы соғыстардың нәтижесінде солтүстік гүн шаньюйінің көзі жойылады. Батыстың гүн князі Юйгучень өзін шаньюй деп жариялап, Қытаймен келіссөз жүргізеді. 93 жылы оны қытайлар алдап, келіссөзге шақыртып алып, көзін жояды, әскерін түгелдей қырып салады. Юйгучень солтүстік гүннің Мөде Алып тұқымынан шыққан соңғы шаньюйі болатын...

Сонымен, б.з. 93 жылы – гүн мемлекетінің ақыры болды. Солтүстік гүннің 100 мың шаңырағы сәнбилерге бағынып кетеді. 104-105 жылдарда солтүстік гүннің қалғаны қытайға бітім сұрап елші жібереді, бірақ ол жауапсыз қалады. Солтүстік гүн батысқа қарай ауып, жаңа территорияға көшеді. Ол жерлер – Баркөлден «Батыс теңізіне» яғни Арал мен Каспийге дейінгі Сарыарқа, Тұран жерлері еді. Батыс Сібір угорларын қосып алып, гүндер тағы күшейе бастайды, 107 жылы қытайдың Батыс өлкесі гүндердің қолына көшеді.

101-134 жылдарда сәнби татарлары қытаймен одақтасып, Батыс өлкеде соғыс жүргізеді. Жаркент қалаларын қайтып алады. 151 жылдан кейін гүндердің қарсылығы жойылды. 155 жылы сәнби мемлекеті құрылды. Оның құрамында көп гүн тайпалары бар еді. Мемлекет билеушісі Таншихай еді. Бұл мемлекет 225 жылға дейін өмір сүрді. Сәнби татарлары гүн империясын жоюда, қытаймен бірігіп үлкен рөл атқарды. Оңтүстік гүн мемлекеті 215 жылы жойылды.

Солтүстік гүндердің қалған бөлігі 155-158 жылдарда қытайлар мен сәнбилерге қарсы ұрыс сала отырып, батысқа қарай шегінді. Босқан гүндердің бір бөлігі арбалы керуендері мен әйелдерінен айрылып, қуғыншылардан құтылып шығып, Тарбағатай, Сарыарқадан өтіп, Еділ-Жайық өзенінің аралығына келіп жетті.

Осы замандардағы гүндердің босуы, олардың қытайлар мен сәнбилердің, оңтүстік гүндер мен динлиндердің шапқыншылығына ұшырап қырылуы, көрген қиыншылықтары мен қайғы-мұңы «Саймақтың сары өзені» деген күймен жырланған деседі...

Еділ-Жайықта гүндер 200 жылдай уақыт өмір кешеді. Бірте-бірте ес жиып, күш-қуат жиып, осы жерде мемлекет құрады. Гүндердің бұл мемлекетін қытайлар **Иобань мемлекеті** деп атаған. Бұл кез – б.з. IV ғасыры.

350-370 жылдарда гүндер Еділден өтіп Солтүстік Кавказдағы аландармен (осетин) соғысып, оларды бағындырып алады. Осыдан кейін олар күрт күшейіп, 370 жылдарда Доннан (Тана) өтіп, остготтарды күйретеді. Оларды Моншақ хан бастайды. ...Шүкір Сефериоглы мен Аднан Мүдәрисоглының «Түрік дәулеттері тарихында»: *«Батыс (Еуропа) хун императорлығы (Аттила хұндары). Құрушысы – Баламер (374 ж.), Ұлдыз (410 ж.), Қаратүн (412 ж.), Руа (434 жылы өлген), Айбарыс, Оқтар, Аттила (434 – 453 жж.), Теңіздік – Аттиланың ұлы, 469 жылы өлген, 450 – 469 жылдары өмір сүрген. Батыс Россия, Румыния, Югославия, Мажарстан, Австрия, Чехословакия және Алманияның (Германия) орталығы өлкелерін мекендеген. Діні – Көк Тәңірі.*

Жазуы – Орхон түрік әліппесі» деп жазылған... (6. 2-т. 48-бет.) Мұнда Руа деп аталған билеуші Руғила ежелгі гүн империясының Ұлы тәңірқұты Мөде Алыптың тұқымы еді. Руғила 433-жылы отыз жылдай билік етіп барып өлген еді. Батыс гүн империясының билігіне Руғиланың інісі Ақтардың ұлы Біледі отырады.

Аттила (Еділ) Руғиланың екінші інісі Мыңзықтың баласы еді. **Еуропа мен Азия тарихында, көшпенді түрік тарихында, Дүниежүзілік тарихта өшпес даңқты орын алған Ұлы қолбасшы, жауынгер гүндердің соңғы көсемі осы Мыңзық ұлы Аттила (Аттылы, Еділ) болатын.** Ежелгі гүн империясы Хань (қытай) мемлекетінің амал-айласынан тозғынға ұшырап, гүн түріктері қытай еліне, сәнби татарларына бытырап сіңіп, босып кеткеннен кейін қалған гүндерді жиып, ел қылып, күшейтіп, Еуропаға Ұлы жорық жасаған, «мәңгі империя» деп аталған Румды құлатып, оның бодан елдеріне азаттық әперген, батыс тарихындағы «Халықтардың Ұлы қоныс аударуын» жасаған, батыс елдерінің аңыз-эпостарында мадақтап жырланған Ұлы тарихи тұлға – осы Аттила еді. Батыс гүн империясындағы Біледі патшаның билігі босандау болып, бір жылдан кейін Еділ (Аттила) оны жекпе-жекте өлтіріп, билікті күшпен алады. Еділді Еуропаның тарих ілімі Аттила, Атиль, Эмиль деп атады. Аттила деген атау Аттылы немесе Атлы деген түрік хандарына тән есімнен шыққан. Мысалы, Татар ханның әулетінде Атлы хан деген билеуші бар. Қ.Халид Еділді Атылған хан деп жазған. Бұл, әрине, дұрыс жазылмаған – Атыл хан (Атлы хан) деген сөзге хан атағын тағы да қосу нәтижесінде шыққан. Атыл сөзінің Еділге айналуы түріктерде кездесетін «а» әрпінің орнына «е» әрпін қолдану нәтижесінде болған деп пайымдаймын. Мысалы, бай – бей, Айша – Айше, ж.б. Атыл сөзінің орнында кезінде Адыл немесе Әділ сөзі болуы да мүмкін. Сонымен, қорытындыласақ, Аттила – Еділ – Атлы – Аттылы – Адыл – Әділ бірбірінен шыққан туынды атаулар деуге болады.

Сонымен, IV-V ғасырларда гүн мемлекеті күшейіп, тарих сахнасына қайта көтерілген. Сол кездегі ұлы мемлекеттердің бірі – Византия 430 жылдан гүндерге мойынсұнып, салық төлеген.

Бұл заманда болған даңқты оқиғалар жауынгер көшпенділердің негізгі тобы – гүндердің қажыр-қайратының соңғы бұлқынысы деп қарауға болады.

Сонымен 434 жылы гүн мемлекетінің билігіне Еділ (Аттила) келді. 447 жылы Еділ гүндердің атты армиясын Еуропаға бұрып, Батысқа Ұлы жорық жасады. Балқан түбегін жермен-жексен етті. Италияға баса-көктеп кіріп, көптеген қалаларын алды. Империя астанасы Римді алуға қалада өршіген жұқпалы эпидемия бөгет болып, гүндер ұстаған тоқтатты. Еуропаны, Таяу Шығысты уысында ұстаған тәжірибелі, қуатты, көне Рим империясы «Кентаврлар мен амазонкалар шапқынына» қарсы барын салып күресті. Галлия провинциясының солтүстік шығысындағы Каталаун жазығында римдіктердің таңдамалы армиясы мен гүндердің бұрын-соңды Рим тарихында болып көрмеген, шешуші қырғын соғысы болды. Бұл ғаламат соғыс тарихта **«Каталаун қырғыны»** деп аталды. Бұл Еділдің ең соңғы Ұлы майданы еді. Рим империясына бағынған Еуропаның қақ ортасында болған, жарты миллиондай әскер соғысқан бұл алапат шайқастан кейін ұрыс даласында қаза тапқан 165 мың адамның денесі қалды. Бұл соғыста көшпенділер Еуропаның маңдай алды әскери күшінен басым түсіп, зор жеңіске жетті. Ұрыстан кейінгі түнде Рим армиясы (қолбасшысы – Аэций) құпия түрде ұрыс даласын тастап, шегіне қашып кетеді.

Бұл – оның енді соғысатын күш-қуаты қалмағанын, маскара болып жеңілуден қашқанын көрсетеді. Каталаун соғысынан осылай маскара болып оралған қолбасшы Аэцийді Рим императоры Валентиниан өз қолымен өлтіреді. Рим империясының мұншама әлсіреуі – оның іс жүзінде құлағаны еді. Оның Аттила гүндеріне қарсылық көрсететін шамасы қалмаған еді. Бұл – гүндердің Ұлы Жеңісі болатын. Аттила гүндері Каталаун қырғынынан кейін де өзінің күш-қуатын сақтап қалды. Келесі жылғы көктемде Аттила Римге екінші жорығын бастады. Гүндер бұл жолы Аквилея, Конкордия, Альтин, Патавий (Падуа), Вицетия (Виченца), Верона, Бриксия (Брешия), Бергамо, Милан, Тицин (Павия) қалаларын алды. **Аттила өз резиденциясын Миландағы Рим императоры сарайына орналастырды.** Бүкіл Солтүстік Италия гүндердің қолына өтті. Империя астанасы Рим қазақша айтқанда «таяқ тастам жерде» тұрды. Римнің қарсылық көрсететін де шамасы қалмаған еді.

Бірақ, Аттила Рим папасы I Лев тізе бүгіп тұрып, қаланы қиратпауын, аяушылық жасауын өтінгеннен кейін әскерін бұрып, кері қайтты. Аттила Римге рақымшылық жасағанымен, үш жылдан кейін германдық вандал тайпасының басшысы Гейзерих Римді тас-талқан етіп қиратып, халқын тонап алды. Осылай «мәңгілік» Рим империясы құлады. Бүкіл Еуропа дүрлікті. Бұл аласапыран дүрбелең «Халықтардың Ұлы қоныс аударуы» деген атпен дүниежүзілік тарихқа енді. Немістер де, бургундар да, франктер де еркіндік алды. Галлия мен Белгияда, Лютецийде (Париж) құлдар көтерілісі бұрқ ете қалды. Осы «Каталаун қырғыны» құлдық қоғамның соңғы соғысы болды. Шайқастан бір күн бұрын Еділ бақсыға құмалақ аштырды. Құмалақшының айтқанының бәрі келді. Еділ жеңіске жетті. (6. 57-бет.) Қолбасшы Еділ мен оның жауынгер гүндері батыс Еуропаның аңыздары мен эпостық жырларында жырланды. Көшпенді гүн қолбасшысы Аттила (Еділ) Рим императорының Миландағы сарайында тұрып, оның алтын тағына отырды. Еділге Еуропа мойынсұнды. Бірақ гүндердің бұл салтанаты ұзақ болмады. 451 жылғы даңқты Каталаун қырғынынан, Еуропаны дүр сілкіндірген зор жеңістен небәрі екі жыл өткенде, 453 жылы, Еділ – император жат жерде қастандықтан қаза тапты. Бургунд королінің қызы Илдиона Еділді өлтіру үшін қасақана оған тұрмысқа шығып еді... Еділ өміршінің өсиеті бойынша билікке оның қырағы да алғыр ұлы Еллақ тұрады, бірақ көп ұзамай, бір жылдан кейін тосыннан өледі. Бұл да әлдекімнің аярылығы мен арандатуының нәтижесі деген болжам бар. Енді Еділдің бас уөзірі Едіге би гүн сарбаздарына құрылтай ашып, мемлекет тағдырын сарапқа салғанда, гүндер билікке Едігенін ұлы, қолбасшы Адакерді сайлайды. Бірақ, осы 455 жылы Гүн империясы Батыс, Шығыс хандық болып екіге бөлінеді. Батыс хандықты билеген **Адакер 476 жылы бүкіл Рим империясының тағына отырып, император болады. Бұл салтанаты 17 жылға созылып, 493 жылы қаза тапқанға дейін Рим империясына кірген Еуропаны көшпенді гүн-император биледі.** Бұдан кейін гүндердің Батыс хандығы Уархун қағанаты деген атпен IX ғасырға дейін өмір сүрді. Еуропада маңызды тарихи рөл атқарды. Баян ханның тұсында күшейіп, Византия салық төлеп тұрды. 791 жылы қағанат әскері франк армиясынан жеңіліс табады. Осыдан кейін Уархун қағанаты әлсіреп, бірте-бірте тарих сахнасынан жойылды.

Батыс гүн қағандығынан қалған елдерден Хунгрия

(Венгрия), Түркия, былғарлар, аварлар, гагауыздар түркілігін сақтап қалды.

Олардың біразы Батыс түрік қағанаты мен Шыңғыс ханның тұсында солардың әскеріне қосылып, Еділ бойына қайтып оралды (6. 63-бет.).

Шығыс гүн хандығы Еділдің балаларына тиеді.

Бұл хандық Қара теңіз маңында билік жүргізіп, кейінірек Хазар қағандығының құрамына кірді [6.2 т. 58-б.].

Гүн империясының билеушілерінің династиясы төмендегі кестеде берілген.

Осылай Еуропа мен Азияның тағдырында ерекше роль атқарған көшпенді түріктердің ең жауынгер бөлігі – гүн моңғолдарының 1900 жылдай уақытқа созылған тарихы аяқталды. Олардың соңғы бөлігі – Аттила (Еділ) гүндерінің ұрпақтары әртүрлі елдердің құрамына сіңіп кетті. Көшпенді гүндердің Еуропаның ортасындағы құрған мемлекеті – Паннония – Дүниежүзілік тарихқа енді. Гүндердің көптеген тайпалары кейінгі түрік мемлекеттерінің құрамына енді.

Гүн империясының билеушілері

/хронологиялық кесте /

№	Аты-жөні	Билік құрған заманы	Тарихта белгілі кейбір негізгі оқиғалар
1	Күн хан –Оғыз хан ұлы	б.з.д. 1140-1070 жж. (70 ж.)	Гүндер заманының басы.
2	Ай хан –Оғыз хан ұлы		
3	Жұлдыз хан –Оғыз хан ұлы		
4	Меңлі хан –Ай хан ұлы	б.з.д. 1070-~ 742 жж.	Мөлшермен, Меңлі хан тұсында – б.з.д. 910 ж. – қытайға алғашқы жорық жасады.
5	Теңіз хан –Жұлдыз хан ұлы		
6	Жел хан (Ил хан) – Күн хан ұлы	б.з.д. VIII ғас.	Татар тайпаларының бөлінуі.
7	Тау хан (Тағ) –Жел хан ұлы	б.з.д.742~680 жж.	Б.з.д. 697 ж. қытайға жорық жасалды. Бір бөлігі – қарақытайлар бағындырылды.
8	Кұл хан –Тау хан ұлы (60 жыл)	б.з.д.680-620 жж.	
9	Мұқан хан –Кұл хан ұлы	б.з.д. 620-520 жж.	
10	Тобық хан –Мұқан хан ұлы	(~100 ж.)	
11	Құтлық хан –Тобық хан ұлы	б.з.д. 519-515 жж.	Татарларға шабуыл.
12	Иле хан (Илан, Илке) – Құтлық хан ұлы	б.з.д. 515-435 жж. (80 жылдай)	Алғаш мемлекеттің шекара белгіленді. Татарларға жорық. Алтай, Ертіске гүндердің келуі.
13	Асуал хан –Иле хан ұлы		
14	Дудыман хан – Асуал хан ұлы		
15	Құжыман хан – Дудыман хан ұлы	Б.з.д.435-280 жж.ш.	
16	Қожақ хан – Құжыман хан ұлы	Б.з.д. 280-240 жж.	Алаша ханның заң-жобаларының тоқтатылуы
17	Тұман тәңіріқұт Қожақ хан ұлы	Б.з.д. 240-209 жж.	Гүндердің әлсіреп, 54 хандыққа бөлінуі.
18	Мөде Алып тәңіріқұт –Тұман хан ұлы	Б.з.д. 209-174 жж.	Мөде Алып тұсында гүндер күшейді. Қытай салық төледі.
19	Лаошань шаньюй – Мөде ұлы	Б.з.д. 174-161 жж.	
20	Гюньчен Лаошань ұлы шаньюй	Б.з.д. 161-126 жж.	Гүн мемлекеті қуатының шарықтау шегі.
21	Ичисие шаньюй (інісі)	Б.з.д.126-14 жж.	
22	Увэй Ичисие ұлы шаньюй	Б.з.д. 114-105 жж.	
23	Ушилу Увэй ұлы шаньюй	Б.з.д. 105-102 жж.	
24	Гюлиху (ағасы) шаньюй	Б.з.д.102-101 жж.	

25	Цзюйдихзу шаньюй	Б.з.д.101-91 жж.	
26	Хулугу (ұлы) шаньюй	Б.з.д.91-85 жж.	
27	Хуанди шаньюй	Б.з.д.85-68 жж.	Б.з.д.71-70 жж. Еркіне Қон оқиғасы.
28	Хюйлүй-Цюаньюй шаньюй	Б.з.д.68-62 жж.	
29	Уян-Гюйди шаньюй	Б.з.д.62-58 жж.	
30	Хуханье шаньюй	Б.з.д.58-31 жж.	Шығыс гүн мемлекеті
31	Хутуус (Шөже) шаньюй	Б.з.д.56-36 жж.	Гүндердің екіге бөлінуі
32	Фучжулей Жоди шаньюй	Б.з.д.31-20 жж.	Хуханье, Шөже, Фучжулей бірге туғандар.
33	Сзусие Жоди шаньюй	Б.з.д.20-12 жж.	Фучжулейдің інісі
34	Гюйя Жоди шаньюй	Б.з.д.12-8 жж.	Фучжулейдің інісі
35	Учжулю жоди шаньюй	Б.з.д.8 жылдан -б.з.13 ж. дейін	Ол да інісі.
36	Улей Жоди шаньюй	Б.з.13-18 жж.	
37	Худурши Дао-гао шаньюй	Б.з.18-46 жж.	Улейдің ағасы.
38	Пуну Худурши ұлы шаньюй	Б.з.46 ж.	Худуршидің баласы Би де шаньюй болып, гүндер тағы да екіге бөлінді: солтүстік гүн (Пуну) және оңтүстік гүн (Би).
39	Би Худурши ұлы шаньюй	-/-/-/-	
40	Юлю шаньюй	Б.з. 87 ж. өлді.	
41	 (аты белгісіз)	Б.з. 87-91 жж.	
42	Юйгучень шаньюй – солтүстік гүн мемлекетіндегі Мөде Алып шаньюй тұқымынан шыққан соңғы билеуші.	Б.з.91-93 жж.	Ежелгі гүн мемлекеті жойылды. Гүндердің босуды басталды.
...Кестедегі Қожақ ханға дейінгі билеушілер түрік тарихшыларының деректері бойынша, кейінгілері қытай жазба деректері бойынша жазылды. Ежелгі гүн империясы 1200 жылдан аса уақыт дәуірледі.			

Л.Н.Гумилев өзінің «Көне түріктер» деген кітабында V ғасырдың екінші жартысында гүн этносы жойылды деп жазды.

Бұл, әрине, Азияда. Азияда Түрік қағандығы құрылуының алдында гүн (хун) этносы болған жоқ. Гүндер бытырап, басқа халықтардың құрамына кірді, солардың атымен аталып кетті.

Сауыр, Тарбағатайдағы гүндер – юебаньдар Жетісуға жайылып кетті. Мұнда сәнби тайпаларының бірі – мукриндермен бірге тұрды. VI-ғасырда бұлар қосылып, түрікеш халқын құрады. Бұл жерде айта кететін бір жай – Л.Н.Гумилев мукриндерді сәнби тайпаларына жатқызады. Мукрин немесе мекрин деп меркіттерді айтады. Сәнби деген татарлар болғандықтан, меркіттер татар тайпасына жатады деген тұжырым дұрыс. Юебань гүндері 487 жылға дейін дербестігін сақтаған болатын. Одан кейін олар жужаннан бөлінген телеуіттерге (теле) бағынды. 495-96 жылдары юебань гүндерін эфталиттер жаулап алды, одан кейін жужандар және ең соңында 547 жылы түріктер (түркіт) бағындырды. Бұл гүндердің ұрпақтары төрт тайпа құрады – чую, чум, чумугунь, чубань. Мұндағы чую (чуйе) – Садыр наймандарының құрамында, чумугунь (шөмекей) – Кіші жүз алшындарға қосылған, чубань (суан) – Ұлы жүз үйсінде. Жоғарыда айтылған түрікештер де үйсінге жатады.

Л.Н.Гумилев жужандардың шығуы жайында мынадай оқиғаны келтірген: IV ғасырдың 50 жылдарында сәнби әскерінде қызмет еткен Өгілей деген кісіні өлім жазасына кеседі. Ол қашып кетеді де, тау ішінде өзі сияқты қашқындарды жинап алып, жүз қаралы адам болады. Өгілейдің мирасқоры Гүйлекей Тоба хандарымен қарым-қатынас орнатып, оларға алым-салық төлеп тұрады. Олар бірте-бірте ел болып, жужан деп аталады. Жужандар күшейіп, Халха аймағын басып алады, Хинган тауларына

дейін көшіп жүретін болады. Жужандар сәнби тілінде сөйлескен деген болжам бар. 420 жылдарда жужандар қуатының шарықтау шегіне жетті. Олар Ұлы Даланың жетекшісіне айналды. 492 жылы телеуіттер жужан билігінен бөлініп жеке мемлекет құрды. Қытайлар оны Гаогюй деп атаған. Телеуіттер (теле) бұрынғы тирек тайпалар бірлестігінің бір бөлігі болатын. Гаогюй мемлекеті Қытаймен жақындасқысы келді, бірақ 494-96 жылдары оны эфталиттер басып алды. Теле халқы бытырап, бір бөлігі жужандарға барып, бағынды, бір бөлігі қытай қарауына өтеді.

500 жылы телелер жужандарға бағынудан бас тартады. Осы кезде қытайдан Мын Вэй бастаған 3 мың әскер келеді. Олар телеуіттермен бірігіп, Пулей көлінде жужандарды жеңеді. Жужандар 508 жылы телеуіттерден тағы жеңіледі. Осы соғыста жужан ханы Футу қаза табады. Жужан ханының мұрагері Чеуну қытайлармен қатынас орнатуға тырысады. Келесі соғыста жужандар телеуіттерді талқандайды, олардың ханы Мивотуды азаптап өлтіреді. Жужандарға будда діні ене бастайды. Елдің бірлігі бұзылады. Ақыры Чеуну хан өлтіріліп, билік оның інісі Анахуанға (Анахай) беріледі. Анахуан 520 жылдан бастап хан болады. 540 жылы жужандар телелерді біржолата жеңіп, Гаогюй мемлекеті өмір сүруден қалады [11.43-б.].

Жужандарды 551 жылы Ашина түріктері күйреткенін білеміз. Л.Н.Гумилевтің жазуынша, б.з.ІІІ ғасырында бірыңғай гүн (хун) халқы, тіпті территориялық жағынан да байланысы жоқ **төрт субэтносқа** бөлінді:

-Сібір угорларымен араласып кеткен **солтүстік гүндер**.

-Соғдылармен этникалық байланысып кеткен гүндер – **юебандар**.

-Халха мен Шахардағы **аралас рулар – гүн-сәнбилер**.

-Қытайдағы **қытайлануға ұшыраған гүндер**.

Бұлардан басқа **бесінші бөлік** – Еуропаға шапқыншылық жасаған «гунн» деген атпен белгілі болған гүндер (**Аттила гүндері**) болып табылады.

Қазіргі Орта Азия елдері мен қазақтардың тегі – Халха мен Шахарда мекендеп қалған аралас рулар – гүн-сәнбилер.

Сонымен, **гүндер тарихын қорытындыласақ, бұлар – ежелгі жауынгер көшпенді түріктердің үлкен бір бөлігі екені ақиқат**. Гүндердің түрік тарихындағы ғана емес, Дүниежүзілік тарихтағы алатын орны ерекше – Дүниежүзілік тарихта айты-

латын Халықтардың Ұлы қоныс аударуын жасаған осылар. Мәңгілік империя атанған Римді жеңіп, құлдық қоғамның құлауына себепкер болған гүндер еді. Қытай империясынан басым түсіп, көп уақыт оны бағыныштылықта ұстаған, күш – қуатын мойындатып, оған салық төлеткен осы гүндер болатын. Ежелгі аты шыққан төрт Ұлы державалардан – Рум, Хань, Парфия, Құшан – күші асып түскен осы гүндер, Ұлы Даланың перзенттері, көшпенді түріктер еді. Сақ – скифтер татар түріктері болса, жауынгер көшпенді гүндер моңғол түріктері болатын. **Гүндер тарихындағы атақты, жеңімпаз билеушілер, ерекше даңққа бөленген жиһангерлер – әйгілі Мөде Алып тәңірқұт пен қаһарман, әділетті патша Аттила еді. Бұлар да ежелгі Алаша ханның ұрпақтары болатын. Олар – адамзат тарихында өшпес із қалдырған гүн билеушілерінің ішіндегі Ұлы тұлғалар еді...**

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ Совет энциклопедиясы, А.1972-78.
2. **Әбілғазы**. Түрік шежіресі. А. «Ана тілі» 1992.
3. **Қадырғали Жалайыр**. Шежірелер жинағы, А. «Қазақстан» 1997.
4. **Құрбанғали Халид**. Тауарих Хамса, А. «Қазақстан» 1992.
5. **С.Мұқанов**. Халық мұрасы. А. «Қазақстан» 1974.
6. **Т.Жұртбаев**. Дулыға, I-II-т. А. «Жалын» 1994.
7. **К.Есмағамбетов**. Көне Қазақстанды көргендер. А. «Мектеп» 1979.
8. **С.А.Гурулев**. Что в имени твоём, Байкал? г.Новосибирск, «Наука» 1982.
9. **Шәкәрім Құдайбердіұлы**. Түрік, қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. А. «Ол-Жас», 2004.
10. **Л.Н.Гумилев**. Хундар. А. «Қазақстан» 1998.
11. **Л.Н.Гумилев**. Көне түріктер. А. «Білім» 1994.
12. **Н.Я.Бичурин (Иакинф)**. Собрание сочинений о народах, обитавших в Средней Азии в давние времена. I-том. А. «Жалын» 1998.
13. **А.Әбдірахманов**. Қазақстан этнотопонимикасы. А. «Ғылым» 1979.
14. **В.В.Бартольд**. Тюрки. 12 лекции по истории тюркских народов Средней Азии. А. «Жалын» 1998.
15. **Лувсанданзан**. Алтын шежіре. А. Өнер, 1998.
16. **Ю.А.Зуев**. Из древнетюркской этнонимии. 1960
17. **Т.Жұмаханов, ж.б.** Ежелгі Қазақстан. «Аруна». Алматы, 2006.

Алматы облысы,
Ескелді ауданы,
Қаратал ауылы.

“ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ” ЖҰРНАЛЫ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ “ҚАЗАҚ ТАРИХЫ” ЖҰРНАЛЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА ШЫҒАДЫ

Әр түрлі қаржылық қиындықтарға байланысты 2009 жылғы қаңтардан 2019 жылдың соңына дейін 11 жыл үздіксіз шыққан “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналы келесі 2020 жылдан бастап жеке журнал ретінде шықпайды. Қазақ тілі мен әдебиетіне, бастауыштағы ана тілі мен әліппеге қатысты мақалалар мен сабақ жоспарлары “Қазақ тарихы” журналының ішінде өзінің бұрынғы мынадай айдарларымен жарық көре береді: «Мемлекеттік тілдің мәртебесі», «Сөз өнері: серті мен дерті», «Тіл білімі», «Аударма кілтпандары», «Тәрбие – тал бесіктен», «Қазақ тілі мен әдебиеті – орта мектепте», «Қазақ тілі мен әдебиеті – орта арнаулы оқу орындарында», «Өзін-өзі тану – орта мектепте», «Қазақ тілі – орыс сыныптарында»,

«Білім негізі – бастауышта», «Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе», «Назар аударыңыз: жаңа технология», т.б.

Сондықтан көптен бері “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналына жазылып, мақалалары мен сабақтарын шығарып жүрген **тұрақты авторлар журналдан қол үзбей, бұрынғыдай жариялана бергісі келсе, 2020 жылдан бастап ай сайын шығатын “Қазақ тарихы” журналына жазылып, түбіртегінің көшірмесін мақалаларымен, сабақтарымен бірге салуы керек**. Ал журналға жазылғысы келмесе, немесе жазылып үлгермей қалса, компьютерлік 2-2.5 беттік сабағы үшін 3000 теңге төлеп те жариялануына болады.

Редакция әкімшілігі.

Қазақ тарихы
№9 (176), қараша, 2019

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ:

тарихи шындық пен көзқарастар

Қуаныш БЕКТҰРҒАНОВ,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,
тарих ғылымдарының магистрі

Түркістан халықтары ұлттық тәуелсіздігінің ұлы күрескері және басты идеологы Мұстафа Шоқайдың іс-әрекетінен қандай бір мін табуға тырысушылық көбіне кеңес тұтқындарына сатқындар ретінде қараушылыққа байланысты. Мұндай пікірлердің авторлары соғыстың бастапқы кезінде қалыптасқан күрделі жағдайды және тұтқындар құбылысын тудырған басқа да факторларды еске алумен басын қатырмайды. 1941 жылдың жазы мен күз айларында кеңес әскерлерінің барлық майданда бірдей аса ауыр жеңілістерге ұшырауы кеңес солдаттарының неміс тұтқынына қалай түскенін, әсіресе, мұнда адами фактордың маңызды рөл атқарғанын анықтайды.

II дүниежүзілік соғыс басталғанда Мұстафа Шоқай зайыбы Мария Шоқаймен бірге Парижге жақын жердегі Ножан қаласында тұрып жатқан еді. Бірнеше күн өткеннен кейін неміс жауынгерлері келіп, М.Шоқайды өздерімен бірге алып кетті. Соғыс басталардан бір жыл бұрын Уәли Каюм-хан М.Шоқайға профессор фон Менденің сәлемдемесін алып келген болатын. Фон Менде Түркістан халықтары тарихымен айналысып жүрген зерттеуші болғандықтан, М.Шоқайдан құнды мәліметтер алуды мақсат етті. Сол себепті Берлинге шақырған болатын. Кеңес Одағына қарсы соғыс жариялаған күні-ақ немістер Парижде тұрып жатқан 300-ге жуық Ресейден келген эмигранттарды Компьен қорғанына орналастырды. Солардың ішінде М.Шоқай да бар болатын. Мария Шоқайдың естеліктері арқылы біз Мұстафа Шоқайды әскери адамдардың 1941 жылы тамыз айының басында Берлинге алып кеткенін білсек, осы ретте тарих ғылымдарының докторы Г.Көкебаева өз зерттеулерінде [1, 142-б.] М.Шоқайды Парижден тұрандық тұтқындар мәселесін талқылау үшін Шығыс министрлігі алдырғанын жазады. Мұстафа Шоқай аралаған Сувалки, Деба, Дебица, Ярослав, Пагеген, Лемберг, Эбенрод тұтқындар лагерьлеріндегі қазақ, қырғыз, өзбек арасында татар, башқұрт, тәжік, орыс, т.б. ұлт өкілдерінен тұратын тұтқындардың көпшілігінің 1939-1940 жылдардан бері әскерде екендігі көрсетілген.

Түркістандық жауынгерлердің тұтқынға көп түсуі себепті неміс билігі М.Шоқайға радиодан сөйлеуге ұсыныс жасайды. М.Шоқайдың бұл ұсынысты қалай қабылдағаны туралы жұбайы Мария Шоқай өз естелігінде: «Немістер маған радиодан сөйлеуге ұсыныс жасады. Бірақ мен түркістандық тұтқындармен кездеспейінше, радио арқылы оларға ештеңе айтпайтынымды кесіп айттым. Қазіргі кезде сол тұтқындармен кездесуді ойлап, толқып жүрмін. Олармен түсінісіп, ортақ тіл таба аламын ба? Жастар мен туралы ештеңе білмейтін болуы керек. Осыны ойласам – толқып кетемін» [2, 103-б.], – деп жазады.

1941 жылдың маусым айынан бастап кеңестік әскери тұтқындар орналасқан неміс лагерьлерін ара-

лауға арнайы комиссия құрылады. Бұл комиссияның құрамында М.Шоқай да бар. Комиссияның мақсаты – лагерьлерді аралау арқылы тұтқындардың соғысқа қажеттілігін анықтау. Бұл дегеніміз – тұтқындардың тізімін жасау, олардың тұтқынға түскенге дейінгі қызметін анықтау, жұмысқа қабілетті жастарды дайындау, ең бастысы, тұтқындарды Кеңес Одағына қарсы соғысқа пайдалану болатын. **М.Шоқай өз кезегінде әскери тұтқындарды Кеңес Одағына, яғни, өз Отанына қарсы соғысқа аттандыруға мүлдем қарсы болды.**

1941 жылдың 10 қарашасында Мұстафа Шоқай Гейбель комиссиясына ұсыну үшін тек 471 адамның тізімінің алғашқы нұсқасын дайындауды аяқтайды. Алайда кімнің қайда жұмысқа ұсынылғаны жөніндегі түпкілікті тізім неміс тілінде жасалады. Бірақ бұл құжатқа Ченстохов лагеріндегі қазақстандықтардан таңдап алынғандар енбей қалады. Себебі Берлинге қайтар жолда Мұстафа ауырады да, кейін ауруханада қайтыс болады. Тұтқынның лагерьлік өмірі және мамандығы көрсетілген неміс тіліндегі тізімдер бойынша Мұстафа Шоқайдың Гейбель комиссиясына Лембергтен, Ярослау, Дебица, Деба-Майдан, Офлаг 325-тен жұмысқа орналастыруға 1592 адамды ұсынғандығы анықталып отыр [3, 14-б.].

М.Шоқай қазақстандық соғыс тұтқындары орналасқан неміс лагерьлерін аралағаннан кейін біршама өзгерістер орын алады. Бұл туралы М.Шоқай 1941 жылы қараша айында зайыбы Мария Шоқайға жолдаған хатында: «Түркістандық тұтқындармен кездесуім көп нәрсені өзгертті. Жазғандарымда жаңылмаппын. Тұтқындар арасынан туысқанымды да тауып алдым. Үйге келген соң оны қасыма алуға тырысамын. Жұмыс көп, жалғыз өзім бәріне үлгере алмаймын, көмекші керек», – деп жазады. Алайда М.Шоқайдың зайыбына жолдаған кейінгі хаттарының мазмұны да, сөз сарыны да өзгере бастайды. Соғыс тұтқындарының шегіп жатқан азабы мен жанаярлық халдерін баяндап: «Бұл бейшара, жазықсыз жандар қорлық кешуде. Сәл нәрсеге жазықты болып, ату жазасына кесіліп жатыр. Сақырлаған аязда тұтқындар жаңбыр мен қардан қорғану үшін қолдарымен шұңқыр қазып жатыр» [2], – деп жазады. Оларға көмектесе алмай, әбден қиналып, қатты қайғырғаны байқалады.

Мұстафа Шоқай 1941 жылы қазанда Уәли Каюмға құпия түрде жазылған хатында немістердің азиялық әскери тұтқындарға деген көзқарасын аңғартатын көптеген дәлелдемелер мен Германияда орын алып жатқан оқиғаларды баяндайды. Бұл туралы М.Шоқай: «Сеанстың алдында Германияның барлық киноларындағыдай дыбыс күшейткіш арқылы жабайы азиаттар туралы, Батыстың тыныштығын бұзып, мәдениетіне қауіп төндіріп отырған большевиктік жұқпалы дерт иелері туралы айтып жатты. Осы кіріспеден кейін экранда азиаттар арасынан әдейі

таңдап алынған кескін-кейіптері келіспейтін аш-жалаңаштар, тобырлар көрсетіле бастайды», – деп жазады. Мынадай радиохабарламаны тыңдағаннан кейін лагерьлерде қазақстандық әскери тұтқындарға деген теріс көзқарастың себебі түсінікті бола бастайды. Егер орыс большевизмінің сұмдық дертін таратып жүргендер осылар болса, әрине, неміс солдаты кез келген жерде олардан батыс өркениеті мен өзін арашалауға міндетті.

Мұстафа Шоқай У.Каюмге көрген-білгенінің бөріні жазуға тырысады. Немістердің тұтқындағыларды қалай атып тастап отырғаны жайлы жазады. «Маған бауырларымыздың біреуі жақын келді. Аяғы жараланғандықтан, қатты ақсайды екен. Ол маған жылап тұрып, құтқаруын өтінді. Әйтпесе ертең атып тастайтынын айтты. Ертең екенін қайдан білдің дегенімде, «ертең бәрі моншаға барады, стройда жұртпен бірге жүре алмаймын, олардан қалсам, жолда атып тастайды», – дегенін естігенде көңілі босағанын, қолынан еш нәрсе келе алмай қиналғанын жазады [4, 321-б.]. Деректің дәл Каюмге арналып жазылуының себебі – ол Түркістан легионын құру жұмыстарында зор белсенділік танытып жүрген болатын. Әкініштісі, У.Каюм бұл хатты оқыса да, тіпті өз көзімен тұтқындар орналасқан лагерьлердегі түркістандықтардың аш-жалаңаш түрлерін көрсе де билікке қызығып, Германия үкіметінен бас тартпайды. Германияның «Түркістанның Президенті қыламыз» деген өтірігіне сеніп, жеке бас мүддесінен әрі бара алмайды.

М.Шоқайдың қазақстандық әскери тұтқындармен бетпе-бет кездесуі, тікелей әңгімелесуі – лагерь өмірінің нағыз шындығын, сұмдық көрінісін ашып берді. Әскери тұтқындар өздерінің хал-ахуалы жайлы жасырмай ашық айтып, бұл жердегі жағдайлары тіршіліктен күдер үздіріп отырғандықтарын білдірді. Бұл жердегі тұтқындар Мұстафа Шоқайға: «Бізді қайтадан Ярославға жіберуін сұрасаңыз екен, ол жақтан алып келгеніне үш-төрт апта болып еді», – деп жалына өтініштерін білдірді. Қазақстандық әскери тұтқындардың әңгімелеріне қарағанда, мұнда келген 40 мың адамның 25 мыңы ғана қалған. Басқасы түгел қайтыс болған [5, 92-б.].

Түркістандық әскери тұтқындар М.Шоқайдың пікірінше, Германия қолындағы аса маңызды капитал болып табылады. Мындаған түркістандықтарды оларға тағдырдың өзі жеткізіп отыр. Бұл әскери тұтқындар арасында большевизмнің бітіспес қарсыластары жеткілікті. Олардан жаңа демократиялық әлемдік тәртіп жолындағы тамаша күрескер-насихатшы мамандарды

даярлауға болатын. Алайда жағдай өзгермесе, кино экрандарынан ортаазиялық жабайыларға қарсы үгіт жалғаса берсе, оның нәтижелері Дебица лагеріндегі оқиғаларға әкеліп соқтырып отырса, «мұның салдары біз үшін ғана емес, біздің халқымыз – біздің еліміз үшін де қатерлі ме деп қорқамын», – деп жазады М.Шоқай.

М.Шоқайдың тұтқындармен бетпе-бет сөйлесуі лагерьлердегі адам айтқысыз көріністі суреттеп береді. Олар аштықтан, аурудан өліп жатады. Көп жерлерде тәулік бойы ашық аспан астында, түнді қасқыр апаны аталған өздері қазған шұңқырларда өткізді. Еңбекшіқазақ ауданы Тескенсу ауылының тұрғыны, бұрынғы тұтқын Жанай Қиқымбаев: «лагерьде неміс айуандықтарының бірнеше рет куәсі болдым. Олар жазалаудың қатыгез, ең сорақы түрлерін қолданды: ұрды-соқты, адам төзгісіз жағдайда ұстады. Күн сайын адамдар аштықтан, сүзектен өліп жатты. Оларды әрқайсысы тереңдігі үш метр, ұзындығы жүз метр шұңқырларда бірге жерледі», – деп еске алады. Мұстафа Шоқай өзінің жазбаларында: «Лагерь тәртібінен сәлпәл жалтарғаны үшін тұтқындар соққыға жығылды, атып салу да дағдылы жағдайға айналды», – деп жазады.

М.Шоқай тұтқындарды бейбіт мамандықтарға ғана ұсынады, ол бірде-бір адамды әскерге ұсынған жоқ. Түркістан легионына тұтқындарды іріктеу 1942 жылы басталады, ол кезде Мұстафа Шоқай тірілер қатарында жоқ еді. Қазақстандық тұтқындар жөніндегі біздің есебіміз толық емес, себебі М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорында, Просткен, Едлин, Эбенрод және басқа да лагерьлердегі тұтқындар тізімі жоқ болып шықты. Сонымен қазақстандық тұтқындарға көмек қолын созып, олардың тірі қалуы үшін Мұстафа Шоқайдың терең гуманистік қадамын әр саққа жүгіртуге ешбір негіз жоқ. Мұстафа Шоқай есімі қазақ халқымен мәңгі бірге өмір сүреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көкебаева Г.К. Германия – Россия – ССРР: политика, война и плен. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 345 с.
2. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ.Исахан. – Алматы: «Саға» баспасы, 2006. 2-том. – 372-б.
3. Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқай және түркістандық соғыс тұтқындары // Мәдениет. – 2017. - №12. – 12-15-б.
4. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 504-б.
5. Садықова Б. История Туркестанской легиона в документах. – Алматы: Қайнар, - 2002. – 204 с.
6. Бақыт Садықова. Мария Чокай. Я пишу вам из Ножана. – Алматы: «Санат» 2002, 140-б.

ШӘЙМЕРДЕН ҚОСШЫҒҰЛҰЛЫ – АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ ҰЛЫ

Аманбай СЕЙІТҚАСЫМОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов
атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің доценті,
Арайлым ЖЕТЕНОВА,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университетінің магистранты

XX ғасырдың бас кезінде Ресейдің қоғамдық-саяси өмірінде күрделі оқиғалармен елеулі өзгерістер болды. Соның ішінде назар аударарлық әлеуметтік ықпал – буржуазиялық-демократиялық даму жолына бағытталған өзгерістер. Әсіресе, сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік ірі оқиға Мемлекеттік ду-

маның шақырылуы еді. Жоғары заң шығаратын органның 12 жыл (1906-1917 жж.) арасындағы қызметі Ресей тарихында, оның құрамына енген халықтардың өмірінде айтарлықтай із қалдырған демократиялық идеалдың зор көрінісі болды. Мемлекеттік дума ға-сырдың бас кезінде Ресейде құрылған партия фрак-

цияларының және аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалысы өкілдерінің бас қосқан, маңызызор мәселелерді талқылайтын бірден-бір өкілетті форумға айналды. Ол Ресей империясының алғашқы Парламенті рөлін атқара бастады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің өзiрлiгiне мұрындық болумен бiрге оның идеялық бас-тамасының негiзi болды.

Кеңес дәуiрi кезiнде Мемлекеттiк думаны буржуазия мен помещиктердiң бiрiккен таптық ұйымы, саяси-қоғамдық сiлкiнiске қарсы, халықты алдау-арбау, оларды революциялық қозғалыстан тыс терiс бағытқа сiлтейтiн реакцияшыл қауымдар ортасы деп қарады. Осының салдарынан бұл органға қазақ даласынан депутат болып сайланған Дума фракцияларына, соның iшiнде топтарға белсендi қатысып ұлт мүддесiн қорғаған зиялы азаматтардың аттары аталмай келдi. Шын мәнiсiнде олардың ұлтының азаттығы мен бостандығына сiңiрген еңбектерi айрықша.

Ақмола өңiрiнен Мемлекеттiк думаға депутат болып сайланған Шаймерден Қосшығұлұлының өмiрбаяны мен оның жасаған еңбектерi ұшан-теңiз. Ол – 1874 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезi Қотыркөл болысында дүниеге келген Алаш қайраткерi. Жас шағында ауыл молдасынан хат таниды. Көкшетаудағы Науан хазiрет медресесiне оқуға түседi. Осында оқып жүрiп, ғылымның барлық салаларын игере бастайды. Бұхарада, Бағдадта бiлiм алған парсы, орыс, өзбек, ежелгi түрiк тiлдерiн бiлген ұстазы Науан хазiреттiң ықпалы күштi болды. Мeдiресенi бiтiргеннен соң сонда ұстаз болып қалады. Бұл оқудың ерекшелiгi мұнда тегiн бiлiм бердi. Науан Хазiрет дiнiмiзге, салт-дәстүрiмiзге орыс қоныстанушылардың ықпалы күшейген кезде, қазақ халқының ұлттық ерекшелiгiн сақтап қалу үшiн, ықпалды тұлғаларға үмiт артқан. Сондай сенген, сенiм артқан азаматтарының бiрi – Шаймерден Қосшығұлұлы.

Осындай жағдайда мұсылман дiн басылары қарсы әрекет жасап, жердi тартып алған, тiл мен дiнге қол салған отаршыларға қарсы наразылық бiлдiре бастайды. Сол наразылықтарды бастаушылардың бiрi – Көкшетау жанындағы интернат мұғалiм Шаймерден Қосшығұлұлы едi.

Патша үкiметi Науан хазiреттiң әрекетiн заңға қарсы деп тауып, оны қудалай бастайды. Қазақ шаруасын байырғы қонысынан күштеп қуып шығу саясатына қарсы Шаймерден Қосшығұлұлының әрекетiн қылмыс деп бағалайды. Ол кезде ождан бостандығына, дiни сенiмге жасалған қиянатқа қарсы тұрғандарды Ресей қатаң жазалап отырған. Осылайша «Панисламизмге, пантюркизмге қарсы күрес» деп аталатын жаппай қуғындаудың ресейлiк нұсқасы пайда болды. Алғашқылардың бiрi болып Көкшетау мешiтiнiң имамы Наурызбай Таласов (Науан хазiрет) пен мұғалiм Шаймерден Қосшығұлұлы абақтыға қамалады. Ақмола облысы әскери губернаторының атына Көкшетау уезi крестьян начальнигi, подполковник Троицкий 1903 жылы 2 сәуiрде молда Таласовтың медресесiнде тiнту жасаған кезiнде Шаймерден Қосшығұлұлының столынан Ботовтағы С.Шормановқа, Зайсандағы Кеншиковке, Семейдегi Құнанбаевқа жолданған хаттарының почта куәлiгiн тапқандығын хабарлаған. Содан Ш.Қосшығұловты түрмеге жапқан.

1903 жылдың 17 шiлдесiнде Н.Таласовпен Ш.Қосшығұловтың iстерiн қарап, «үкiмет жарлықтарына қазақтарды қарсы қоюшылар» деп айдар таққан. Осы құжатта: *«Выслать названных двух лиц в Восточную Сибирь в местность по усмотрению Иркутского генерал-губернатора под гласный надзор сроком: Кошегулова на 5 лет, Таласова на 3 года,*

считая срок с 12 июня 1903 года» деп көрсетiлген (ЦГА РК, ф. 369, оп.1, д. 871, л. 236).

Дала өлкесiнде есiмi елге танымал Науан хазiреттiң тұтқындалып, «ит жеккенге» айдалуы халықтың наразылығын туғызып, петиция жазылып, елдiң қолдары жинала бастайды. Жазықсыз жазалағандарды арашалап қалу үшiн қаражат жиналды. Әсiресе, бұл шаруада белсендiлiк көрсеткен бiр кезде Омбы техникалық училищесiнде Әлихан Бөкейханмен бiр курста оқыған М.Сердалин болды. Халықтың белсендi қатысуымен дайындалған петицияны өзi Петербургке жеткiзiп, Әлиханды iстiң мәнжайымен таныстырды.

Мәмбетәлi Сердалин мен Әлихан Бөкейханов бiрге жүрiп министрлердiң қабылдауында болып, ортаға таныстарын пайдаланып, оларды мерзiмiнен бұрын 1905 жылы наурыз айында босатып алады. Iшкi iстер министiрiнiң Дала өлкесi генерал-губернаторына жолдаған хатында Таласов пен Қосшығұловқа алдағы уақытта қоғамдық тәрiптi, мемлекеттiң қауiпсiздiгiн бұзуға бағытталған әрекеттерi үшiн суыт жер аудартылатын қатаң ескертiлген.

Осыдан кейiн Шаймерден Қосшығұлов өзiнiң Балықтыкөлдегi мекенiнде алты бөлмелi ағаш үй салдырып, мектеп ашқан. Орыс мұғалiм алдырып, екi жылдай бала оқытқан, барлық шығынын өзi көтерген. Ел iшiнде беделдi болған, мейiрiмдiлiгi мен қайырымдылығы үшiн жұрт оны жақсы көрген. Iскер де құнтты Ш.Қосшығұлов өз күшiмен бiрнеше кiтап дүңгiршiктерiн ашып, қазақ балаларын оқытқан. Кейiн асыра сiлтеу кезiндеоның үйiн бұзып, ағаштарын бөлiп алып қора-қоймалар салынған.

Шаймерден Қосшығұлов айдаудан келген соң саяси жұмысқа араласады. Ол өмiрiнiң мәнiнтуған халқына қызмет ету, оның имандылық кемелденуiне және ағаруына үлес қосу деп бiледi. Думаға алғаш сайланғанда 32 жаста болатын. Оны орыс тiлiн бiлмейдi деген сылтаумен дума мүшелiгiне тiркемеген. Екiншi Мемлекеттiк дума өз жұмысын 1907 жылы 20 ақпанда бастап, оның құрамында Ақмола облысынан Ш.Қосшығұлов, Торғай облысынан Бiрiмжанов, Семейден Т.Нүрекeн, т.б.депутаттыққа сайланды. Мемлекеттiк думаға сайланған соң Ш.Қосшығұлов өз өмiрiн Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургте өткiздi. Әр түрлi көзқарастағы саяси ағымдардың, олардың өзара идеологиялық күрес, пiкiрсайыс, таластарынан жаңа, тың деректер, мағлұматтар алып, оның саяси таным көкжиегi кеңi түстi. Сол жылдары туған жерден алыста жүрiп баспасөзбен айналысу теңдесi жоқ ерлiк едi. Қазақ халқының ұлттық санасын ояту мақсатында Петербургте татар тiлiнде шығып тұрған, «Үлфат» газетiне өз қаражатынан «Серке» атты қосымша шығаруға кiрiседi. «Серке» газетiнiң бiрiншi саны 1907 жылы наурызда жарық көрдi.

Шаймерден Қосшығұлұлы қазақ халқының бiлiмдi, зиялы өкiлi ретiнде бұхараға Құдай сөзiн, шарифат талаптарын жеткiзiп қана қойған жоқ, сонымен қатар халықты ағарту iсiне де белсене араласып, оның болашағы үшiн табанды түрде күресе бiлдi. Санкт-Петербургте жарық көрген газетi арқылы халықтың санасын ояту, не болмаса халқының қамы үшiн Абайға хат жазуы, ел мүддесi жолындағы тағы да басқа игiлiктi iстерi оның жалпы ұлттық деңгейдегi, ой-өpici, дүниетанымы кең тұлға болғандығын көрсетедi.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ө.Озғанбай.** Жарық жұлдыздар.
2. **Назарбаев Н.Ө.** «Тарих толқынында».- Ал: Атамұра. 1999.
3. **Нүрпейiсов К.** «Алаш һәм Алашорда».-А: «Ататек». 1995.

КАЗАХСКИЕ ДЕЛЕГАТЫ НА СЪЕЗДАХ ОБЛАСТНИКОВ СИБИРИ (проблемы историографии и новые источники)

Куаныш АКАНОВ,
младший научный сотрудник Отдела
Евразийства и политических исследований
Института истории государства КН МОН РК,
магистр гуманитарных наук
г.Нур-Султан, Республика Казахстан

В апреле 2017 года Первый Президент Республики Казахстан – Н.А.Назарбаев выступил в печати со статьей «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», ставшей основой для разработки программы «Рухани жаңғыру». В статье Елбасы уделил большое внимание работе казахстанского общества по модернизации национального сознания, выделив ряд важнейших направлений: конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие, открытость сознания. Новый импульс получили такие области гуманитарного знания, как: филология, этнография, краеведение, духовная культура и др. [1]. Логическим продолжением данной работы стала другая статья Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой Степи», опубликованная в ноябре 2018 года, где особая значимость уделялась работе по исследованию национальной истории Казахстана и казахского народа в целом. В числе первых был назван семилетний проект «Архив – 2025» направленный на выявление документальных свидетельств по истории Казахстана, имеющихся в зарубежных архивах по всему миру [2]. Данный проект призван продолжить деятельность ученых-историков по изучению зарубежных архивных документов, фундаментом которой были: Указ Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Об объявлении 1998 года Годом народного единства и национальной истории», государственные программы «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына», «Халық тарих тоқынында» и др.

Однако, несмотря на фундаментальную деятельность казахстанских ученых, результатом которой стало публикация множества научных трудов и сборников документов, многие архивные хранилища и их фонды остались либо неисследованными, либо не до конца изученными отечественной исторической наукой. Среди таковых хранилищ можно указать Государственный Архив Томской области, в фондах которого хранятся сотни документов по истории Казахстана многие, из которых либо еще не введены в научный оборот, либо разрозненно указываются в работах исследователей. Во время стажировки в Томске нами был получен доступ к документам данного архива, чье общее описание публиковалось в № 2 научного журнала «Вестник ЗКГУ» в 2018 г. [3]. Между тем отдельные фонды заслуживают более полноценного раскрытия вследствие объемности информационного материала и тематической актуальности для истории нашего государства. К таким можно отнести документы об участии отдельных представителей казахского народа в съездах сибирских областников, состоявшихся в Томске в октябре и декабре 1917 года. Историография по данной тематике имеет весьма ограниченный круг казахстанских и российских исследователей, которые

в своих работах обращались к документам ГАТО.

К настоящему времени по теме участия казахских делегатов в съездах сибирских областников-автономистов сформировалась определенная историографическая база. Среди отечественных ученых укажем работы и статьи: Е.Б.Сыдыкова, М.П.Малышевой (2010) [4], Л.С.Ахметовой (2017) [5], З.Е.Кабульдинова, Р.Ж.Байдалы (2017) [6], Р.Ж.Байдалы, З.Е.Кабульдинова, А.А.Айтмухамбетова, Е.К.Наурызбаевой (2017) [7], С.Аккулы (2019) [8] и др.

Работы казахстанских исследователей в целом направлены на выявление целей и амбиции казахской делегации, а также результатов их деятельности на съезде. Е.Б.Сыдыков и М.П.Малышева в качестве мотивов называют стремление участников Томского октябрьского съезда А.Н.Букейханова (согласно документам съезда А.Н.Букейхан) и А.А.Ермекова продемонстрировать духовному лидеру Сибирских областников Г.Н.Потанину проект программы партии «Алаш». Одобрение Потанина способствовало дальнейшему избранию обоих казахских лидеров в состав президиума Первого областного съезда. Свою поддержку Г.Н.Потанин также выразил в газетной статье, где подчеркнул свою симпатию к тому, что программа казахов не предусматривает вопросы классового или межпартийного противостояния и ограничивается «национальным самоопределением» [4, С. 47]. Еще одну цель добавляла Л.Ахметова, говоря о намерении казахских делегатов на получение согласия Г.Н.Потанина на внесение его кандидатуры в список партии «Алаш» на выборах в Учредительное собрание [5].

З.Е.Кабульдинов и Р.Ж.Байдалы в совместной статье приводят сведения об участнике октябрьского Сибирского областного съезда Е.Итпаеве (Итбаеве) – делегате от Акмолинской области и избрании в Сибирский областной совет А.Турлыбаева – известного казахского юриста [6]. В другой статье, вышедшей в соавторстве с А.А.Айтмухамбетовым и Е.К.Наурызбаевой, З.Е.Кабульдинов и Р.Ж.Байдалы указывают данные об обсуждении на октябрьском съезде вопросов национального самоуправления, земельного, общегосударственного и экономического устройства Сибири [7]. В завершении обзора трудов казахстанских авторов об участии казахских делегатов в съездах Сибирских областников-автономистов приведем публикацию С.Аккулы, где анализируются выступления А.Н.Букейханова на Томском областном съезде и тезисы его статьи опубликованной по итогам форума. Здесь А.Н.Букейханов поднимал такие вопросы, как: требование о свободе «малых народов», федеративное устройство Российской Республики, присоединение казахов к автономной Сибири с сохранением права на отделение по мере укрепления государственности [8].

Подробнее Букейханов раскрывает свои цели на Томском съезде во встрече с жителями г. Алаш, образованного на левобережье г. Семипалатинска. В данном выступлении председатель Алаш-Орды демонстрирует ряд основных доводов принятия решения о присоединении к Сибирской автономии. Среди таковых: недостаток кадров с опытом государственного управления, стремление к сотрудничеству с политическими и военными деятелями Сибири, наличие равного положения казахских делегатов в сибирских органах власти по сравнению с другими национальностями, предотвращение оттока русских крестьян, необходимости укрепления сотрудничества с представителями сибирских и российских демократических сил [9, С. 456-458]. Таким образом, обобщая работы казахстанских авторов, делаем вывод, что помимо выявленных целей интерес привлекают сведения об избрании отдельных представителей от казахского населения в органы власти автономной Сибири и об их отчетах перед соотечественниками. Однако остаются невыясненными такие вопросы, как количественный состав казахских делегатов, их политические убеждения, мнения об их выступлениях со стороны российских и сибирских участников съезда, его результаты и т. д.

Данное обстоятельство побуждает нас обратиться к российской историографии, обзор которых мы начнем со статьи И.В. Нам вышедшей в свет в 2004 году. В своей публикации автор подчеркивая факт представительства на Первом областном съезде казахских областных советов всех уровней отмечала, что поддерживая выдвигаемую сибирскими деятелями идею образования автономной Сибири А.Н.Букейханов, придавал большую значимость национальному самоопределению казахов. Раскрывалась и позиция делегата от Семипалатинского киргизского комитета Р.М.Марсекова, который считал, что должен быть образован Сибирский парламент с представительством всех областей и правом широкого самоуправления, так как в народах Сибири испытывался недостаток «культурных сил» для создания самостоятельного «национального законодательного управления» [10, С. 51].

Новые данные вводят В.А.Ламин и М.В.Шиловский которые уточняют дату проведения съезда (6-17 октября 1917 г.) и анкеты 9 участников с указанием имен, возраста, национальности, партийной принадлежности, делегирующей организации, уровня образования, профессии. В остальных ученые подчеркивают, что все делегаты поддерживали автономность Сибири, федеративное республиканское устройство России с предоставлением «национальной или территориальной» автономии для ее районов. В последний день съезда был выбран исполнительный комитет, членом которого был выбран А.А.Ермеков [11, С. 178-180]. В.А.Ламин и М.В.Шиловский были одними из немногих ученых, кто исследовал вопрос участия казахов в Чрезвычайном сибирском областном съезде, где по их данным участвовало 4 делегата, и указывают их анкетные данные. Исследователями приводятся сведения о формировании совета Сибирской Областной Думы, куда с правом совещательного голоса был избран А.А.Ермеков [11, С. 181].

Позиция казахских представителей на Октябрьском областном съезде подробно изучается Д.А.Аманжоловой. В своей работе, опубликованной

в 2016 году, исследователь указывает, что обе силы: и Алаш и областники ко времени проведения съезда пока не решались объявлять об образовании своей автономии, допуская существование включения казахских территорий в составе автономной Сибири с условием будущей федерализации России. Исследователь анализирует выступления А.Ермекова и А.Букейханова, выявляя сторонников идеи автономизации Сибири как отдельного региона и ее федерализации. Первый заявлял об обязанности Сибири заговорить на языках всех народов об их потребностях. Второй придерживаясь мнения о необходимости межэтнической интеграции национальностей Сибири, с которой они совместно хотели получить право на самоопределение, заявлял о потребности в территориальном объединении казахских районов внутри Сибирской автономии на основе «хозяйственной специфики» [12, С. 32-33].

Таким образом, можно сделать несколько промежуточных выводов. Российская историография делает акцент на выявление солидарного мнения всех участников съезда в признании образования Сибирской автономии. Однако данные российских исследователей разнятся в указании численности участников съезда от казахского населения Сибири и в их партийной принадлежности. Интерес казахстанских ученых охватывал определение мотивов пребывания казахских делегатов на Томском форуме и выявление методов достижения главной цели – национального самоопределения казахов. Однако обеими сторонами остаются невыясненными многие важные вопросы, среди которых, укажем следующие: роль казахских делегатов на съездах в Томске, определение их точного количества, выявление дел, хранящих материалы об участии казахов в форумах областников, анализ выступлений, ранее не приведенных в работах исследователей.

Документы, хранящие информацию об участии казахских делегатов в съездах сибирских областников-автономистов, хранятся в следующих фондах Государственного архива Томской области (ГАТО): Р-552, Р-576 и Р-72. Р-552 «Первый Сибирский областной съезд» (8-17 октября 1917 года). На основе архивных документов попробуем решить некоторые спорные вопросы. Для начала определимся с количеством присутствовавших на съезде казахских делегатов. Сверив имеющиеся документы ГАТО с указанной ранее публикацией В.А.Ламин и М.Шиловского, удалось выяснить, что ранее не были приведены анкетные данные Дощанова (Досжанова) Сагындыка Дощановича, окончившего киргизскую (казахскую) учительскую школу, народного учителя из Акмолинска, делегированного Омской Городской Думой. Наибольшее представительство – 3 указали принадлежность к эсерам (С.Ш.Джилкилденов, И.Т.Турмухамедов, С.Д.Дощанов), 2 – Алаш (Е.И.Итбаев, А.Д.Сеитов), 1 – кадетам (А.Н.Букейханов) и 4 – беспартийных (А.А.Айтленев, Х.А.Габбасов, А.А.Ермеков, Р.М.Марсеков) [13, Л.1-14; 11, С. 178-179].

В ходе съезда А.Букейхан участвовал в обсуждении финансовых вопросов, образовании экономического бюро и в выдвижении кандидатов в члены данного государственного органа. В состав Сибирского областного комитета помимо упомянутого выше А.Т.Турлыбаева от казахского населения были избраны: А.К.Козбагаров, Х.А.Габбасов, С.Д.Дощанов и А.А.Айтленев [14, Л.5-82 об.]. Кроме того, А. Букейхан предложил создать Акмолинской,

Тургайской и Семипалатинской областей, как регионов с одной хозяйственной структурой, единый подрайон в составе Сибирской автономии [14, Л.127].

Организаторы съезда высоко оценили поддержку казахского народа, представители которого в лице Семипалатинской области выслали 1000 рублей и назвали казахский народ «*организованным и способным к самостоятельности и творчеству*» [15, Л.22]. Обсуждение вызвали слова А.Букейханова «*право это есть сила*», которые были истолкованы как внутренняя сила народного самосознания, развившегося до «*степени полного самоопределения*» [16, Л.31]. Р. Марсеков заявлял о необходимости децентрализации России, которая даст ее народам возможность развиваться до самостоятельности, благодаря которой все они «*внесут в человеческую сокровищницу много полезного*» [17, Л.67-69]. Отметим работу А.Н.Букейханова, участвовавшего в разработке конституции Сибирской Федерации. А.Н.Букейханов также заявлял, что если Российская Республика станет федерацией штатов то «*от этого только получится счастье людей, которые живут в Российской республике*» [18, Л.71-73] и внес поправку в решение Съезда об областном устройстве Сибири, касавшуюся возможности будущего самоопределения национальностей [19, Л.37].

Следующим форумом сибирских областников-автономистов в котором приняли участие казахские делегаты стал Чрезвычайный Общесибирский областной съезд (7-15 декабря 1917 г.). Участие казахов было ограниченным – всего 4 делегата, что было связано с параллельно проходящим II Всеказахским съездом в Оренбурге (5-13 декабря 1917 года). Данные делегаты принадлежали к партиям – 3 к Алаш (К.М.Сейдалин, А.Т.Турлыбаев, И.Т.Турмухамедов), 1 (А.М.Баймурат) свою принадлежность не указывал. К сожалению, данные относящиеся к казахам в документах фонда ограничены. В деле 2 хранятся приветственные телеграммы направленные Президиумом съезда в адрес казахского съезда в Оренбурге [20, Л. 36]. В деле 3 – письма от А.А.Ермекова и А.Н.Букейханова, сообщавшие о невозможности их личного приезда, ввиду проведения Второго Всеказахского съезда (5-13 декабря 1917 года) и указываются делегаты, посланные вместо них [21, Л. 11-18].

Обобщая вышесказанное можно сделать вывод. Участие в съездах сибирских областников было важной частью политической программы действий казахских интеллигентов, бывших, как показали документы съездов, в частности Первого октябрьского областного форума представителями разных политических сил. Благодаря деятельности на сибирских заседаниях многим делегатам удалось апробировать свои идеи о получении национального самоопределения и дальнейшего государственного строительства. В свою очередь организаторы Сибирских съездов высоко ценили поддержку казахской интеллигенции и казахского народа и демонстрировали лояльность избранию казахских делегатов в органы власти Сибирской автономии. Данное обстоятельство стало фундаментом последующих взаимоотношений сибирских областников и казахских интеллектуалов.

ТҮЙІН

Мақалада Томск облысы Мемлекеттік мұрағатының құжаттарын зерттеу және тарихнамалық шолу

жүргізу негізінде қазақ делегаттарының қазақтардың ұлттық өзін-өзі анықтауы және Алаш партиясының саяси бағдарламасын әзірлеу туралы идеяларды апробациялау мақсатында Сібір облысы-автономистер съездеріне қатысу мәселесі зерттеледі.

The article observes the issue of participation of Kazakh delegates in the congresses of Siberian autonomous region oblasts which is being investigated in order to test ideas about national self-determination of Kazakh and develop a political program for the Alash party based on a historiographic review and study of documents of the State Archive of the Tomsk Region.

ЛИТЕРАТУРА И ИСТОЧНИКИ

1. **Назарбаев Н.А.** «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» // «Казахстанская Правда» – 13 апреля 2017 г. – № 71 (28450) – С.1-2.
2. **Назарбаев Н.А.** «Семь граней Великой степи» // «Казахстанская Правда» – 21 ноября 2018 г. – № 222 (28852) – С.1-2.
3. Контакты деятелей партии Алаш с сибирскими областниками по документам государственного архива Томской области // Вестник ЗКГУ. № 2-2018 г. Серия: педагогика, филология, история, биология и экология и наука о земле. История – С.266-274.
4. **Сыдыков Е.Б., Малышева М.П.** Сибирь и Казахстан (Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана. 1919-1922). – Семей, 2010. – 390 с.
5. **Ахметова Л.** Казахстан в 1917 году. Эпоха больших перемен. // интернет-газета Zona KZ. (Дата публикации: 06.03.2017). URL: <https://zonakz.net/2017/03/06/kazakhstan-v-1917-godu-ehpokha-bolshikh-peremen/> (Дата обращения: 01.07. 2019).
6. **Кабульдинов З.Е., Байдалы Р.** «Казахский Плевако» Айдархан Турлыбаев. // Qazaqstan Tarihy Порталы. (Дата публикации: 03.06. 2017). URL: <https://e-history.kz/ru/publications/view/3199> (Дата обращения: 01.07. 2019).
7. **Байдалы Р.Ж., Кабульдинов З.Е., Айтмухамбетов А.А., Наурызбаева К.Е.** Гражданско-правовая и общественная деятельность юриста А.Турлыбаева в Сибири в начале XX века. // Bylye gody, 2017, Vol. 44, Is.2, С. 597-607.
8. **Акулы С.** Ответ «знатокам» истории Алаш. // Сайт обзорно-аналитического журнала «Exclusive». (Дата публикации: 02.05. 2019). URL: <http://www.exclusive.kz/expertiza/obshhestvo/115972/> (Дата обращения: 01.07. 2019).
9. № 178. Приезд Алихана в г. Семипалатинск. г. Семипалатинск. 13 ноября 1917 г. // Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. – Алматы: «Алаш», 2004. – т.1 - 552 б. – С. 456-458.
10. **Нам И.В.** Национальный вопрос в программных установках сибирских областников, законотворческой и политической практике сибирской областной думы (1917-январь 1918 г.) // Вестник Томского государственного университета. 2004. № 281. С. 47–57.
11. **Ламин В., Шиловский М.** Сибирские автономисты (областники) и деятели Алаш-Орды // Алаш-таным. Ғылыми мақалар жинағы. 1-т. – Семей, 2012 – 420 бет. – С. 176-183.
12. **Аманжолова Д.А.** Из истории соперничества партийно-политических проектов и идей в Степном крае (начало XX в.) // Российские регионы: взгляд в будущее. № 1 (6) / 2016. – С. 15-42.
13. ГАТО, ф. Р-552, Оп. 1, Д.1.
14. ГАТО, ф. Р-552, Оп. 1, Д.2.
15. ГАТО, ф. Р-552, Оп. 1, Д.3.
16. ГАТО, ф. Р-552, Оп. 1, Д.5.
17. ГАТО, ф. Р-552, Оп. 1, Д.6.
18. ГАТО, ф. Р-552, Оп. 1, Д.7.
19. ГАТО, ф. Р-552, Оп. 1, Д.8.
20. ГАТО, ф. Р-578, Оп.1, Д.2.
21. ГАТО, ф. Р-578, Оп.1, Д.3.

КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ ОРАЛМАНДАР МӘСЕЛЕСІ

Жанат БЕКСЕЙТОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің II курс магистранты
Өтеубай ҚОЖАҚҰЛЫ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Көші-қон адамзаттың дамуында, аумақтардың халықтар арасында қайта бөліске түсуінде зор рөл атқарды. Қазіргі таңда көші-қон мәселесі көші-қонды туғызатын себептердің ішіндегі ең бастысы экономикалық себеп болып отыр.

Көші-қон дегеніміз – адамдардың тұрғылықты мекенінен әртүрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы. Көші-қон адамдардың белгілі бір аумақтың шекарасынан асып, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты мекенге қоныс аударуы арқылы жүзеге асады. Халықтың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, саяси, діни, әскери және басқа себептермен ұйымдасқан түрде (мемлекеттің және басқа қоғамдық құрылымдардың қатысуымен) және ұйымдаспаған түрде (көшіп келушілердің өздерінің күшімен) көшіп-қонуы мүмкін.

Көші-қон тұрғылықты мекенінің түпкілікті ауысуына байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

- қайтып оралмайтын көші-қон;
- тым ұзақ мерзімге қоныс аударумен байланысты уақытша көші-қон;
- жылдың белгілі бір кезеңінде орын ауыстырумен байланысты маусымдық көші-қон;
- басқа жердегі жұмыс, оқу орындарына ұдайы әрлі-бері жүріп-тұратын қатынамалы көші-қон;
- елден сырт жерге көшіп кету, елге көшіп келу түріндегі сыртқы көші-қон;
- ел ішінде қоныс аударумен байланысты ішкі көші-қон түрлеріне бөлінеді.

Қазақстандағы көші-қон процесінің тарихы және пайда болу себептері:

XV–XVIII ғасырларда жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұшырап, ата мекенінен үдере көшіп, мәжбүрліктен қоныс аударып отырған.

XIX ғасырдың 2-жартысы – XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлау саясатымен қазақ жеріне қара шекпенді орыс қоныстанушылары көшіп келді.

XVIII – XIX ғасырдағы қазақ халқының патшалық самодержавияға қарсы ұлт-азаттық көтерілістері мен соғыстары;

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылы Маусым жарлығына қарсылықпен басталған ұлт-азаттық қозғалысы;

1917 жылы ақпан буржуазиялық-демократиялық және Қазан төңкерістері, Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы; 1918-20 жылдардағы азамат соғысы.

1920-21 жылдардағы ашаршылық, “соғыс коммунизм”, азық-түлік отрядтарының жорығы Қазақстан жеріндегі көші-қонның саяси себептері еді. Бұл кезеңдерде талай қазақтар қанды қырғын мен аштықтан бас сауғалап, жат жерге ауып кетті.

1928-30 жылдары бай-кулак ретінде тәркіленген ауқаттылар ата мекенінен аластатылып, жер аударылды.

Қазақстан аумағы кеңестік империяның басқа

аймақтарынан жер аударылған шаруалардың, саяси тұтқындардың мекеніне айналды. Жаппай күштеп ұжымдастыру кезеңінде қазақтарға қарсы геноцидтік саясаттың жүргізілуі салдарынан қазақ халқы ашаршылыққа ұшырап, қырылған зұлмат жылдарда (1931-33 жылдары) 1 млн-нан астам қазақ ата-жұртынан ауып кетті, олардың 616 мыңы тарихи отанына қайтып оралмады. Олар шалғай шет жерде – Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Пәкістан, Иран, Түркия елдерінде, сондай-ақ, кейбір Батыс Еуропа елдерінде қазақ диаспорасын құрады. 2-дүниежүзілік соғыс жылдары (1939-45) тұтқындалған, Еуропа елдеріндегі Қарсыласу қозғалыстарына қатысқан, Түркістан легиондарында болған көптеген қандастарымыз шет мемлекеттерде қалып қойды. 1937 жылдың күзінен тоталитарлық саясаттың құрбанына айналған тұтас халықтар өз жұртынан қазақ жеріне күштеп көшірілді. Атап айтқанда, 1937 жылы Қазақстанға Манчжурия өлкесінен 102 мың корей қоныс аударуға мәжбүр болды. 1938-44 жылдары қазақ жеріне Кавказдан шешендер, ингуштар, балқарлар, қарашайлар, Қара теңіздің солтүстік жағалауынан қырым татарлары, месхед-түріктер, поляктар, болгарлар, күрдтер, Еділ бойынан немістер, 1947-52 жылдары мыңдаған латыштар, эстондар, батыс украиндар қазақ жеріне зорлықпен көшіріліп, түпкілікті қоныстандырылды. 1953 жылы еврейлер, абхаздар жер аударылды. 1953-55 жылдары тың игеру деген желеумен Қазақстан жеріне өзге ұлттардың миллиондаған өкілдері көшіп келді. Сөйтіп, кеңестік тоталитарлық жымсықы саясаттың салдарынан байырғы ұлт – қазақ халқы өз жерінде азшылыққа ұшырап, Қазақстан 130-дан астам этнографиялық диаспораның өкілі тұратын “интернационалдық” мекенге айналды. Ал 5 млн-нан астам қазақ диаспорасы шет жерде екен деді. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді елге айналған 20 ғасырдың 90-жылдарынан бастап соңғы он жыл ішінде көші-қон басқаша сипаттап. Қазақстан Республикасының 1992 жылы 26 маусымда қабылданған “Көшіп келу туралы”, 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған “Халықтың көші-қоны туралы” заңдары көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үдерістерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгіледі. Сөйтіп, өзінің тарихи отанына қайтып оралатын адамдар мен отбасылар үшін жаңа жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасау мәселесін мемлекет тұрғыда шешу іс қолға алынды. Осыған орай Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы сияқты мемлекет және бей-мемлекет мекемелер құрылды, шет жұрттан ата-жұртына көшіп келетін оралмандарға жыл сайын өсіп отыратын квота белгіленіп, олардың белгіленген

аймақтарға қоныс теуіп жайғасуы үшін мемлекет және жергілікті бюджеттерден қаржы бөлініп тұратын болды. Сондай-ақ, Қазақстанға мәжбүрлі жағдайда көшіп келіп, тұрақтап қалған көптеген ұлт өкілдері өздерінің атажұртына көшіп баруға мүмкіндік алды.

Отандастарымыздың тарихи отанына оралуы, яғни репатриация процесі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы кезінен бастау алды. Тарихтағы қазақ халқының этно-территориясы таяу заманға келгенде төңіректегі алып елдер тарапынан бөліске түскендіктен, қазақ халқының біраз бөліктері өздері отырған жерлерімен басқа елдің құрамына өткен. Сондай-ақ тарихи-саяси себептердің салдарынан алыс-жақын шетелдерге босып кеткен қазақ өкілдері, қазір көптеген мемлекеттерде өмір сүруде.

6 млн. этникалық қазақ Қазақстаннан тыс 40-тан астам елде тұрып жатыр. Шамамен 1,5 млн. – Өзбекстанда, 1,5 млн. – Қытайда, 1 млн. – Ресейде, 100000 – Түркіменстанда, 80000 – Моңғолияда және 45000 – Қырғызстанда. Қазақ диаспорасының басым бөлігі Түркияда, Ауғанстанда, Иранда тұрады. Қазақтар сондай-ақ, Батыс Еуропада, Азияда, Солтүстік және Оңтүстік Африкада өмір сүреді. Шет елдегі этникалық қазақтардың басым бөлігі – 20-шы және 30-шы жылдары, саяси қуғыншылықтан, репрессиядан, аштық пен коллективизациялаудан қашып, Кеңес Одағын тастап кеткен азаматтардың тұқымдары. 200000 қазақ сол кезде Қытай, Моңғолия, Индия, Ауғанстан, Иран, Түркияға көшіп кетті, сондай-ақ көрші республикаларда 1926 жылдар мен 1930 жылдар арасында қазақтар 2,5 есе көбейіп, 794000 адам болды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан соң, Қазақстан этникалық орыстар мен немістердің эмиграциясының өсуіне байланысты халық санын азайтып алды. 1991 жылмен 2004 жылдар аралығында 3158400 адам елден кетті. Эмиграция, ағымының өсуімен бірге адам тууы азайды, иммиграция төмендеді. Есептеулерге қарағанда 1989 жылмен 1999 жылдар аралығында республика халқы 16,5 млн адамнан 15 млн адамға азайды. 1991 жылы 18 қарашада Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін Үкіметтің «Ауылдық жерде жұмыс істеуге талпынысы бар басқа республикада, шет елдерде тұратын қазақтарды Қазақ ССР-на көшіру тәртібі мен шарттары туралы» қаулысы қабылданды, бұл қаулы қазақтардың иммиграциясын реттеп қана қоймай, сол кезде дағдарысқа ұшыраған қазақ ауылы мен ауыл шаруашылық кешендерін дамытуға септігін тигізді. Осының нәтижесінде 1991-1992 жылдары Қазақстанға 61609 этникалық қазақтар көшіп келді.

1992 жылы мамыр айында «Көші-қон туралы» арнайы Заң қабылданды. Осы заңның 1-ші бабына сәйкес, этникалық қазақтарға тарихи Отанына көшіп келуге құқық берілді. Заң жүзінде оралмандарға иммиграциялық квота бекітіліп, этникалық иммиграция бойынша жұмыс істейтін арнайы орган құрылды. Экономикалық және тарихи тұрғыдан этникалық қазақтардың тарихи Отанына көшіп келуі мемлекеттің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға және ішкі тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізеді. Кеңес үкіметі кезінде көптеген қазақтардың әдет-ғұрыптары жоғалды, қазақ тілін қолдану тек қана ресми-деңгейде ғана емес, бейресми-деңгейде төмендеп кетті.

Осыған байланысты қазақ тіліде, қазақ мәдениетінің көптеген элементтері де жоғалуға жақын болды. Осы бағытта оралмандардың көшіп келуі, қазақ мәдениетін сақтап қалуда мемлекеттің иммиграциялық саясатының негізгі бөлігі болды.

Оралмандарды құқықтық қолдау 1997 жылы шыққан «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға негізделген, бұл заңда Қазақстанға көшіп келген барлық оралмандарға байланысты интеграциялық шаралар қарастырылған.

Жыл сайын оралмандардың интеграциясына қаржы бөлінеді. Бюджеттік қаржылар квотаға енгізілген оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге және жәрдемақы беруге жұмсалады.

Оралмандар Қазақстанның барлық өңірлерінде тұрады. Олардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысында тұрады (122131). Бұл шамамен Қазақстанда тұрып жатқан барлық оралмандардың 26 пайызын құрайды. Екінші орында оралмандар саны бойынша Маңғыстау облысын бөліп көрсетуге болады. Бұл жерде 61737 адам тұрады, бұл көрсеткіш барлық оралмандардың 13 пайызын құрайды. Алматы және Жамбыл облыстарында 60770 және 49365 оралман тұрады. Ең аз оралмандар тұратын облыстарға Батыс Қазақстан, Атырау облысы мен Алматы, Астана қалалары жатады [1]. Мұндай қоныстандыру жағдайы әртүрлі факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, квота өңірлік бөлініске бағытталған, сондықтан да квота өмір сүру жерлерін шектейді. Квотаға енгізілмеген оралмандарды қоныстандыруға көшіп келген елдің жақындығы, жұмыспен қамту-деңгейі сияқты факторлар әсер етеді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанға көптеген оралмандар Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Түркіменстаннан, Ираннан, Ауғанстаннан, Пәкістан мен Түркиядан көшіп келді, олар бұл облысты бұрынғы тұрған жеріне жақын болғандықтан және жылы климатына байланысты таңдайды. Бұл жерде тіл мәселесі де орын алады, себебі оралмандар көбі орыс тілін білмейді, сондықтан бұл облысты қазақ тілінде сөйлейтіндердің көптігінде еске алып таңдайды. Облыстарды таңдауда оралмандардың туысқандары болуы және тарихи байланысы қосымша себеп бола алады. Маңғыстау облысы оралмандар санына байланысты екінші орында тұр. Түркіменстаннан, Өзбекстаннан, әсіресе, Қарақалпақ автономдық республикасынан келген оралмандарға тартымды. Олар осы облыста тұрып жатқан оралмандардың 95 пайызын құрайды. Мұндай қоныстанудың негізгі себебі Түркіменстан мен Өзбекстанның тарихи түбірінің жақын болуы. Маңғыстау облысы оралмандарға жоғары жалақы-деңгейімен де тартымды. 2002 жылы Маңғыстауда бұл көрсеткіш жалпы ұлттық деңгейден 91,1 пайызға көбейді.

Қазақтың Қазақстанға көшіп келуінің басты себебі – қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балаларының келешегін қамтамасыз ету. Көшіп келген соң оралмандар қазақ тілі мен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі қарым-қатынаста негізгі тіл болғандықтан, оралмандардың еңбек рыногына интеграциялануы, Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысуына қиындықтар туғызады. Бұл өз кезегінде орыс тілін білмеу салдарынан өмірлерін одан-әрі қиындатады. Оралмандардың қазақ қоғамына интеграциялануына теріс әсерін тигізетін тіл білмеушілікті елемей қалуға болмайды. Бұл жерде айта кететін жайт, қазір үш қазақ алфавиті қолданылады; Қазақстанда, Ресей мен басқа ТМД елдерінде кириллица, Турция мен Батыс Еуропада латиница, Қытайда, Иран мен Пәкістанда – ескі қазақ алфавиті (араб алфавиті негізінде құрылған). Осының нәтижесінде Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан, Ауғанстан мен Турциядан

келген оралмандар толық қазақ тілін меңгере алмайды, сондықтан да келе салысымен тіл білмеушілікке байланысты қиыншылықтарға кездеседі. Кейде ең қажетті істерді, мысалы, оралман статусын алуға құжаттарын толтыра алмайды, одан басқа да тілге байланысты көптеген қиыншылықтар болып жатады.

Қазақ диаспорасының бір бөлігі ретінде көптеген оралмандар қазақ мәдениетінің әртүрлі аспектілерін, әдет-ғұрпын сақтап қалған. Мұндай жағдай мәдени бейімделуге жақсы жақтарымен қатар, кедергі-де болады. Осыған байланысты екі жағдайды байқауға болады: қай елден көшіп келді және қандай облысқа қоныстандырылды. Бұл жағдайды Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша байқауға болады, бұл облыстарда қазақ мәдениеті мен әдет ғұрпы жақсы сақталған. Бұл облыстарда оралмандардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі солтүстік пен орталық өңірлерге қарағанда жеңілдірек өтеді. Оралмандар солтүстік және орталық облыстарда интеграциялау барысында көптеген қиыншылықтармен кездеседі. Кеңес Одағынан бері, қазақ мәдениеті бұл облыстарда басқа мәдени және этникалық топтардың ықпалында қалды. Бұл өңірлерде орыс тілі, орыс мәдениеті басым болғандықтан, ол жерде тұратын оралмандардың жергілікті жағдайға бейімделуі көп уақытты алады. Оралмандардың қазақтармен бір тарихи түбірі болса да, олардың мәдениеті мен тұрмысында ауқымды айырмашылық бар. Мұның себебі, оралмандар қазақ мәдениетінің дәстүрлері мен өмір сүру қағидатын сақтап қалса, Қазақстандағы қазақтар Кеңес заманы кезеңіндегі әртүрлі өзгерістердің, нарықты экономикаға өту кезіндегі өзгерістердің ықпалына бейімделіп қалды. ТМД елдерінен басқа мемлекеттерден көшіп келген қазақтар дінге өте жақын болады. Оралмандардың мәдени бейімделуіне ықпал ететін тағы бір жағдай, оралмандардың өмір сүру сипаты, дінге деген көзқарасының ерекшелігі. Бұл әсіресе киім киюінде, отбасылық қарым-қатынаста нақты көрініп тұрады. Әйел оралмандар, әсіресе, оңтүстік өңірлерде мойынды жауып тұратын көйлек киеді, оның үстіне жакет киіп, бастарына орамал тартады. Түркіменстаннан, Ираннан және Ауғанстаннан келген оралман әйелдер жергілікті қазақ әйелдерінің киімін өте ашық, сыпайы емес деп санайды. Оралман ерлердің де көзқарасы осындай. Өзбекстаннан келген оралмандар бастарына тақия киеді, Иран мен Пәкістаннан келгендер (әсіресе, жасы келгендер) сәлде киеді. Оралман мен жергілікті халықтың күнделікті өмірінде-де айырмашылық бар. Қазақтардың этникалық иммиграциясын дамыту ұлттық көзқарасты дамыту үрдісімен, ұлттық ерекшелік пен мәдениетті сақтап қалу және мемлекеттің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша, Қазақстанға қоныс аударушылардың ағымы 2050 жылдарға дейін үздіксіз арта береді. Бірқатар мемлекеттік құжаттарда, репатрианттардың арқасында қазақстандықтардың саны 2015 жылға қарай 20 миллионға жетеді деген болжам жасалған. Таяу болашақта осы межені бағындыру үшін тұтас ел болып тер төгуге тура келеді. Елбасының өзі *«Бұл – ауған ел қайта оралған, айырылған, ағайын қайта табысқан Ұлы көш болып саналады»*, – деп этникалық қазақтарға лайықты бағасын берген болатын.

Елімізде қалыптасқан көші-қон мәселесі Қызылорда облысында да экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан өзекті мәселеге айналып келеді. Мұндағы көші-қон процесі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан

жүргізіле бастады. Өңірде көші-қон процестерін мониторингтеу, олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының жай-күйіне, экологиялық ахуалына әсері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Өңірдегі көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, көшіп келу, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағыны, урбандалу процесі, өңірдің экологиялық және діни жағдайы, халықтың ұлттық құрамы, өңірлік еңбек нарығының теңгерімділігі жатады.

Көші-қон процестерін реттеу: адамның тұрғылықты жерді еркін таңдау, еңбек ету еркіндігін және қызмет түрі мен кәсібін өз қалауынша таңдауға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге; кету және орын ауыстыру бостандығына; шығу тегі, әлеуметтік және мүлктік жағдайы немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол бермеуге негізделеді.

Өңірдегі көші-қон процестерін реттеу үшін «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:

–оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірдің тиісті аумағын белгілеуге (алып тастауға);

–шетелдік жұмыс күшін, оның ішінде этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға);

–оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға арналған өңірлік квоталарын ұлғайтуға (қысқартуға) қатысты ұсыныстар енгізеді.

Оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталарына сәйкес жүзеге асырылады.

Халықтың кетуі халықтың көбею қарқынына қарағанда көп болған кезде көші-қон процестерін реттеу, оның ішінде білікті жұмыс күшін тартуға және оларға жедел әлеуметтік бейімделуге жәрдем көрсетуге, оралмандарды, әсіресе, жастарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға бағытталған іс-шаралар әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

Мониторингті қамтамасыз ету және көші-қон жағдайының дамуын болжау, жұмыспен қамту, мектептер, балабақшалар және медициналық мекемелер салу мәселелерін шешу, әлеуметтік-экономикалық дамытуды жоспарлау мақсатында халықты тіркеу есебі жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын немесе тұрғылықты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты және (немесе) уақытша болатын (тұратын) жеріне тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Назарбаев Н.Ө.** Құшағымыз бауырларға айқара ашық. // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. А, 1993.

2. **Балғабаев С.** Атажұрт деп соққан жүрегі. // Жас алаш. 2002, № 17.

3. «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңы, 1997 жыл.

4. Статистика Агенттігінің мәліметтері. 2015 ж.

5. «Қызылорда облысындағы көші-қон процестерін реттеу» туралы арнайы Қағидалар» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі №134 шешімі мен бекітілген.

ҚЫТАЙДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР:

қазақтың тілі мен этникалық менталитетіне тигізген ықпалы

(XX ғ. ортасы – XXI ғасырдың басы)

Нұрлыхан МӘЖИҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің 3-курс PhD докторанты

Кез келген ұлттың болмысын өзгерту ұлттық сана-сезімді өзгертуден басталады. Ұлттық сана-сезім, ең алдымен, өз ана тілі мен ділінен айырылудан басталады. Бүгінгі таңда Қытайдағы саяси-әлеуметтік өзгерістердің ондағы қазақтардың тілі мен этникалық менталитетіне тигізген ықпалы аса зор.

Қытайдағы қазақтар ұзақ жылдар бойы өзге этникалық ортада өмір сүріп отырғандықтан олардың тұрмысында, сана-сезімі мен тілінде сол ортаның әсерінен болған өзгешеліктер бар. Аз санды этникалық топтарға көп санды иеленетін жергілікті ортаның тигізген ықпалын зерттеу қазіргі кезеңдегі этнология ғылымының маңызды міндеттерінің бірі, сонымен қатар, қазақ халқының біртұтастығын қамтамасыз етуде де өте маңызды мәселе болып табылады.

1949 жылы Қытай Коммунистік партиясы билікке келген соң Гоминьдан кезіндегі білім беру саласы толығымен мемлекеттік басқаруға өтті. Алғашқы жылдары Гоминьдан кезіндегі ескі мектептерді пайдаланумен бірге, жаңа мектептер ашып, оқу жасына толған балалар жаппай мектепке тартылды. Сонымен бірге ересектерге сауатсыздықты жою қозғалысын жүргізіп, қазақтардың сауаттануына, білім алуына жағдай жасады. Қытайдағы қазақ жастарының білім алуы өз ана тілінде, төте жазуда, Қазақстанда басылған оқулықтар бойынша жүргізілді. 1958 жылға дейін қазақтар қоныстанған аудан, ауылдардың барлығында мектептер салынып, оқу жасындағы балалардың 90%-ы мектептерге барды [1]. Орта мектеп бітірген қазақ жастары мемлекеттік және өлкелік жоғары оқу орындарына жіберілді. 1961 жылғы толық емес сандық мәліметке сүйенсек, «тек Үрімжідегі төрт жоғары оқу орнында – 642 студент, орта дәрежелі педучилищелерде 788 бала оқыған, ол 1949 жылғыдан 13,3 есе артқан; әр түрлі орта техникумдардағы қазақ жастарының саны 1231 адамға жетіп, 1949 жылдағыдан 55 есе көбейген» [1, 233-6].

ҚХР үкіметі 1957 жылы Маоның: «Біздің білім беру бағдарымыз – білім алушыларды моральды, білікті және физиологиялық жақтан жетілген социалистік санадағы мәдени еңбекшілерге айналдыру», – деген нұсқауын мемлекеттік білім беру бағдары етіп белгіледі. Осы жылдан бастап Шыңжаң оқу-ағарту мекемесі қазақ бастауыш, орта мектептерінде қолданылатын оқулықтарды қытай мектептерінде қолданылатын оқулықтар негізінде қайта дайындау жұмысын қолға алды. Сондай-ақ, қазақтар қолданып келген араб графикасындағы төте жазуды латын әрпіне ауыстыру жоспары жасалды. 1960 жылдан бастап қазақ, ұйғыр мектептерінде қытайдың тілші ғалымдары дайындаған латын әрпіндегі оқулықтар қолдануға енгізілді. Сонымен, Шыңжаңда көне жазу (төте жазу) және жаңа жазу (латын әрпі) қатар қолданылды. Қазақ тілінің ерекшелігі ескерілмей жасалған латын әліпбиі балалардың білім алуына көп қиыншылықтар тудырды. Ақыры ол 1982 жылы тоқтатылып, тек төте жазу қолданыста қалды. Сонда да қазақ оқу-ағартуы 1966 жылға дейін жалпы даму үрдісінде болды деп айтуға тұрады, тек «Мәдени революция» жылдарында (1966-1976 жж.) қазақ оқу-ағартуы да ауыр соққыға ұшырап, білім беру сапасы қатты

төмендеді [2]. 1966 жылдан 1969 жылдың күз айларына дейін әр дәрежелі мектептерде сабақ тоқтатылып, «төңкеріспен» айналысты. Оқытушы-қызметші, оқушылар әртүрлі мақсаттармен құрылған бұқаралық «төңкерістік» ұйымдардың идеологиялық ықпалында болып, топтар мен жіктер арасындағы қайшылықтар үдей түсіп, мектеп құрылыстары, кітапханалар күйретіліп, оқулықтар мен оқу құралдары, құнды кітап, газет-журналдар «сары кітап-журнал» деген атпен өртелді [3].

1978 жылдан Қытайдың қоғамдық-саяси жағдайы оңға басып, білім, ғылым, техника саласы тез қарқынмен дами бастады. Сонымен, Қытайдағы қазақтардың да білім беру ісі жүйеге келтіріліп, балабақша тәрбиесінен бастауыш, орта мектеп, орта техникум және жоғары оқу орындарына дейінгі білім берудің қазақша жүйесі қалыптасты. 1982 жылдан бастап малшылардың балаларына арналған интернат-мектептер салынып, қазақ балаларының білім алуына қолайлы жағдай жасалды. Оған төмендегі кестеден көз жеткіземіз.

1-кесте. 1984, 1986 жылдардағы Іле Қазақ автономиялы облысындағы жатақты бастауыш және орта мектептердегі сандық көрсеткіш [3, 78-б.]

№	жылы	Жатақты бастауыш мектеп саны	Оқушылар саны	Жатақты орта мектептердің саны	Оқушылар саны
1	1984	291	52707	93	18141
2	1986	328	77963	107	23000

Соның нәтижесінде «қазақ жан басынан әр он мың адамның 1733-і – бастауыш, 487-і орталауда, 190-ы толық ортада, 23-і жоғары оқу орнында оқыды» [4]. Педагог зерттеуші ғалымдардың есебінше, қазақтардың әр түрлі мектептер мен жоғары, орта оқу орындарында білім алушыларының он мың адамдық салыстырмасы бүкіл Шыңжаңның он мың адамдық салыстырмасынан жоғары тұрады екен. Өйткені Шыңжаңда қазақ тілінде сабақ беруді негіз еткен үш педагогикалық училище және бір пединститут жұмыс жүргізеді. Бұл оқу орындарында оқитын қазақ жастарының үлес салмағы 40%-дан жоғары тұрады.

ҚХР Шыңжаң үкіметінің 1987 жылғы шешімімен білім беру жүйесі былай өзгерді: соған дейінгі он жылдық білім беру (бес жыл – бастауыш, бес жыл – орта мектеп) жүйесі он екі жылдық (алты жыл – бастауыш, үш жыл – орталау, үш жыл – толық орта) білім беру жүйесіне өзгерді, қазақ, ұйғыр мектептерінде қытай тілі сабағының сағаты көбейтілді. Бірақ қазақ, ұйғыр тілінде оқыған талапкерлер өз ана тілінде мемлекеттік емтихан тапсырып, конкурстарға түсуге ерікті болды. Сондай-ақ, оларды жоғары оқу орнына қабылдауда белгілі дәрежеде жеңілдіктер жасалады. Талапкерлерге өздерінің жинаған балдары бойынша әр дәрежелі жоғары оқу орындарына түсуге толық мүмкіндіктер берілген.

Қытайда тоғыз жылдық міндетті білім беру түзімі жолға қойылған. Одан кейінгі жалғасты білім беру істері нарықтық қатынастарға байланыстырылған. 1997 жылдан бастап жоғары, орта оқу орындары, негізінен, ақылы оқытуға көшті. Сондай-ақ, оқу бітірушілер өздері

жұмыс табуға тиісті болды. Бұл жүйені қолдану Қытай үшін, әрине, орынды. Бірақ экономикалық табысы шамалы, әлеуметтік жағдайы төмен болып келетін қазақтар үшін тым тиімсіз болды. Осыдан кейін, Қытайдағы қазақ жастарының толық орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орындарына түсуі қиындай түсті, түскен күннің өзінде олардың мамандығына сәйкес жұмысқа орналасу мүмкіндігі азайып кетті. Соның салдарынан және қытай тілін оқуды асыра дәріптеуден қазақ балаларының қытай мектептеріне көптеп баруы соңғы жылдарда қазақ мектептерінің жабылуына немесе қазақ мектептеріндегі бала санының күрт азаюына әкеліп соқты. Бұл жағдайға көзі қарақты ата-аналар қатты алаңдайды, бірақ оған дәрменсіз екендіктерін мойындайды.

Қытай қазақтарының оқу ағарту ісі өткен ғасырдың 90-жылдарының соңынан бастап құлдырады. Ол үрдіс ХХІ ғасырда да жалғасып отыр. Оның басты себебі, Шыңжаңды қауырт игеру науқаны ондағы қазақтарды табиғи түрде әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ығыстырып тастады. Өйткені, Шыңжаңды игеру науқаны барысындағы мемлекеттік, ең болмаса жергілікті құрылыс немесе өндіріс жобаларын жүзеге асыруға жетекшілік еткен немесе оның еңбегіне қатысқан қазақтардың болмауы соны айғақтайды [2, 83-б.]. Демек, ХХІ ғасырдың басында Шыңжаңның жалпы әлеуметтік экономикасы қарқынды дами бастағанымен, онда өмір сүріп отырған қазақтардың тұрмыс деңгейі төмендеу үрдісінде болып келді.

Соның салдарынан өз қаржысымен жоғары оқу орындарында оқитын қазақ жастарының қатары күрт азайды. Соған қарамастан, жоғары оқу орындарында оқығандардың, тіпті атақты университеттерді бітіргендердің жұмысқа орналасуы қиындады. Өйткені заң бойынша жұмысқа конкурс арқылы қабылдануы керек. Шыңжаңдағы ондай конкурстардың нәтижесі көбінесе қатысушының қабілетіне қарай емес, қайта оның адами байланыстары бойынша шешіле беретіні бар. Оның үстіне қалың ханзумен (қытайлармен) бәсекеге түсіп, олардан озып шығу – екі қазақтың бірінің қолынан келе бермейтін шаруа. Сонымен, соңғы жылдары жоғары оқу орындарын бітірген жұмыссыз қазақ жастарының қатары көбейе түскен. Бұларды жұмысқа орналастыруға жергілікті үкімет бас қатырмайды. Бірақ Орталық үкімет соңғы он шақты жылдан бері орта мектептегі қазақтың озат оқушыларын таңдап алып, ішкері өлкелерге апарып, оқытуға үлкен көңіл бөліп, мол қаржы жұмсап келеді. Мұны Қытай орталық үкіметі қазақ жастарының орта мектептерде сапалы білім алуына, одан жоғары оқу орындарына түсуіне жағдай жасап отыр деп түсінуге болар еді. Бірақ сол ішкері өлкелерден жоғары оқу орындарын бітіргендерді жұмысқа орналастыруға жергілікті биліктің құлықсыз болуы ол түсінікті жоққа шығарады [2, 83-б.].

ҚХР үкіметі аз санды ұлттардың ұл-қыздарын ішкерідегі орта мектептерде оқыту тәжірибесін (экспериментін) ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастаған. Алғаш тек Тибет балаларын ішкері өлкелердегі мектептерге апарып оқыта бастаған. Ол үрдіс қазірге дейін жалғасып келеді. Бұл тәжірибе Қытай үкіметінің күткен нәтижесін берсе керек, оны өткен ғасырдың 90-жылдарының соңынан бастап Шыңжаңдағы аз санды ұлттарға, әсіресе, қазақтарға қолдана бастады. Өйткені оны қазақтар белсенді қабылдап отыр. Бұл саясатты аз санды ұлттарға жасалған ерекше қамқорлық деп түсіндіреді. Ондай «қамқорлықтың» баланы ұлттық менталитетінен айырып, ассимиляцияға апаратын төте жол екендігін қандастарымыз түсіне бермесе керек.

Сондықтан қолға алынған «ішкері орта мектепте оқыту» саясатының нәтижесі тез байқалады. Себебі, баланы қаршадайынан отбасынан, ата-ана тәрбиесінен,

ұлттық мәдени ортасынан айырып әкетіп, таза қытайлық ортада ондаған жылдар бойы тәрбиелеп-оқыту нәтижесі оларды толық қытайласқан мәңгүрт қып шығарары сөзсіз. Қазір Қытайдағы қазақтардың болашақ элитасы болатын талантты жастардың бір бөлігі осындай жолдармен білім алуда.

Осы саясаттың салдарынан қазіргі таңда қазақ мектептері қысқарды немесе қытай мектептеріне қосылды. Қытай тілінде сабақ бере алмайтын қазақ мұғалімдерінің жасы келгендері зейнетке кетіп, жастары жұмыстан босауға мәжбүр болуда. Қазақ тіліндегі басылымдарға сұраныстың азаюына байланысты қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар мен кітап шығару істері де тоқырауға ұшырады. Кейбір газеттер мен кітап баспаларының тек үкіметтің саяси демеуінің арқасында ғана сақталып тұрғаны жасырын емес.

Қорыта келгенде, ХХ ғасырдың ортасында билікті өз қолына алған ҚКП маркстық-лениндік принципті ұстана отырып, аз санды ұлттар орналасқан аймақтарда тіл-жазу, баспасөз мәдениетінің дамуына, оқу-ағартудың өрістеуіне, жалпы халықтың сауаттануына және олардың әлеуметтік-саяси деңгейінің көтерілуіне айтарлықтай белсенді рөл ойнап, белгілі дәрежеде жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Алайда, ХХІ ғасырдың басына келгенде, Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік-мәдени өзгерісінің, әсіресе, қазақ тілі мен жас ұрпақтың ұлттық менталитетінің өзгерісі ұлттық тұрғыдан алып қарағанда үлкен қиындыққа тап болып отыр.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается Китайская Народная Республика в середине XX века, точнее 1949 году Китайская коммунистическая партия взяла власть в свои руки и эти социально-политические изменения значительно повлияли на язык и менталитет этнических казахов. Несмотря на изначальное положительное влияние до конца XX века в начале XXI века в языке и национальном менталитете казахов произошел застой и с национальной точки зрения были большие трудности.

Ключевые слова: Китайские казахи, казахский язык, этнический менталитет, китайская коммунистическая партия, социально-политические изменения.

In the article, the influence of political and social changes led by the Chinese Communist Party to the language and ethnic mentality of Kazakhs in China in the middle of the twentieth century, or more precisely in 1949. Although in the very beginning it has shown positive tendencies until the end of XX century, at the beginning of the XXI century the language and national mentality of the Kazakhs have suffered a considerable stagnation and have a great national difficulty.

Keywords: Chinese Kazakhs, Kazakh language, Ethnic Mentality, Chinese Communist Party, Political-Social Change.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Жақып Мырзахан** (бас ред.). Қазақ мәдениетінің айдыны. – Үрімжі, 2006, 408-б.
2. **Мұқаметханұлы Н.** ХХ ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы. – Алматы «Қазақ университеті», 2006. – 45-46-бб.
3. **Жақып Жүнісұлы, Нұрсейіт Мамырбекұлы.** Қазақ оқу-ағартуының қысқаша тарихы. – Бейжиң «Ұлттар баспасы», 2005. – 72-б.
4. **Ғанижамал Нұрекеқызы, Сұлтан Жанболатов.** Оқу-ағартуымыздың кешегісі мен бүгіні // Шыңжаң қоғамдық ғылымы. – Үрімжі, 1990, №2, 43-б.

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ – түркі өркениетінің қозғаушы күші

Батырбек НАЗАРОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

Жаңа заманға жататын XVII–XIX ғасырларда тарихқа деген еуроцентристік көзқарас біржолата орнықты. Оның объективтік себептері бар. Өйткені барлық ірі құрлықтардың елдері мен халықтары еуропалық елдердің отарларына айналып, метрополияға бағынышты болып қалды. Нақ осы кезде көне римдік «жеңілгенге қасырет», «тарихты жеңгендер жазады» постулаттары жаңа еуропалық капиталистік елдер саясатшылары мен жазғыштары үшін өзекті болды, бұл қағидалар жаңа жағдайға сәйкес жаңғыртылды. Жаңа еуропалық тұжырымдамаға сәйкес «тарихи емес халықтар» дейтін елдер пайда болды. Оған жазу-сызуы жоқ көшпенді халықтар жатқызылды [1]. Шығыс тарихнамаларында да олардың жолы болмады. Әділдік үшін айта кету қажет, саясаттанған мұндай көзқарастарға қарсы шыққан тарихи мектептердің өкілдері болды. Олардың ішіндегі ең көрнектісі – орыс тарихшысы Л.Н.Гумилев. Бүгінде Қазақстанның ең беделді университеттерінің біріне оның есімінің берілуі кездейсоқ емес.

XX ғасырдың 60-80-жылдары бұрынғы кестік түркітестес республикалар ғалымдары да өз суперэтностының әлемдік тарихтағы орнын жаңа тұрғыда саралауға арналған мақалалар мен ғылыми еңбектер жазды. Қазақ ғалымдары ішінен Әлкей Марғұлан, Әлжан Машани, Кемал Ақышев, Олжас Сүлейменов, Сәрсен Аманжолов, т.б. белсенді еңбек етті. Тарихқа деген еуроцентристік және кеңесцентристік көзқарастың соншалықты кеселді сипат алғанын Олжас Сүлейменовтің зерттеулері көрсетті [2]. XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында еуропалық ғалымдардың ішінде де еуроцентристік көзқарастардан айнушылар қатары көбейе түсті. Кейінгі жылдары Қазақстан мемлекетінің мәдени-тарихи негіздерін нығайту үшін республиканың тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев тарихи тақырыптарға қатысты трактаттар мен мақалалар жазуда. Сөйтіп Қазақстан тарихшылары билік тарапынан күшті қолдау тауып отырды. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтсе, 2018 жылдың қараша айындағы Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы жарық көрді [3]. Мақалада ежелгі және ортағасырларда Ұлы дала халықтарының әлемдік өркениетке қосқан жеті іргелі жаңалығына баса назар аударылды. Солардың ішінде Елбасы тұңғыш рет «атқа міну өркениеті» деген жаңа түсінікті қолданды. Бұған дейін Қазақстан тарихшылары «көшпенділер өркениеті» деген терминді қолданатын. Елбасы шын мәнісінде «көшпенділер өркениеті» ұғымын нақтылап, оның қозғаушы күші ретінде «атқа міну» дәстүрін атап көрсеткен еді. Сырттай қарағанда тарих ғылымымен тікелей айналыспағанымен, Елбасы бұл тұжырымын осы күнге дейінгі тарих ғылымының жеткен жетістіктеріне сүйеніп жасаған еді. Тарихтағы жылқы жануарының қолға үйретілген жеріне қатысты айтыс-тартыстарға бүгінгі күндері нүкте қойылғандай болды. Ғұндардың атқа міну дәстүрінің еуропалық варварлық (б. з. 2-5 ғғ.) тайпалардан

жоғары тұрғанын кезінде О.Сүлейменов жол-жөнекей айтқан еді. Айталық 2016 жылы жарыққа шыққан Вера Курскаяның «История лошади в истории человечества» [4] атты еңбегінде атты қолға үйретудің Еуразия далаларында басталғанын, бірақ нақты қай жерде екенін атап көрсете алмаған еді. Сауытбек Абдрахмановтың ойынша, ол айтқысы келмегенде болуы мүмкін [5]. Оныңда себептері бар...

Өйткені «Отандық ғылымның бетке ұстар тұлғаларының бірі де бірегейі Виктор Федорович Зайберт сонау 1980жылғы ашқан Ботай қонысының жұлдызын жандырған еліміздің егемендігі екенін ерекше атағымыз келеді» [6]. Дегенмен, табу бар да, оған ғылыми ортаны сендіру бар. Бұл – өте күрделі процесс. Оның үстіне әңгіме ғылымдағы төңкеріс жайлы болғалы тұр. Содан В.Ф.Зайберт 1983 жылы Ботайда белгілі кеңес археологтарының басын қосып, ғылыми семинар өткізеді [5]. Содан кейін өзінің ашқан жаңалығына кеңестік археологтар қауымын сендіреді. Тұжырым: Ботай бұдан 6 мыңдай жыл бұрын жылқы өсіретін, оны қолға үйрететін айрықша тұрақ, ерекше қоныс болған. Ендігі міндет халықаралық археологтар қауымдастығын сендіру еді. Бірақ оны жүзеге асыру өте қиынға соқты. С.Абдрахмановтың айтуынша, оның басты кедергісі – КСРО-ның жабық мемлекет болғандығы. «Тәуелсіздік жылдарында жағдай түбірінен өзгерді. Егемендіктің елең-алаңында-ақ Ұлыбританияның, Германияның, басқа да елдердің ғалымдары ағылды. Ботайға. Кембридж, Белфасттың, Оксфордтың, Хартвигтің, Мюнхеннің мамандарының қолындағы ең осы заманға технологиялар арқылы тас ғасырының соңында Ботай қонысында Еуразия аборигендерінің культурогенездік негізі қаланғаны, материалдық мәдениет жасауда ондаған техникалық жаңалықтар ашылғаны, планетада бірінші болып, жылқының осы жерде қолға үйретілгендігі дәлелденді» [5]. Бұдан әрі 1994 жылы Кембриджде Ботай қонысының материалдар негізінде археологиялық көрме ұйымдастырылды. 1995 жылы Ботайда өткен «Еуразияның ежелгі жылқышылары» деген симпозиумға 16 елден 80 ғалым қатысты. 2015 жылы Ботай археологиялық ескерткіші музейлендіру нысанына айналдырылды. Әлемдік ғылымда Ботай мәдениеті ұғымы біржолата орнықты. Сөйтіп, еліміздің Еуразиялық дала өркениетінің негізі болғаны дәлелденді [7].

РЕЗЮМЕ

В статье – «Всадническая культура движущая сила Тюркской цивилизации» – рассматриваются некоторые аспекты истории тюркских народов с древнейших времен до новейшего времени. Отмечаются, что в первые одомашнивание лошадей происходили на территории Казахстана в местности «Ботай», что доказано казахстанским археологом В.Ф.Зайбертом.

The article «The equestrian culture – the driving force of Turkic civilization» deals with some aspects

of the history of the Turkic peoples. From the ancient times up to nowadays it is noted that the original domestication of the horse occurred on the territory of Kazakhstan on the area «Botay» which was proved by the Kazakh archaeologist V.Ph.Zaibert.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тойнби А. Постигание истории //М Прогрес, 1991.-736-б.
2. О.Сүлейменов. «Азия»//Алматы, Жазушы. 1975.-350-б.

3.Н.Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры»//Егемен Қаз. 21.11.2018.

4.Вера Курская. История лошади в истории человечества. //М. изд. Ломоносов. 2016.-280 с.

5.С.Абдрахманов. Асауды алғаш ауыздағандар. //Егемен Қазақстан. 2018 ж. қараша 2 в.

6.В.Ф.Зайберт. Ботай - У истоков степной цивилизации. // Алматы.Балауса 2011.-480 с.

7.А.Бексейітова. Евразиялық дала өркениеті. Қазақ тарихы. 2018.-8 (165). 22-24-бб.

ҚАЗАҚ ЕЛІ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ

ДОССОР-РАКУША МҰНАЙ ҚҰБЫРЫНЫҢ САЛЫНУЫ

Қабибек МҰХИТОВ,
Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың басында Ембіде өндірілген мұнайды тасып алу үшін айлақ салатын орын іздестірілді. Бастапқыда Гурьев арқылы тасу жоспарланған болатын. Бірақ Жайық бойына қожалық еткен орыс-казактар олардың бұл ұсынысына үзілді-кесілді қарсы болады. Бұл кезде Жайық казактары Мәскеу мен Санкт-Петербургты қызыл балықпен қамтамасыз етіп отырған бірден-бір жабдықтаушы болатын (1). Балық аулау ісіне кедергі болады деп Жайық өзенінің үстімен кеме де жүргізбейтін еді. Сол себепті патша үкіметі олардың сөзін сөйлеп, Гурьев қаласына айлақ салуға қарсы болады. Ендігі жерде Доссор мұнайын тасымалдау үшін басқа бір қолайлы орын қарастыру керек болды.

Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан Үлкен Ракуша деп аталатын мүйіс болатын (2). Мүйіске жақын жерде, Каспий теңізінде «Ракушааралы» болды. Өзі Доссордан көп қашық емес, небәрі 60 км қашықтықта орналасқан. Ыңғайлы болғандықтан мұнай өндірушілер айлақты осы жерге салуды дұрыс деп тапты.

Мұнайлы ауданның болашағынан үміт күткен «Ембі» қоғамы бастапқыда «Мақат-Доссор-Ескене-Үлкен Ракуша» – деп аталатын темір жол салуды ойластырады. Ұзындығы 90 км болатын бұл тар табанды темір жолды салу үшін Мемлекеттік Жер мүлігі комитетінің Самара-Орал басқармасынан рұқсат алады. Осы жерді зерттеу үшін Петрелевич пен Розанов деген топографтар жібереді (3). Сонымен қатар Г.О.Якобсон деген инженер де бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Тіпті «Мақат-Доссор-Ескене-Үлкен Ракуша» тар табанды темір жолының жобасын да дайындап қояды. Бірақ бұл жобаның бір үлкен кемшілігі болатын. Каспий теңізінің жағасы батпақты жер еді. Теңіз жақтан жел соқса су жағаға шығып кететін. Ал жел кері соққанда жиырма-отыз шақырымға дейін жағадан алыстап кететін еді. Сол себепті бұл жоба қабылданбады. Дегенмен, тар табанды темір жол салу мәселесі ара-тұра талқыланып жүрді. Бірақ елде орын алған ірі саяси оқиғаларға байланысты олардың бұл ойы кейін де жүзеге аспай қалады (3, 68-б.).

1912 жылы Орал-Каспий мұнай қоғамы (ОКМҚ-

УКНО) мен «Ембі» қоғамы үкіметтен жер сатып алып, осы жерге ұзындығы 60 км болатын 6 дюймдік екі құбыр жүргізеді. Құбырдың бірі мұнай айдауға, екіншісі керосин айдауға арналған болатын.

Орал-Каспий мұнай қоғамы (ОКМҚ-УКНО) мен «Ембі» қоғамы Доссор мен Мақат кәсіпшілігі және Үлкен Ракуша айлағына сорғылар орнатады. Әрбір сорғы 50-60 ат күшіне тең «Горнсби» деп аталатын мотормен жұмыс жасайтын болды (3). Бұл сорғы сағатына 22 т. мұнайды құбыр арқылы айдай алатын еді. Сонымен қоса, Үлкен Ракуша айлағына мұнай өңдейтін екі керосин зауытын салды. Зауыттардың қалыпты жұмыс жасауына Рафаэль Доминиканович Фабиани деген инженер көп еңбек сіңірген екен. Ол тек зауыттың жұмысына басшылық жасап қана қоймай, сонымен қоса көптеген қазақтарға жаңа мамандық үйретіпті (4). Мұнай компаниялары зауытқа екі «Бенц», бір «Мулаг» және бір УНИК машиналарын сатып алды (3).

Бұл кезде «Ембі» қоғамы керосин сақтау үшін Үлкен Ракуша айлағына алты тоннаға жуық мұнай сақтайтын сегіз қойма (резервуар) тұрғызған екен (5).

Үлкен Ракуша айлағынан теңіздің ортасында орналасқан Ракуша аралына дейін ұзындығы 12,8 км болатын тағы да құбыр тарту керек болды. Сол үшін теңізге топырақ үйіндісін төге бастайды. Аралға 1-2 км қалғанда теңіз түбі тереңдеп кетеді. Ендігі қалған жерге топырақ үйіндісін төкпей, үш аяқты мосылар орнатады. Сөйтіп, құбырды топырақ үйіндісінің үстімен, одан әрі үш аяқты мосылардың үстімен Ракуша аралына дейін тартады. Аралдан әрі қарай тағы да 1,5 км қашықтықта теңіз ішінде мұнай құятын стансаны зәкірге (якорьға) бекітіп қояды. Себебі кемелер тек сол жерге ғана келе алатын еді. Ракуша аралынан эстакадаға құбырды судың астымен жүргізген екен. Бұл тарихта бұрын-соңды болмаған жағдай еді. Эстакадаға жеткізілген мұнай өнімі алдымен тайызда жүзі алатын шағын кемелерге құйылады. Бұл шағын кемелер өзіне құйылған мұнай өнімін теңіздің терең жерінде тұрған ірі танкерлерге барып қайтадан құяды. Ал танкерлер болса оны Астрахан мен Бакуге жеткізіп отырды. Тасымалдау ісімен «Меркурий» бірлестігі айналысты.

Міне, осындай жолдармен Ембі мұнайы Ресейдің орталық аудандарына тасылған екен (6).

Доссор-Ракуша мұнай құбырын салу үшін «Ембі» қоғамы 571 мың сом, Орал-Каспий мұнай қоғамы (ОКМҚ-УКНО) 540 мың сом қаржы жұмсаған болатын.

1915 жылы Доссордан Үлкен Ракуша айлағына мұнай құбырымен 106 436 тонна мұнай айдалған екен. Бұл мұнайдың 197 тоннасы шикізат күйінде, ал қалған бөлігі керосин күйінде айдалыпты. Тек бір ғана Орал-Каспий мұнай қоғамы (ОКМҚ-УКНО) осы құбырмен Ракуша поселкесіне 174 403 тонна мұнай айдапты. Соның 28 913 тоннасы шикізат күйінде, ал қалған бөлігі өңделген өнім күйінде жеткізілген көрінеді (7).

Мұнай өндірушілер теңіздің жағасына, ұзындығы бір шақырым жерге топырақ үйіндісін төгеді. Ол үйіндінің үстіне кемеден құрғақ жүк қабылдап алатын алаң орнатты. Сонымен қоса, Орал-Каспий мұнай қоғамы (ОКМҚ-УКНО) теңіздің ішіне ағаш төсеп үстіне темір жол жүргізді. Сөйтіп, шағын вагондар жүретін темір жол желісін жасайды. Кемеден келген жүкті сол шағын вагондарға тиеп алып атпен жағаға сүйреп шығарады екен (8).

Үлкен Ракуша елді мекені бұрын орыс балықшылары тұратын кішкене ауыл болыпты. Кейін бұл жерде мұнай сақтайтын қоймалар тұрғызылып, кішігірім зауыттар салғандықтан, шағын кәсіпшілікке айналыпты. 1915 жылы Каспий теңізінің жағалауын зерттеген Н.Н.Арсентьев: «*Үлкен Рәкөшада Рышков, Фарфоров деген көпестердің балықшылары тұрған. Сондай-ақ айлақта «Жайық-Каспий», «Ембі» қоғамдарының керосин зауыттары орналасқан. Серухиннің балық кәсіпшілігі де бар. Айлақта 50 үй және 25 қазақ қыстауы орналасқан. Кішкене шіркеу, орыс-қазақ мектебі, Серухиннің лавкалары, ұстахана жұмыс жасайды. Үлкен Рәкөшаға жақын маңда 40 шақты қазақ қыстауы бар. Тұрғындардың саны 300-дей ересек адамдар. Оның 200-і орыс, қалғандары қазақтар. Керосин зауытында 200-дей адам еңбек етеді*», – деп сипаттама берген екен (3, 368-б.). Айлақтың ішінде кішігірім шіркеу мен бір орыс-қазақ мектебі болды. Бұл орыс-қазақ мектебінің белгілі ұстаз Есенғали Жоламанов қызмет еткен екен. Үлкен Ракуша айлағында көптеген белгілі азаматтар дүниеге келді. Солардың бірі атақты мұнайшы, Ленин сыйлығының лауреаты Жолдасқали Досмұхамбетов еді. Бұл кәсіпшіліктің тұрғындары отызыншы жылдардың ортасында бірте-бірте Байшонас кәсіпшілігіне көше бастайды.

1916 жылы 26 қаңтарда «Колхида» қоғамы: «*Кеме келіп тоқтайтын және жүк түсіріп алатын айлақтың болмауы мұнай өндірісіне көп кесірін тигізіп отыр*», – деп, патша үкіметіне хат жазады. Соғыс техникасын жанармаймен қамтамасыз ету үшін патша үкіметі оған рұқсат берді. Осыған орай «Колхида» қоғамы Гурьев қаласына шағын айлақ салуға мүмкіндік алады.

«Ағайынды Нобельдер» серіктестігі Новобогат елді мекенінен Үлкен Ракуша айлағына дейін мұнай құбырын салуды жоспарлады. Тіпті Орал казактарынан құбыр салу үшін рұқсат та алған екен. 30 шақырым болатын құбырды жүргізіп те қойыпты (9). Бірақ, барлау жұмыстары көп нәтиже бермеген соң бұл құбыр салу ісі тоқтап қалады (7).

Дегенмен, Новобогатта өндірілген мұнай Боксақ өзені арқылы Каспий теңізіне тасымалданды. Одан әрі танкерлерге құйылып, Астрахан мен Баку қаласына жөнелтілді.

Кеңес үкіметі орнаған соң Ракуша айлағынан мұнай тасылып тұрды. Бұл жерге Доссор мен

Мақат кәсіпшіліктерінен басқа Ескене кәсіпшілігінен өндірілген мұнай да жеткізіліп отырды. 1931 жылы Байшонас кәсіпшілігі пайдалануға берілді. Ендігі жерде Байшонас кәсіпшілігінен өндірілген мұнайды тасымалдау қажеттілігі туды. Сол себепті Байшонас-Ескене мұнай құбыры салынды. Көп кешікпей Ескене-Ракуша мұнай құбыры пайдалануға берілді. Онымен қоса, Үлкен Ракуша аралынан теңізде орналасқан мұнай құю стансасына дейін «Ракуша-Море» деп аталатын жаңа мұнай құбыры салынды. Бұл құбырды салу үшін үкімет 933 906 сом қаржы жұмсаған екен.

Кеңес үкіметі кезінде Үлкен Ракуша айлағынан қанша мұнай тасылғанын төмендегі кестеден көруге болады (10).

1925/1926	1926/1927	1927/1928	1928/1929	1929/1930
191,3 мың т.	233,5 мың т.	231,7 мың т.	237,3 мың т.	317,9 мың т.

1934 жылы Ембі ауданында жұмыс істеп тұрған мұнай құбырларын мына кестеден көруге болады (11).

№№	Мұнай құбырлары	Белгіленген жоспар	Орындалғаны	% мөлшері
1	Мақат-Доссор	130883	101449	76
2	Доссор-Ракуша	150712	130346	86,5
3	Ескене-Ракуша	41099	46045	112
4	Ракуша-море	190000	186020	98
5	Байшонас-Ескене	37000	36737	99

Каспий теңізі арқылы мұнай тасымалдау ісі маусымдық сипатқа ие болды. Күн суытқан кезде теңіз жағасы қатып қалатын. Сол кезде мұнай тасымалдауды тоқтатуға мәжбүр болды. Кейін, көктемде, мұз еріген кезде Ембі мұнайы қайтадан тасымалданатын еді. Бұл біздің өлкемізде мұнай өндірісінің дамуына көп кедергісін тигізді. 1935 жылы Гурьев-Орск мұнай құбыры салынған соң ғана Ембі ауданынан өндірілген мұнай орталыққа үздіксіз тасымалданатын болды. Үлкен Ракуша айлағынан мұнай тасу ісі Гурьев-Орск мұнай құбыры салынған соң да тоқтаған жоқ. Себебі Ескене кәсіпшілігінен өндірілетін мұнай Ярославль мұнай айыру зауытында ғана өңделетін. Сол себепті оны Еділ өзені арқылы Ярославль қаласына жеткізу керек болды. 1938 жылы Үлкен Ракуша аралынан Каспий теңізі арқылы күніне 2 000-2 200 тонна мұнай тасымалданған екен (12).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхтар Ә. Қазақ мұнайының дамуы. А. 2006, 224-б., 28-б., ҚР ОММ, 5-қ., 1 тізім, 9-іс, 71-73-бб.
2. Большая Эмба. М., 1938, 2-том, 28-б.
3. Бердіғожин Л. //Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әулеті. А.2012. 368-б., 67-б.
4. Кыдыралин У.С., Кыдыралина Ж.У. Богуш имя человека и парохода. //Материалы конференций 50-летия Атырауского университета. А.2001. 58-б.
5. Шаукенбаев Т.Ш. Урало-Эмбенский нефтеносный район. Алма-Ата, 1960. 168-б., 45-б.
6. Лаврентьев Я.В. Нефтяная Эмба. А-А.-М. 1935, 29-б.
7. «Қазақ тарихы», 2001, №2, 50-53-бб.
8. А.Зямитин. «По Уральской области». Санкт-Петербург, 1914, 95-б., 77-б.
9. Бузик А.И. «Эмбинский нефтеносный район Уральской области». //Экономическая жизнь Поволжья. Саратов. 1919, № 2, 1-13-бб., 2-б.
10. Толстоногов Н.А. //Эмба итоги и перспективы работы в Эмбенском районе. Жинақ. М.-Л., 1931, 109-б.
11. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ), 289-қ, 1-т., 61-іс, 60-б.
12. АО ММ, 289-қ., 1-т., 12-іс, 50-б.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ

мен діни ағартушылық (XX ғасырдың басы)

Рахат БӨЛІМБЕТОВ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің тарих мамандығының 2-курс магистранты
Жетекшісі: тарих ғылымдарының кандидаты Ә.АМАН

XX ғасырдың басында Ресей мұсылмандарының тарихында жаңа заман басталды. Орыс азаматтарының саяси еркіндікке, білімге ұмтылысы ресейлік мұсылмандарды да оятты. Мұсылмандар баспасөзінде олардың мұң-мұқтажы, саяси ахуалы, білімі, ғылымы, мектептері және биліктің әрекеті туралы ақпараттар тарады. Мұсылмандардың газеттері, журналдары жарық көрді. Жастар мектеп пен медресе жұмыстарын жақсартуды ойлады. Сонымен бірге зайырлы білім алуға, орыс тілін меңгеруге де жастар ынталы болды. Қыздар да гимназияда білім ала бастады. Дегенмен, ел арасында білім алуды қолдамайтындар да шықты. Олар Құран сөзін, шариғатты елге қарсы қойып, ғылым мен білімге ұмтылғандарды лағнеттеуге дейін барған.

XX ғасыр басында Ресейде отарланған ұлттар арасында ислам дініне терең бетбұрыс байқалды. Ресей мұсылмандарының 30-ға жуық газет пен журналдары шыға бастады. Патша үкіметінің орыстану саясатына қарсы күреске ислам діні күш-қуат беріп, ұлтты сақтаудың тірегіне айналды. Ислам діні ұлт-азаттық қозғалыстың рухани қолдаушысы болды, имам-молдалар көтерісшілерге батасын беріп отырған.

1910 жылы «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстардың формалары» атты жинағымен шыққан «Қырғыздар» («Қазақтар») атты тарихи очеркінде Ә.Бөкейхан қазақ даласындағы дін мен ұлт мәселесінің өзара байланысына арнайы тоқталады. Діннің ұлттық сана-сезіміне ықпалдылығының басты себебі оның ұлт-азаттық қозғалысымен байланыстығы. Ислам діні ұлттық мүддені қорғаудың негізіне айналып, ұлттық бірлікке, отаршылдыққа қарсы күреске жұмылдырушы күш болды. Жаратушының алдында әділеттілік пен теңдік идеясы сарқылмайтын рухани күш алып, құндылықтарды жеңетін, ұлтты торығу мен азаптанудан сақтайтын парасат көзіне айналды. Дінінен айырылған халық ұлттық қасиетінен де ажырайды, ұлтсызданған халық дінінен де айырылады [1, 4-6].

Қазақты орыстандыру, шоқындыру саясатына қарсылық қазақ даласында бұрын-соңды болмаған қозғалысқа ұласты. 1905 жылғы еріктілік туралы жарлық халықтың көңіл күйін одан әрі тасытты. М.Дулатов қазақ даласында дініне байланысты екі көз-қарас, екі ұстаным қалыптасқандығына назар аударады. Орысша білім алған, орысша тәрбиеленген, еуропа мәдениетінен нәр алған қазақ интеллигенциясы елдің болашағын батыс өркениетімен байланыстырған. Олар дін мәселесін маңызды емес деп есептеген. Ал шығыс құндылықтарына бейім, ұлттық діни көзқарасты қолдайтындар дінді алға тартып ислам іліміне сүйенді және ислам ғылымын ғылымның маңдай алды үлгісі деп есептеген. Қазақтар, жалпы мұсылмандар дін бірлігі мен ұлтты бірдей деген. Орыс интеллигенциясымен салыстыра келіп, М.Дулатов алғашқысын батысшылар, соңғысын түрікшілдер, панисламизмнің қолдаушылары дейді. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар барысында дала халқы саяси мәселелерге бей-жай қарағанмен, дін мәселесіне келгенде ең белсенді, басын топтар түрікшілдер-панисламистер болды.

Орыстану саясатының салдарынан қазақ жалпы батыс білімі мен мәдениетіне күдікпен қарады [2, 51-6].

Мұсылманның өмірі үшін мешіт, медресенің орны айрықша. Алаштың ардақты азаматтары ең алғашқы діни және дүниеуи сауатын мешіт-медреседен ашқан. Сондықтан дала қазағы мешіт, медресе салуға рұқсат керек. Құдайға құлшылық етуге рұқсат болсын деген.

Қазақтар діни және дүниеуи білімге аса назар аударады: «Мектептерде міндетті түрде мынадай шарт орындалуы керек: алдымен қырғыз оқушыларына мұсылманның діни сабақтары оқытылады, кәмелетке жеткендерге діннің бес негізі шартынан сабақ беріледі, ал одан кейін ғана орыс тілінен сауатын ашу сабағы жүреді. Мектепті бітіргенге дейін мұсылман діні сабағы негізгі болып есептеледі» [3, 16-6].

Аталған кезеңдегі діни сана-сезімнің оянуына байланысты панисламистік ағымдардың ықпалымен дін мен ұлттық дәстүр мәселесінің үйлесімі туралы мәселе көтерілді. Ә.Бөкейхан қазақтың мыңжылдық дәстүрлі заңы мен шариғат қағидалары үйлесе бермейтіндігін айтады. Кейбір тұрмыстық мәселелерде шариғат жолымен ұлттық дәстүр үйлесім таба алмауы да орынды. Қазақ дәстүршіл халық, «бұрынғышыл жұрт» дейді ол. Мысалы, қазақта байы өліп, жесір қалған әйел 4 ай 10 күн ғадат (әдет) сақтау тиіс. Сонан кейін бір жаққа барам десе, біреуге күйеуге шығам десе, шариғаттың үкімі бойынша ерік. Қазақ мыңжылдық заңын сақтап, әмеңгеріне қосады. Бір адам өлген соң артында баласы қалмаса, шариғат бойынша, мүлкінің төрттен бірі қатынға тиеді. Қазақ «Атым өлсе сауыры мұра, ағам өлсе жеңгем мұра» деген қазақтың қағидасы даяр тұр. Ол бұл осындай шариғат үкімі мен қазақ дәстүрінің үйлеспейтін тұстарына назар аудара отырып, демократ Ә.Бөкейхан қазақтың отбасылық істері әйел еркіндігі тұрғысынан шешілуін мақұлдайды [4, 37-6].

XX ғасыр басындағы имам, молдалардың, діни қайраткерлердің дін ісіне жағымды да, жағымсыз да ықпалы болғанын айтып кетуге болады. Әсіресе, Науан хазрет тағдырына арнайы тоқталуға болады. Науан хазреттің шың аты-жөні – Наурызбай Таласов. Ол Көкшетау округының Мезгіл болысының Жылкелді ауылында 1843 жылы өмірге келген. Білімді Бұқарадағы діни оқу орнынан алып, Бағдат қаласында оқуын жалғастырған. Кейін Бұқарада ұстаздық қызмет атқарған. Жан-жақты білімді Наурызбай Таласов шағатай, өзбек тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін де меңгерген, орыс тілінде де еркін сөйлеген. Ел арасында діни білімі, беделі зор болғандықтан, оған жоғары діни дәреже хазрет атағы берілген. Ал Науан деген арабша биік дегенді білдіреді, жүйрік ғұлама адамдарға байланысты айтылады. Сондықтан имам Наурызбай Таласовты елі Науан хазрет деп орынды атап кеткен. 1886 жылы Көкшетау уезінің қазақтары Бұхараға әдейі делегация жіберіп, Науан хазреттің еліне оралуына рұқсат сұрайды. Бұқаралықтар өтініштерін түсіністікпен қабылдап, еліне қайтуға рұқсат береді. Ол Көкшетау бас мешітінің имамы

болып тағайындалады. Осы кезде патша үкіметі орыстандыру, шоқындыру саясатын қазақ жерінде әртүрлі жолмен жүзеге асыруға тырысты.

Науан хазрет елді діни сауаттандыруға, имандылық тәрбиеге, дәстүрлерді сақтауға көп еңбек сіңіріп, көрші уездік мешіттерге үлгі көрсетті. Ол діни білімді заманға бейімдеуге, заман талабына үйлесуіне, ұлт пен дін өзара ықпалдастығына зор мән берді, уағыздарды қазақ тілінде жүргізді. Осылай мешіт рухани орталыққа айналды. Ол дін мен ұлттық құндылықтардың қорғаушысы болды. Науан хазрет еш уақытта адамгершілік жолынан, рухани-кісілік ұстанымынан айнымады, заңның аясында қызмет етті. Оның мақсаты ана тілінде діни де зайырлы білім беру болды, ұлттық мектептер ашуға тырысып, патша үкіметінің орыстандыру, шоқындыру саясатына ашық қарсы шықты. Бірақ оның ұстанымы орыс шенеуніктеріне ұнамады. Елге ең белгілі, танымал имам Науан хазреттің мешітін тінтіп, өзін, басқа да моллаларды, медресе мұғалімдерін қудалады. Кітапханадағы, үйлеріндегі кітаптарын жазысқан хаттарына дейін тәркіледі. Хазреттің өзімен бірге көмекшісі Қошығұловты Ішкі Істер министрлігі 1903 жылы жер аударды. Бұл халықтың ашу-ызасын туғызды, үкіметке қарсылық күшейді. Қазақтар Ішкі Істер министрлігіне дейін арызданып, Науан хазретті көмекшісімен уақытынан бұрын 1905 жылы бостандыққа шығарды. Өмірінің соңы 1916 жылға дейін ғалым-теолог Науан хазрет Көкшетау бас мешітінде қызмет етті. Оның білімге деген құштарлығын Ә.Бөкейхан оқу іздеп Мәскеуге келген М.Ломоносовқа теңейді [5, 12-б.]. Науан хазреттің үлгісімен XX ғ. басында, дейді ұлт көсемі Ә.Бөкейхан, ғалымдар көбейе бастады. Олар Самарқанд, Бұқара, Константинополь, Қазан, басқа да мұсылман білім орталықтарында білім алғандар. Діни білімді қазақтардың санын дәл айту қиын, бірқатары жасырын барып оқыған.

Сонымен, бүгінде Қазақстанда діни қызметкерлер уағыз айтудан, ал зайырлы азаматтар дінді тек сырттай білгеннен әрі аса алмай жүрген жағдайда, дінді күнделікті өмір талабымен, мұқтажымен байланыстыру туралы ойы өткір мәселе болып отыр.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются состояние религиозного просвещения в казахский степи в начале XX в. Цель автора статьи - анализировать проблемы религиозного просвещения в казахской степи: взаимосвязь религиозной и национальной проблем; общие черты и особенности национальных и религиозных традиций; содержание духовного и религиозного образования; единство религиозных и социальных проблем. В заключении статьи сделан вывод о значении взаимоотношении государства и религиозного образования для независимого Казахстана.

Ключевые слова: религия, нация, религиозные традиции, религиозные служащие, просвещение, светское государство.

The article analyzes the state of religious enlightenment in the Kazakh steppe at the beginning of the twentieth century. The purpose of the author of the article is to analyze the problems of religious education in the Kazakh steppe: the relationship of religious and national problems; common features and characteristics of national and religious traditions; content of spiritual and religious education; unity of religious and social problems. The article concludes on the importance of the relationship between the state and religious education for independent Kazakhstan.

Keyword: religion, nation, interfaith harmony, religious traditions, religious employees, charity, secular state.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әбжанов Х.М., Әлпейісов Ә.** Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. - Алматы: Респ. мәдениет қызметкерлерінің мамандығын арттыру институты, 1992.-127-б.
2. **Иманбаева С.** Міржақып Дулатов – Алаштың жарық жұлдызы. - Алматы, 2001.- 142-б.
3. **Қақырбайұлы А.** Қарқалары петициясы: мінез һәм міндет // Ислам және өркениет. 2010 - № 4 -16-18-бб.
4. **Бөкейхан Ә.** Н.Қ.Оясындағы моллалардың баяны. I том. Шығармалар. толық жинағы. - Астана: Сарыарқа, 2009, 227-б.
5. **Аққұлы С.** Әлихан Бөкейхан әлі терең зерттелген жоқ // Түркістан. – 2016. – № 9 – 12-бб.

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ және Сұлтанғазы Уәлиханов

Амангелді ҚАШҚЫМБАЕВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институты директорының орынбасары,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ халқының еркіндік пен тәуелсіздік қозғалысы тарихында қасық қаны қалғанша күрескен тұлғалар аз емес. Осы жолда кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болар лайықты із қалдырған тұлғалар да жетерлік. Өкінішке орай, кезінде ресейлік тарихнама тұрмақ, кеңестік тарихнамада қазақ тарихына лайықты тұлғаларды көрсете алмай, керісінше олардың бойындағы отансүйгіштік қасиеттерді жалған сезімге теңеп, ұлтшылдық, кертартпалық тұрғыдан сипаттады. Нәтижесінде, тек қазақ тарихында ғана емес, Ресей саяси жүйесіне өздерін ғасырлар бойы патерналистік тұрғыдан көрсетіп, ұлт азаматы екенін мойындата білген Шоқан Уәлиханов, Әлихан Бөкейханов сынды тарихи тұлғалар сахнаға шықты Солардың қатарында тұруға лайықты жанның бірі – Сұлтанғазы Болатұлы Уәлиханов.

Соңғы уақыттары орыс-қазақ тарихнамасындағы ерекше таласты мәселелердің бірі – Қазақстан мен Ресей империясы арасындағы саяси-экономикалық тұрғыдан ұзаққа созылған процестердің барысында қазақ жерінің метрополияның отарына айналуы.

Шындығына келгенде, бұл мәселе соншалықты дауды да тудырмауға тиісті болып көрінгенімен, ғасырлардан ҰЛЫ ДАЛАНЫ мекендеп, адамзаттың өркениет тарихына елеулі үлес қосқан көне тайпалардың ұрпақтары қазақтар ұлттық дәрежеге жетіп, ұлтының

еншісі деп саналған ұлан-байтақ жердің кенеттен Ресей империясының отарына айналып кеткені.

ВИКИПЕДИЯ еркін сөздігіне сүйенсек, ОТАР (колония) дегеніміз – ерекше басқару жүйесі негізінде саяси және экономикалық дербестігінен айрылған аймақ. Яғни, отарлар – империялық мемлекеттің (метрополия) билігін күшейтудің негізгі құралы. Отарлық жүйені іске асырудағы негізгі мақсат – белгілі бір аймақта өмір сүріп келе жатқан азаматтарды құқықтарынан айыру, оларды билікке араластырмау. Керісінше, отарлы аймақтарға келе бастаған метрополия азаматтарына ерекше жағдайлар жасау барысында олардың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайларының отарланған аймақтардағы тұрғындардан біршама жақсы болуын мемлекеттік тұрғыдан қамтамасыз етіп отыруы.

Әрине, отарлау саясатының әскери жаулап алудан айырмашылығы бар. Метрополия көздеген аймақты өзінің отарына айналдыруда өз іс-әрекеттеріне заңдылық тұрғыдан сипат беріп, заңдастыруға мәжбүр болған. Келе-келе бұл «заңдылықтың негізгі форматы ретінде «көрші мемлекеттердің Ресей империясының құрамына өз еркімен енгені» туралы қағида қабылданып, ресми теория тұрғысынан да заңдастырылғаны анық. Осы арада, қазақтарды Ресей бодандығына «өз еріктерімен тартуды» іске асыруға белсене араласқан А.Тевкелевтің (Кіші жүздің ханы Әбілхайырмен Ресей бодандығы туралы келіссөздер жүргізген орыс елшісі – А.Қ.) 1722 жылы жазған хатына назар аударсақ: *«По возвращении ис Персидского похода... Петр Великий изволил иметь желание для всего отечества Российской империи полезное намерение в приведении издревле слышимых и в тогдашнее время почти неизвестных обширных Киргиз-Кайсацких орд в подданство высокою своею монаршею особою меня, нижайшего, к тому употребить намерение имел с тем, буде оная орда в точное подданство не пожелает, то стараться мне несмотря на великие издержки хотя бы до мелиона держать, но токмо чтоб только одним листом под протекциею Российской империи быть обязались (сызған біз – А.Қ.). Ибо как... Петр Великий в [1] 722-м году, будучи в Персидском походе и в Астрахани, чрез многих изволил уведомится об оной орде, хотя-де оная Киргиз-Кайсацкая степной и лехкомысленный народ, токмо-де всем азиатским странам и землям оная-де орда ключ и врата: той ради причин оная-де орда потребна под Российской протекциею быть, чтоб только чрез их во всех Азиатских странах комоникацею иметь и к Российской стороне полезные и способные меры взять»*¹.

I Петрдің кезінде айтқан сөздерін негізге алған А.Тевкелевтің пікірі ескеріліп, жерде қалған жоқ. Екі ғасырға сәл жетпейтін уақыт ішінде Ресей бодандығын мойындаймыз деген бір ауыз сөзді қазақ ұлты мойындады дегенге жеткізу үшін патшалық Ресей қазақтардың осы уақыт ішінде олардың 400-ден аса наразылықтарына қарсы I Петрдің «несмотря на великие издержки» дегенін қоя білді.

Ал, қазақ халқының адал ұлдары болса, XIX ғасырдың басынан бастап азаттық күресінің «білектің күші, найзаның ұшы» тәсілінен бас тартпаса да, империялық саясатқа қарсы тұрудың интеллектуалды жолдарын қарастыра бастады. Солардың алдыңғы қатарында тұрған – Сұлтан Ғазы Уәлиханов болатын.

Ғазы деген есіміне төре тұқымына лайықты «сұлтан» деген әлеуметтік атағы қосылған атақты Абылайдың тағы бір ұрпағының есімі Ресей тарихнамасына Сұлтанғазы Болатұлы Уәлиханов деген

атпенен енгенімен, бара келе оның ұрпақтары неге «Сұлтанғазиндер» болып кеткені – тарих құпиясы.

Ал, Ғазының өзіне келсек, ол Ресей үкіметінің «*Көкшетаудың орыс қаласы болсын*» деген талабына көнбей, сол үшін тіпті Көкшетау сырты округының аға сұлтандығынан бас тартып, бір кездері Ресейдің қалаған қаласына барып, хан болғандығынды ұлықтаған жағдайда сені ХАН деуге бармыз деген орыс үкіметінің астарлы саясатын қаламаған Абылай хан бабасы сияқты өр мінезділік көрсеткен Орта жүздің ханы Уәлидің Ғұбайдолла атты баласы Болат, соның ұлы – Ғазы. Яғни, Уәли ханның шөбересі.

Алғаш рет бұл тұлғаның есіміне біз 1993 жылдары назар аударған болатынбыз. Ақмола қаласы С.Сейфуллин атындағы Педагогикалық институтына Шымкенттен ауысып келген кезіміз. Кандидаттық диссертациямыздың саласы партиялық тұрғыда болғанымен, «Қазақстан тарихының ақтаңдақтары» мәселесімен аздап айналысатынбыз. Осы кезде Москва мемлекеттік университетінің сирек кітаптар қорынан «Русский вестник» газетінде 1881 жылы жарияланған жазушы-демократ Глеб Успенскийдің «Кочевники и русские переселенцы» атты мақаласын кездестіріп, әріптесіміз ала келген болатын.

Мақаланың мазмұны. Г.Успенский айтып отырғандай, 1881 жылы Ақмола облысына жаңа генерал-губернатор болып тағайындалған М.А.фон Таубенің² бұйрығымен санақ жүргізілген. Орыс жазушысының мақаласында көрсетіліп отырғандай Таубенің тағайындалуы орыс үкіметінің барған сайын аяқ алып келе жатқан қоныс аудару саясатының жаңа кезеңіне сай келген. Олай болатыны, патша үкіметінің жарлығымен жаңадан ашылған Ақмола облысына Ресей мемлекетінің орталық аймақтарынан 80 мың шаруаны көшіріп, олардың шаруашылық жүргізулеріне лайықты жер бөліп беру туралы қаулы шыққан.

Глеб Успенскийдің мәлімдеуінше жергілікті чиновник осы шешімге лайықты үлес қоспақ мақсатпен Ақмола облысында ревизия жүргізіп, бұл аймақта бос жатқан (сызған біз – А.Қ.) жерлерді анықтау туралы бұйрық шығарған.

Генерал-губернатордың бұйрығын шұғыл орындау мақсатында Ақмола облысында «бос жатқан» жер-

¹Түркістан генерал-губернаторы А.Н.Куропаткин II Николай патшаның атына жолдаған рапортында Түркістанда орын алған наразылықты тудырған төмендегі себептерді көрсеткен: «Поводом и ближайшею причиною беспорядков, несомненно, послужил призыв туземцев Туркестана к выставлению рабочих. Этот призыв, переданный в слишком спешном порядке, поставил, с приказанием ставить рабочих немедленно, поставил и население, и администрацию края в тяжелое положение...»³. Сонымен қоса генерал-губернатор бұл наразылықтың себептерінің тереңде жатқанына байланысты өз пікірлерін білдірген: «Среди других народностей, населявших Туркестанский край, киргизское население, составляющее до 2615 тысяч душ, является наиболее бесправным относительно пользования землею. По существующему закону, земли, которые ныне обеспечивают существование киргизского населения при кочевом образе жизни, признаются государственною собственностью излишки их могут поступать в распоряжение казны. Слишком широкое толкование о размере этих излишков, особенно с 1904 года, привело к тому, что у киргизского населения были отобраны огромные площади земли, частью ему жизненно необходимые, для оброщения русских селений, казенных скотоводческих участков и казенных лесных дач – единственного владения казны ... Но и на той земле, которая оставлена киргизскому населению в постоянное пользование, это население стеснено в распоряжении этою землею лесною стражею...»⁴.

лер дереу анықталған. Ол туралы чиновник газеттердің біріне мақала жариялап, облыс көлемі 400 мың ер адамдарды, ал егер олар әйелдерімен келсе – 800 мың адамды қабылдай алады деген пікірді жариялап та жіберген. Орыс чиновнигінің нығыздап айтқан ойы – жергілікті қазақтарды басқа жаққа ығыстыру арқылы да жерді орыс шаруаларына тауып беруге болады екен. Яғни, жергілікті қазақтар мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан, көшіп-қонатын жерлері негізінен малға лайықты болу керек. Қазақ малдарының күйлі болуы үшін тұз қажет. Осы себепті малдың соңында жүрген қазақтар орыс шаруаларындай емес, малға жайлы жерлерді іздейді. Малдың соңында жүрген олар, тұзы мол, суы ащылау жерлерде де тұра алады. Ендеше – деп отыр фон Таубе – оларды егіншілікке лайық жерлерден далаға көшіріп, ол жерлерді қоныс аударылған орыс және де басқа шаруаларға неге босатып бермеске?!

Бұдан біршама уақыт бұрын осы тақырыпқа байланысты біздің бірнеше мақалаларымыз баспа беттерінде, ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланғанын ескере отыра, тақырыпқа көшсек⁶.

Глеб Успенскийдің мақаласы орыс қоғамына әсер еткен сыңайы бар. Және де К.Ш.Кереева-Канафиева кезінде жазғандай: «... Тиянақты түрде жазылған статистикалық анализдің негізінде орыс жазушысы Глеб Иванович Успенский осылайша жүргізілген қоныс аудару саясатының жергілікті тұрғындарға ешқандай да кері әсерін тигізуі мүмкін емес деген чиновниктің қиялын теріске шығарған» дегендігінен емес. Яғни, генерал-губернатордың әрекеттерін теріс деп отырған Г.Успенский емес – мүлдем басқа адам.

Енді бір дерекке назар аударсақ. 1891 жылдың төңірегінде «Северный вестник» журналы Н.П.К. деген бүркеме арқылы «Положение переселенцев в степном краю» атты мақала жариялаған, «...на степной край, с его бывшим патриархальным хозяйством и патриархальными нравами, надвигается новый порядок, другие системы хозяйства», – дей отыра өзінің қоныс аудару саясатына байланысты ойын қазақ даласында оларға кең жол ашу керек екендігін айта келе, бұл мәселеге әлі де болса тиянақты түрде қарауды жөн деп санайды. Мәселенің өте даулы екендігін де жасырмайды: «...во всяком случае, единственное, что можно сказать, после возражений ГАЗИ ВАЛИХАНА (сызған біз – А.Қ.) и Гл. Успенского (мақалада осылай А.Қ.) – это то, что вопрос о количестве свободных земель остается открытым»⁶.

Осылайша, фон Таубенің қазақ даласында «бос жатқан» жерлерді ойда жоқта табудың өзіндік тәсілін тауып, ол жерлер міндетті түрде орыс-украин, шаруаларына тиісті деген пікіріне қарсы қазақ арасынан шыққан оқымыстыны Г.Успенский мен Н.Коншин – Уәлиханов Сұлтанғазы деп отыр. *Бір сөзбен айтқанда генерал-губернатордың мемлекеттің қоныс аудару саясатына «негіздемесі» Ресей империясы қазақ жерін жоспарлы түрде жүргізіле бастаған азаматтық және әскери тұрғыдан отарлауға жол ашты десек те болады⁷. Ресей Академиясының корреспондент мүшесі Юрий Новиковтың пікірінше: «Колонизационная политика того времени сводилась к бессистемному массовому выборочному изъятию лучших земель у местного населения... Колонизационный «бум» усилился к концу века (XIX ғ. – А.Қ.). ...За период с 1893 по 1915 годы в Казахстане было изъято из пользования коренного населения около 25 миллионов гектаров земли, на которых поселились 1,2 миллиона крестьян из России и Украины»⁸.

Глеб Успенский мақаласындағы негізгі ой: «не

такими благоприятными оказались намерения (Таубені айттып отыр – А.Қ.)» для казахов, которые, едва им было объявлено о переселении к ним русских крестьян «решили направить в Петербург депутацию и ходатайствовать – не переселять крестьян в Киргизскую степь». Ең қызығы, осы екі оқиғаның басы-қасында жүрген патша үкіметінің қоныс аудару саясатының зардаптарын алдын-ала сезіп, Дала генерал-губернаторының «есебіне» өз есептеулерін сол уақытта келтіре білген қазақ азаматы – Сұлтанғазы Уәлиханов.

Сұлтанғазы, Г.Успенский айттып отырғандай, Ақмола облысындағы жер мәселесін анықтауға үстіртін қарамай, ол да экономикалық есептерге барған. Өзінің есептерін негізге ала отырып, оны орыс патшасына жеткізуге әрекет жасаған. Осы ойын іске асыру үшін қазақтың атқа мінерлерін Ресейдің астанасы – Петербургке барып, патшамен жолығуға көндірген. Өз қолымен патша атына жазылған хатты қазақ сұлтандарына тапсыра отырып, Успенский жазғандай, билікке төмендегі пікірді жеткізуді міндеттеген: «Если существовавший досель порядок отбирания и захвата у киргиз земель продолжится еще немного, то край лишится опоры в лиц казахского населения».

Осы арада Сұлтанғазы туралы мәлімет беруді сәл ілгеріден бастасақ. Ғазы есімді (Ғазы де болуы мүмкін) осы бір азаматтың өмірбаянында бір-біріне қарама-қайшы келетін көрініс байқалады. Біріншісі, әрине, оның орыс армиясы қатарында әскери қызметте болуы.

Таяуда біз интернет жүйесі арқылы өлкетанушы Ю.Поповтың «Сын датчанина и англичанки в Сары-Арке» мақаласымен танысып, КСРО Ғылым Академиясының 1927 жылы Павлодар облысына зерттеу жұмыстарымен барған этно-археологиялық экспедициясының кейбір материалдарымен таныстық. Экспедицияның құрамындағы Антропологиялық топтың жетекшісі Фиельструптың бұрын Қоянды жәрмеңкесі өткізіліп тұрған жердегі Ащысу өзенінің жанындағы ауылдардағы ауыл ақсақалымен кездескені туралы мәлімет бар. Фиельструп ол кездесу туралы төмендегідей жазған: «Поехали в соседний аул повидаться со стариком 93 лет. Бывший певец, но информатор он был неважный, так в основном он говорил о себе. Он был в лейб-гвардии* Крымского полка, участвовал в завоевании Туркестана». Сол әскери құрамадағы офицерлерді бірі – Сұлтанғазы Уәлиханов болса, жаңағы ақсақал Омбыдағы Азиаттар мектебінде екі жыл оқыған – Жаяу Мұса. XIX ғасырдың 60-шы жылдары Сұлтанғазы басқарған лейб-гвардия** поляктардың көтерілісін басуға қатынасқан. Солардың ішінде жүрген Жаяу Мұса 1863 жылы Ригада, Вильнюста болған.

Бұл деректерге қарағанда назарымызды өзіне аударып отырған Уәлихановтар әулетінің өкілі Сұлтанғазы бұл уақытта орыс армиясы басшыларының көзіне іліге бастаған, жаста болса өз ісіне берік офицер. Орыс қоғамының элитарлы тобы қатарына ене қоймағанымен, «осының ойында не бар екен» дегенге келіп жүргендердің болуы да мүмкін.

*Біраз ізденістердің барысында біз Н.П.К. деген бүркеменің соңында «Семипалатинская жизнь» газетінің редакторы, кейіннен Ресей Мемлекеттік Думасына Семей тұрғындарының атынан депутат болып сайланған, Семей облысы туралы статистикалық деректер жинап, облыстың тарихы, археологиясы, этнографиясы, географиясымен көп айналысқан КОНШИН НИКОЛАЙ ЯКОВЛЕВИЧ есімді зерттеуші тұрғанын анықтауға мүмкіндік алдық (Қараңыз: Турсынбаев Т. Н.Я. Коншин – историк, архивист, краевед // Қазақстан мұрағаттары. 2010, №3 – 48-49-бб.

Себебі, Сұлтанғазының уақыты— күні кеше ғана орыс талаптарының бәрін бірдей орындауды міндет деп санамай «біз тек сені ғана хан дәрежесінде мойындап қоймай, сенің ұрпағыңнан тарайтын хандарды солай деп танитын боламыз» дегенге Қытайды көндірген Абылайдың ізбасарларының қазақ елінің бүгіні мен болашағын, мемлекеттің егеменділігінен, ұлттың тәуелсіздігін мүлдем басқа тұрғыдан қабылдай бастаған уақыт.

Сұлтанғазының атасы – Ғұбайдолланың есімі бізге жақсы таныс. Біздің қолымыздағы «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. (1771-1867)» құжаттар жинағында сұлтан Уәлихановтың есімін 1824 жылы Кенесары ханның Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевичтің атына жазған хатында кездестіріп, осы құжат арқылы сол кездегі қазақ қоғамында байқалған

Наразылықтың себептерін байқау қиын емес.

«...Посылаю к Вам сие письмо с тем, дабы Вы меня известили: 1) почему притесняют наши народы? 2) почему в пределах наших заведены строения? 3) в водах насставлены овушки и 4) почему запрещают брать киргизам с озер соль, которой русские сами пользуют? Все сие по чьему приказанию уставлены?»

Еще по наследству отца моего Аблая и брата Валия (орта Жүздің ханы Уәли -А.Қ.) утверждено на ханство ГУБАЙДОЛЛА, который ... насилственно захвачен с товарищем его Торуайгыром. По какой причине сие сдано и почему его с кочевков увелена? Еси он, Губайдулла, учинил для России какие-либо злодейские поступки, то о сем меня известить; если же он сделал что*-либо вредное для киргизского народа, то должно бы было предоставить сие в разбирательство наше. Если Вы о поступке того родственника моего меня не известите, то мы найдем случай о сем просить и тогда на нас не гневайтесь...»⁹.

Ғұбайдолла сұлтанның орыс билеушілерімен қарым-қатынастарының шиеленісіп бара жатқанын полковник Г.Броневскойдың мәліметтерінен де байқауға болады: «...часть старшин, толenguтов и султанов увлечены беспокойным Губайдоллоу в дальние степи на озеро Кургалджан (Қорғалжын – А.Қ.), расстоянием от приказа 400 верст ...вещи подарочные, назначенные от высочайшего двора (орыс билеушілері сұлтанның Көкшетау мен оның төңірегіндегі маңындағы жерлер империяның жері дегенді мойындауды талап еткен. Сыйлықтар сол үшін дайындалған. – А.Қ.) султану Губайдолле и прочим хранятся в целостности» .

Ғұбайдолланы көндіре алмаған Омбы билігі енді оның баласы Болатқа майор әскери атағын тағайындап, Көкшетау округінің аға сұлтандығына көндірмек әрекеттері нәтижесіз аяқталған.

*Тоқсан жастағы ақсақалдың атақты композитор, жырау, ақын Жаяу Мұса екені күнделіктер иесіне белгісіз болған сияқты. Ал бізге қызығы Жаяу Мұсаның 1860 жылы 12 жыл мерзімге жер аударылып, патша үкіметі ол жазаны ақынның әскер қатарына алынуымен алмастырған. Сол уақыттары ол Шоқан Уәлихановтың туысқаны поручик Сұлтанғазы Уәлихановтың отряды қатарына тіркеліп, генерал Черняевтің Қоңанды жаулап алу жорығына қатынасқан.

**Ресейде алғашқысында патшалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери топ. Кейіннен барып әскерлердің ішінде құрметті де, таңдамалы әскери топтар (элита) жасақталатын болған. Айрықша ерліктерімен көрінген оларға гвардиялық деген атақ беріліп, оларда әскери міндетті өтеу тек дворяндар тегінен шыққандарға ғана рұқсат етілген. Табельдер рангісіне сәйкес лейб-гвардия офицерлерінің шендері бас офицерлерге караганда екі мәрте жоғары саналған.

Осыдан кейін барып, сұлтан мен оның баласы Болат тұтқындалып, Березово қаласына жер аударылады. Осы жерден байқалатыны – XIX ғ. 20-жылдарынан бастап орыс мемлекетінің қазақ жерін отарлау саясатының мақсатты бағыт ала бастауы. Осыған орай жергілікті тұрғындар арасында наразылықтар орын алып, оларды ұйымдастырушылар Абылайдың баласы Орта жүздің ханы Уәлидің балалары Қасым мен Ғұбайдолла, Қасым балалары – Саржан мен Есенгелді, Кенесары, Ғұбайдолла баласы – Болат болса, осыдан жарты ғасырдан асатын уақыт өтіп барып, қазақ ұлтының азаттық үшін күресін жалғастырған Болаттың ұлы – Сұлтанғазы Уәлиханов болса, оны қатты толғандырған мәселе – орыс мемлекетінің көне қазақ жерінің ең құнарлы деген жерлерін өзіндік деп санап, өз бетінше иемдене бастауы.

Соның ішінде Сұлтанғазы Дала генерал-губернаторы Таубенің қоныс аудару саясатын құлшына қолдаған әрекеттерінен байқап, Орта жүздің бір топ атқа мінерлерін патшаға барып өздерінің наразылықтарын жеткізуге көндірген. Патшамен қалай сөйлесуге болады деген мағынада хат дайындап беріп отырған – Орта жүздің сұлтаны, Сібір қадеп корпусының түлегі, Императорлық лейб-гвардия полкінің болашақ полковнигі – Сұлтанғазы Уәлиханов.

Ғазидың наразылығын тудырғаны – Таубенің «бос жерлерді» анықтау тәсілі болды. Яғни, алдыменен Ақмола облысындағы барлық малдың (қой, ірі қарамал, жылқы) саны анықталғаннан кейін, олардың жалпы саны ірі қарамалмен есептелген. Екінші кезекте келіп осы малға қажетті жайылымның көлемі мен оларға жемге қажетті деген жердің көлемі айқындалған. Осыдан келіп Ақмола облысындағы жердің көлемінен «қазақтардың мал бағып, ұстауына лайықты» деген аймақтың көлемі шегеріліп, қалған жерлерге қоныс аударылған шаруаларын орналастырып, оларға құнарлығы мол деген алқаптарда жеке шаруашылықпен (негізінен егін шаруашылығы) айналысуға мемлекеттік тұрғыдан ықпал жасалса, Таубенің ойынша, бұдан қазақтарға келетін еш зиян жоқ-мыс.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ-орыс қатынастарында жаңа леп пайда болған болатын. Ресей империясы қазақ даласында жергілікті халыққа тиімді болады деген сылтаумен жаңа басқару жүйесін енгізіп жатқанымен, ондағы негізгі мақсат жер мен жер асты-үстіндегі байлыққа ие болуды естен шығармаған. Осы уақыттары крепостниктік правоны жою барысында помещиктердің езгісінен құтылды дегенімен, күнкөріссіз қалған мыңдаған орыс шаруалары қалаларға қаптап, онсыз да күндерін өзер көріп жүрген жұмысшы табына әлеуметтік тұрғыдан бәсекелестік тудыра бастаған. Ауылдан қалаға қаптай бастаған олардың не тұрақты мамандығы, не тұрақты күнкөріс көздері жоқ олар (К.Маркс айтпақшы – «люмпен-пролетариат»), экономикалық тұрғыдан еш әлеуметтік топқа жатпай, мемлекет үшін «бас ауруына» айнала бастағанда, Таубе секілділер империя үшін өкпен іздегенді жерден тауып берді десе боларлық.

Н.Я.Коншиннің жоғарыда айтылған мақаласында мына бір сөздерге назар аударсақ: «Наше правительство с патентом звания подполковника отправило посольство с подарками старшему сыну Уалия – Губайдулле. Хотя в грамоте Губайдулла назывался старшим султаном, ему этот статус не нравился. Кроме того, правительство требовало землю для построения города в Кокшетау. Он отказывался (Ғұбайдолла – А.Қ.) дать землю заявив, что если русские захотят насильно забрать землю

для построения города, то за последствия будут отвечать сами, также он отказался от подарков».

Орыс чиновниктері де осы сөздерге үлкен мән берген. Олар Абылай ұрпақтарының әлі де талай саяси аренаға шығатынын, егемендігі мен тәуелсіздігінен айрылып келе жатқан ұлтқа азаттық үшін күресудің заманға сәйкес әдіс-тәсілдерін ұсынатынын сезгендей. Бұл жолда Болаттың ұлы – Ғази да ескерусіз қалмаған болатын. Орыс үкіметі оған Омбы кадет корпусына түсуге көмектесті. Сәл бұрын айтылғандай ерекше есептегі әскерилер қатарында ұстады. Қызмет жолында лейб-гвардия полкінің полковнигі дәрежесіне дейін жоғарлатты. Ондағы бар мақсат текті атасының ұлтжанды сөздері құлағында қалған Абылайдың ұрпағын жұмса жұдырығында, ашса алақанында ұстау, бойына орыс қоғамына тән тәрбие жүйесін енгізу. Нәтижесінде, қазақ даласында іргесі енді қалана бастаған басқару жүйесінің тізгінін ұстағандарға негізгі тірек бола алатындай тұлға жасау еді.

Сұлтанғазы Уәлиханов Ресей мемлекетінің бұл үмітін ақтамады. XX ғасырдағы белгілі шығыстанушы, публицист, қоғам қайраткері Н.М.Ядринцевтің айтуынша, сол кездегі қазақ қоғамының жаңа буыны қазақ-ресей қатынастарына жаңа тұрғыдан («еуропалық өркениеттік негізде») қалыптастыруды ұсына бастаса, алғашқы болып көріне бастаған Сұлтанғазы Болатұлы Уәлиханов тұлғасы деу орынды.

1917 жылдан бастап қазақ даласында бұрын ешқашан байқалмаған азаматтық текетірес орын алды. Әкесі баласына, баласы әкесі мен аға-інілеріне қару жұмсады. Ал, Сұлтанғазы болса, Ресейден басталып, қазақ даласында да көрініс алған қанды текетірестің бастамасы патша үкіметінің қоныс аудару саясатында болатынын ескерткен болатын. Қазақтардан тартып алынған жер орыс шаруаларына қайырлы болған жоқ. Керісінше олардың арасына үлкен жік салды. Қазақстанға қоныс аударылған шаруалардың негізгі тобы үкіметтің қолдауымен байыған үстіне байып жатса, енді біреулері олардың

тегін еңбек күшіне айналып жатты. Біріншілері, қазақ қоғамындағы байларды арқа тұтса, соңғылары қазақ кедейлерімен жақындасып кетті. Нәтижесінде, қазақ қоғамында да жаңа әлеуметтік топтар қалыптасты, енді олар қоғамды тек революциялық жолмен ғана өзгертуге болады деп санады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. [1722 г.]. Из записи А.Тевкелева по поводу высказывания Петра 1 о привлечении казахов в российское подданство / Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов) – Издательство АН Каз ССР. Алма-Ата 1961 - С. 33.

2. Генерал-губернатор Максим Антонович фон Таубе. 189-89-1900 жж. Дала генерал губернаторы. Фон Таубе көне эстлянддықтарға жататын фон Таубе династиясынан шыққан. Ұлты – неміс. Ақмола облысы Петропавл қаласының құрметті азаматы.

3. АВПРИ, Среднеазиатский стол, оп.486, д. 252, л. 23-36, копия.

4. АВПРИ, Среднеазиатский стол, оп.486, д. 252, л. 23-36, копия.

5. **Аяган Б.Г., Кашкимбаев А.Н.** Россия-Казахстан: история взаимоотношений и современность Историко-хрестомат. очерк Алматы: Раритет, 2011 /Глава 2.Общественно-политическая жизнь Казахстана в трудах авторов XIX-XIX вв:

6. Қараңыз: **Джумадильдаев А.С.** Положение переселенцев в степном краю.//

7. **Новиков Ю.** Конеч «абсолютного пастбища» //Простор. 1989. №6 – С.118.

8. **Новиков Ю.** Көрсет әд.118-б.

9. 1824 г. сентября 17. – Протест султана Кенесары Аблайханова генерал-губернатору Западной Сибири в связи с введением окружных приказов в Среднем жузе /Казахско-русские отношения в XIII-XIX веках (1771-1867 годы)- сборник документов и материалов – Алма-Ата, 1964 г. 215

10. 1825 г. октября 10. Донесение полк. Г.Броневского генерал-губернатору Западной Сибири о результатах исследования им Кокчетавского округа. Донесение Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. (1771-1867 годы)». Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1964 – 221-б.

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ЖАСАҚ САЛЫҒЫ– қазақтарды шоқындырудың бір тәсілі

(Мұрағат деректері бойынша)

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғалымдарының кандидаты,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің профессоры

Қазақстан Үкіметі ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне іргелі зерттеулер жүргізуге бағытталған «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарлама ұлт тарихын санаға сіңіруде Архивтің деректік маңыздылығына, Архив қорын сақтау мен байытудың қажеттілігіне, назар аударып отыр. Архив құжаттары тарихымыздың құнды жазбаша дерек көзі болып табылады.

Архив құжаттарында XIX ғасырдың II жартысындағы Сібір қазақтарының аймағы 1859 жылғы Сібір қазақтары басқармасының есебінде солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған. Сібір линиясынан Шу өзеніне

дейін, Батысында Орынбор даласымен шектескен, Шығысында Семей облысының көшімен ұштасады. Жер көлемі нақты анықталмағандығы жазылған [1, 1-п.]. Кейіннен Сібір қазақтарының аймағы шамамен алғанда 75000 шаршы шақырымды алып жатқандығын анықтаған [2, 10-п.]. Қазақтың Орынбор даласындағы ведомствалық аймақтан шаңырақ (Кибиточный сборь) әр шаңыраққа салынған салық. Ал, Қазақ даласының Сібірлік ведомствасына қарайтын аймақта мемлекеттік салықтың (Ясачный сборь) «Жасақ» салығы салынды. Ол – мал басына салынатын салық түрі. Архив деректеріндегі жасақ салығы 1862-1865 жылдар аралығындағы есеп құжатында Сібір қазақтарының Құлатай Қыпшақ

болыстығының есебін жасақ салығының мөлшерін анықтау үшін тіркеуге алған. Архив құжатында 12 ауылдың 1205 шаңырақ тұрғындар бары анықталған. Олардың – 2444 ерлер, 2200 әйелдер екендігі жазылған.

Архив құжатында 1862 жылғы 29 қарашадағы №48 ережедегі көрсетілген тізім бойынша салықтан босатылғандардан басқалары, 4234 жылқыға, 3614 мүйізді ірі қара малға, 1209 бас қойға салық төлеулері тиістігі туралы нұсқау берілген.

Әр бас жылқыға 13 күміс ақша сомнан, мүйізді ірі қараға 8 сомнан, әр қой басына 1 сомнан жасақ салығы тағайындалсын. 1863 жылға – 1224 сом 89 тиын [1, 1-п.] ақша жиналу керектігі айтылған.

Келесі архив дерегінде Алтай болыстығының Кирек жерінің 1862-1865 жылдар аралығына дейінгі алынған жасақ салығының есебінде: 6 ауылдың 883 шаңырақ тұрғындары бар. Олардың 1973-і ерлер, 1766-ы әйелдер. Жасақ салығымен қамтылуға тиістілері облыстық басқарма кеңесінің журналы бойынша 1862 жылғы 29-30 қазан аралығындағы №44 ережеден босатылғаннан басқалары. Төрт түлік малға оның ішінде; 4360 жылқы, 2280 мүйізді ірі қара, 265442 қой. 100 бас малдың әр басына жылқыға – 3 сом, сиырға – 8 сом, қойдың әр басына 1 сом күміс ақшадан жасақ салығы тағайындалсын. 1863 жылға 1014 сом 68 тиын жиналғандығы туралы мәлімет құжатқа түскен. Осылайша барлық аймақтың мал басынан алынатын жасақ салықтарының есебі санаққа алынып тіркеуден өткен. Мұрағат дерегіндегі 169 парақтың бәрінде түгел осылайша мал басы салығының есебі алынып, хатталған [3, 2-п.].

Ресей үкіметі тарапынан жасақ салығынан заңмен босатылғандардың қатарында христиан дінін қабылдаған, шоқынған қазақтардың тізімі тіркелген. Оған 1864 жылғы 10 сәуірдегі № 1988 бұйрықта шоқынған қазақ Аверьяновты салықтан босату туралы жазбада көрсетілген. 29-30 қазан аралығында Сібір қазақтары басқармасының Көкшетау ішкі округінің болыстық басқармасының Матақай Керей болыстығының рапортында шоқынған қазақ Бейсенбай Кегенов шоқынғаннан кейін, тегі мен есімінің Алексей Аверьянов болып өзгергендігі туралы мәлімет тіркелген [3, 20-п.]. **Орыстандыру саясатын XIX ғасырда патша үкіметі мал басына салынатын салықтан шоқынған қазақтарды босату арқылы «ынталандыру» шараларын жүзеге асыру айласын қолданған.** Мұндай айлаларын архив деректері айғақтайды. Селолық бірлестіктің басқарушысы Мақатай – Самай – Керей болыстың басқарушысы Байтуллин 1864 жылы 20 наурыз №26 хабарламасында жеткізеді. *«Шоқынған қазақ Бисенбай Кегенов шоқынғаннан кейін аты да, діні де өзгеріп, орыс шаруасы Алексей Аверьянов болып шыға келген. Шоқынғанға дейін үш бас жылқысына жасақ салығын төлеп келгені айтылады»* [3, 20-п.]. Шоқынғандардың тізіміне қатысты архив деректерін көптеп келтіруге болады. Шоқынғандардың орысша тегін шоқындырған шіркеудің дінбасы бергендігі туралы архив дерегінде жазылған.

Шоқынған қазақтар мал басы салығын төлеуден арнайы түсірілген бұйрықпен заңдастырылып босатылған. Мұрағат деректерінен жасақ салығының жылдан жылға өсіп отырғанына куә боламыз. Мал басының аз-көптігіне қарамай, қазақтардың мал басы түгелдей санақ бойынша тізімге алынып отырған. Жасақ салығынан босатылғандардың бірі – тархандық грамоталары бар тархандар болды. Қазақ қоғамындағы тархандар институты 1869 жылы Сенаттың арнайы

бұйрығы бойынша жойылды [4]. *«Патшалық империя қазақ даласына орыс-казактарды қоныстандырумен қатар жергілікті қазақ халқын шоқындырып, орыстандыру мақсатында жасақ салығынан түпкілікті босату арқылы «ынталандыру» тәсілдерін жүзеге асыра білген»* [3, 20-21-п.].

Сібір қазақтары аймағынан жасақ салығынан түскен қаржы мөлшері 1865 жылғы есеп бойынша, 121782 сом күміс ақшаны құраған [5, 16-қ.п.]. Семей аймағында Қапал округі Сергиполь (Аягөз. – И.Ө.) Жетісу аймағына кеткен бөлігін қоспағанда, 50082 сом ақша жиналған. Барлығы 171864 сомға жеткен [5, 16-қ.п.]. Империя қазынасының қорына түсетін жасақ салығының мөлшерін анықтау үшін, қазақ даласының мал салығы салынатын аймағындағы малдардың есебін анықтау үшін санақ жүргізуге Окружной Приказнойлар арнайы шенеуніктерден құралған комиссияларды арнайы ыссапарға жіберіп отырған. Санақ бойынша алынған мал басының саны жасақ салығын төлеуге үш жылдық норма болып заңдастырылған [2, 11-14-п.].

Ал қазақ даласында мал санағын алуға ыссапарға барған шенеуніктер еңбектеріне мардымсыз жалақы алатын [5, 16-қ.п.]. Мұндай жағдай олардың қазақ даласындағы билік басындағыларымен белгілі сый-ақы үшін, мал басын азайтып көрсетулеріне келісім берген. Патша үкіметі мал басы салығынан жиналатын қаржыларды түгелдей бақылауға ала алмаған. Өздерінің шенеуніктеріне сүйенген үкімет әкімшілігінің оларды бақылауға мүмкіндіктері жоқтығы туралы архив деректерінде баяндалған [5].

Қорыта келе, **біріншіден**, патша үкіметі қазақ даласынан мал басына салынатын жасақ салығын заңдастыру арқылы патша өкіметінің қазынасын еселеді. **Екіншіден**, жасақ салығынан босату арқылы кедей шаруалардың салық төлей алмайтын кедейшілік тұрмыстық жағдайын пайдаланған. Кедей шаруаларды шоқындыру арқылы салықтан босатып «орыс шаруаларына» айналдыруды көздеді. Қазақ халқынан түскен алым-салық қаражатын қазақ даласын отарлаудағы іс-шараларға жұмсап отырды. **Үшіншіден**, патша үкіметінің комиссиясы үкімет қазынасына қазақ даласынан түсетін мемлекеттік салықтардың жүйесін жақсартуға күш салу жолдарын қарастыруға аса мән беріп, зерттеу, тексеру жұмыстарын жүргізіп отырған. Патша үкіметі қазақ даласын үнемі патша империясының қазынасын толтыратын табыс көзіне айналдыру мақсатында зерттеулер жүргізіп отырды.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор раскрывает цель царской политики в отношении Сибирских казахов и внедрение налога «Ясак» на основе архивных источников.

In this article on the basis of archives the author represents the aim of tsarism policy concerning the Siberian Kazakh and introduction of the tax «Yassak».

ДЕРЕКТЕР

1. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай ҚРОММ). 345-қор, 1-тізбе, 28-іс.
2. ҚР ОММ. 345-қор, 1-тізбе, 2027-іс.
3. ҚР ОММ. 345-қор, 1-тізбе, 2020-іс.
4. Исенов Ө. И. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы. // Тарих ғылым кандидаты ... диссертациясының авторефераты. – Орал, 2009 – 24 б. // wksu. wksu. kz/downloads/avtoreferat/avtoreferatov_isenov. doc.
5. ҚР ОММ. 4-қор, 1-тізбе, 490-іс.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ САЯСАТЫ және оған балама көзқарастар

Күлімкөз САНТАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, І.Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің доценті

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылын Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясаты ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылықты күйретіп, соның нәтижесінде қазақ халқын бұрын-соңды тарихта болмаған «қызылтабан» шұбырындыға, алапат ашаршылыққа ұшыратып, қайғы-қасірет әкелді.

Орталықтың сенімді өкіліне айналған Ф.И.Голощекиннің Қазақстанда жүргізген жаппай отырықшыландыру саясаты дәстүрлі мал шаруашылығын жоюға бағытталды. Бұл қатерлі саясатқа С.Сәдуақасов сияқты ұлт зиялылары қарсы тұрып өз ойын былай білдірді: «Біздің осы күнгі айтып жүрген сөзіміздің бірі қазақ жұртының отырықшылығы туралы болса, онда да бәрі бір мал жоғалмайды. Қазіргі замандағы Австралия, Америка секілді жұрттың мал шаруасы олардың отырықшылығына қарама-ақ ұлғайып отыр. Адамшылықтың ілгері басуы мал бағуды жоюға тірелмейді. Қайта сол малды көркейтуге тіреледі. Сондықтан Қазақстанда мал шаруасының ілгері басуы жалпының тілегі болу керек. Көптің күші сол тілекке қарай бейімделу керек», – деді [1]. Қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуға толық мүмкіндік болып тұрған кезде қазақ халқын қысқа мерзімде жаппай отырықшылыққа көшірудің пайдасынан зияны көп еді. Жүсіпбек Аймауытов «Ақ жол» газетінде 1925 жылы 25 сәуірде жарияланған «Отырықшылықтың пайда, зияны» атты мақаласында: «...Өзір жерден таршылық көрмей отырған елдердің отырықшы болуында зиян бар демекпіз. Ол мынау: Отырықшы болса, жер жырту, егін салу керек, еңбегімен күнелту керек. ...Қазақ жерінде нағыз қара топырақ, егіндік жер кем. Бар жерінде құрғақшылықтан сау болмайды. Мәдениет түрімен егінді берекелендіруді қазақ түгілі орыс та үйреніп жеткен жоқ. Сондықтан егін салудан өнімді жеміс ала қоюы алма-ғайып. Егін салуға соқса-сайман, аспап керек. Аспапсыз іс оңды болмайды. Аспапты қолға түсіріп алу бір қиын болса, оның тілін, тетігін біліп, тұтыну екінші қиын отырықшы болатын кедей-шаруа болса кедей-шаруаның көлігі, сайман жуырда сай бола қоймайды. Бірі жетсе, бірі жетпейді. Өзінен шығатын нәрсе болмаса «өкімет жарылқайымен» жұбатуда болмайды. Отырықшы болды-ақ мал кему бастайды. Алғашқы кезде ауыртпалық малға түседі. Өйткені бір жағынан орын тебуге көлік, шығын керек. Екінші мал жүдейді, ариды, жерсінбейді, қысыр қалады, өледі. Аяқты малдың төтендеген шығыны тағы болады. Сонымен малдың қоры азаяды. Бұл күнгі көшпелі, жартылай көшпелі ел бір жерде жазы-қысы бірдей табан аудармай отыратын болса, неше түрлі ауруға, апатқа ұшырап, өліп, жоғалып кету қаупі бар. Отырықшы болуға, оның шарттарын үйретіп, тұрмыс түзеуге білетін, қызметінде жүретін, көзі ашық, басшылар керек. Соған ғана берілген мықты азамат керек. Бұрын амалсыз отырықшы болып қалған кейбір елдердің тұрмысына қарасақ, тым-ақ өлімсіреген нашар мал жоқ, егін мардымсыз... Талай жерде отырықшы болғандар жерін тастап қайтадан көшпелі болуға айналып жүр... Осы уақытта бір жағынан отырықшылыққа қызығатындар

болса, екінші жағынан безушілерде бар. Жұртқа жап-тармағай отырықшы бол деп айту адасқандық болады. Ол мүмкін емес...Менің ойымша отырықшы болу жерінің жағдайына, шаруасының түріне, елінің тілегіне, мүддесіне қарай шешілгені дұрыс. Қызықтырып отырықшы қылу алды-артын болжамағандық болып, пайдасынан зияны басым шығып жүрмесін», – деп ескерткен [2]. Ж.Аймауытов төңкеріске дейінгі отырықшыландыру ел мен одан кейінгі елдің жағдайын салыстыра отырып отырықшылықтың зиянының басым екендігін айтуда.

Осындай пікірді 1924 жылы «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде Қошке Кемеңгерұлы да білдірген еді. Ол онда: «Қазақ елі құрымас үшін отырықшы болу керек» деушілер бар. Қағаз бетінде отырықшы болумен мәдениет көктен түспейді, жерден шықпайды. Отырықшылықтың көп шарттары бар. Сол шарттар төңкеріске шейін отырықшылықтан пайда болған жоқ... Отырықшы болған соң шаруа түрі өзгеріп, ауданы тариды. Мұндай шаруаны алып бару үшін білімді көсемдер керек (оқытушы, агроном адам немесе мал дәрігерлері сияқты) бұлар табылса немесе жер, су егіндікке қолайлы болса, отырықшы болған артық... Қазақтың бұл уақытқа шейін көшпелі болып, мал бағумен келуіне екі түрлі себеп болды: 1) Кең өрісте мал өсірудің бейнеті аз болып, пайдасының көп болғандығы. 2) Қазақ даласының ауасы, топырағы, өсімдігі, суы мал өсіруге қолайлы. Таршылықтың уысына түскен елдер ешкімнің үгіттеуінсіз-ақ бейнеті көп болса да егін сала бастады. Қазақ даласында тұщы су аз. Оңтүстікке орныққан орыс қалалары қай жерде су жетпегендіктен қар жинап, бетін сабанмен жабады. ...Қаратопырақты тұщы көлдер түгелімен келімсекке кетті деуге болады. Қазақ елі көбінесе құдықпен күн көреді... Қазақтың тұтас егіндік жерлері келімсекке кетті. Бұдан нәтиже: қашан мәдениет өркендеп, техника күшейгенге шейін қазақ даласына егіншілік кіндік шаруа болмайтындығы, бізде ең негізгі шаруа негізінен кен табатын кәсіпшілік пен мал шаруасы болады», – деп атап көрсетті [3].

Қазақ зиялылары сол жылдардағы қазақ елінің жағдайын толық түсіне білді, олар қазақ елінің егін егуге жарамды жерінің аз екендігін, жазық жайылым, құнарлы жер келімсектерге кеткендігін, егіншілік қазақ түгіл, орыстың толық қажетін өтей алмай отырғандығын, егін егуге құрал-сайманның, оның жөнін білетін мамандардың жоқтығын, мемлекеттен көмектің шамалы болатынын жақсы түсініп, бір сөзбен айтқанда отырықшыланудың шарттары толық қалыптасқанда ғана отырықшылыққа өту керек, одан беріде қазақ халқын жаппай отырықшылық тұрмысқа көшіру, қазақ халқын өлімге итергенмен бірдей деп ескерткен еді.

Алаш зиялыларының кейінгі буындары С.Сәдуақасұлы, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, т.б. отырықшыландыру туралы пікірлері Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлының пікірімен толық үндесіп жатты. Қазақстанның ауыл шаруашылығының өзіндік ерекшеліктерін терең білетін мамандардың пікірі бойынша мал шаруашылығы мен айналысатын халықтың он-он бес жылдан кейін 5,5 немесе 5 проценті ғана

отырықшылыққа көшу керек болды [4]. Қазақстандағы мал шаруашылығының ең маңызды рөлін ешқандай жасанды шаралар өзгерте алмайды, ал оларды өзгерту тек зиян әкелетінін А.Н.Донич өзінің «Проблема Нового казахского аула» атты еңбегінде дәлелдеп берді. Автор осы еңбегінде: «Болашақта Қазақстанда мал шаруашылығы ғана сақталып қалады және алдағы уақытта да шаруашылықтың негізгі тірегі мал шаруашылығы болмақшы. Сондықтан, отырықшылыққа біртіндеп көшуге жағдай жасап, экономикалық тепе-теңдіктің бұзылмауын сақтау қажет. Басқаша айтқанда мемлекет тарапынан бөлінетін көмек-қаражаттың мол болмауынан отырықшылыққа көшу мүмкіндігінше баяу бағытта жүргізілуі тиіс», – дейді [5]. Көшпелі тұрмысты, мал шаруашылығын сақтап қалуды жақтаған Е.А.Полочанский «егер ел жайылымдық мал шаруашылығын жойып, оның орнына егіншілік мал шаруашылығын дамытса, онда ...республика мал өсіре алмайды. Алайда Қазақстан жағдайында мал шаруашылығын кеңейтіп, екі-үш есе көбейту қажет», – деп көрсетеді [6]. Міне, осылайша қазақ зиялылары, мамандар дәстүрлі мал шаруашылығының қазақ халқы үшін маңызын түсініп, отырықшыландырудың ақылға сыйымды эволюциялық жолын ұсынды.

1930 жылдан бастап ауыл шаруашылығының дамуының сталиндік-голощекиндік бағытына балама пікір айтқан Алаш зиялыларынан бастап, мамандар, ғалымдар өткір сынға алынып, қудалана бастайды. Сонау 1913 жылы отырықшыландыру мәселесіне байланысты айтқан қазақ зиялыларының көзқарастары арада қанша уақыт өткеннен кейін де голощекиндік басшылық тарапынан екі топқа бөлініп кінәланды: алғашқы топ – қазақтың дәстүрлі даму жолын қысқа мерзімде күштеп, жоспарлы түрде күйретуге, қазақты зорлап отырықшыландыруға қарсылар «көшпелі байлар» немесе «көшпелі идеологтар» деп біржақты қараласа, ал екінші топ – қазақты отырықшыландыру нормасын алып, егіншілікке көшуге шақырса да «жер иеленуші», «жаңа капиталист бай» деген жағымсыз атқа ие болды [7-9].

Ал Қазақстан жағдайында «тек көшпелі мал шаруашылығы ғана рентабельді және пайдалы», «егіншілік және отырықшыландыру, көшпелі тұрмысты жою қазақ халқын құртуға алып келеді», «Қазақстанның табиғи-тарихи жағдайында егін шаруашылығын кең түрде дамыту мүмкін емес, егін шаруашылық аудандарда көп емес, республиканың 2/3 бөлігі көшпелі экстенсивті мал шаруашылығын дамытуға ғана жарамды», – деген теорияны басшылыққа алып, оны өз еңбектерінде ғылыми негізде дәлелдеп берген профессор С.П.Швецов, М.Сириус, проф. Вернер, А.Донич, А.Челинцев, А.А.Рыбников, Е.А.Полочанский, В.Соколовский, т.б. жөңсіз айыпталды. Бұл ғалымдардың пікірлерінің дұрыстығын кейінгі жедел де зорлап отырықшыландыру қасіреті айқын дәлелдеп берді. Бұндай салиқалы тұжырымдар Голощекин басқарып отырған өкімет тарапынан қолдау таппады, керісінше олардың көзқарасын айыптап, әшкерлейтін еңбектер жарық көрді [10-17]. Бұл еңбектерде С.П.Швецов, М.Сириус, А.Донич, А.Челинцев, Б.С.Бырдін, т.б. «буржуазиялық экономистер, зиянкестер, контрреволюционерлер» деген айдар тағылды, қуғын-сүргінге ұшырады. Өз еңбектерінде ауыл шаруашылығын дамытудың басты жолы ретінде нарықтық қатынастарға зор мән берген Одаққа танымал ғалым-экономистер А.Чаянов, Н.Кондратьев және т.б. ауыл шаруашылығын зерттеумен айналысатын ғалымдар кулактардың көмегімен Кеңес өкіметін құлатуды мақсат етіп, «Еңбекші шаруалар партиясы» дегенді ұйымдастырушылар ретінде айыпталып тұтқынға алынды [7,60-б.]. Ал Қазақстанда А.Чаяновтың, Н.Кондратьевтің бағытын қолдаған, сөйтіп Қазақстанның нақты жағдайын ескеретін саясат жүргізуді ұсынған ғалымдар «чаяновшылар», «кондратьевшылар» деген

атауға ие болып қудаланды. Н.Сырғабекұлы өзінің «Ауыл шаруашылығы жөніндегі байшылдық қисындар мен зиянкестікке қарсы» мақаласында: «зиянкестер С.П.Швецов, Ә.Бөкейханов, С.Сәдуақасов, А.Рыбников, Полочанский капитализм дәуірін орнатуды мақсат етіп, социалистік құрылысқа қарсы дұшпандық саясат жүргізуде, олар Кондратьев, Чаянов ісіне, жолына түскендер», – деп айыптап жазды [18].

Қорыта айтқанда, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру мәселесінде екі көзқарас қалыптасты. Бірінші – алаштық және ауыл шаруашылық мамандармен ғалымдар көзқарасы. Екінші – кеңестік. Бірінші пікірдегілер Алаш қозғалысының басшылары, (Әлихан Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, т.б.) алаш зиялылары төңкеріске дейін отырықшылықтың отаршылдық мазмұнына қарсы шықса, төңкерістен кейін қазақтың дәстүрлі даму жолын қысқа мерзімде күштеп, жоспарлы түрде күйретуге, қазақ халқын зорлап отырықшыландыруға қарсы шықты. Екінші пікірдегілер кеңестік және партия басшылары «көшпелі және жартылай көшпелілерді отырықшыландыру қазіргі кезеңде едәуір күрделі іс, бірақ КСРО-да социалистік құрылысты онсыз аяқтауға болмайды» деген қағиданы басшылыққа алды [19]. Ал бұл қатерлі саясаттың кесірінен көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқы алапат аштыққа ұшырады.

REFERENCES

The article tells that the policy of settlement of nomadic and semi-nomadic Kazakh people formed two views: the first-the views of the Alash intelligentsia, agricultural specialists and scientists, the second – the Soviet approach.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Сәдуақасұлы С. Таңдамалы II том. – Алматы: Біріккен қазақ-моңғол «Атхан» кәсіпорны, 1993. – 255-б.
2. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. – Алматы: Ғылым. 1999. – 304-б.
3. Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. – Ал: Қазақстан. 1996. – 296-б.
4. Сириус М.Г. Перспективы развития сельского хозяйства Казахстана //НХК. 1926. – №3. 3-7-бб.
5. Донич А.Н. Проблема нового казахского аула //НХК. – 1928. – №№ 4,5. 141-166-бб.
6. Полочанский Е.А. За новый аул-кыстау. М., 192-б.
7. Омарбеков Т. Дәстүрлі қазақ шаруашылығын қорғаушылар қалай айыпталды? //Ақиқат, – 1993. – №5. – 59-61-бб.
8. Омарбеков Т. 20-30 жж. Қазақстан қасіреті. – Ал. 1997. – 320-б.
9. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2001. – 404-б.
10. Зверев И.А. От кочевания – к социализму. – А-Ата-М, 1932. – 144 с.
11. Сырғабек Н. Против буржуазных теорий развития сельского хозяйства. //НХК. 1931. – №5. – 10-14-бб.
12. Голощекин Ф.И. Еще раз о путях развития животноводства и об оппортунистах. //НХК. 1931. – №№8,9. – 24-30 с.
13. Исаков П. Методологические основы «торегожинщины» //Большевик Казахстана. 1931. – №№7,8. – 17-24-бб.
14. Тоғжанов Г. Буржуазные и мелкобуржуазные «теории» об ауле // НХК. 1931. – №5. – 21-34-бб.
15. Семевский Б.Н. К критике буржуазных теорий экономического развития Казахстана. //НХК. – 1930. – №№7,8. – 23-35-бб.
16. Федоров Е. Против оппортунистической ревизии политики партии в кочевом ауле. //НХК. – 1931. – №№10,11.
17. Кондратьевщина в Казахстане. Сборник статей. Алма-Ата. ОГИЗ Казкрайотдел. 1931. 144 с.
18. Сырғабекұлы Н. Ауыл шаруашылығы жөніндегі байшылдық қиындар мен зиянкестікке қарсы //Қазақстан Большевиі. – 1931. – №№5-6. 4-8-бб.
19. Вопросы оседания кочевников. Сборник статей и материалов под редакцией С.М.Диманштейна. Издательство «Власть советов» при президиуме ВЦИК. Москва, 1932. – 88 с.

ЯЛТАДАН СТАЛИНГЕ ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰлтАгрУ-дың кафедра меңгерушісі, профессор

Қоғам және мемлекет қайраткері Ыдырыс Мұстамбайұлы өмірінің жарқын кезеңдерінің бірі – оның Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып істеген кезі. 1925 жылдың 18 сәуір күні Нанеишвили, Қожанов, Ежов, Нұрмақов, Каширин, Меңдешов, Челышев, Кулетов, Боярский қатысқан қазақ өлкелік РК(б)П-ның алқа мәжілісінің күн тәртібінде мынадай мәселелер қаралды: Ақмола губерниясының прокуроры Ы.Мұстамбаевты Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағалығына ұсыну және Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің ұлттық кеңес құрамына делегаттар сайлау. Аталған күн тәртібі мәжілісте талқылانғаннан кейін мынадай қаулы қабылданады: 1. Ы.Мұстамбаевты Сырдария губаткомының төрағалығына бекіту. 2. БОАК-і ұлттық кеңесі құрамына бөлінген бес орынға Н.Нұрмақовты орталықтан, Каширинді жергілікті жерден, Мұстамбаевты Шығыс Қазақстаннан, Досовты Оңтүстік Қазақстаннан, Тоқтыбаевты Батыс Қазақстаннан ұсыну [1].

Бұл кезең шын мәнісінде Ыдырыс Мұстамбайұлы үшін өте бір жауапты кезеңнің бірі болған еді. Бар болғаны 27 жасында астаналық губернияның атқару комитетін басқару, енді ғана астаналық статуска ие болған қаланың әлеуметтік-экономикалық және мәдени қызметін жаңадандыру ісі және Сырдария губерниясының Түркістан автономиясынан бөлінгеннен кейінгі Қазақ автономиясының құрамында орнықтыру мәселелері оған оңай болмады.

Ыдырыс Мұстамбайұлы өмірінің жарқын белестерінің бірі саналатын Сырдария губаткомының төрағасы қызметінде бір жылдан сәл ғана аса мерзімде еңбек етті. Бұл жылдары жалпы Қазақстан аймағында билік үшін өзара талас-тартыс, бірін-бірі жікшілдікпен, ұлтшылдықпен айыптау «науқаны», «күресі» қызып тұрған кез еді. Оның үстіне Сырдария губерниясының астаналық губерния болуы, Ыдырыс Мұстамбайұлы сынды қайраткерді осы қызу таласты саяси күрестің бел ортасынан бірақ шығарған болатын. Осы кезеңде Қазақстандағы кеңестік құрылыстың өте ауыр жағдайда жүруінің басты себептерінің бірі, оның артында Орыс шовинизмінің тұруында еді. Олар Қазақстан сияқты отарлық қамаудағы езілген аймақтарға көмектесудің орнына қайта жергілікті жерлердегі ұлт саясатын ушықтырумен болды. Пролетариат диктатурасы деген ұранды алға тартқан олар, қазақ жеріндегі жұмысшы табы негізінен европалықтардан болғандықтан, билік те солардың қолында болуы керек деумен бірге жергілікті ұлт өкілдерінен маман аз деп, қазақ ұлтының өкілдерін билік тарапына жібергісі келмеді. Ұлттық республикалардағы өздерінің «үйретуші» рөлін асыра бағалап, бұрынғы патша шенеуніктерінен асып түспесе кем түспеді. Өздерінің ұлттық республиканың аумағында жүргендері оыларына да келмеді. Мұның салдарынан ұлттық мәселеге қатысты партия нұсқаулары мен партия съезінің шешімдері орындалмаған күйінде, қағаз жүзінде қалып жатты. Билік тармақтары мен әскери құрылымдардың негізгі тұтқалары (ОГПУ-дың төрағасы, партияның жауапты қызметкерлері, әскери округтың бастығы секілді) солардың қолында болғандықтан, республика аумағындағы ұлттық нышандарға қатысты барлық әрекеттер бақылауға алынып, тікелей Москвадағы өз басқармаларына хабарланып отырды. Әсіресе, Алаш қайраткерлерінің басқан ізі аңдулы болатын. Кеңес өкіметі

оларға ресми түрде кешірім бергенімен де, олардың халық арасындағы ықпалы мен беделі кеңестік құрылыс жолындағы қазақ қайраткерлеріне әсер етеді деп қорықты. Ұлттық республикалар тарапынан ұлттық қадамдар жолындағы іс-әрекеттердің барлығы партияның ұлттық директиваларынан ауытқу деп бағаланды.

Республикамызда қалыптасып отырған осындай саяси күрестің бел ортасында жүрген Ыдырыс Мұстамбайұлы губаткомның төрағасы қызметінде ең бірінші кезекке ұлт мүддесін қойды. Өз ұлтының мүддесі үшін күресті. Осынау қасиетті күресті атқарып жүрген қайраткердің қызметтік жолы Мәскеу Қазақ өлкелік партия комитетін басқаруға жіберген Ф.Голощекинмен түйіскен еді.

1925 жылы тамыз айында Қазақ өлкелік партия комитетінің жауапты хатшылығына тағайындалып, Қазақстандағы қызметіне қыркүйек айында кіріскен Ф.Голощекин қазақтың жауапты партия және кеңес қызметкерлерінің ішкі алауыздығынан мол хабардар еді. Ол Қазақстанға келгеннен кейін, өзінің жеке басының мүддесі жолында оны «ұтымды» пайдалануға кірісті. Өзінің пікірін батыл айта алатын және ұлт мүддесін қорғауда ештеңеден тайсалмайтын қайраткерлерді «топшылдықты» қоздырушы немесе «ұлтшыл» деп айдар тағып айыптауды ең алдымен қолға алды. Ондағы оның негізгі мақсаты осындай айыптаулар негізінде оларды тұқыртып алып, айдауына жүргізу болатын. Міне, сондықтан да Голощекиннің Қазақстандағы бітіспес қарсыластарының бірі – Ыдырыс Мұстамбайұлы болды. Ыдырыс Мұстамбайұлының кеңестік құрылысты жүргізу барысындағы ұлт мүддесін көздеген батыл ойлары мен қадамдары Голощекинге ұнамағаны белгілі. Сондықтан ол, губатком төрағасы Ыдырыс Мұстамбайұлының іс-әрекетінен кінәрат табуға тырысты, оның арты ашық түрдегі саяси күреске ұласты. 1926 жылы қыркүйек айында Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің атқарып отырған қызметінен босату жөнінде БК(б)П Қазақ өлкекомына өтініш береді. Ол өз өтінішінде былай деп жазған болатын: «БК(б)П Қазақ өлкекомына мені атқарып отырған қызметімнен босатуды өтінемін. Біздің жергілікті жердегі партия, кеңес жұмыстарындағы нақты және бірауызды басшылықтың жоқ болуы Сырдария губерниясында жұмыс істеуді қиындатып жіберді. Бұл өз кезегінде орталықтың жауапты қызметкерлері арасында келіспеушілік пен өзара түсініспеушілікке алып келді. ...Партиялық құрылыс мәселесі бойынша Бүкілқазақтық V партия конференциясының басшылық шешімдері, атап айтқанда «топшылдар» туралы мәселелерді біздің жергілікті жердегі көптеген жауапты қызметкерлер өздерінше түсініпті немесе мүлде түсінбеген. Осының барлығы күн сайын біздің ұйымымыздың жағдайынан сезініп, ол ауру қалыпты көріне бастады. Бұл жағдайдың одан әрі ушығуына соңғы кезде Фоминмен екеуіміздің арасындағы түсініспеушіліктер әсер етуде. Мен көптеген мәселелерге оның көзқарастарымен келіспеймін, губкомның хатшысы мен губаткомының төрағасы арасында келісе алмаушылық болғаннан кейін, алдағы уақытта жұмыс жақсы жүрмейді және бұл жәй ұйымның жағдайына әсер етері сөзсіз» [2].

1926 жылы 13 қыркүйекте өткен БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің алқа мәжілісінде Ыдырыс Мұстамбайұлының өтініші «Сырдария ұйымындағы

жағдай туралы» деген тақырыпта арнайы қаралды. Оның алқа мәжілісінде арнайы қаралуының өзіндік себебі бар еді. Сырдария губерниясындағы жағдай осыған дейін тікелей Голощекин басқарып отырған өлкелік партия ұйымына бағынатын және соған ғана есеп беретін аймақтық бақылау комиссиясында қаралып, онда Голощекин тікелей қолдап, дем беріп отырған И.Морозовтың басшылығындағы өлкелік бақылау комиссиясы істің байыбына бармай, ұлы орыстық шовинизмнің жетегімен губернияда қалыптасып отырған жағдайға біржақты баға беріп, Ыдырыс Мұстамбайұлының губерниядағы қызметіне «топшылдық», «ұлтшылдық» ұлт-аралық қатынасты ушықтырушы деген сынды біржақты қаралап баға береді. Мәжілісті жүргізіп отырған Голощекин Сырдариядағы жағдайды тыңдап талқылауды міне осы И.Морозовтың хабарламасын тыңдаудан бастайды.

Мәжілісте Ф.Голощекин бастаған шовинистер, оларды қолдаған өзіміздің І.Құрамысов, О.Исаев секілді «шолақ белсенділер» Ыдырыс Мұстамбайұлын сыңар жақ айыптайды. Ал халқымыздың ұлтжанды қайраткерлері Ж.Мыңбаев, С.Сәдуақасов, О.Жандосов біржақты айыптауларға қарсы шығып, бұл мәселеге объективті баға беруді жақтап, Ыдырыс Мұстамбайұлын қорғап сөйлеген болатын.

Жалпы мәжіліс барысындағы айтылған жағдайлардан көретініміздей Ф.Голощекин, И.Морозов, Фомин секілділер аталған уездердегі ұлы орыстық шовинизм әрекеттері жөнінде, онсыз да аз жергілікті халықтан шыққан мамандарға көрсетіліп жатқан қысымдар жөнінде және губерниядағы әлеуметтік-экономикалық саладағы қиындықтар жөнінде жақ ашпай, мәселенің әуенін басқа арнаға бұрып, барлық кінәні өзара топтасып, «рушылдықтың, жершілдіктің» шырмауынан шыға алмай жатқан қазақ қызметкерлеріне аудара салды. Олардың бабы нысанасы, өңірдегі ұлт мүддесі жолындағы күресте табандылығымен, қайтпас қайсарлығымен көріне білген «ұлтшыл» Ыдырыс Мұстамбайұлы еді.

Мәжіліс соңында сөз сөйлеген Ыдырыс Мұстамбайұлы өзіне қатысты қабылданған шешімге наразылығын ашық білдірді. Сырдария губерниясындағы саяси жағдайдың объективті қаралмай, Голощекин бастаған топтың, өз жағына қарай бұра тартып, негізсіз айыптауларға, ұлттық кадрларды қудалауға жол беріп отырғанын айқын түсінген ол: *«Мен, қабылданған шешімде түсініксіз мәселелер бар деп есептеймін. Онда, жолдас Мұстамбаевтың Қазалы және Түркістан уездеріне барғаны, көпшілік және азшылық туралы айтылды. Осы азшылыққа байланысты Мұстамбаевты кінәлі ете отырып, мені жұмыс істеуге қайта жібермекші. Өлкекомның бұндай шешімі, тағы да әртүрлі алауыздыққа негіз болатынын мәлімдеймін. Бұған дейін де алауыздықтар көп болды және тағы да болатындығына ешқандай да кепілдік жоқ»*, – деп аяқтаған болатын [3].

Ия, Ыдырыс Мұстамбайұлының айтқаны өкінішке орай дәлме-дәл қайталанды. Қазақтың ұлтжанды қайраткерлері мен Голощекиннің соңынан ерген шовинистер, өзіміздің шолақ белсенділер арасындағы ұлт мүддесі жолындағы күрес бұдан кейінгі жылдары, өршігеннің үстінен өрши түсті. «Сырдария ісіне» қатысты негізсіз айыптаулар, жапқан жала Ыдырыс Мұстамбайұлының өмірінің соңына дейін қалмай қойды. Голощекин бастаған шовинистер қажет кезінде осы істі «тіімді пайдаланып» бұрмаланған күйде, ұлтжанды қайраткерлерге қарсы «ұлтшылдықтың», «топшылдықтың» мысалы ретінде, қайта-қайта қайталаумен болды. Ф.Голощекин өзінің «кадрларын», олардың ісін қызғыштай қорғады. Олардың жергілікті қайраткерлерге көрсетіп отырған қысымын: *«Вредный уклон в постановке этой группой – это лозунг против европейцев вообще. Когда стоит вопрос о помощи партийным работникам и центра, опомощи пролетарского руководства, они*

это рассматривают, как колонизацию европейскими работниками со стороны Москвы. Это уже отречение Букейхановщины», – деп ақтап, көсемсінген еді [4].

Ыдырыс Мұстамбайұлының қоғамдық-саяси өміріне қатысты «Сырдария ісіне» кеңірек тоқталуымыздың өзіндік себебі бар. Бұл оқиға шын мәнісінде сол кезеңдегі бүкіл ұлтжанды қайраткерлердің де қоғамдық-саяси өмірінде терең із қалдырумен қатар, алдағы саяси күрестің негізгі бағыттарын айқындап берді. Бұл саяси күрес, қазақ халқының өмірлік мұралары жер мәселесінен, жергіліктендіруді жүзеге асырудан, ұлттық саясатты жүргізуден айқын көрініп, ұлтжанды қайраткерлер мен Голощекиндік топтың арасындағы бітіспес күреске ұласты.

Мәжілістен кейін денсаулығына байланысты демалыс алып, емделуге кеткен Ыдырыс Мұстамбайұлы Ялта қаласынан бас хатшы Сталиннің атына хат жазады.

Құрметті жолдас Сталин!

Біздің Қазақ Республикасындағы көптеген жергілікті қызметкерлерді және мені принципалды сипаттағы кейбір сұрақтар және қазіргі өміріміздегі кейбір мәселелер алаңдатып отыр. Сіздің ықыласыңызды аударатындығына және сіздің қолыңызға тиетіндігіне сенімді болмасам да осы хатпен өзіңізге баяндауға мәжбүрмін.

Қысқаша айтайын: сіздің халықаралық және одақтық көлемдегі мәселелермен қолыңыздың бос емес екенін білемін және сіздің уақытыңыз біздің партия үшін өте қымбат, сондықтан сізге баяндауға мәжбүр еткен жағдайды қысқартып баяндайын.

Мен жергілікті Қазақ (Қырғыз) жұмыскерімін, шыққан тегім жұмысшыдан, 1920 жылдың ақпан айынан партия мүшесімін, Шымкент қаласында Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып істеймін және Одақтық ОАК-тің мүшесімін. Қазіргі уақытта Ялта қаласындағы Туберкулез институтында емделіп жатырмын, осында 22 қарашаға дейін боламын. Қайтар жолда Москва арқылы өтетін болғандықтан, қарашаның 25-26 күндері мені өзіңіздің қабылдауыңызды өтініп сұранамын. Өзіңіз келіскен жағдайда, бұл жөнінде маған хаттың соңында көрсетілген мекен-жай бойынша хатшыларыңыз арқылы хабарлауыңызды өтінемін.

Мен өзіңізбен мынадай мәселелер туралы сөйлесем деп едім:

1. Біздің партияның ұлттық саясаты жүргізудегі нәтижелері мені қанағаттандырмайды. Украина мен Грузияны айтпағанда басқа республикалардағы жағдайдың қай деңгейде екенін білемін, барлық жерде бірдей. Біздің Қазақ (бұрынғы Қырғыз) республикасында жағдай мез емес. Шындығында, бұл мәселенің принципалды түрде шешілуін қажет етіп отырғанымыз жоқ, ол өзінің шешімін партия инстанцияларының шешімдерінен, біздің көсемдеріміздің оқуларынан тапқан болатын, бірақ, менің ойым бойынша біздің алдымыздан іс-жүзінде күрделі сұрақтар шығып отыр. Бұл мәселеге көңіл аударудағы кейбір келеңсіздіктерді айтпағанда партияның соңғы екі жылында көптеген өмірлік маңызы бар мәселелері болды. Бірақ, менің ойымша, осы сұрақты күн тәртібіне тағы да қоюдың уақыты келді.

Шаруалар туралы сұрақ болатын болса, көпшілігінде орта және кедей Рязандық немесе Москва губернияларының шаруалары есепке алынады. Ұлттық мәселе, ол шаруалар мәселесі, бірақ басқаша қалыпта, олай болса бұл туралы сөйлесуіміз керек, бұл біріншіден. Екіншіден, менің қателесуім де мүмкін, бірақ менің ойымша бұл мәселеде партия шешімдері іс-жүзінде біздің шеткі республикаларда бұрмалануда. Жолдас Сталин мені кешіріңіз, мен сіздің алдыңызда ашық болғым келеді. Бұрынғы метрополиямен отар аймақтардың қарым-қатынасының арасында үлкен айырмашылық жоқ, Ильич айтқандай: «Сәл ғана кеңестік әлеммен сылап

қойған». Бұрынғы метрополияның революциялық-пролетариаты артта қалған миллиондаған шеткері аймақтың қалың бұқарасымен дұрыс қарым-қатынасты тұрғызған жоқ және осы қуыстан бізге қарсы дұшпандық күш шығып, өзіне ұя жасап алама деп қорқамын. Ұлыдержавалық Ресейдің мыңдаған жылдарға созылған тарихының қалдықтары, бұрынғыдан мирас етіп алған ескі әдеттер, әлі де бізді жоғарыдан басып тұр. Бұл мәселеде партияның саяси шешімдерін іс-жүзіне асыруда қандайда бір бақылауды қою керек екені көрініп тұр.

2. Европалық және жергілікті партия ұйымдары арасында біртұтас интернационалдық шыныққан коммунистік бағыт болмай отырған жерде, біздің партиялық ұйымдардағы келеңсіз құбылыстарды жеке кейбіреулердің әрекетінен туындап отырған құбылыс деп санауға болмайды. Бір жағынан европалық басшы қызметкерлер, іс-жүзіндегі партия саясатының ұлттық революциялық маңызын түсінуден алыс жатыр. Олар көптеген жағдайларда біржақтылықтан, Москваның әдіс-тәсілдерін көшіруден зардап шегуде, әкімшілікке әуес, көптеген жағдайларда коммунистік тәрбие туралы өзіндік ойлары басым. Соңғы жылдары жергілікті коммунистердің орталық ядросының, белсенді тобының өсіп-жетілгенін елегісі келмей, олар жергілікті коммунистерге қамқоршы секілді жоғарыдан қарайды, немесе олар тарапынан солар ғана коммунизмді орнатушы және солар ғана коммунистік басшылықты қамтамасыз етуші секілді зиянды ағым, өздерінің рөлін асыра бағалау байқалады. Екінші жағынан, ұлтшылдыққа ұласқан барлық европалық қызметкерлерге сенімсіздік, амалсыздан бағыну, томағатұйықтық байқалады. Біздің осындай жағдайымыздан өздеріне жайлы орын тапқан, бізге қарсы дұшпандық идеология жайлап қалыптасып күш алып келе жатыр.

3. Өте зәру сипаттағы тағыда кейбір сұрақтарым бар.

Сізді қабылдайды деп үміттенемін, қысқаша болсын деп осымен аяқтаймын.

Жолдас Сталин, қайталаймын бұл сұрақтар біздің жергілікті қызметкерлердің көпшілігін мазалауда және жергілікті жерлердегі жағдай өте қиын, өткір күйінде тұр.

Коммунистік құрметпен: Мұстамбаев.

9 қараша 1926 ж.

Ялта қаласы, Туберкулез институты. Мұстамбаев.

1926 жылы 17 қараша күні болған БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде Ыдырыс Мұстамбайұлының жұмысы жөнінде мәселе қаралып: «Жолдас Мұстамбаевты Сырдария губерниясынан кері шақырып алу. Оны пайдалану жөніндегі мәселені, ол келгеннен кейін шешу. Сырдария губерниясы атқару комитетінің төрағасы қызметіне жолдас Жанайдар Сәдуақасовты ұсыну» жөнінде қаулы қабылданады [5]. Яғни, Ыдырыс Мұстамбайұлы еңбек демалысы кезінде оның мәселесі сыртынан қаралып, орнынан алынған.

1926 жылы қараша айында Қазақ өлкелік партия комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумы болды. Пленумда «Ішкі саяси жағдай туралы» деген тақырыпта негізгі баяндама жасаған Ф.Голощекин Қазақстандық партия ұйымында қалыптасып отырған «жікшілдікті» сынаған болып, өзінің қарсыластары, қазақтың ұлтжанды қайраткерлері С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, С.Сәдуақасовтарға қарсы бар кінәні аударып, Қазақстандағы кеңестік құрылыстың ілгері дамуына барынша кедергі келтіріп отырған «жікшілдердің көсемдері» етіп көрсетуге барынша күш салды. Осы пленумда Голощекин ұлтжанды қайраткерлерді қаралауға бағытталған «көпірме» сөздерінде «Сырдария ісін» тіліне тиек етіп, Қазақ қайраткерлері тарапынан айтылған объективті пікірлерге теріс мағына берді. Ұлт мүддесін, ұлы орыстықөктемшілдіктен қорғауға бағытталған пікірлердің барлығын да «топшылдықтың», «жікшілдіктің» әрекеті ретінде бағалады. **Топшылдықты қоздырып, соның жетекшісі ретінде европалықтарға қарсы жалауды бет-перде етіп билікке қарсы шығып отыр деп С.Сәдуақасовты айыптаған Голощекин осы Ялта қаласында демалыста болған кезінде Ыдырыс Мұстамбайұлының жолдасына жазған: «Барлық уақытта жолдас Голощекинге сенуге болмайды, «Ежовтың қолымен Қазақстанда коммунизм орната алмайсың» деген сөзінен мысал келтіріп қайраткер тұлғаны да сынаған болатын [6].**

1930 жылдардағы халқымыз басынан кешкен тарихи оқиғаларға көз жүгіртіп қарасақ, Ыдырыс Мұстамбайұлының осы сөздерінде көрегендік пен үлкен әлеуметтік-саяси мәні бар шындық болғанын көруімізге болады. Оның, Голощекин мен Ежов сияқтыларға берген сипаттамасы сол кездің өзінде-ақ Қазақстан мен бүкіл кеңестер одағын қамтыған аласапыран қуғын-сүргін жазалау науқандарының алдын-ала болжағандай ойға қалдырады. Міне осы кезден бастап, Ыдырыс Мұстамбайұлы Голощекин тарапынан Сәдуақасовшылдықтың «губерниялық деңгейдегі» жақтасы, қолдаушысы тұрғысынан қараланып, ашық түрде қуғынға түсті.

Қайраткер, тұлғаның саяси өмірінің бір кезеңіне ғана тоқтала отырып, сол кезеңдегі саяси өмірдің келеңсіздіктерінің бетін ашатын бас хатшыға жазған хатын қазақшаға аударып жариялап отырмыз. Қайраткер тұлғаның бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық саяси қызметін ашу жолындағы жұмысты алдағы уақытта да жалғастыратын боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР ПМ. 141-қ, т-1, іс-13. 43-44-пп.
2. ҚР ПМ. 141-қ, т-1, іс-490. 289-290-пп.
3. ҚР ПМ. 141-қ, т-1, іс-490. 362-пп.
4. ҚР ПМ. 141-қ, т-1, іс-38. 151-пп.
5. ҚР ПМ. 141-қ, т-1, іс-488. 103-пп.
6. ҚР ПМ. 141-қ, т-1, іс-38. 124-пп.

Құттықтаймыз!

ПРОФЕССОР ДОСАЛЫ САЛҚЫНБЕК С.ҚОЖАНОВ МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ!

Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Қазақстан тарихы және Қазақстан халықтарының мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, профессор, журналымыздың ақылдастар алқасының мүшесі Салқынбек Досалы Исаханұлы Алаштың ұлт жанашыры, халқымыздың мақтаныш тұтатын сүйікті перзенті, Қазақстан мен Орта Азияның аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист

Сұлтанбек Қожановты жас ұрпаққа танытудағы және жастар арасында отаншылдық, патриоттық тәрбиені жүргізудегі еңбегі үшін «Сұлтанбек Қожанов – 125 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Редакция алқасы Досалы Исаханұлын шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, үлкен шығармашылық табыс тілейді!

Редакция ұжымы.

Қазақ тарихы

№9 (176), қараша, 2019

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕР АУДАРЫЛУЫ

(1936-1940 жылдар)

Арайлым МҰСАҒАЛИЕВА,
тарих ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін, яғни 1936 жылы Солтүстік Қазақстанға халықтардың жер аударылуы үлкен көлемде жүзеге асты. Осы жылдан бастап поляктарды Қазақстан мен Орталық Азияға жер аудару басталды. Басты себебі – КСРО-ның Батыс Украинадағы шекара облыстарындағы саяси жағдайдың шиеленісуі, екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында КСРО мен Польша арасындағы халықаралық қатынастардың қиындауы.

1935-1936 жылдары елде этникалық белгілері бойынша адамдарды күштеп қоныс аудару саясаты жүргізіле бастады. Жартылай этникалық тазалау ретінде бағалауға болатын бірінші жер аударылу 1935 жылдың көктеміндегі Ленинград облысының шекара алқабынан және Карелиядан фин халқының қоныс аударуы болды. 1935 жылы сәуір-мамыр аралығында жүзеге асырылған осы операция нәтижесінде, жалпы саны 23 217 адамды құрайтын 5059 фин отбасы көшірілді, оның ішінде Солтүстік Қазақстанға – 2122 отбасы жіберілді [1].

1936 жылы Қарағанды облысы жеке, тәуелсіз екі облысқа бөлінді. 1936 жылы БОАК Президиумының қаулысымен Қарағанды облысы – Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарына бөлінді. Қарағанды облысының орталығы Қарағанды қаласы, Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласы болды. Қарағанды облысына Ақмола, Вишневицкий, Қорғалжын, Новочеркасск, Еркіншілік аудандары, ал Солтүстік Қазақстан облысына Атбасар, Есіл, Калининский, Макинский, Молотовский, Сталинский аудандары берілді [2].

Осы жылы сәуірде КСРО Халық комиссарлар Кеңесі «Саяси сенімсіздер ретінде поляктардың Украин КСР-нан Қазақ КСР-не қоныс аударуы туралы» қаулы қабылдады. Осы кезеңде поляктардан басқа, Балтық жағалауы республикаларының, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның аумағынан неміс отбасылары да жіберілді. КСРО Министрлер Кеңесінің 1936 жылғы 28 сәуірдегі қаулысына сәйкес, 1936 жылғы ақпанда БК(б)П Қазкрайком бюросы ұсынған Украинаның қоныс аударушыларын қоныстандыру жоспарын ескере отырып, №776-120 «өте құпия» белгісі бар, Қарағанды облысына КСРО мен Польшаның батыс шекарасының 800 метрлік шекара аймағынан 15000 шаруашылық – 45000 немістер мен поляктар (поляктар 35820, немістер 10000 адамнан кем емес) шығарылды. 1936 жылы 25 маусымда бірінші кезектегі 40 эшелон құрамында 25778 адам Қазақстанға келді [3].

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ІІХК-ның мәліметтері бойынша, 1936 жылғы 27 маусымда 4 маусымнан 21 маусымға дейін Украинадан 26 778 адам – поляк және неміс ұлттары жер аударылды [4]. Оларды ауыл шаруашылығымен айналысатын еңбек поселкелеріне көшірді. Сонымен бірге облыс аумағында 35 еңбек поселкелерін салу жоспарланды. 1936 жылдың маусым және қыркүйек айларында екі облысқа бөлінген бұрынғы Қарағанды облысына: Украинадан 14 048 қоныс аударушы шаруашылық әкелінген, құрамында 63 976 адам бар. Әкелінген қоныс аударушылар Солтүстік Қазақстан облысында – 12 008 шаруашылық, оның ішінде 9 150 шаруашылық жаңа поселкілерге және 2858 шаруашылық қазіргі колхоздарға қоныстандырылды. Қоныс аударушыларды орналастыру үшін Солтүстік Қазақстан облысы

бойынша 362 000 га бөлінді, облыс аумағында 31 колхоз ұйымдастырылды. Құрылыс жүргізілді, оның ішінде тұрғын үйлер – 3525, санитарлық-медициналық ғимараттар – 43, сауда-коммуналдық ғимараттар – 213, МТС – 29, ауылшаруашылық құрылыстар – 141, мектептер – 41 және аула құрылыстары – 2817 салынды [5]. Алайда осы жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша, облысқа 68 000 адам келіп, қоныстанды. БК(б)П ОК қоныс аударушылардың орналасуына, құрылысына және шаруашылық-тұрмыстық құрылысына басшылық жасау ІІХК органдарына жүктелді. Қоныс аударушылар үшін 25 колхоз және 3 МТС ұйымдастырылды.

Арнайы қоныс аударушылар Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысының Блюхер, Летовочный аудандары мен Ақмола, Шортанды аудандарына орналастырды. 1938 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Солтүстік Қазақстан облысында арнайы қоныс аударушыларды қоныстандыру: Келлеров ауданы, поселкілер: 21 319 адам, оның ішінде: а) поляктар – 12 353; б) немістер – 4915; в) украиндар – 298 және кәрістер – 3466 адам; Красноармейск ауданы, поселкілер: 21 471 адам, оның ішінде: а) поляктар – 12 272; б) немістер – 5266 адам; в) украиндар – 119 және кәрістер – 3750 адам; Сталин ауданы, поселкілер: 12 286 адам, оның ішінде: а) поляктар – 2209; б) немістер – 555 және т.б. ұлттар [6].

Соғысқа дейін арнайы қоныс аударушылардың құқықтары толық шектелмеген еді. Қоныс аударушы контингент азаматтық құқықтары және қоныстандырудың әкімшілік ауданы шегінде жүріп-тұру құқығына ие болған, бірақ қоныстар орындарынан шығу құқығы болмады. Тұрғынүй-шаруашылық және коммуналдық-тұрмыстық құрылыс, сондай-ақ контингенттің ауыл шаруашылық құрылымын Лагерлер Бас Басқармасы ІІХК-на басқаруына берді. Олар КСРО азаматтары болып қалды.

Барлығы 35 820 поляктар қоныс аударды, оның ішінде 35 739 (99,8%) – Қазақстанға, негізінен республиканың солтүстік облыстарына қоныс аударды [7]. Арнайы қоныс аударушылар колхоздарға біріктірілді.

комплексного междисциплинарного подхода, что способствует выявлению общественного мнения и воззрений по актуальным вопросам жизни людей. По письму фронтовика Камальдинова Х.Г. 8 июня 1944 г. Мануильский Д.З. отправил запрос в адрес начальника наградного отдела Главного Управления кадров Народного Комиссариата Обороны СССР майора т. Лобода. В нем подчеркивается: «Убедительно прошу Вас проверить заявление Камальдинова и в случае подтверждения правильности удовлетворить. Адрес Камальдинова: Ново-Кубанка, Шортандинского района, Акмолинской области Казахской ССР. О результатах прошу сообщать мне в ЦК ВКП /б/. Кремлевская вертушка 2395. /Д. Мануильский/» [15]. Также 8 июня 1944 г. инвалиду второй группы Камальдинову Х.Г. секретариатом было сообщено: «В связи с Вашим письмом тов. Мануильский обратился в Народный Комиссариат Обороны СССР с просьбой проверить и принять меры по Вашему заявлению. О результатах Вам будет сообщено» [16].

Таким образом, письма казахстанцев – участников Великой Отечественной войны – это документы личного происхождения. Они являются содержательным и уникальным источником исследования и изучения социальной повседневности казахстанского общества в военное время. В годы войны закладывалась основа развития социальной политики по отношению к фронтовикам и их семьям. Анализ писем дает возможность глубже изучать явления и события исторического процесса, определить направление и содержание помощи инвалидам Отечественной войны. Возврат к трудовой деятельности способствовал активному их участию в созидательной деятельности.

Важно сохранить историческую память о Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. молодому поколению казахстанцев. В условиях глобализации и информационных технологий большое значение имеет диалог поколений. Формирование патриотизма определяет необходимость и актуальность изучения истории своей страны, своего родного края. Модернизация исторического сознания – основа конкурентоспособного и устойчивого развития Казахстана в реалиях XXI века.

Выражаем благодарность сотрудникам Государственного архива Российской Федерации (ГАРФ), Российского государственного архива социально-политической истории (РГАСПИ), Российского государственного военного архива (РГВА) РФ, г. Москва за помощь и содействие в поисково-исследовательской работе по Проекту «Архив – 2025».

ЛИТЕРАТУРА

1. Абсеметов М.О. Россия – Казахстан: вклад ученых в Великую Победу. – Томск: Изд-во Том. ун-та, 2017. – 376 с.
2. РГАСПИ. Ф.523. Оп.1. Д.34. Л.14-16.
3. РГАСПИ. Ф.523. Оп.1. Д.114. Л.26, 26 об., 27-28.
4. Там же. Л.24.
5. Там же. Л.23, 22.
6. Там же. Л.32, 31.
7. Там же. Л.27.
8. РГАСПИ. Ф.523. Оп.1. Д.115. Л.40.
9. Назарбаев утвердил новый вариант казахского алфавита на латинице / URL: <https://www.zakon.kz/4904735-nazarbaev-utverdil-novyy-variant.html> (дата обращения 21.08.2019).
10. РГАСПИ. Ф.523. Оп.1. Д.114. Л.11.
11. Там же. Л.10.
12. Там же. Л.33.
13. Там же. Л.34, 35-38.
14. РГАСПИ. Ф.523. Оп.1. Д.114. Л.41.
15. Там же. Л.40.
16. Там же. Л.39.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ

(Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең)

Эльмира АБЛАНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті «Қазақстан тарихы»
кафедрасының меңгерушісі, доцент

Адам болмысының рухани мәдениетін жан-жақты дамытудағы зиялы қауымның орны өте жоғары. Олар – интеллектуалдық еңбектің, рухани өркениеттің айнасы.

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары зиялы қауымға өкімет тарапынан субъективті көзқарас өрістеді. 1919 жылы Лениннің нұсқауымен патша тұсындағы орыс зиялыларының негізгі көпшілігі: ғалымдар, философтар, жазушылар Ресейден жер аударылса, 1930 жылдардың аяғына таман Сталиннің саясатымен, алдыңғы қатарлы зиялылар тобына «халық жауы» деген айдар тағылып, ату жазасына кесілді [1.278, 280-66.]. Қазақстандағы енді ғана қалыптасып келе жатқан алғашқы қазақ зиялыларының бір тобы осы саясаттың құрбанына айналды.

Зиялылар тоталитарлық режим үшін қауіпті қарсылас болатын. Себебі олар социалистік режимнің халықты және интеллект ойшылдарды қолдарындағы ойыншық құрал қылып ұстайтынын алыстан болжаған болатын. Тіпті партия қатарына қабылдаған кезеңде де оларға күдікпен қарап, КПСС партиясының жұмысшы табының партиясы екендігін қайта-қайта естеріне салып отырды.

Тоталитарлық диктатура ғылым саласындағы оқымистылардың, творчество адамдарының еңбектерін ашық айтуға тежеу салып, қатаң цензуралық бақылаумен жұмыс жүргізді. Кеңестік жүйе үшін өзінің саясатын халық арасында үгіттеуші, КПСС партиясының идеясын елге жеткізушілер керек болды.

Жұмысшылар партиясының идеологиясы ойшыл зиялыларға творчестволық бостандық бермеді. Мемлекет пен партия тарапынан зиялылар ұдайы бақылауда отырды. Кеңес дәуірі тұсындағы зиялылардың өзі бірнеше топқа бөлінді. **Бірінші:** бұлар жоғары партия және Кеңес өкіметінің басшылары, обком, райком, кәсіподақ бастықтары. Олар бюрократтық жүйенің білік тобын құрады.

Екінші топта – мемлекетке жасаған қызметіне қарай жеңілдіктері бар және марапаттау алған зиялылар: өндіріс басшылары, колхоз, совхоз директорлары, халық артистері, танымал жазушылар, суретшілер болды. Олардың саны шектеулі еді. Бірақ мемлекеттік деңгейдегі атақ пен даңқ (лауреат, депутат, Еңбек Ері) белгілі бір статустық дәреже беріп, тоталитарлық жүйенің сүйенішіне айналдырды.

Үшінші топқа өмір сүру әдісінде тек қана айлықпен күн көрген зиялылардың негізгі бөлігін жатқызамыз. **Олар:** халыққа білім беру саласындағылар, денсаулық сақтау, инженер, техниктер, қорғаныс офицерлері. Бұл зиялылар тобы басқалардан жоғары білімімен, рухани мәдениетімен ерекшеленді, басқа қырынан: айлық жалақысымен, тұрмыс-тіршілігімен алғанда жалпы бұқара халықтан айырмашылығы болмады, ал саяси

статусы тұрғысынан жұмысшылардан төмен тұрды.

Қазақстандағы ұлттық зиялылар тобы 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қалыптаса бастады. Кеңес дәуірі тұсындағы басқа республикалармен салыстырғанда Қазақстан зиялылары – халық арасынан шыққан халық зиялылары. Қазақ зиялыларының қалыптасуының мынадай ерекшеліктері бар: **біріншіден**, қазақ тарихындағы алғашқы халық ішінен шыққан ой еңбегімен айналысатын маман кадрлар тобы, ал **екіншіден**, қазақ халық зиялылары кешегі жұмысшы мен шаруадан шыққандар.

XX ғасырдың басында қазақ кеңестік зиялылар тобын толықтырып отырған жоғары оқу орындары мен маманданған орта білім беретін оқу орталықтары қалыптасты. 1930 жылдардан бастап-ақ зиялылар санын оқу орындарының түлектері көбейтті. Қазақстан территориясындағы алғашқы оқу орны 1928 жылы ашылған Алматы қаласындағы Қазақ педагогикалық институтын алғашқы республиканың 50 мұғалім маман кадры 1931 жылы бітіріп шыққан [2. 310-п.]. Олар – Кеңес дәуіріндегі республикадан білім алған алғашқы мамандар. Қазақстан 1917 жылға дейін бірде-бір жоғары оқу орталығы жоқ, артта қалған елдің қатарында болса, енді оның жоғары және маманданған орта білім ордасына айналуы шын мәнінде тарихи оқиға болатын. Бұл ретте Кеңес өкіметінің білім саласындағы жүргізген саясатының нәтижесі еді.

Зиялылардың жоғары білімді квалификациялық тобын ғалымдар құрайды. Олардың саны да жылдан жылға көбейген. Қазақ ғалымдарының санының артуына Ресей, Украина республикаларының ғалым мамандары көмектесті. 1947 жылы Ғылым Академиясының жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде 487 ғалым қазақ жұмыс жасаған. Жергілікті ұлт өкілдерінен тұратын ғылыми зиялы маманды дайындау 50-ші жылдардан басталды. Бұл кезеңде ғылым саласындағы жергілікті ұлт өкілдерінен құралған маманданған кадрлардың квалификациялық құрылым бағыты өзгеріп, қазақтар бұрын меңгермеген математика, физика, химия салаларында, техникалық маман иелері арасында көбейді. Сол кезеңдегі қазақ ғалымдарының жылдар межесіндегі сандық өсім динамикасын алып қарасақ: 1950 жылы барлық ғылым саласындағы қазақтар саны 739 адамға, 1960 жылы – 2290, 1965 жылы – 4253, 1970 жылы – 7905 адамға тең болған, оның ішінде доктор ғалым қазақтар 1950 жылы – 19 адамнан, 1960 жылы – 42-ге, 1965 жылы – 74-ке, 1970 жылы – 168 адамға артқан болса, ғылым кандидаттары саны 1950 жылы – 181 адамнан, 1960 жылы – 397 адамға, 1965 жылы – 1055-ке, 1970 жылы – 2338 қазақ ғылым кандидатына көбейген [3.282-п.].

Қазақ ғылыми зиялы тобының сандық құ-

рамы әр он жыл өткен сайын өсіп отырғанын байқаймыз. 1950-1960 жылдар аралығында ғылым докторлары екі есеге, 1960-1970 жылдары төрт есеге көбейіп, 1970 жылдың аяғында қазақ ғылымындағы зиялылардың үлестік салмағы – 30,0%-ке жетсе, ғылым докторлары – 40,0%; ғылым кандидаттары – 38,0% құраған.

Қазақстандағы Кеңестік заман кезеңінде ғылыми зиялы қауымды даярлаудың негізгі түрі – аспирантуралық оқу негізінде қалыптасты аспирантура жеке жоғары оқу орындарында соғысқа дейінгі жылдары ашылса, КСРО Ғылым Академиясының жанынан 1942 жылы Қазақ филиалының ішінен ұйымдастырылды. Бірақ бұл жылдардағы қазақ аспиранттарының саны 1780 адамға, немесе республикадағы бар аспиранттың 71,2% құраған, 1965 жылы 397 қазақ аспиранты диссертация қорғаса, 1970 жылы олардың саны 561 адамға көбейген [4.11-б.].

Жалпы алғанда қазақтардың білім деңгейінің өсуі, яғни сауаттылық тұрғысынан алғанда, бұрынғы КСРО мемлекетінің ішіндегі республикалар көрсеткішінде 1990 жылдары 4-орында болған. Қарастырып отырған жылдар кезеңінде қазақ зиялылары жалпы халықтың 25%-не тең.

Республика көлемінде жоғары және орта білім алуда қазақтардың үлестік салмағы жылдан-жылға көбейген. 1927-1928 жылдарымен алып қарағанда, 1958-1959 оқу жылдарында орта білімді қазақтар саны 8 есе өссе, жоғары оқу орындарындағы студенттер саны 82 есеге дейін артқан. Оның ішінде басқа этностарға қарағанда қазақ қыздарының білім деңгейінің көтерілуі жоғары деңгейде. 1931 жылы республика бойынша 19 қазақ қызы жоғары оқу орнында оқыған, 1956 жылы 4663 қазақ қызы жоғары оқу орнының студенті қатарына қабылданған [5. 81,82,83-пп. Есептеу автордікі Э.А.].

Жоғары білімді қазақ маман кадрларының санының жылдан-жылға артқанын мына сандардан көреміз: егер де 1932-1934 жж. Жоғары оқу орындарында 130 қазақ маманы дайындалған болса, 1954-1956 жж. 7000 қазақ жоғары білімге ие болған [6.81,82,83-пп. Есептеу автордікі Э.А.].

Елдің халықшаруашылық салаларына тартылған қазақтардың орта және жоғары білім дәрежесінің өсуі 1954 жылдан (34,5%), 1957 жылы (55,0%) 1,5 есеге өскен. Ал 1960 жылы республикадағы әр 1000 адамға 12-жоғары білімді, 239 орта және аяқталмаған орта білімді маманнан келген [7. 111-п.].

1959 жылы Қазақстан халықшаруашылығында барлығы 112951 жоғары білімді адам болса, оның 27005 қазақтар, 60,2-орыстар, 11.000-ы украиндықтар және басқа ұлт өкілдері құраған [8. 99-б.].

Барлық ұлт өкілдерінің ішінде жоғары білімді қазақтардың үлестік салмағы 23,9%-ке тең болды. Оның ішінде қазақ әйелдері (барлық ұлттар арасындағы әйелдердің сандық үлесімен салыстырғанда) 15,4%-ке жеткен. Инженер мамандығын игерген жоғары білімді қазақтар – 10,7%, агроном, зоотехник, мал дәрігерлері – 23,4%, медициналық дәрігерлер – 10,2%, педагогикалық және университет мамандарының үлестік салмағы – 34,8% тең [9.6188. Есептеу автордікі Э.А.].

Ал республикадағы бұл жылғы маманданған орта білімді қазақтардың алған үлестік салмағы 16,1%-ке көтеріліп, жалпы әйелдер арасында қазақ қыздарынан маманданған орта білімділері – 9,4%-ке жеткен. Негізгі мамандық түрлерінен жалпы халық арасындағы қазақтардың алған үлестік салмағына тоқталатын болсақ: техниктердің – 6,6%, агроном, ветфельшерлердің – 31,5%, орта медицина қызметкерлерінің – 7,7%, педагог, библиограф, мәдени қызметкерлердің – 29,8%-ін қазақтар құраған [10. 2-8-пп., 188-191-пп, 73-78-пп., 5-9-пп., 75-80-пп. Есептеу автордікі Э.А.].

Жергілікті қоныстанушылар арасындағы білім деңгейін салыстырмалы түрде алып қарасақ, жоғары білімділердің үлестік салмағы, орта білімді маман иелеріне қарағанда артық. Мамандық таңдауда қазақтардың көп білім алған оқу орындары ауылшаруашылығы және педагогикалық білім ошақтары болған, ал техникалық инженер мамандығын игерген қазақтар саны ол жылдары 10 процент төңірегінде ғана қалған.

1960-1961 жж. Қазақстанда барлығы 28 оқу орны болса, оның бесеуі техникалық, төртеуі ауылшаруашылық, он екісі педагогикалық, төртеуі медициналық және халықшаруашылығы институты, дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орны, консерватория жұмыс жасады. Жоғары оқу ордаларында 77 мың студент дәріс алып, оның 53%-ін қазақтар құраған, сол жылғы 139 маманданған орта білім беретін оқу орындарында 87 мың адам оқыса, оның 32% – қазақ жастарының үлесіне тиген.

Бұл кезеңде жоғары оқу орнындағы қазақ қыздарының сандық көрсеткіші артты. 1960 жылы олардың саны 10 мыңға, немесе барлық қазақ кадрларының 29%-не жеткен [11. 100-105-пп., 275-279-пп., 78-82-пп., 88-92-пп., 152-156-пп.].

Осы жерден айта кететін бір мәселе, 1939 және 1959 жылдар аралығындағы санақ барысында жергілікті ұлт өкілдерінен дайындалған мамандардың саны 10 адамнан аспаған, яғни, білімді мамандарды толықтыру барысындағы мемлекеттік тежеу саясаты салдарынан, тағы бір себебі Ұлы Отан соғысы кезеңінде жоғары оқу орындарындағы студенттер санының қысқаруынан, оқу орындарының уақытша жабылуының әсерінен болатын.

1939-1959 жж. Қазақстандағы дайындалған мамандардың жалпы саны, сол кезеңдегі Орта Азия республикаларындағы әзірленген мамандардың сандық сипатымен салыстырғанда төмен болды.

Қазақтардың білім деңгейін 1000 адамға шаққанда жоғары және маманданған орта білімділер саны 1959 жылы – 264 адамға тең, ал оның ішіндегі жұмысы барлар 1000 адамға шаққанда – 542 адамға тең, жергілікті халықтың 1939 жылғымен салыстырғанда білім деңгейі тек 3,9 % артқан.

Ерлер арасында 1000 адамға шаққанда 320 адам жоғары және арнаулы орта білімді болса, жұмысы барлар 1000 адамға шаққанда 539 адамға тең, яғни 1939 жылғымен салыстырғанда 3,1 есеге өскен.

Қазақ әйелдерінің 1000 адамға шаққанда 208-нің білімі болса, оның ішінде 1000 адамға шаққанда 552 адам жұмысқа тартылған, 1939 жылмен салыстырғанда білімді қазақ қыздарының саны 8,3 есеге көбейген [12. 214-219-пп., 238-242-пп., 5-9-пп., 230-235-пп., 5-10-пп.].

1959 жылғы республиканың экономикалық аймақтарындағы халықшаруашылығында еңбектенген қазақтардың үлестік салмағы: Оңтүстік Қазақстан аймағында бұл жылы 13067-қазақ жоғары білімді болған, жалпы жоғары білімді ұлттардың арасындағы олардың үлестік салмағы 27,9%-ке тең. Қазақ әйелдерінің 18,1%-і жоғары білімді болса, аймақ бойынша мамандық салалары ішіндегі қазақтардың алған үлестік көрсеткішінде: инженерлер – 14,0%, агроном, мал дәрігерлері – 37,1%, медициналық дәрігерлер – 12,5%, мұғалімдер мен оқытушылар – 36,6%-ке артқан [13. 293-298-пп., 238-242-пп., 76-80-пп., 240-246-пп., 84-88-пп.].

Оңтүстік Қазақстан экономикалық аймағында жоғары білімді қазақ мамандары негізінен ауылшаруашылығы салаларында және мұғалімдер ортасында орташа үлестік салмақты көрсетеді, ал дәрігер мен инженер мамандығын меңгерген қазақтар саны басқа ұлттармен салыстырғанда бұл жылдары өте төменгі деңгейде.

Енді осы мәселені Оңтүстік Қазақстан негізінде сандық

дерекке сүйене отырып, кесте бойынша алып қарайық:

1-кесте. 1959 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы бойынша жоғары білімді қазақтардың сандық көрсеткіші (Оңтүстік Қазақстан экономикалық аймағы бойынша) [14. 2-8-пп., 188-191-пп., 73-78-пп., 5-9-пп., 75-80-пп.].

	Барлық маман саны	Оның ішінде әйелдер саны	Инженерлер	Агроном, мал технигі, мал дәрігері, орман шаруашылығы мамандары	Дәрігерлер	Педагогтар және университет бітіргендер
Алматы облысы бойынша: барлық білімді мамандар саны	8548	3620	203	228	556	2329
Оның ішінде қазақтар саны	2360	772	121	201	125	177
Жамбыл облысы: бар. Мамандар саны	5587	2232	763	620	522	3192
Оның ішінде қазақтар саны	2114	463	128	257	76	1500
Қызыл-Орда облысы: барлық мамандар саны	3781	1319	458	319	378	2351
Оның ішінде қазақтар саны	2061	468	148	217	38	1530
Шымкент облысы: барлық мамандар саны	9619	3913	1987	1021	817	4937
Оның ішінде қазақтар саны	3568	1100	372	455	97	2339
Алматы қаласы барлық мамандар саны	19311	10096	5642	1423	2848	5902
Оның ішінде қазақтар саны	2964	1030	502	209	307	1303
Аймақтағы барлық мамандар	46846	21180	9053	3611	5121	18711
Оның ішінде қазақтар саны	13067	3833	1271	1339	643	6849
Қазақтардың алған үлестік салмағы	27,9%	18,1%	14,0%	37,1%	12,5%	36,6%

Оңтүстіктегі маманданған орта білімді қазақтар 1959 жылы 133399 адамға тең, барлық маманның олар – 22,9% – құраған, қазақ әйелдері маманданған әйелдер ішінде 11,3%-ке тең, мамандық салаларына шаққанда қазақтардан оқыған техниктер – 9,7%, тәрбиеші, библиограф, мәдени қызметкерлер – 38,0% құраған [15. 6-пп., 6-10-пп., 3-7-пп.].

Солтүстік Қазақстан экономикалық аймағындағы жоғары және орта білімді қазақтардың білім дәрежесі 1959 жылы жоғары білімді қазақтар – 3823 адам, яғни барлық білімді халықтың 15,5% құраған. Қазақ әйелдерінен – 9,2% жоғары білімді маман, инженер қазақтар – 7,7%, ауылшаруашылығы мамандары – 12,5%, дәрігер қазақтар – 5,1%. Мұғалімдер мен университет бітіргендер – 21,4%-ке тең. Бұл аймақтағы жоғары білімді қазақтардың негізгі шаруашылық бөлінісіндегі тұрғылықты жерінің ыңғайына қарай – агрономдар мен зоотехниктерден топ-

тасты, олар орташа үлестік салмаққа ие болса, одан кейінгі көпшілікті Қазақстан экономикалық аймағының барлық жерлеріндегідей, жоғары білімділердің басым санын бұл аймақта да мұғалімдер алған.

Алаймақтағы маманданған орта білімді қазақтар саны 1959 жылы 5475 адамнан немесе барлық арнайы оқу орнын бітірген ұлттың 9,9%-не тең, олардың ішінде қазақ әйелдері 5,3%, техниктердің ішінде маманданған қазақтар үлесі – 3,7%-ке тең, ауылшаруашылығындағылардың – 16,0%, медицина қызметкерлерінің – 3,9%, мұғалім және мәдени қызметкерлердің – 20,9% құраған [16. 76-80-пп., 89-92-пп., 75-79-пп.]. Сандық деректен бұл аймақтағы қазақтардың білім дәрежесі орташа деңгейдегі көрсеткішке ие болғанын нақтылады.

Қазақстан территориясындағы Оңтүстік Қазақстаннан кейінгі қазақтардың көп қоныстанған жері Батыс Қазақстан экономикалық аймағындағы жоғары және орта маманданған қазақ зиялылары: 1959 жылы жоғары білімді қазақтар – 5370 немесе 38,9%-ке тең, қазақ әйелдері арасынан 29,8% жоғары білімді маман кадр иелері шықса, жалпы инженерлерден құралған жергілікті ұлт өкілдері – 14,9%, ауылшаруашылық мамандарының – 33,5%, дәрігерлердің – 16,9%, мұғалімдердің – 51,8% құраған [17. 187-191, 183-187-пп.].

Маманданған орта білімді қазақтар тұрғылықты тұрақтағы барлық мамандардың – 28,4%, қазақ әйелдері – 17,9%, техниктер арасында – 11,7%, ауылшаруашылығында – 50,0%, медицина саласында – 15,6%, мұғалімдер мен мәдениет қызметкерлерінің – 48,6%-ік үлестік салмағын көрсеткен [18. 259-261, 162, 263-пп., 251-256-пп.].

Батыс Қазақстан аймағындағы жергілікті қоныстанушы маманданған орта білімділерге қарағанда жоғары білімділердің үлестік салмағы басымдық танытады. Оның ішінде ауылшаруашылығындағы қызметкерлер мен мұғалімдердің саны басқа маман иелерінен бірнеше есе артыққа шыққан.

Шығыс Қазақстан экономикалық аймағындағы жоғары білімді қазақтар саны – 2438, яғни 16,9%. Қазақ әйелдерінен жоғары білімді – 10,0%, инженерлер – 6,7%, ауылшаруашылығындағы мамандар – 24,7%, дәрігерлер – 5,9%, мұғалімдер мен университет мамандары – 25,4% құраған [19. 161-165-пп.].

Аймақтағы маманданған орта білімді қазақтар барлық маманның – 11,5%, ал қазақ әйелдері – 7,5%, техниктер – 3,8%, ауылшаруашылық саласындағылар – 20,1%, медицина қызметкерлері – 4,6%, мұғалімдер мен мәдени сала қызметкерлері – 25,4%-ке тең [20. 253-257-пп.].

Басқа аймақтармен салыстырмалы түрде қарасақ Шығыс Қазақстандағы жоғары және орта білімді қазақтардың саны азшылық дәрежені құраған.

Келесі Орталық Қазақстан мекеніндегі жоғары және орта білімді жергілікті ұлт өкілдерінің алған үлестік салмағын таразылайық: аймақта барлығы 1795 немесе 11,3% - қазақ жоғары білімді, әйелдер арасында – 10,4% – білімді, ал инженерлердің – 11,2%, мұғалімдер мен университет бітіргендердің – 10,9%-ін қазақтар құраған [21. 188-б.].

Аймақтағы маманданған орта білімді қазақтар саны – 1959 жылы 3276 адамға, немесе 13,5%-ке жеткен, әйелдер ішінде қазақтар – 32,8%, қызметкерлер арасында – 24,5%-ке тең [21. 188-б.].

Экономикалық аймақтардағы қазақтардың даму динамикасынан екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жүргізілген 1959 жылғы халық санағы дерегі негізінде маманданған қазақтар саны орташа сандық шкалада ғана тұрақты дәрежеде қалғандығын көреміз.

Қазақстанда социализм дәуіріндегі жоғары оқу

орындарында ең көп даярланған мамандық иелері – мұғалімдер. Педагогикалық институттар Маңғыстау жерінен басқа барлық облыс орталықтарында ашылған еді. Ал инженер-техник мамандар республиканың халықшаруашылық салаларында жетіспеді. Тек уақыт өте келе, 1950-ші жылдардың аяғына таман республикада инженер, техниктерді даярлайтын 8-техникалық жоғары оқу орны, 69 техникум ашылған болатын.

Кеңес кезеңінде зиялылардың социалистік қоғам өміріндегі беделдік статусы жоғары бағаланды. Әлеуметтік тап ретінде олар саяси-экономикалық өмірде, индустриализация құрылысына белсене қатысты.

Кеңес мектебінің диктаторлық сабағынан өткен қазақ зиялыларының орта буыны еліміз тәуелсіздік алып, енді есін жиып, қиын-қыстау кезеңнен өткен өліара уақытта, тіпті осы ғасыр басында социализм идеяларымен, өткенді аңсаған сәтпен өмір сүрді. Себебі сол жылдары жалақымен ғана күн көрген зиялылар тобы республика саяси стратегиялық реформаны қабылдаған кезеңде қайыршылық пен жоқшылық сатысына түсіп қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Народное образование, наука и культура в СССР. –М: Наука, 1972. –Б. 380.

2. Президент архиві. 708-қор, 28-тіз., 18-іс.
3. Президент архиві. 708-қор, 30- тіз., 20- іс.
4. Қазақстан ғылымының ошағы // Социалистік Қазақстан 1960.10 шілде.Б.2.
5. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. (Бұдан былай ҚР ОМА) 698-қор, 14-тіз., 1102 іс, 81,82,83-пп.
6. ҚР ОМА. 698-қор, 14-тіз, 1102- іс, 81,82,83- пп.
7. ҚР ОМА. 698-қор, 14-тіз., 1102- іс., 111-п..
8. Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция. – Алма-Ата, 1982.-Б.108.
9. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 г. М., Госстатиздат, 1962.-Б.202.
10. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1104-іс, 1106-іс, 1108-іс, 1111-іс.
11. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1104-іс, 1106-іс, 1108-іс, 1111-іс.
12. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1104-іс, 1108-іс, 1109-іс, 1110-іс.
13. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1104-іс. 1108-іс. 1109-іс, 1110-іс.
14. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1104-іс. 1106-іс. 1108-іс, 1111-іс.
15. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1105-іс. 1106-іс. 1107-іс.
16. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1105-іс. 1106-іс. 1107-іс.
17. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1105-іс. 1106-іс.
18. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1105-іс.
19. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1105-іс, іс 1110-іс.
20. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1107-іс.
21. ҚР ОМА. 698-қ., 4-т., 1107-іс.
22. Итоги всесоюзной переписи населения 1959 г.-М, 1962.

АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ САНДЫҚ ӨСІМІ: көші-қон үдерістерінің рөлі (XX ғасырдың 50-80-жылдары)

Әлібек АМАН,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті тарих және дінтану кафедрасының
аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың 50-80-жылдарындағы Батыс Қазақстан аймағы ауыл халқының демографиялық дамуындағы көші-қон үдерістерінің барысын екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші ауыл халқының қарқынмен ұлғаюы 1950-1960 жылдар болса, екінші ауыл халқы санының қарқындап өсуі баяулаған кез – 1970-1980 жылдар. Бірінші кезеңдегі көші-қон алмасуларында оң айырымдар жүрсе, екінші кезең теріс айырымдардың орын алуымен ерекшеленеді.

1959-1970 жылдардағы санақ аралығында аймақ ауыл халқы 620, 5 мың адамнан 827, 5 мың адамға, 1979 жылы 887, 6 мың адамға ұлғайды. Бастапқы кезеңдегі ұлғаю тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының да ықпалынан болатын. Өйткені тың игерілген бес облыспен қатар кейбір аз көлемде тың игерілген аудандар ішінде Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары да болатын. Тың игеруге орасан зор адам, қаржы және техника ресурстары жұмылдырылды. 1954 жылы Ақтөбе облысына Украина КСР-нан құрамында 1 046 адамы бар 259 қоныс аударушы жанұясы келді. Оның ішінде 521 адам еңбекке қабілетті болды. Тың игеруге көшіп келушілердің 11 жанұясы Родниковка ауданының колхоздарына орналасса, Мартөк ауданына 118, Степнойға 114, Новоресейге 16 жанұя, бұдан басқа екі жанұя өз бетінше келіп, Ключевой ауданына орналасты [1, 33-п.]. 1954 жылдың екінші жартысы –1955 жылдың 1-сәуірі аралығында Ақтөбе облысы колхоздарына 3 868 мүшесімен 1 003 жанұя орналасып, оның 2 209 адамы еңбекке қабілетті болды [1, 36-п.].

Ал 1955 жылдың 5 сәуірінде Украина КСР-ның Харьков және Тернополь облыстарынан 2 184 мүшесімен 583 жанұя келіп, оның 1 321 адамы еңбекке қабілетті болды. Қабылданған жанұялар төмендегі аудандардың колхоздарына орналастырылды: Мартөк ауданына 92 жанұя, Жұрынға 41, Ключевойға 75, Родниковкаға 41, Хобдаға 93, Новоресейге 44, Степнойға 82, Темірге 115 жанұя [1, 33-п.].

Тың және тыңайған жерлерді игеруші аудандарға орасан зор жұмыс күші әкелінді. Оның ішінде әскери қызметкерлерден Балтық Флоты да болды. 1956 жылы Қобда ауданында 10 әскери қызметкер, Родниковкада 8, Степнойда 12, Мартөкте 4, Ключевойда 18 әскери қызметкер жұмыс жасады [2, 1-11-пп.]. Тек 1956 жылдың өзінде Ресейден, Украина КСР-нан, Беларусь КСР-нан, Молдова КСР-нан, Өзбек КСР-нан, Қырғыз КСР-нан және Приморе мен Қиыр Шығыс әскери бөлімдерінен 12 721 адам, кейін 1957 жылы Украина КСР-нан, Ресейден, Беларусь КСР-нан, Молдова КСР-нан 7 577 адам келді [3, 54-п.].

Тыңға келушілер легі кейінгі-жылдары да жалғаса берді. 1959 жылы Ақтөбе облысына Украина КСР-нен 974 жанұя көшіп келсе [4, 43-п.], 1960 жылы Ақтөбе облысының колхоз-совхоздарына Украина КСР-нан 1140 жанұя және облыс ішілік қоныс аудару бойынша 288 жанұя келіп орналасты. Сонымен бірге Қоныстандырудың Бас басқармасы бөлімі мен Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі жанындағы жұмысшыларды ұйымдастырып жинақтау бөлімінің жоспары бойынша облыстың колхоз-совхоздарына әскерден босатылған 3 074 адам қабылданады [5, 6-п.]. Ал 1961

жылғы жоспар бойынша Украина КСР-нан 600 жанұя және өз бетімен қоныс аудару бойынша 150 жанұя қабылдау жоспарланса, аталмыш жылдың 4 сәуіріне дейін Украина КСР-нан облыстың колхоз-совхоздарына 634 жанұя, облыс ішілік қоныстану бойынша 85 жанұя қоныстандырылды [5,6-п.]. Батыс Қазақстан өлкелік статистикалық басқармасының мәліметтері бойынша 1963 жылдың 1-шілдесінде Батыс Қазақстан өлкесі колхоздары бойынша көшіп келген отбасылар саны ағымдағы жылы 439, бұрын келгендермен қоса есептегенде 551 отбасыға жетеді. Оның ішінде ағымдағы жылы Украина КСР-нан 246 отбасы көшіп келеді. Облыстар бойынша Ақтөбеге 165, Батыс Қазақстанға 259, Гурьевке 15 отбасы орналасады. Сонымен бірге аймақтың совхоздарына ағымдағы жылы 1 378 отбасы көшіп келіп, бұрынғы келгендермен қосқанда отбасылар саны 1 225-ге жетеді. Украина КСР-нан келген отбасы саны 1 058 болды. Ақтөбе облысына 377, Батыс Қазақстанға 963, Гурьевке 38 отбасы орналасады [6, 34,37-пп.].

Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің көші-қон және ұйымдасқан түрде жұмысшылар алу бөлімінің жоспарына сәйкес, 1958 жылғы облысқа 4 060 адам жұмысқа келген. Оның ішінде республикалық жоспарлы қоныстандыру бойынша Украина КСР-нан облыс совхоздарына 330 жанұя немесе 1 175 адам, колхоздарға 145 жанұя немесе 542 адам келеді. Облыс ішілік қоныстандыру бойынша 406 жанұя немесе 1 909 адам көшіріледі. Оның ішінде колхоздарға 334 жанұя немесе 1 557 адам, совхоздарға 72 жанұя немесе 385 адам келеді [7, 31-п.]. Батыс Қазақстан облысындағы тың және тыңайған жерлерді игеруге Қытай Халық Республикасынан келген реэмигранттар да көшіп келді. Қазақстан Компартиясы Батыс Қазақстан облыстық комитетінің хатшысына 1956 жылдың 25 тамызында берілген арнайы хабарламада Қытай Халық Республикасынан облысқа тың және тыңайған жерлерді игеруге келген азаматтардың жұмысқа орналасуы мен оларға деген көзқарастарда теріс факторлардың орын алуы, нәтижесінде олардың басым көпшілігінің басқа республикаларға көшіп кетуі туралы баяндалады. Аталмыш хабарламада облысқа 1954-1956-жылдары Қытай Халық Республикасынан барлығы 4 890 адаммен 809 реэмигранттар отбасы келген, 1956 жылдың 21 тамызында барлық келгендерден КСРО-ның басқа облыстарына 3 728 адамы бар 591 отбасының көшіп кетіп, 1 172 адамымен 218 отбасының қалғаны, көшіп кетудің әлі де жалғасуы баяндалса, 12-қыркүйекте берілген мәлімдемеде аталмыш-жылдары облысқа тың игеруге 4 947 адамымен 835 отбасының келгені, 1 қыркүйекте келгендерден басқа аудандарға 4 026 адамымен 647 отбасының көшіп кеткені және 955 адамымен 182 отбасының ғана қалғаны баяндалады. Реэмигранттардың көшіп кетулерінің басты себептері: материалдық-тұрмыстық жағдайдың қанағаттанарлықсыздығы, олардың кәсіби біліктіліктері мен қабілеттерінің есебісіз кеңшарларға бөлінуі, тұрғын үймен, жұмыспен уақтылы қамтамасыз етілмеуі, азық-түлікпен дұрыс жабдықталмауы болды [8, 78-79,110-пп.].

Нәтижесінде 1954 жылдан 1959 жылы Ақтөбе облысы ауыл халқы 189,7 мыңнан 226,6 мыңға, Батыс Қазақстан облысы ауыл халқы 217,9 мыңнан 267,8 мыңға бір-ақ жетті. Ал Гурьев облысы ауыл халқы болса 99,5 мыңнан 126,0 мыңға, Маңғыстау облысы ауыл халқы 16,5 мыңнан 20,5 мың адамға ұлғайды. Одан әрі 1965 жылы ауыл халқы Ақтөбеде 291,9 мыңға, Батыс Қазақстан облысында 349,8 мыңға, Маңғыстауда 22,5 мыңға көбейсе, тек Гурьевте ғана 123,6 мыңға азаяды [9, 62-п.].

Тың игеру жылдары, әсіресе, еңбекке қабілетті жастағы адамдардың келуі, көші-қондағы оң айырымдар халық санының тез өсуіне ықпал етті. 1960 жылдың көші-қон қорытындысы бойынша Ақтөбе облысының 12 ауданына келгендер 10 412 адам, кеткендер 8 502 адам, механикалық өсім 1910 адам болса, Гурьев облысына келгендер 1 486 адам, кеткендер 1 324 адам, өсім 162 адам, Батыс Қазақстан облысында келгендер 13 938 адам, кеткендер 10 201 адам, өсім 3 737 адам болды [10, 11,12,13-пп.]. 1962 жылы Ақтөбе облысы ауыл халқының механикалық қозғалысы бойынша кеткендер 9 996 адам, келгендер 8 048 адам, механикалық өсім 1 948 адам болды [11, 2,17-пп.]. Ал Батыс Қазақстан облысы ауыл халқында келгендер 11 905, кеткендер 10 889, механикалық өсім 1 016 адам болды [12, 39-п.]. 1963 жылғы ауыл халқының механикалық қозғалысы бойынша Ақтөбе облысында келгендер 8 465, кеткендер 7 112, механикалық өсім 1 353 адам, Гурьев облысында келгендер 2 480, кеткендер 4 291, кері өсім 1 811 адам, Батыс Қазақстан облысында келгендер 15 060, кеткендер 11 835, механикалық өсім 3 225 адам болды. Ал аймақ ауыл халқы бойынша механикалық өсім 2 767 адам болды [13, 28-31-пп.]. Одан әрі 1964 жылдың 1-жартыжылдығындағы ауыл халқының көші-қон қорытындылары бойынша Ақтөбе облысында келгендер 1 235, кеткендер 833, өсім 402 адам, Гурьев облысында келгендер 316, кеткендер 216, өсім 100 адам, Батыс Қазақстан облысында келгендер 2 712, кеткендер 1 800, өсім 912 адам, барлық механикалық өсім 1 414 адам, аймақ қала халқының өсімі 3 877 адам болды [14, 5-8-пп.]. 1954-1964 жылдардағы тың игерілген алғашқы он жылдықта аймақ ауыл халқының саны айтарлықтай ұлғайды. Ақтөбе облысында 189,7 мыңнан 279,4 мыңға, Гурьев, Маңғыстау облыстары бойынша 116,0 мыңнан 148,1 мыңға, Батыс Қазақстан облысы бойынша 217,9 мыңнан 335,4 мыңға, аймақ бойынша 523,6 мыңнан 762,9 мың адамға ұлғайды [14, 1-4-пп.].

1970 жылдардағы көші-қон алмасуларында теріс айырымдар пайда болды. Мысалы, Ақтөбе облысы бойынша ауылды елді-мекендерде 1970 жылы келгендер 9 208, кеткендер 8 527, 681 адамдық оң айырым, 1971 жылы келгендер 7 378, кеткендер 8 288, теріс айырым 910 адам, 1972 жылы келгендер 8 154, кеткендер 8 921, теріс айырым 767 адам, 1973 жылы келгендер 9 124, кеткендер 8 745, оң айырым 379 адам, 1974 жылы келгендер 8 600, кеткендер 8 142, оң айырым 458 адам, 1975 жылы келгендер 7 181, кеткендер 7 270, теріс айырым 89 адам болды. [15, 25-п.]. Батыс Қазақстан облысы бойынша да дәл осындай жағдай болды. 1970 жылы теріс айырым 3,7 мың адам болса, 1975 жылы теріс айырым 3,7 мың адам, 1976 жылы 4,1 мың, 1977 жылы 5,5 мың, 1978 жылы 10,2 мың, 1979 жылы 4,5 мың, 1980 жылы 6,5 мың, барлығы 38,2 мың адам болды [16, 13-п.]. Бұл аймақ ауыл халқы санының қарқындап өсуіне, тіпті кейбір облыстарда азаюына әкелді. Ағымдағы сандық мәлімет бойынша ауыл халқы 1981 жылы Ақтөбе облысында 334 мың Гурьев облысында 151 мың, Маңғыстау облысында 29 мың, Батыс Қазақстан облысында 366 мың болса, 1986 жылы Ақтөбе облысында 336 мың, Гурьев облысында 148 мың, Маңғыстау облысында 36 мың, Батыс Қазақстан облысында 355 мың адам, 1987 жылы Ақтөбе облысында 337 мың, Гурьев облысында 148 мың, Маңғыстау облысында 35 мың, Батыс Қазақстан облысында 350 мың адам болды [17, 31-32-бб.].

XX ғасырдың 70-жылдарының аяғы мен 80-жылдарындағы көші-қон үдерістерінде теріс айырым үнемі қайталанумен болды. Мысалы, Ақтөбе облысындағы ауылды елдімекендерге келгендер 1978 жы-

лы 8 839 адам, кеткендер 10 264 адам болып, теріс айырым 1 425 адам болды. 1981 жылы келгендер 6 271, кеткендер 6 932, теріс айырым 661 адам, 1982 жылы келгендер 7 811, кеткендер 9 302, теріс айырым 1 491 адам, 1983 жылы келгендер 8 931, кеткендер 9 969, теріс айырым 1 038 адам, 1984 жылы келгендер 10 167, кеткендер 11 251, теріс айырым 1 084 адам, 1985 жылы келгендер 9 270, кеткендер 12 778, теріс айырым 3 508 адам болды. Сонымен 1980 жылдардың бірінші жартысындағы көші-қон үдерістерінде Ақтөбе облысының ауыл халқы 7 782 адамды жоғалытты [18, 3-4-пп.; 19, 3-4-пп.; 20, 6-7-пп.; 21, 6-7-пп.; 22, 7-8-пп.; 23, 6-7-пп.]. Батыс Қазақстан облысының ауылды елді-мекендерінде теріс айырым 1981 жылы 7,2 мың, 1982 жылы 7,9 мың, 1983 жылы 9,4 мың, 1984 жылы 9,5 мың, 1985 жылы 8,7 мың, 1986 жылы 8,8 мың, 1987 жылы 8,7 мың, 1988 жылы 8,0 мың адам болды [16, 14-п.]. Көші-қондағы ауыл халқының теріс айырымы жалпы есептегі теріс айырымға әкеліп, облыс халқының саны жылдан-жылға азайып отырды. Халық санының жыл аяғындағы есебі бойынша ауыл халқы 1981 жылы 362,4 мың, 1982 жылы 362,9 мың, 1983 жылы 363,6 мың, 1984 жылы 361,6 мың, 1985 жылы 360,4 мың, 1986 жылы 355,2 мың, 1987 жылы 354,4 мың, 1988 жылы 361,9 мың, 1989 жылы 362,1 мың адам болды [16, 14-п.].

Ауыл халқының көші-қондық алмасуларындағы теріс айырым ауылды елді-мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмен болуымен байланысты болатын. Ауылдық жерлерде балалар өлімі жоғары деңгейде қала берді. Облыста 2-3 баладан тұратын отбасылардың үлесі ұлғая түсті. 1970 жылы Батыс Қазақстан облысында отбасы көлемі 4,5 адам болса, 1989 жылы 4,0 адам болды. Нәтижесінде халықтың орташа жылдық өсімі төмендеді. 1975-1980-жылдары ауыл халқының өсімінің орташа жылдық қарқыны 1,6 мың адам болса, 1980-1985-жылдары 0,9 мың, 1985-1989-жылдары 0,1 мың адам ғана болған еді [24, 5,8-п.].

Сонымен жоғары табиғи өсіммен тұспа-тұс келген XX ғасырдың 50-60-жылдарындағы көші-қон үдерісі ауыл халқының қарқынмен өсуіне әкелсе, әлеуметтік-экономикалық өмірдегі тоқырау жылдарымен сәйкес келген XX ғасырдың 70-80-жылдарындағы көші-қон алмасуларындағы

теріс айырым ауыл халқы санының қарқынмен ұлғаюын тоқтатып, тіпті кейбір облыстарда халық санының азаю белгілері байқалды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль миграционных процессов в увеличении численности сельского населения западного региона Казахстана.

The article discusses the roll of migration in the rural population bu decreasing the western region of Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі Ақ ОММ), 13-қор, 23-тізбе, 191-іс.
- 2 АқОММ, 13-қор, 25-тізбе, 198-іс.
- 3 АқОММ, 13-қор, 27-тізбе, 168-іс.
- 4 АқОММ, 13-қор, 28-тізбе, 99-іс.
- 5 АқОММ, 13-қор, 30-тізбе, 178-іс.
- 6 АқОММ, 2067-қор, 3-тізбе, 17-іс.
- 7 Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі БҚОММ), 693-қор, 27-тізбе, 293-іс.
- 8 БҚОММ, 37-қор, 25-тізбе, 24-іс.
- 9 Республика Казахстан: 50-лет начало освоения целинных и залежных земель. Статистический сборник. 1953-2003 гг.- Алматы, 2003.-128 с.
- 10 АқОММ, 1752-қор, 3-тізбе, 147-іс.
- 11 АқОММ, 2067-қор, 3-тізбе, 6-іс.
- 12 АқОММ, 2067-іс, 3-тізбе, 7-іс.
- 13 АқОММ, 2067-қор, 3-тізбе, 18-іс.
- 14 АқОММ, 2067-қор, 3-тізбе, 26-іс.
- 15 АқОММ, 85-қор, 7-тізбе, 7-іс.
- 16 БҚОММ, 289- қор, 1- қосымша тізбе, 20-іс.
- 17 Население СССР 1987. Статистический сборник. - Москва: Финансы и статистика, 1988.-439 с.
- 18 АқОММ, 1752-қор, 5-тізбе, 857-іс.
- 19 АқОММ, 1752-қор, 5-тізбе, 861-іс.
- 20 АқОММ, 1752-қор, 5-тізбе, 863-іс.
- 21 АқОММ, 1752-қор, 5-тізбе, 867-іс.
- 22 АқОММ, 1752-қор, 5-тізбе, 870-іс.
- 23 АқОММ, 1752-қор, 5-тізбе, 872-іс.
- 24 БҚОММ, 289-қор, 1-қосымша тізбе, 35-іс.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРҒЫНДАР КӨШІ-ҚОНЫ: заманауи мемлекеттік реттеудің алғашқы тәжірибелері (1991-1999 жылдарға тарихи талдау)

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
ҚР Мемлекет тарихы институтының жетекші
ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

XXI ғасыр басында қоғамның өмір-салты мен шаруашылық байланыстарының бұзылуына орай, этносаралық қатынастарға, әлеуметтік басымдылықтарға қатысты түпкілікті өзгерістер көрініс тапты. Қалай айтсақ та, Қазақстанда тұрғындар көші-қонының жаңа үдерістеріне жол ашылды. XX ғасырдың

соңғы он жылдығында республика ішінде және одан тыс бағыттағы көші-қон легі мен көлемі өскені мәлім. Мысалы, 1991 жылдың өзінде Қазақстанға өзге мемлекеттер мен шетелден 3 214 қазақ отбасы (оның ішінде Моңғолиядан 2 480) қайтып оралған мезгілде, бұл көштің басы екені белгілі болды [1].

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулысымен 3 шілде 1992 жылдың 3 шілдесіндегі № 578 Қаулысымен «*Өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге қайтып келуге тілек білдірген байырғы ұлт адамдарын ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі 1992 жылға арналған бағдарлама*» бекітілді. Осы бағдарлама аясындағы үйлестіру жұмыстары мен оның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне жүктелді [2].

Жалпы мигранттар санының көбеюі қаржылай және материалдық ресурстарға байланысты мәселелер туғызатыны айқын. Сондықтан да тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тұрғындардың көші-қонына қатысты мәселелердің барлығын Үкімет деңгейінде тез және белсенді шешілу керектігі күн тәртібінде болды. Себебі оны реттеуші Еңбек министрлігінің мүмкіндіктері өте шектеулі болатын. Оған қоса, басқа да басқару органдарының (СІМ, ІІМ, Көден комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі және басқа) құрамындағы бірқатар мәселелерге қатысты құрылымдар арқылы шешімі табылатын еді. Сондықтан да республикада Көші-қон комитеті Басқармасының құрылуы заңды болатын.

Көші-қон жағдайын айқындайтын маңызды үдерістер қалыптасты. Оның алғышарттары келесідей: аймақтық өмір сүру және ресурстармен қамтамасыз етілудегі түрлі алшақтықтар республиканың бір аймағынан екінші аймағына көшуге негіз болды; осы аймақтардағы ұлтаралық қатынастар мәселесінің бұлыңғырлануы, тарихи кезеңге байланысты этностардың дәстүрлі шағын әлеуметтік жүйесінің бұзылуы; халықтың бойындағы жеке мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сай өзіндік жаңа саяси дүниетанымдардың, экономикалық ойларының қалыптасуы; республиканың аймақтарындағы еңбекке жарамды тұрғындар арасында нарық жүйесіне лайықты шаруашылықтың жаңа түрін ашуға немесе сол бағытта талпыныс білдіру, жалпы мемлекеттік сектордың өзгеріске ұшырауы; кейбір аймақтағы экологиялық жағдайдың нашарлауы; нарық инфрақұрылымдарының, нарық жүйесінің, оның ішінде еңбек нарығының қалыптасуы мен территориялық қаржылық-салықтық саясаттың әртүрлі болуы; республиканың әлемдік қауымдастық құрамына енуіне байланысты адамдардың өмір тіршілігінің экономикалық-құқықтық жүйесінің өзгеруі жекелеген көші-қон бағыттарын (әсіресе, сыртқы көші-қонды) ынталандырғанмен, Қазақстан Республикасының егемендігі, азаматтық отырықшылық шегі туралы заңнамалық актілердің қабылдануы республикааралық (мемлекетаралық) көші-қон қарқынын төмендетті [3]. Кеңестік дәуірдегідей жоспарлы көш-қон негізінде Қазақстанға жаппай мигранттардың ағылуы тоқтатылды. Алайда, әрбір кезеңнен туындайтын қиыншылықтар болып тұрады. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығындағы көші-қон легінің экономикалық тұрғыда тиімсіздігі мен көші-қон ағынының шектен тыс қарқындылығы мен оның салдарына қатысты республиканың ғылыми қауымындағы сарапшылар тарапынан нақты ұсыныстар жасалды. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында тұрғындар көші-қоны көрсеткішінің теріс айырымы табиғи өсімді (1980 жылдармен салыстырғанда туу көрсеткішінің төмендеуі мен өлім-жітім санының артуы есебінен, 1990 жылдары табиғи өсім екі есе қысқарғандықтан) соның аясында жұтып қана қойған жоқ, табиғи өсімнің төмендеу көрсеткішін екі есеге ұлғайтты. Оған қоса, елдің ішіне заңсыз иммигранттардың ағылуы да жаңа мәселелер туындатты. Осындай келеңсіздіктерді шешу, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, экономикалық және қазақстандық азаматтардың мүддесін қорғаудың маңызды факторы болатын. Расында, оның алдын алу, мемлекеттік бақылауды күшейту мен көші-қон үрдістерін үйлестіру атқарушы органдармен бірлескен іс-қимыл

жасаған жағдайда ғана мүмкін болатындығы анықталды. Ол келесідей бағыттар бойынша шешімі табылатын еді.

Біріншіден, репатрианттарды орналастыруға және бейімдеуге жан-жақты қолдау көрсету, әлеуметтік ортаға кіріктіру. **Екіншіден,** түрлі себептермен болатын көші-қонды (көші-қон легіне жан-жақты есеп жүргізу, заңнамалық базаны жетілдіру, Қазақстан Республикасы шетелдік мемлекеттермен екі жақты қатынас орнату кезінде отандастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерделеу жұмыстарын) ескеру және одан туындайтын мәселелердің алдын алу, кезінде күштеп көшірілген мигранттардың (немесе баспана іздеуші босқындардың) **Үшіншіден** өздерінің туған еліне ерікті түрде оралуы. Осыған орай, көші-қон саясатының негізгі бағыттары: әрбір азаматқа жеке мән беру, елден тыс тұрақты тұруға көшкісі келетіндердің ерікті түрде таңдауын ескеру, елге қайтып оралғысы келетін тұлғаларға (алғашқы кезеңдегі төменгі күнкөріс минимумы мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ететіндей, ұйымдастырып көшіріп әкелудің бағдарламасын жасауға) мемлекеттің қатысы, бөліп-жармай адам құқын сақтау, мигранттардың ұлттық салт-дәстүрін ескеру, орналастырылатын аймақ туралы жан-жақты ақпараттар беру болатын. ҚР Көші-қон және демография агенттігі тарапынан иммиграциялық бақылау жүйесін құру және дамытуға қатысты ұсыныстар берілді. Іс-қимылдағы жүйені құру, бір жағынан мигранттардың заңдық құқын қорғау болса, екінші жағынан Қазақстан Республикасы заңын бұзған азаматтығы жоқ шетелдіктерге қатысты қатал шаралар қолдану, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін ескере, баспана іздеуші адамдарды қабылдау квотасын енгізу, сол сияқты азаматтығы жоқ, белгілі бір мәртебесі жоқ шетелдіктерге арналған уақытша орналастыратын арнайы орталықтар желісін құру, олардың саны, этникалық немесе басқа негіздегі олардың диаспорасы мен қауымының бар-жоғы, орналасқан жерлері жөнінде тұрақты ақпарат алып тұру үшін мемлекет ауқымында шетелдіктер мен азаматтығы жоқтардың біртұтас есеп жүйесін (көші-қонның ақпараттық жүйесін) қалыптастыру, еңбек көші-қонын реттеу болатын. Отандық еңбек нарығын қорғау мен бос жұмыс орындарына қазақстандық азаматтарды орналастырудың басым құқығын қамтамасыз етуге назар аударылды [4].

Репатрианттарға қатысты халықаралық алғашқы құжаттардың бірі 1994 жылдың 2 желтоқсанында Алматы қаласында бекітілген Келісімшарт болатын. Ол Қазақстан мен Моңғолия арасындағы «Еңбек келісімшарты бойынша Қазақстан Республикасына келген адамдардың ерікті қоныс аударуы мен азаматтығына қатысты мәселелерді реттеу жөніндегі» Қазақстан Республикасының көші-қон және демография агенттігінің 2000 жылдың 5 шілдесіндегі мәліметі бойынша 1991-1999 жылдары аралығында Моңғолия, Иран, Түркия, Қытай, Ауғанстан, Сауд Аравиясы, Пәкістан, ТМД елдерінен 181 402 репатрианттар (оралмандар) келіп қоныстанған. Олар республиканың Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Астана қалаларына орналасты. Негізінен басымдылық танытқан Моңғолия (63 409 адам), ТМД елдерінен (107 304 адам) оралған репатрианттар болатын [5].

1993 жылы таяу шетелдер мен облысаралық тұрғындардың ішкі орналасу көші-қоны басым болды: жалпы көші-қон легіндегі алыс шетелдермен болған көші-қон – 14,0%, таяу шетелдердегі мемлекеттермен арада болған көші-қон – 41,9%, облысаралық көші-қон – 17,1%, облыс ішіндегі көші-қон – 27,0% құрады. Жалпы 683,5 мың қазақстандық көші-қон легіне қатысты [6]. Мысалы,

Мемлекеттік бағдарлама бойынша 1993 жылы тамыз айының ортасында Ираннан келіп, Оңтүстік Қазақстан және Талдықорған облыстарына 1686 адам (тисінше 950 және 756 адам) орналастырылды. Олардың құрамының 60%-нан астамы отыз жасқа дейінгі жастар болатын [7].

Негізінен Ауған елінде тұрып, кейін XX ғасырдың 70-80 жылдары босқын ретінде Иранға қоныс аударған қандастарымыз тұтастай, Горган және Бендер-Туркімен қалаларына орналасқан болатын. Жеке кәсіппен және ұсақ саудамен айналысқан. Қазақстанға келген қоныстанушылар тамақпен қамтамасыз етіліп, 60 аса адам дәрігерлік көмекке жүгінді және әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері қарастырылды. Әрине, Қазақстанның заңнамасына сәйкес (шарифат заңдарын қатал сақтауына орай, ауқатты отағасының бірнеше әйелдерінің болуы, қыздарын 12-14 жаста некеге отырғызу салттары қалыптасқандықтан) әлеуметтік бейімделулеріне тура келді. Оған қоса, қоныстанушылардың бір бөлігінде республиканың анағұрлым жылы аймағы Түркістан қаласына қоныс аудару ойларында болды. Сыртқы көші-қонға орай жекелеген этнос өкілдеріне қатысты құқықтық реттеу қажеттілігі туындады. Жалпы республикада халықаралық, республикаішілік көші-қонның артқандығы, республикааралық алмасу бойынша көші-қон кемуінің төмендігі, ауыл тұрғындарының қалаға көшу қарқынының басылуы байқалды. 1994 жылғы 1 қаңтар айында Қазақстанда тұрғындар саны көші-қонның теріс айырымы салдарынан 1993 жылмен салыстырғанда 60,3 мың адамға кеміп, 16 853,4 мың адамды құрады. Табиғи өсім 0,96% құрады, ал қазақтар жалпы өсім санына шаққанда шамамен 0,5% құрады. Удельный вес казахов за 1993 жылы қазақтардың үлес салмағы есептік мәліметтерге сәйкес 1,6%-ға ұлғайды, оның ішінде 0,7% өсім жалпы республикалық көші-қонға байланысты, ал 0,5%-і табиғи өсімнің жоғарғы қарқыны есебінен болатын [8]. Таяу және алыс шетелдермен болған көші-қон айырымына жасалған талдау, республикадан тыс негізінен қала тұрғындары (өзге этностар) көшкенін көрсетті (мәліметтер %).

	қала	село/ауыл
орыстар	84,0	16,0
украиндар	78,3	21,7
белорустар	75,3	24,7
немістер	51,7	48,3

Әсіресе, елдің теріскей аймағынан тұрғындар жаппай көшіп жатыр деген қауесет те шындыққа жанаспайтын. Оған дәлел мысалы, Ленинск қаласынан көшкендердің көші-қон айырымы Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстарының көрсеткішінен асып түсті. Ал Қарағанды облысындағы көші-қонның ең жоғары теріс айырымы, ондағы немістердің жаппай тарихи отанына көшуімен түсіндіруге болатын еді. Елдің оңтүстік аймақтарынан Алматы қаласы, Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан орыстар көш түзеді, ал Қарағанды және Маңғыстау облыстарынан көшкендер жалпы республикадан тыс таяу және алыс шетелге қоныс аударған орыстардың 58,1%-ін құрады. Немістер негізінен Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Көкшетау, Жамбылской облысы аймағынан көшті. Рас, 1994 жылы таяу шетелге көшушілер саны артты. Экономикалық жағдайдың нашарлаған, өндірістегі дағдарыс сәтінде қоныс аударғандардың басым бөлігі орыстар (58%) мен немістер (19 %) болатын. Мұның 72 %-ы қалалық тұрғындар еді.

Ел ішінде жаңа өндіріс орындарын дамыту мен қосымша жұмыс күшін құру, жұмысшы мамандардың біліктілігін арттыру, шетелге уақытша кеткен жұмысшы мигранттарды әлеуметтік қорғаудың кепілдік жүйесін құру мәселесі қойылды. Қазақстан Үкіметі мен республика парламенті еңбек көші-қонына байланысты мәселелерді шешу бойынша нақты шараларды іске асырды. Жоғарғы

Кеңес еңбек көші-қоны саласы бойынша ынтымақтастық туралы ТМД-ға мүше мемлекеттермен Келісім ратификацияланғанмен, Халықаралық еңбек ұйымы мен БҰҰ еңбекші мигранттардың құқын қорғау бойынша Конвенция ратификацияланбаған болатын. Еңбек көші-қоны туралы заң жасалмаған еді. Заңнамалық базалар жасалмағандықтан кез келген адамды шетелде жұмысқа тұрғызатын делдалдардың көбеюіне, кейбір құрылымдардың өз бетінше заңсыз әрекеттеріне жол ашылатыны айқындалды. Сондықтан да Сыртқы істер министрлігі тарапынан ҚР Президенті Әкімшілігіне адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша, еңбекші мигранттарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін, жұмыс орындары туралы мәліметтер қорын қалыптастыратын, қазақстан мен шетелдік жұмыс берушілерді өзара байланыстыратын үйлестіру мен лицензиялау жұмыстарын іске асыратын коммерциялық ұйым құру туралы ұсыныс жасады. Ол үшін Парламент тыңдауына көші-қон мәселелерін реттейтін, оның ішінде «Иммиграция жөніндегі Заңның» баптарын өзгерту керек болды. Бұрын көші-қон Департаментінің қызметі бұрын тек репатрианттар мәселесін шешуге ғана арналса, енді оның мазмұндық жағы қайта қаралу қажет болды. Қазақстаннан қоныс аударушылар саны қарқынының өсуіне орай, республика ішіндегі көші-қон ұлғайды, шиеленісті аймақтардан келген (Армения, Тәжікстан, Солтүстік Кавказ) босқындар тобы пайда болды. Мұның барлығы көші-қон Департаментінің қызметін кеңейтуді, оны білікті мамандармен, заманауи техникалық заттармен қамтамасыз етуді қажет етті. Сондықтан да көші-қон үрдістерін басқарудың мемлекеттік Бағдарламасын жасауды жылдамдату күн тәртібіне қойылды [9].

Әсіресе, ТМД елдері арасында 1990 жылдың басында білім беру, ғылым мен мәдениет салалары, ғылыми ақпарат алмасу, жетекші ғылыми орталықтарда біліктілікті көтеру мүмкіншіліктері, оқу, ғылыми және көркем шығарма әдебиеттерімен алмасу бойынша байланыстар үзілу алдында тұрған болатын. Бұл көрші елдермен гуманитарлық байланыстар бойынша келіссөздерді жүргізу қажеттілігін туғызды. Ең алдымен, Астана қаласынан Еуразиялық университет ашу идеясын іске асыру қажет болды. Ол үшін 1995 жылдың қаңтар айының ортасында Білім, Мәдениет министрлігі, Минформпечать, «Қазақстан» телерадиокорпорациясы Ресей Федерациясымен және басқа да ТМД мемлекеттерімен гуманитарлық салада өзара қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар даярлау қажет болды. Сонымен қатар тіл мәртебесіне қатысты, көші-қон бойынша Достастық елдер ұлттық статистикасын бірыңғайлау жөніндегі мәселелерді шешудің, азаматтардың көші-қонына байланысты ақпараттарды шапшаң түрде алмасудың маңызы зор болатын. Оған қоса, паспорттық тәртіпті және азаматтық алу рәсімдерін регламенттейтін біртұтас нормадағы заңнамалық құжаттар бекіту күн тәртібінде тұрды. Сондықтан да көші-қон мәселесінің мемлекеттік сипат алуына орай, оны тұрақтандыратын арнайы Президент Жарғысын шығару қажеттілігі жөнінде (Тажин М.М., Штопель А.А.) ұсыныстар жасалды. Әрине Қазақстанға қоныстанғысы келетін Қытай азаматтары өздерінің елдегі туыстарымен қарым-қатынас жасады және тезірек қоныс аударғысы келетіндіктері жөнінде мәлімдей бастады. Бұл жөнінде 1999 жылдың қараша айындағы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-на ресми сапары кезінде де мәлімделген болатын-ды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихи отанына оралғысы келетіндердің құжаттарын рәсімдеуде шешімі табылмаған (шетелдік төлқұжатты рәсімдеудің квоталық ережесін енгізуі, Сынцзянда тұратындар үшін 40 жасқа дейінгі жастардың шетелдік төлқұжат рәсімдеуіндегі тиымдар және басқа) мәселелер көрі-

ніс тапты. Бұл мәселені қазақстандық тарап 2000 жылдың 17-21 мамыры аралығында Пекин қаласында өткен консульдық мәселелер жөніндегі қазақстандық-қытайлық консултацияның 6-шы раунды кезінде де қозғады және тұрақты тұруға ниет білдірген 218 қазақ отбасылары (1412 адам) тізімін ұсынды. Кезегінде қытай тарапы мүмкіндігіне қарай құжаттарды рәсімдеуге байланысты бюрократиялық кедергілерді болдырмауға келісті. Бұндай жағдайлардың өзге елдерге қатысты шешімі табылуға тиісті шаралары қолға алынды.

1995 жылы өзара мүдделілік танытатын ведомстволар мен министрліктер арасында Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы «ҚХР азаматтары арасындағы қазақтардың ерікті түрде қоныс аударуы туралы» Келісім жобасы әзірленді және ол қытай тарапына тапсырылды. Бірақ ҚХР елдің ішкі заңнамаларына сәйкес жыл сайынғы консульдық мәселелер бойынша жүргізілетін қос тараптық консултациялар негізіне сүйену тиімділігін алға тартты. Тиісінше Қазақстанда жұмыс ауқымы кеңейген сайын, қалалық-аудандық органдар есебінен көші-қон полициясының бөлімшелерінің қызметкерлер саны да ұлғайтыла бастады. Атап өту керек, 1994 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 876 адам, ал 1995 жылдың бірінші жартысында 731 адам, сол сияқты сол жылдары кәмелет жасына жетпеген тиісінше 1057 және 800 адам еліміздің азаматтығын қабылдады. Оның ішінде, 1994 жылы 854 және 1995 жылдың бірінші жартысында 714 адам қандастарымыз болатын.

1995 жылы 7 шілдеде ҚР Еңбек министрлігінің Көші-қон департаментінде Қазақстандағы Моңғолия ісінің Уақытша сенімді өкілі Зардыхан Қинаятұлының қатысуымен Сыртқы істер министрлігінің Азаматтық беру бөлімі өкілдерімен кездесу өткізілді. Мұнда Қазақстан Республикасында тұратын моңғол азаматтарының Моңғолия азаматтығынан шығу мәселесі қарастырылды. Шығу үшін олар Қазақстандағы Моңғолия Елшілігі арқылы Моңғол Президентіне моңғол тілінде толтырылған құжаттармен (өтініш, анкета, куәлік көшірмелері: неке туралы, балаларының туу куәлігі, анықтамалар, фотосурет және басқа) бірге шығу туралы өтініш хат жазулары қажет болды. Тиісінше ереже бойынша Моңғолия Президенті азаматтан шығу туралы өтініштерді алты ай мерзімінде қарастыратын болды. Бұл уақытта Қазақстанда 60 700 моңғол азаматы тұратын. Олар Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдау үшін ең алдымен Моңғолия азаматтығынан шығу қажет болды. Моңғолияның ағымдағы заңы бойынша қос азаматтыққа жол берілмейтін. Тағы басқа осындай тұрғындарға азаматтық беруге қатысты мәселені Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы азаматтық мәселелер жөніндегі Комиссия үнемі қарастырып отырды [10].

1995 жылдың бірінші жартысында Қазақстан Республикасына таяу шетелелден (РФ, Өзбекстан, Түркіменстан, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзірбайжан, Белорусь, Грузия, Молдова, Балтық елдерінен) **31 800 адам келді.** Мигранттардың негізгі бөлігі орта арнайы және орта білімді болатын. Аталған кезеңде алыс шетелден Қазақстанға (немістер, словактар, чехтар, ағылшындар, арабтар, итальяндар, бір жапон азаматы) 1653 адам келді. Қазақстаннан кеткендер саны – 82 200 адамды құрады, оның басым бөлігі орыстар (69,9%) болатын. Эмигранттар негізінен 16-60 жас аралығындағылар Ресейге, Өзбекстан, Украина, Қырғыз еліне, Әзірбайжан, Молдоваға және басқа елдерге бағыт алды. Эмигранттардың 23% – жоғары білімділер, 4,2% – аяқталмаған жоғары білімді, 34% – орта арнайы кәсіби білім алғандар, жұмысшы мамандықтары бойынша біліктіліктері бар контингент өкілдері, сол сияқты төменгі және орташа басшылық жасау қабілеті бар мамандар

болатын. 1995 жылдың бірінші жартысында Маңғыстау, Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, облыстары мен Алматы және Ленинск қалаларынан алыс шетелге 51 979 адам қоныс аударды [11]. Эмигранттар құрамын немістер, орыстар, украин, белорус, қазақтар, гректер, поляктар, словактар, чехтар құрады [12].

2000 жылы Алматы қаласы әкімшілігі аппараты 1991-1999 жылдар аралығында аймаққа келген және одан кеткен репатрианттардың (оралмандарды) есебін алуды ұйымдастыру бағытында нақты жұмыстар жүргізді. Жоғарыда көрсетілген жылдар аралығында Алматы қаласынан 49 репатрианттар отбасы кеткен, оның ішінде Ресейге – 15 отбасы, Өзбекстанға – 3, Қырғызстанға – 1, Моңғолияға – 2, Қазақстан Республикасының өзге облыстарына – 28 отбасы. 2000 жылдың 15 маусымы жағдайында Алматы қаласы көші-қон және демография Басқармасына 1613 адамнан тұратын 495 отбасы тіркелген, оның ішінде 324 отбасы (1012 адам) алыс шетелден және 171 отбасы (601 адам) таяу шетелден қоныс аударып келгендер [13]. Сол сияқты Астана қаласы бойынша репатрианттар отбасының тұратын орны, тұрмыстық жағдайы, еңбекке жарамды мүшелері, әлеуметтік қорғалуы зерделенді. Жүргізілген анкета қорытындысы бойынша республика аймақтарында алғашқы орналастырылған жерлерінен Астанаға қайта қоныс аударған 248 репатриант-отбасылары анықталды. 2000 жылдың 1 маусымы жағдайында көші-қон және демография бойынша Басқарма есебінде: Моңғолиядан – 196 отбасы (ересектер саны 465 және кәмелетке толмағандар саны 271), Өзбекстаннан – 15 отбасы (31 ересек, 12 балалар), Ресейден – 29 отбасы (тиісінше 49 және 26), Қытайдан – 8 отбасы (12 және 9) келгендер тұрды және олардың қабылдану құқықтық мәртебесі анықталып, Қазақстан Республикасы азаматтығын рәсімдеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Жалпы Ақмола облысы бойынша 2000 жылы 30 маусым жағдайында 839 оралман-репатрианттар ҚР азаматтығын алса, 4647 адам азаматтық алуға ниет білдіріп арыз тастаған [14].

Қазақстан Республикасы Әкімшілігінің басшылығында болған «Көші-қон жұмыстарын ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» хаттамалық шешімге (14.03.2000 ж. № 04-5/7) Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» сәйкес тарихи отанына қоныс аударуға байланысты қазақ диаспорасының мәселелерін саралау мен шешу бойынша Сыртқы істер министрлігі қызметкерлері белсенді жұмыстар атқарды. Шетелдегі қазақ диаспорасының құрамы 2000 жылдың 7 шілдесіндегі мәлімет бойынша ҚХР-да – 1 258,6 мың, Өзбекстан Республикасында – 967,2 мың, Ресей Федерациясында – 687,8 мың; Моңғолияда – 101,7 мың; Түркіменстанда – 87 мың; Қырғыз Республикасында – 42,6 мың адамнан құралған. Тұрақты түрде Қазақстанға көшуге ҚХР, Өзбекстан, Моңғолия, Түркіменстан, Қырғызстан, Иранда тұратын 524 отбасылары ынталылық танытқан. Дегенмен бұл мегілде этникалық қазақтардың өз еркімен отанына оралуына қатысты шетелдегі мемлекеттік органдардың құжаттарды рәсімдеуге, азаматтықтан шығуға (мысалы, Өзбекстанда бір жылға созылуына) қатысты мәселелер, бюрократиялық түйіткілдердің орын алуына орай, оны шешудің өзге жолдары қарастырылды. Ұсыныстар даярланды. Дегенмен қоныстанушылар легі үзілген жоқ. Мысалы, 2000 жылдың 25 маусымындағы жағдай бойынша Моңғолия Президенті Жарлығымен 10 214 адам Моңғолия азаматтығынан шығарылғаны анықталып, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен (25.06.2000 ж. жағдай бойынша) 7109 адамға республика азаматтығы берілген, оған қоса ішкі істер органдарының қарастыруына азаматтыққа

қабылдау туралы 3105 өтініш түскен [15].

Репатрианттарды еңбекке орналастыру, кәсіби біліктілік алууды ұйымдастыру, еңбек нарығының талаптарына сәйкес даярлау және қайта даярлау, жеке істерін ашуға нақты көмек көрсету, бизнес-инкубатор құру, шағын және орта бизнесті ұйымдастыру үшін микрокредиттер бөлу және басқа кешенді шаралар легі ұйымдастырылды. Мысалы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облыстарында репатрианттарды қоғамдық жұмысқа тарту (988 адам), жергілікті органның квотасы бойынша жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарына орналастыру (1326 адам), жеке ісін ашуға микрокредит бөлу (1215 адам), кәсіби білім алуға және қайта даярлауға (475 адам) жіберу бастамалары қолға алынды [16]. Әсіресе, Солтүстік Қазақстанда егістік жер көлемін ұлғайту, сүт және ет өндірісі, күнбағыс майын өндіру сияқты ауыл шаруашылығында қосымша жұмыс орындарын (466 адам) құру негізделді. Алайда, өзге елдердің менталитеті мен қоғамдық құрылымдық ерекшелігіне біте қайнасқан репатрианттардың республика шаруашылығына етене араласып кетуіне өзіндік психологиялық, экономикалық, әлеуметтік факторлар әсерін бергенін атап өткен абзал. Бұл заңды табиғи құбылыс болатын.

Республикада 2000 жылдың желтоқсан айында оралмандардың бейімдеу орталықтарын халықаралық ұйымдардың көмегімен (республикалық бюджет арқылы 23 бейімдеу пунктін қаржыландыру) құру мүмкіндіктері қарастырылды. Бұған қоса, БҰҰ Халықаралық көші-қон ұйымы (МОМ) тарапынан кеңес алу, қазақ-репатрианттарды кіріктіру бағытындағы оның бағдарламасы аясында және бейімдеу орталықтарын құру мәселесі бойынша УВКБ тарапынан осы бағытта методикалық жұмыстар толықтай жүргізілді. Мұндай жағдайлар бойынша шетелдік тәжірибелер де ескерілді. Республиканың Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Басқармалары облыстық Көші-қон және демография Басқармасымен бірігіп мигранттарды (оралмандарды) жұмыспен қамтуға етуге ықпал жасайтындай іс-шара жоспарларын жасап, бекітті. Бір жолғы жәрдемақы мен көлік шығындарына қатысты төлемдерді өтеу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Мысалы, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының әкімдігі репатрианттардың тұрғын үй мәселесін шешуде, мұқтаж қоныстанушы отбасылары үшін бос жатақханалар мен қызметі тоқтаған балабақша және басқа да ғимарат нысандардың тізімін жасап, облыстық көші-қон және демография Басқармасына ұсынғанын атап өту керек. Бұндай үрдіс өзге де облыстарда жүргізілді.

Көші-қон агенттігінің 2000 жылдың маусым айындағы талдау жұмысы бойынша репатрианттарды тұрғын үймен қамтамасыз етуде, әсіресе, Алматы қаласы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері жауапкершілік танытқан. Атқарылған іс-шаралар қатарына тұрғын үй бойынша берешек қарыздарды өтеу үшін жергілікті бюджеттен ақшалай қаржы бөлу, бос тұрған коммуналды меншік нысандарын өткізу, жеке үй құрылысын салғысы келетіндерге жер телімдерін бөлу жұмыстары енген болатын. Алматы қаласы бойынша 1997-1998 жылдардың жергілікті бюджетінің қарыз төлемі мөлшеріне сәйкес бір бөлмелі – 8 пәтер, екі бөлмелі – 12 пәтер, үш бөлмелі – 33 пәтер, төрт бөлмелі – 2 пәтер қарастырылды. Оралмандар есебі алынып, олардың арасындағы жұмыссыздықты қысқарту, жұмыспен қамту шаралары жасалынды.

Шығыс Қазақстан облысы 2000-2004 жылдар аралығында 335 отбасын үймен қамтамасыз етуге жыл сайын жалпы көлемі 45225,0 мың теңге ақшалай қаржы бөлуді (бұл 1991-1998 жылдар аралығындағы репатрианттар тұрғын үйі бойынша қарызына сәйкес)

қолға алды [17]. Дегенмен, Ақмола, Маңғыстау, Қарағанды, қостанай облыстарындағы бұл мәселеге қатысты іс-шаралар қаржыға тікелей қатысты болғандықтан, жеке талдау жұмыстарын қажет етті. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қарастырыл отырған кезеңде репатрианттарды бейімдеу жұмыстарына қажетті жағдайлар жасалынып, олардың әлеуметтік төлем ақылары толықтай өтелінді. Оған қоса, Айыртау, Бұлаев және басқа да аудандарда оралмандардың базалық шаруашылығын құру, алғашқы оралмандай құрылтайын өткізу туралы бастамалар көтерілді. 2000 жылдың шілде айында Мәдениетті қолдау жылы аясында Ақжар, Айыртау, Тайыншы, Тимирязев, Уәлиханов, Целинный аудандарында оралмандар құрылтайы өткізілді.

Қорытынды. Тұрғындар көші-қоны қандай да болмасын мемлекеттің қауіпсіздігіне, сол елдің қоғамдық келісіміне, экономикалық және демографиялық жағдайына әсер тигізбей қоймайды. Солай бола тұра, көші-қон саясаты Қазақстанның ішкі және сыртқы мемлекеттік саясатының құрамдас бөлігі болып есептеледі. Сондықтан да көші-қон үрдістеріне қатысты кез келген мәселенің шешімін тауып іске асыру, мемлекеттің ең басым міндеттерінің бірі. Мұны ширек ғасырлық Қазақстанның заманауи тарихы көрсетіп отыр. Дағдарысты жылдардың өзінде, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық дамуына аса назар аударылды. Көші-қон үдерістерінің түрлі туындаған мәселелерін шешу барысында тәжірибелер жинақталып, таяу және алыс шетелдермен халықаралық келісімдер арқылы жан-жақты нәтижелі іс-қимылдар жүргізілді.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется влияние миграции населения в Казахстане на демографическую ситуацию в конце XX века, сложившиеся новые тенденции, решения, принятые в размещении репатриантов, проблемы беженцев и международные соглашения на основе архивных документов.

Ключевые слова: экономика, миграция населения, демография, беженцы, репатрианты, международная миграция

The article analyzes the impact of migration in Kazakhstan on the demographic situation at the end of the twentieth century, new trends, decisions taken in the placement of returnees, refugee problems and international agreements on the basis of archival documents

Key words: economy, population migration, demography, refugees, repatriates, international migration.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Архив Президента Республики Казахстан. Ф.5Н.Оп. 1.Д. 45.Л.8-9. Копия.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты, 31-қор, 1-тізім, 34-іс, 87-88-пп. Көшірме.
3. ҚРПА. 5Н.Оп.1.Д.845.ЛЛ.2-3.Копия.
4. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.6-2.Д.2084.ЛЛ.2-4.Копия.
5. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.6-2.Д.2084.ЛЛ.91-92.Копия.
6. Архив Президента Республики Казахстан. Ф.5Н. Оп.1. Д.3502 Л.2-4. Копия.
7. Центральный государственный архив новейшей истории Республики Казахстан. Ф.5Н.Оп.1.Д.2778.ЛЛ.3-5.Копия.
8. Архив Президента Республики Казахстан. Ф.5Н. Оп.1. Д.3502 Л.2-4. Копия.
9. ҚРПА. 5Н.Оп.1.3Д.3512ЛЛ.19-22.Копия.
10. Архив Президента Республики Казахстан. Ф.5Н.Оп.1.Д. 5514.Л.7-8.Копия.
11. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.4.Д.5514.ЛЛ. 10-13.Копия.
12. ҚРПА. 5Н.Оп.1.3Д.3512ЛЛ.23.Копия.
13. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.6-2.Д.2084ЛЛ.76-79.Копия.
14. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.6-2.Д.2084Л.86.Копия.
15. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.6-2.Д.2084Л.68.Копия.
16. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.6-2.Д.2084ЛЛ.18-19.Копия.
17. ҚРПА. Ф.5Н.Оп.6-2.Д.2084ЛЛ.21-22.Копия.

АЗАМАТТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ және ондағы қазақ халқының біріктіруші рөлі

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
ҚР Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми
қызметкері, саяси ғылымдардың докторы

1990 жылдардың бірінші жартысында ішкі саяси дамуда этносаяси бағытқа басымдылық беріліп, қазақ халқының мемлекет құрушы, елді ұйыстырушы ұлт ретіндегі рөлін бекіткен концептуалды құжаттар қабылданды. Қазақ мемлекеттілігінің ұлттық сипаты ҚКР-ң мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясында, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы Заңында және Қазақстанның 1993 жылғы Конституциясында көрініс тапты.

Еліміздің көпұлтты құрамы мен поликонфессиялығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев азаматтық сәйкестіктің шешімін табуға күш салды. Елбасы тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап-ақ ұлтаралық татулықты сақтау мен нығайтуға және қазақстандық сәйкестікті қалыптастырудың жеке моделінің негізіне этникалық емес, азаматтылық қағидаты алынды. Ол «... біз саяси, азаматтық бірлікке ұмтылып отырмыз және де Қазақстан халқы әлдебір жаңа этникалық қауымдастық ретінде емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдастығы ретінде көрінуге тиіс... [1. 123, 369], осы заманғы Қазақстанның бірегейлігі – этностық саналуандылығында... [2. 204] біздің стратегиялық міндетіміз – қоғамды одан әрі топтастыру және біртұтас қазақстандық, берекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру...», – дейді [3. 545].

Сондықтан 1995 жылғы қабылданған Конституция ел мемлекеттілігі сипатын айқындауда жалпыазаматтық ұстанымды бекітті. Онда қазақстандықтарды титулды және титулды емес деп бөлудің болмауы қоғамда интеграциялық үдерістерді ынталандыруға негіз болды. Бұл жерде Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлт саясатын ілгерілетудің басты құралы болғандығын атап өткен жөн.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1997 жылғы Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында жария етілген «Қазақстан – 2030» Стратегиясына енген жеті ұзақ мерзімдік басымдықтарының екіншісі ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірігуі мәселесіне арналды. Бұл Стратегияның басты мақсаты бірлікке барар жолдағы кездесетін ескі кедергілерді жойып, ұнқатысу процесін кеңейту арқылы ұлттық ынтымақтастықты тереңдету және оның әлеуетін арттыру еді. Оны іске асыру үшін Қазақстан азаматтарына тең мүмкіндіктер жасау негізінде біріккен азаматтықты дамыту және барлық этникалық топтардың құқықтарының теңдігін қамтамасыз етуді өмірдің өзі талап етті [4]. Бұл өтпелі кезеңдегі шешімін табу қиынға соққан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді былай қойғандағы дайын тұрған жауабы жоқ күрделі сұрақтардың бір парасы ғана болатын. Осы мәселелерді шешу арқылы ғана саяси тұрақтылықты орнатып, болашақта қоғамды біріктіруге, әртүрлі дін өкілдерінің арасында өзара сыйласымдық, тағаттылық пен сенімділік қарым-қатынастар орнатуға болатын еді. Жағдайдың асқынып кеткендігі соншалық, қазақстандықтарға өзін-өзі анықтау үшін уақыт пен белгілі бір тарихи кезеңнен өту қажет болды. Соның нәтижесінде шовинизм мен ұлтшылдықтың әлі де болса ұмытыла қоймағанына қарамастан, қазақтың дәстүрі мен тілін қайтадан жаңғырту үдерісі қажетті құбылыс сияқты қабылданып, этникалық мәселелер бұрынғыдай емес,

сындарлы түрде және ашық талқылана бастады [4].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің сөйлеген сөздерінің барлығында дерлік Қазақстан қоғамындағы татулық пен бірлікті сақтаудың маңыздылығына баса назар аударды. Нақтырақ айтар болсақ, оған, сәйіп келгенде, қазақстандықтардың жетістіктерінің үш кілті болып табылатын барлық қазақстандықтардың бірлігі, толеранттылық және ортақ тарихи тағдыр сияқты халық құндылығы жатады. Жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық бірлік пен этносаралық өзара құрметтің қазақстандық моделі елдегі жүргізіліп жатқан ұлт саясатының негізіне айналды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұстанымына сай ұлт саясатын саясаттандыруға жол берілмеді. Керісінше, Қазақстанды мекендеген барлық этнос өкілдерінің өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыратын әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелерге көп көңіл бөлінді. Соның арқасында ғана мемлекеттің ұлттық саясатындағы Қазақстан халқының бірлігі; қазақ халқының ұйыстырушы рөлі; толеранттылық пен жауапкершілік; Қазақстандағы барлық этностардың мәдениеті мен тілдерін дамытуға барлық жағдайларды жасау; елдегі этникалық, конфессиялық, мәдени және тілдік әртүрлілікті сақтау сияқты іргелі қағидаттарды шектен тыс саясаттандырмай, мәселенің байыбына барып, қалыпты жағдайда толыққанды талқыға салып, ортақ бір мәмілеге келуге және қоғамдық процестерді тұрақтандырып, оны ары қарай ілгерілетіп, дамытуға мүмкіндік туды. Содан кейін ғана өмірдің барлық салаларындағы жетістіктер мен табыстарға қол жеткізуге жағдай жасалғаны белгілі.

Осының тағы бір айғағы ретінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2019 жылдың 29 сәуіріндегі ҚХА-ның XXVII сессиясындағы терең мағыналы сөзін келтіруге болады. «Бейбітшілік пен келісім формуласы: жаңғыру мен бірлік» тақырыбына арналған бұл сессияны тарихи маңыздылығы жағынан ерекше атап өтуге тұратын тарихи оқиғалардың қатарына жатқызуға болады. Ең алдымен ол Қазақстанның Тұңғыш Президентінің бастамасымен еліміздің саяси транзит кезеңіне енуімен байланысты болса, екіншіден, Ассамблеяның бұғанасы бекіп, оның қоғамдағы конституциялық орган ретіндегі рөлінің арта түсуімен айғақталады. Сондықтан да болар Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күннен бастап еліміздегі мызғымас бірліктің ұйтқысы, сарқылмас берекенің бастауы болып келе жатқандығына, оның татулық пен тұрақтылықтың ең басты кепілі болып отырғандығына баса көңіл аударды [5]. Сонымен қатар Елбасы қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісімді басты да қуатты құндылығымыз санайды. Біз қазіргі заманғы бәсекелестікке осы құндылығымызды дамыта отырып төтеп бере алатындығымызға, ол ел ішін де тұтастыра алатын күш екендігіне сенім білдіреді.

Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табыстарымыз бен халықаралық қатынастардағы беделіміздің өсіп, қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуында Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттік құрылысқа барлық қазақстандық этностар мен діни конфессияларды тарта білуі, ұлттық саясатта

«әралуандықтан бірлікке» қағидатын ұстану негізінде ғана мүмкін болды [5]. Елбасы «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» және «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары қоғамдық сананы жаңғырту, рухани сергіліс тудыру, патриотизмді және ортақ құндылықтарды дәріптеу арқылы халықтың береке-бірлігін нығайта түсуге болатындығын дәлелдеді.

Елбасы сонымен бірге Қазақстан халқын құрайтын барлық этностардың бір мезгілдегі ұдайы ұлттық-мәдени дамуы болғанда ғана қазақ ұлтының шынайы өркендеуі мүмкін болатынына сенімді болды. Ал қазақтың мәдени-тарихи, ұлттық ерекшеліктерін жаңғыртуға деген ұмтылысына Қазақстан Республикасының әртүрлі ұлт өкілдері азаматтарының құрметпен қарауы қоғамдағы тұрақтылық пен өзара сенімнің стратегиялық негізіне айналуы керек еді.

Яғни, әңгіме мұнда ең алдымен мемлекет құрушы этнос ретіндегі қазақтардың рөлі туралы болып отыр. Осыған байланысты Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: *«Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңдерді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттігін құруға деген заңды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтіруге тиіс емес... Біз ұлтаралық қана емес, өз ішіміздегі ішкі ұлттық татулықты да сақтауымыз керек. Біздің жеңілістеріміздің бәрі ұлтшілдік алауыздығымызға, жеңістеріміздің бәрі ұлттық бірлігімізге байланысты»*, – деген [6. 369-370, 521].

Өйткені қазақтың бірлігі – елдігіміздің кілті, ең басты мәселесі. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек. Ру мен тайпаға бөліну, Елбасының пікірінше, ұлттық тұтастықтан айрылудың өте қауіпті түрі. Шежіре қазақты бөлшектейтін емес, керісінше, біріктіретін ұғым. Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы [7. 373-374, 382]. Олай болса, осы аса жауапты тарихи кезеңде ұлттық бірлесу үдерісіндегі қазақ халқының рөлін нығайту өзекті мәселеге айналды. Оның себебі Қазақстандағы қоғамдық келісімнің ең алдымен қазақтың келісімі екендігінде жатыр. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастығын сақтау мүмкін емес. Сондықтан ол ел иесі қазақтарға елімізде тыныштық пен бейбіт өмір, татулық пен қоғамдық тұрақтылық орнықтыру үшін қажет болды [7. 391].

Сондықтан Конституция бойынша Қазақстандағы мекендейтін барлық этнос өкілдерінің теңдігі бекітілген және ешкімге шетқақпайлық көрсетуге жол берілмейді. Соның нәтижесінде олар қазақ ұлтының маңына ұйыса бастады деуге негіз бар. Ол процеске Қазақстан халқы Ассамблеясының тигізген ықпалы орасан зор. Ассамблея ұлтаралық қатынастарды, жоғарыда сөз болғандай, саясиландырып жібермеуде шешуші рөл атқарды. Ол мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы үндесуде де үлкен жұмыстар атқарды және оның азаматтық қауымдастық негізіндегі бір-тұтас Қазақстан халқын қалыптастыру бағытында көп жұмыстардың басы-қасында тұр. Нәтижесінде елімізде бейбітшілік пен келісімнің тиімді жүйесі мен мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі қалыптасты.

Мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және қоғамдық-саяси үрдістердің әлеуеті қазақтардың ұлттық мәртебесі мен ұлттық өзін-өзі бағалауына әсер етті. Оныңдеңгейі қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт мәртебесіне сай екендігін көрсетті [8. 299]. Нәтижесінде, Елбасы айтқандай: *«... тәуелсіздік жылдары қазақ халқы – ұлттың ұйтқысына, қазақ тілі тұтас ұлыстың ортақ тіліне айналды»*. Өз кезегінде бұлар дамып келе

жатқан азаматтық қоғамның біріктіруші өзегі ретінде көрінде білді. Ол үрдіске айналды [9. 581; 107].

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев бұл мәселеге 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында баса назар аударды. Елбасы сөзінің арқауы етіп Қазақстанның өзіндік ерекшелігіне байланысты ұстануға қажетті қағиданы, жақсылық, жауапкершілік және сыйлы болу сияқты моральдық-адамгершілік өлшемдерге жататын мәселелерді алды. Әрине, жоғарыда әңгіме болған Стратегияны жүзеге асыру үшін қазақ халқына ерекше жауапкершілік керек. Ол жауапкершілік өз халқына деген сүйіспеншілікке, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймай, оларды ашындырмауға және барлық ұлт өкілдерімен тіл табысуға, елдің тыныштығына негізделеді. Елбасы *«... біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз. ... Қазақтың бірлігі – елдігіміздің кілті, ең басты мәселесі. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек»*, – дейді [7. 367, 373].

Көріп отырғанымыздай, қазақстандықтардың «бірегейлену» проблемасы – күрделі әлеуметтік мәселе. Ғалымдардың пайымдауларына, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық татулық пен халық бірлігін нығайтуға бағытталған моделі болашақта Қазақстанда этникалық жіктелудің жойыла бастауына әкелуі мүмкін. Қазақстан бірте-бірте моноұлттық елге айнала бастаса, қазір әр түрлі түсінбестік туғызып жүрген «Қазақстан халқы», «қазақ халқы» деген тіркестер арасындағы мазмұндық алшақтық жойылып, олар түбінде бір ұғымды білдіретін атауларға айналады. Алайда мұндай «бірегейлікке» жету үшін өзге этникалық топтар өкілдерінің шоғырланып тұрып жатқан аймақтарында тілінің, мәдениетінің, білім беру жүйесінің жойылмайтынына сендіретін нақтылы мемлекеттік ісшаралар, тең құқықтарының ешуақытта бұзылмайтынына кепілдік беретін заңдар қажет. Ал бұған уақыт керек [11; 10. 56].

Осы жерде уақыттан басқа әлеуметтік ақиқатпен тікелей байланысы бар тағы бір маңызды дүниені айта кеткен жөн. Ол өзара түсіністік, сिलाстық және көмек сияқты адамдар арасындағы қарым-қатынастардың көбіне моральдық және рухани мәселелеріне қатысты болып келетін нәрселерді қамтиды. Әңгіме қазақ халқының рухани әлемінің, ішкі дүниесінің және оның болмыстық ерекшеліктері туралы болып отыр. Нақтырақ айтқанда мәселе, қазақтың дүниетанымына қатысты әлеуметтік ақиқатты бүкіл қазақстандықтардың анық түсінуіне келіп тірелері сөзсіз. Ең алдымен, қазақ ұлтының жер бетінде жалғыз отаны бар – ол Қазақстан. Қазақтар тек қана өзінің елінде, өз мемлекетінде ғана жан-жақты дамып, өсіп-өркендей алады. Қазақтың төл мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бағзы заманнан мекен етіп келе жатқан туған жерінде ғана толыққанды бола алады.

Бұдан қазақ халқы өзінің «жағдайын» Қазақстанды мекендеген басқа этностардың есебінен жасап отыр деген түсінік, тұжырым тумаса керек. Бұл жағынан қазақтың басқа отандастарымыздың алдында ұялатындай ешбір себебі жоқ. Оған біздің соңғы бір ғасырлық тарихымыз айғақ бола алады. Оның үстіне Қазақстан тәуелсіздік дәуірінде өзін демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялап, осы бағытты қатаң ұстанып келе жатыр. Қазақстан өз азаматтарының ұлтына, тіліне, сеніміне қарамай, бәрінің бірдей тең құқықтарын қамтамасыз етіп келеді. Мемлекеттің ұлт саясатындағы басты мақсаты – теңдік пен бостандықтың тек қана қазақстандықтарға тән іштей үйлесімдігін қамтамасыз ету. Демократиялық мемле-

кеттің түпкі мақсаты теңдік пен бостандықтың іштей үйлесімділігін қамтамасыз ету.

Осы тұста қазақстандық қоғамның даму болашағына қатысты кейбір белгілі ғалымдардың ізденістеріне назар аударған жөн. **Академик Ә.Нысанбаевтың пікірі бойынша** «... біз көпэтносты мемлекет болуға тырыспауымыз қажет. Себебі, көпэтностық кез келген елдің іргетасындағы ақау, сызат іспетті. Ол ғұмыр бойы елдің ішкі қуатын алаңдатып, үнемі қатер қаупін сездіреді де тұрады. Керісінше, кез келген дамыған ұлттың негізі бірнеше этникалық жіктерден құралған. Яғни, этникалық бірігу, бірегейлену мемлекеттік ауқымда емес, ұлттық ауқымда жүзеге асуы қажет. Мұндай бірігу мемлекеттің іргесін бекітеді, ұлттың да рухани-мәдени жағынан молығуына, кемелденуіне жеткізеді. Осындай ұлттық бірегейлену процесі неғұрлым тез жүзеге асса еліміздің экономикалық өсуі мен дамуы да, ұлттық қауіпсіздігінің нығаюы да, азаматтық қоғам құруға талпынған демократиялық реформаларымыз да қарқынды әрі орнықты бола түсер еді. Қазіргі кейбір саясаткерлер жиі айтатын «азаматтық қоғам», яғни жеке адамдардың құқықтары қатаң қорғалатын, олардың саяси және экономикалық бастамаларына еркіндік берілетін, кез келген әлеуметтік проблеманы мемлекеттің араласуынсыз өзін-өзі реттейтін механизмі қалыптасқан қоғам ұлттық бірегейленуден кейін ғана пайда болады. Мемлекет өзін-өзі сақтау үшін үнемі этникалық жанжалдардың алдын алып, еріксіз қоғам өміріне араласуға мәжбүр болып отырған жағдайда «азаматтық қоғам» ешқашан құрылмайды» [10. 57].

Саясаткерлер мен қоғамтанушылар ұлттық бірегейленуді табиғи процесс ретінде қабылдай отырып, оның алдында кедергілердің барлығын және бұл үдерістің тежеліп отырғандығына алаңдаушылық білдіреді. Ғалымдар оның себебін, ең алдымен: «...бірегейлену процесіндегі ұлтқы ұлт – мына біздер, қазақтар өзімізге жүктелген күрделі де жауапты міндеттің салмағын толық сезіне алмай отырмыз. Өз елімізде отырып, атамекенімізге өзге отандастарымызды бауырға тарта қамқорлық жасаудың орнына, жетімдердің зары өтіп кеткен бала тәрізді жеке мүддеміздің аясынан шыға алмай, айналамыздың бәріне өгейлене қараймыз. Бізге салса, «ақша бөлмейтін үкімет те өгей», «жиналып ап өзге тілде сөйлейтін парламент мүшелері де өгей», «өз өнерпаздарынан гәрі жат елдің әнішілерін жарылқауға құмар кәсіпкерлер де өгей», – деп түсіндіреді [10. 58].

Ұлттық бірегейлену процесінің қажеттілігін түсініп, отандастарымыздың осынау табиғи құбылысты санасы мен жүрегі арқылы шынайы түрде қабылдай бастауына мемлекеттік рәміздеріміз бен атрибуттарға деген құрмет, еліміздің азаматтары қай жерде, қандай қиындықтарға тап болса да оларды қорғауға ұмтылуы, өз азаматтарымыздың мүдделеріне басым қамқорлық жасап, «әр азаматтың жақсы тұрмысының өзі де тұрып жатқан мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігіне байланысты екенін» сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақтылы көрсетуі оң ықпал жасар еді.» [10. 59].

Әрине, еліміздегі ұлттық бірегейлену процесі қазірдің өзінде баяу да болса жүріп жатыр. Тәуелсіздік кезеңінде ізгілік, елдік, азаматтық даму жолы қазақ халқының ұлттық ұстанымына айналды. Өйткені тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағыдай этникалық жіктер арасындағы жаттану мен бөтенсінудің азая бастады. Халқымыздың басым көпшілігі біздің еліміздегі этносаралық жанжал қатерінің сейілгенін мойындайды [10. 59]. Бұл деген сөз, кез келген ұлттың өзін өзі бірегейлендіруі ұзақ тарихи даму нәтижесінде

қалыптасатын құбылыс екені белгілі. Бірегейлену әртүрлі тарихи себептермен біздің елімізге қоныс тепкен, ондаған жылдар бойы қуанышымызды да, қиындығымызды да бірге бөліскен, Қазақстанның өндірістік қуатының негізін қалауға ат салысқан, бұл күндері тәуелсіз еліміздің тең құқықты азаматтары болып отырған өзге ұлт өкілдері жайында болып отыр. Тәуелсіздік үшін, дербес ел болу жолында тартар зардабымыз, шегетін азабымыз осымен бітсе шүкіршілік етеміз де. Ендігі міндет – қазағымыз ба, орысымыз ба, ұйғырымыз ба, немісіміз бе, әйтеуір, Қазақстан деп аталатын қасиетті мекенге кіндігіміз байланған, оны шын көңілімізбен, адал ниетімізбен отаным деп таныған он жеті миллионнан астам халықтың бір жеңнен қол шығарып ұйысуы, бірте-бірте демографиялық тежелуден шығып, асты да, үсті де байлыққа толы кең байтақ атамекеннің кез келген бәсекеге төтеп беретін атпал азаматтары боп ер жетуі [10. 60].

Алайда, ұлттық мүдде тұрғысынан алып қарасақ, қазақ халқы мемлекет құрушы ұлт ретінде ұйытқы ұлт міндетін атқаруы керек, Қазақстан азаматтарының біртұтас халық ретінде қалыптасу үдерісіне басшылық жасаудың өте жауапты миссия екендігін ол терең ұғынуы, түсінуі және сезінуі қажет. Ендеше, қазақ халқына өзінің ортақ діліне сүйене отырып, бірегей ұлтқа айналу кезеңінде бәрі мойындайтын ұлтшілік мақсаттары мен міндеттерін айқындап алғаны жөн. Қожанасыр туралы аңыздардың бірінде ол шайханада отырып: мен қараңғыда да көремін депті. Сонда адамдар: ол қалай, онда неге сен түнде үйіңе қайтқанда қолыңа шам ұстап жүресің деп таңғалысыпты. Қожанасыр оның себебі мынада: басқалар менімен қақтығысып қалмаса екен деймін деп жауап қайтарған екен. Олай болса, мақсатты жарқын болашаққа сапарға шыққан кезде өз мүддеміз үшін басқаларға да жарық шашуды ұмытпаған абзал. Өйткені тағы бір аңыз әңгімеде: достықты қалпына келтіру қиын ба деген сұраққа дана қария қасында тұрған қыш құмыраны жерге тастай салып, ал енді жинашы деген екен.

ӘДЕБИЕТТЕР


1. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. – Т. III. – 1995-1998 жж.
2. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. – Т. IV (2). – 2003-2005 жж.
3. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. – Т. IV (1). – 2006-2007 жж.
4. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана: «Казахстан - 2030». Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» (<http://rud.exdat.com/docs/index-624110.html?page=2#479907>).
5. <https://ru.sputniknews.kz/politics/20190429/9990201/XXVII-sessiya-assambleya-naroda-kazakhstana-priyama-translyatsiya.html>.
6. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана, 2014. Т. III. – 1995-1998 жж.
7. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана, 2014. Т. VII. – 2012-2013 жж., Н.Ә. Назарбаев Таңдамалы сөздер. – Астана, 2014. Т. VII. – 2012-2013 жж., Н.Ә. Назарбаев Таңдамалы сөздер. – Астана, 2014. Т. VII. – 2012-2013 жж.
8. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана, 2014. Т. V(1). – 2006-2007 жж.
9. Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана, 2014. Т. VI. – 2010-2011 жж.; Т. VII. – 2012-2013 жж.
10. Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі // З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015.
11. Егемен Қазақстан. – 7 мамыр, 2004.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЭКСТРЕМИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Болат ҚАЛМЫРЗАЕВ,
Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университетінің докторанты

Қазіргі қоғамдағы діни экстремизм – күрделі және мәні сан алуан құбылыс. Діни экстремизмнің мәнін теориялық айқын түсіну тек зерттелетін құбылыстың ықпал ету саласын шектеуге ғана емес, сонымен бірге біздің қоғамда оған қарсы күресудің тиімді саясатын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанды реформалаудан кейінгі экономикалық және әлеуметтік дамудың қазіргі жағдайында діни экстремизмнің таралуы әлеуметтік-саяси мәселелердің бірі. Бұл мәселенің талдауы 17-29 жас аралығындағы жастардың жиі қылмыс жасағанын көрсетеді. Қылмыс жағдайы және динамикасы діни фанатизммен және экстремизммен байланысты қылмыстар санының артқанын көрсетеді. Құқықтық статистика комитетінің деректері бойынша, қылмыстық істердің саны Қылмыстық кодекстің 174-бабы 1,2,3-бөлімі (бұрынғы 164-бабы) бойынша: «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, сыныптық немесе діни келіспеушіліктерді қоздыру» тіркелген қылмыстық істер динамикасы байқалады [1].



Бүгінгі таңда Қазақстанда мынадай 5 діни ұйым экстремистік деп танылып, қызметтеріне сот шешімі бойынша тыйым салынған: «Хизб-ут-Тахрир әл-Ислами» (2005 ж. 28.03.сот шешімі), «Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестігі (2012 жылғы 7 маусым), «Таблиғи-Жамағат» діни ұйымы (2013 жылғы 26 ақпан), «Ат-Такфир Уол Хиджра» халықаралық ұйымы (2014 жыл, 18 тамыз), «Якин Инкар» діни ұйымы (сот шешімімен 2018 жылдың 10 қазанында).

Бүгінгі күні экстремизмнің мәнін терең түсіну, экстремизмнің түрлері бойынша жіктеу, діни экстремизмнің ерекшеліктерін анықтау қажеттігі туы. Біздің еліміздегі тыйым салынған діни ұйымдардың деструктивтік сипатын талдау және көрсету қажет деп есептейміз. Бұл ұйымдардың құқық бұзушылығы және қылмыстық әрекеттерінің фактілері біздің еліміздің сот төрелігіне қатысты. Сондай-ақ осы діни бірлестіктердің деструктивтік мәнін түсіну және оларға қарсы күресті табысты жүргізу үшін қажет болатын іргелі айырмашылықтарды табу қажет. Діни экстремизмнің мәнін дұрыс анықтау және діни экстремизммен күресудің құқықтық негізін қалыптастыру өте маңызды.

«Хизб-ут-Тахрир әл-Ислами» (араб-исламдық бостандық партиясы) халықаралық діни-экстремистік ұйымы – сүнниттік үдерістің ең белсенді халықаралық діни-саяси ұйымдарының бірі. 1953 жылы Шығыс Иерусалимде, мұсылман әлеміндегі танымал теолог, жергілікті шарифат апелляциялық сотының судьясы Такидудин әл-Набани құрған, 1928 жылы құрылған «Мұсылман бауырластығы» қозғалысының бір тармағы болып табылады. Хизб-ут-Тахрирдің

штаб-пәтері Ұлыбританияның астанасы – Лондонда орналасқан. Ұйымның негізгі мақсаты – халықты жаппай исламдандыру жолымен «халифат» түрінде халықаралық ауқымдағы мұсылман мемлекетін құру. Ішкі партия жүйесінде «Хизб-ут-Тахрир» қатаң иерархиясы мен тәртібі бар әскерлендірілген құрылымға ұқсас. Ұйымның аймақтық бөлімшелерінде пирамида құрылымы бар, онда ұйым мүшелеріне өкілеттіктер мен жауап-кершілік дәрежесі берілген. Ұйым мүшелері бір-бірін тек жалған аттары арқылы біледі. Бүкіл әлемнің астыртын жұмыс жасаушылары қолданатын бұл әдіс әшкерелену қаупін азайтады. Хизб-ут-Тахрир санын жаңа әдептілерді тарту арқылы көбейту – ұйымның негізгі міндеттерінің бірі. Сондықтан, оның негізгі әрекеті халықпен жұмыс істеуге бағытталған. Партия өз қатарына ұйымның ұйтқысы болатын зиялы қауым, ғылыми қызметкерлер, студент жастар өкілдерін тартуға ерекше көңіл бөледі. Қалған фокус топтарына халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері (жұмыссыздар, зейнеткерлер, көпбалалы отбасылар және т.б.) кіреді. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, «хизбутчиктер» тарапынан жалдау объектілері болып табылады, өйткені олар ұйымның жақтастарына өздерінің қабілеттері бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсете алады.

«Хизб-ут-Тахрир» партиясының мүшелері мыналарды жақтайды [2]:

- Демократияны, тұтастай алғанда, зайырлы билікті мойындамау және айыптау;

- мемлекеттің және билік органдарының қолданыстағы заңдарын танымау. Жалғыз заң – Құдайдың заңдары, Алланың билігі екендігі көрсетіледі.

- мемлекеттердің егемендігін жоққа шығару. Халифат Орталық Азияның, Таяу Шығыстың барлық заманауи мемлекеттерінің аумақтарын қамтыған бірыңғай мемлекет ретінде танылады.

- Халифат, Хизб-ут-Тахрирдің ізбасарларының пікірінше, мемлекеттік және қоғамдық басқарудың ең жақсы және әділ үлгісі болып табылады. Төрт әділ халифтің билігі ғана емес, сонымен бірге кейінгі исламдық теократиялық мемлекет құрылымдары, соның ішінде Осман империясы мадақталады. Осы мемлекеттерде болған қарама-қайшылықтар мен өзара соғыстар еленбейді.

Хизб-ут-Тахрирдің мүшелері бастапқы сатыда әлеуетті әдептілермен «дағуаттар» (діни оқу) ғана өткізіп, оларға ислам туралы жалпы түсініктерді (Хизб-ут-Тахрирдің 1995 жылғы әкімшілік заңының 4-бабының «б» тармағында жазылған) береді. «Жалпы түсініктер» сөз тіркесіне назар аудару кездейсоқтық емес. Бұл ұйым бастапқыда дін туралы жалпы ережелерді адамдардың санасына құйып, Хизб-ут-Тахрирге пайдалы ұғымдарды одан әрі енгізу үшін кеңістік қалдырады. Хизб-ут-Тахрир мүшелерінің уәждерінде конституциялық нормаларға қайшы келетін экстремистік ұйымға қатыстылықтың нақты белгілері бар тезистер болмауы мүмкін [2].

Сонымен қатар, «Хизб-ут-Тахрир» идеологтары өздерінің істерімен «халифатты» құруға ұмтылмаған әрбір адам күнәһар болып табылады және жазаға тартылады деген идеяны уағыздайды. Өздерінің аргументтерін эмоционалды рең беріп, боямалар ұсынады, олар мынадай мәлімдемелерден көрінеді: «Мұсылмандардың бүкіл әлемде қалайша масқараланып, қысымшылық көргенін көр! Мұның себебі – халифаттың болмауы. Олар сондай-ақ адамдардың өздерін кінәлау сезімін тудыруға тырысады және осы ойларын мынадай хадистерде жеткізеді: «Кім де кім әмірге ант берместен қайтыс болса, яһилия дәуірінің уақытымен қайтыс болғаны (яғни, надандық және сенімсіздік дәуірінде)».

Осылайша, партия мүшелері бір адамның, яғни Әмірдің (ол, әрине, өздерінің партиясы болып табылатын) беделіне сәйкес бірігуге міндетті деген идеяны халықтың санасына сіңіруге тырысады.

Сондай-ақ, жаңа мүшелері арасында келтірілген уәждерді нығайту үшін олар тиісті әдебиеттермен, атап айтқанда, Хизб-ут-Тахрирдің негізін қалаушы Такиуддин Набханидің «Ислам құрылымы», «Ислам мемлекеті», «Халифат», «Ал-«Ваъй» (араб – «Са-на»), сондай-ақ партияның идеологтарының бірі Абдул Каддум Зуллумның «Демократия – құдайсыздар жүйесі» кітабымен және т.б. таныстыруға барынша ниетті болады.

Партияның практикалық қызметі мешіттерде және діншілдер жаппай болатын орындарда үгіттеу және насихаттау, оның ішінде, тиісті әдебиеттер мен материалдарды шығару және тарату, өз қатарларына әлеуетті жақтаушыларды тарту, идеологиялық және саяси күрес жүргізу сияқты әрекеттерден тұрады.

Хизб-ут-Тахрир қызметінің таза діни аспектіге қатысы жоқ басқа бір маңызды ерекшелігін атап өткен жөн. Бұл партияның мүшелері әлеуметтік қолдаудың ауқымды желісін қалыптастырады, мысалы: бір-бірімен үйленіп, жұмысқа орналасуға өзара көмек көрсету және т.б. Басқаша айтқанда, «Хизб-ут-Тахрир» – әлеуметтік аутсайдерлер үшін «тамаша жұбаныш».

Хизб-ут-Тахрирдің радикалды ислам партиясы ретіндегі ерекшеліктерінің бірі – саяси күрестің әдісі ретінде қарулы зорлық-зомбылықтан бас тарту деп жарияланған пацифизм. Хизб-ут-Тахрирдің әртүрлі елдердегі жұмысы бірнеше кезеңмен жүзеге асырылады. Қазақстанда бұл партия қызметі бастапқы дайындық, яғни – «таныстыру» кезеңінде жүзеге асырылды, сондықтан жасырын, байқалмайтын нысанда өтті. Қазақстанда ХТ-ның қызметі конституциялық тәртіпті өзгертуге, егемендікті бұзуға, оның аумағының қол сұғылмаушылығын және бөлінбеушілігін нұқсан, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне күйеу келтіруге, әлеуметтік жеккөрушілік пен діни өшпенділікті қоздыруға бағытталған.

Қазақстанда «Хизб-ут-Тахрир» діни партиясының қызметі 1998 жылы басталды. 2004 жылға дейін еліміздің оңтүстік өңірлерінде байқалды, ал 2005 жылдан бастап оның жақтастары бүкіл ел бойынша экстремистік идеяларды тарата бастады. Қазіргі кезде елімізде «Хизб-ут-Тахрирдің» белсенді лидерлері мен тыйым салынған ұйымдарының мүшелері жоқ.

«Хизб-ут-Тахрир әл-Ислами» ұйымының қызметіне Қазақстан аумағында 2005 жылғы 28 наурыздағы Астана қалалық сотының шешімі бойынша тыйым салынған болатын.

«Таблиғи Жамағат» (урду тілінде «Үндеулер қауымдастығы») – аполиттік, пацифисттік діни қозғалыс. Оны суфизмнің Деобандий мектебінің өкілі Мәулана Мухаммад Ильяс 1926 жылы Үндістанда ұйым-

дастырған. «Таблиғи Жамағат» дінге сенбейтіндер мен атеистердің исламға шақырылуына емес, «этникалық мұсылмандардың» арасында жұмыс істеп, оларды сенімді тереңдетуге және белсенді діни тәжірибеге үндейтінін атап өту керек. Атап айтқанда, бұл ұйым Батыс Еуропада көптеген мұсылман мигранттары қауымдастығын қайта исламдандыруда маңызды рөл атқарды [3].

Хизб-ут-Тахрирден өзгеше, бұл қозғалыстың ұйымдық сыртқы ерекшеліктері жоқ – бағдарламасы, жарғысы, мүшелік институты және т.т. бар. Ұйымның осындай сипаты «Таблиғи Жамағаттың» ұзақ уақыт бойы сарапшылар мен арнайы қызметтердің назарына түспеуінің себебі болды.

Үндеушілер контингенті кең, әсіресе, шетелде: қозғалысқа қатысушылардың арасында дене еңбегімен немесе саудамен айналысатын қарапайым мұсылмандар, университет мұғалімдері, судьялар және т.б. бар. Қатысушылардың этникалық құрамы мен географиясы алуан түрлі.

«Таблиғи жамағаттың» қызметін түсіну үшін оның пайда болуының тарихи жағдайларын ескеру қажет. **1920 жылдары Үндістанда, бұрынғы Ұлы Британияның колониясында ұлттық-бостандық қозғалысында күшті өрлеу болды.** Онда табиғи себептер бойынша үндістер басым болды. Анти-колониалдық қозғалыс «үндіс ренессансымен» бірге жүрді. Үндістер арасында бірнеше діни топтар мен ағымдар, модернистік және радикалды фундаменталистік бағыттағы топтар пайда болды.

Кейбір осы ұйымдардың тарапынан үнді мұсылмандарын индуизмге қайта оралту туралы үндеулер жасалды (көптеген Үндістан мұсылмандарының ата-бабалары индуизмді араб шапқыншылығынан бастап ұлы Моғолдар империясына дейінгі аралық кезеңдерде исламға айналдырылған үнділер болды). Осы тенденцияға қарсы тұру үшін «Таблиғи Жамағат» ұйымы құрылды.

Қазіргі уақытта оның мүшелері уағыздау мақсатында топ-тобымен ұзақ уақыт (түрлі кезеңдермен) саяхаттарда жүреді. Сонымен қатар, осы ұйымның қазақстандық жолын қуушылары арасында ұзақ уақыт бойы отбасыларын тастап кетулері жиі кездеседі, бұл қоғамға теріс әсерін тигізеді, сонымен қатар, ол ер адамның отбасына қамқорлық жасауы туралы шариғат ережелеріне қайшы келеді.

Сондай-ақ, қазіргі Қазақстандағы «Таблиғи Жамағаттың» тағы бір жағымсыз ерекшелігі – терең діни білім алу мәселесін көзге ілмейтін елеусіз белсенді уағыз жасау. Діни сауатсыздық – қазақстандық үмметтің негізгі проблемаларының бірі; «Таблиғи Жамағат» нұсқаулар, бұл құбылысқа қарсы емес, шын мәнінде оны қолдап, көтермелейді [3].

Сонымен қатар, Таблиғи Жамағаттың жолын қуушылардың кейбір бөлігі кейінірек радикалды топтар мен ұйымдардың қатарына өтетіні мәлім. Бұл да терең білімнің болмауына байланысты. «Таблиғилықтар» адамдарға осындай білім бермей, оларды ынта-жігермен шабыттандырады және белсенді қоғамдық іс-шараларға тартады. Сондықтан Таблиғи Жамағат ұйымының мүшелері басқа экстремистік топтар мен қозғалыстарға оңай тартылады. Бұл «Таблиғи Жамағаттың» субъективті мақсаты екені екіталай, бірақ объективті түрде олар нағыз экстремистер үшін өзгеше кадрлар мектебіне айналады.

Осылайша, Таблиғи Жамағат зорлық-зомбылықты өз мақсаттарына қол жеткізу әдісі ретінде қолданудан, сондай-ақ саясатқа араласудан бас тартқанына қара-

мастан, оның қызметінің деструктивті элементі бар. «Таблиғи Жамағаттың» қызметін Қазақстанда тіркелмеген заңсыз миссионерлік қызмет ретінде санауға болады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен басқа, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін барлық діни бірлестіктер 2012 жылдың 25 қазанына дейін белгіленген ережелерге сәйкес тіркелуге міндетті болды.

Белгілі болғандай, «Таблиғи Жамағат» діни бірлестігі ресми түрде тіркелуге әрекет жасамай, өз қызметін белсенді түрде жалғастыра берді. Бұл Қазақстан мемлекетіне қатысты «Таблиғи Жамағат» діни бірлестігі тарапынан қатер бар екендігін көрсетеді. Бүгінгі таңда «Таблиғи Жамағат» Алматы мен Жамбыл облыстарында неғұрлым белсенді, бірақ олармен шектелмейді. Орталық Азия елдерінің ішінде Таблиғилықтар Қырғызстанда, әсіресе, еліміздің оңтүстік аймақтарында күшті [4].

«Таблиғи Жамағат» саны көп және ықпалды халықаралық ұйым болғандықтан, оның іс-әрекетіне жол берілмей, тіпті мемлекеттік органдардың назарынан тыс қалмайды. Осылайша, Қазақстан территориясында «Таблиғи Жамағаттың» қызметін тоқтату жөніндегі шараларды қабылдау сөзсіз және қажет болды.

«Таблиғи Жамағаттың» ешбір мүшесі ешқашан миссионер ретінде тіркелуге тырыспаған. Дегенмен, «Таблиғи Жамағат» діни бірлестігі мүшелерінің миссионерлік қызметі жоғарыда аталған заң қабылданғаннан кейін де белсенді түрде жалғасты.

Сонымен қатар, исламдық этика тұрғысынан «Таблиғи Жамағат» қауымдастығының (соның ішінде жергілікті және аймақтық параллель құрылымдарды құру – «машура» деп аталатын) ұйымдастырылған іс-әрекеттерін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) оны қолдаудан бас тартуынан кейін жалғастыру дұрыс емес.

ҚМДБ – Қазақстанның мұсылман үмметін танытатын құрылым. Осылайша, ҚМДБ мақұлдамаған діннің атынан ұйымдастырылған кез келген қоғамдық қызмет ислам терминологиясының тілінде «фитна» (қиыншылық, бүлік) элементтерінен тұрады. Дегенмен, «Таблиғи жамағаттың» ұйымдастырылған қызметі тоқтатылған жоқ.

Исламдық әдепке жасалған сілтеме зайырлы мемлекетте сот шешімі үшін негіз болып табылмаса да, жоғарыда айтылған ой-пікірлер «Таблиғи Жамағаттың» Қазақстандағы қызметін тоқтату қажеттігіне қосымша жанама дәлел болып табылады.

Сондай-ақ, сот шешімі нақты «Таблиғи Жамағат» ұйымының қызметіне тыйым салатынын, бірақ ислам дінінің шеңберінде діни қызмет түрі ретінде «таблиғқа» (дінге және діни тәжірибеге үндейтін) тыйым салмайтынын атап айтқан жөн. Таблиғқа келсек, ол ҚМДБ қызметінің негізгі бағыты ретінде Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін еркін жүзеге асырылуда. Біз бұны ерекше атап өтуді маңызды деп санаймыз, өйткені ауызша әңгіме барысында «Таблиғи Жамағаттың» мүшелері кейде өз еркімен немесе еріктен тыс Қазақстанда «исламдық діни қызмет түрі ретінде «таблиғқа» тыйым салынғанын» емеурінмен білдіреді.

Жоғарыда аталған барлық фактілерден басқа, «Таблиғи Жамағат» қауымдастығының белсенділері арасында осы ұйым қызметінің ерекшелігіне тікелей қатысы бар отбасының бұзылуы немесе отбасылық сәтсіздік жағдайлары жиі кездесетіні белгілі. Әрине,

ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер, оның ішінде дүниетанымдық көзқарастардағы үйлеспеушіліктер кез келген отбасында болуы мүмкін, бірақ «Таблиғи Жамағат» мүшелерінің арасында бұл жағдай әдеттегіден әлдеқайда жиі кездеседі, бұл өзі симптоматикалық және ол аталған діни бірлестік қызметінде деструктивті элементтің бар екендігінің белгісі болып табылады [4].

Осылайша, Қазақстан территориясында «Таблиғи Жамағат» халықаралық ұйымының қызметі заңсыз әрі елдегі әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа қауіп төндіретін деструктивті әлеуетке ие және отбасы институтына зиян тигізеді деп тұжырымдаймыз.

«Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестігі [4]. Экстремистердің идеологиялық шабыттандырушысы және көшбасшысы – Ауғанстаннан шыққан этникалық қазақ – Исмадулла Әбдіғаппар, әйгілі Мохаммед Ахмад Шах Массудтың (әскери адам, Ауғанстанның бұрынғы қорғаныс министрі) кеңесшісі. Исмадулла Әбдіғаппар өзін исламдық мессиямын деп танытты. Ол діни мәртебені қабылдағаны және «Мағзум Такшер» (Құдай сақтайтын әмірші) деген атқа ие болғаны туралы мәлімдеді. Ол «қасиетті адам» деп аталды. Әбдіғаппар 2013 жылға дейін бүкіл адамзатты «шынайы жол» арқылы басқаруға уәде берді. Жалған исламдық идеологияны қолданып, «Сенім. Білім. Өмір» қуатты саяси ұйымды, соның ішінде қаржылық баюжолындағы ұйымды құрды. Бағдарламалаудың неврولينгвистикалық және гипноз әдістерімен ұйым басшылары шын мәнінде адамдарды діни фанатиктерге айналдырды. Адамдарды, соның ішінде кәмелетке толмаған балаларды ұрлау фактілері тіркелді [4].

2012 жылғы 7 маусымда Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Сенім. Білім. Өмір» республикалық қоғамдық бірлестігін экстремистік ұйым деп тану, қызметін тоқтату және мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарды. 2011 жылдың 19 қазанында Алматы соты ұйымның 9 белсендісін екі жылдан 14 жылға дейін бас бостандығынан айырды.

«Ат-такфиру-л-хиджра» («дінсіздікті кінәлау және өз діні үшін сапарға кету») да – экстремистік ұйым. 2014 жылғы 18 тамызда Астана қаласының Сарыарқа аудандық соты «Ат-Такфирус-Хиджра» ұйымын экстремистік деп таныды, мойындады. Елде ұйымдық бөлімшелер жоқ, бірақ 1 мыңнан астам қазақстандық оның идеологиясының ықпалына түскен.

Такфиризм Египеттік «Мұсылман бауырластары» партиясының (Ихванул Муслимин) «Такфирус-хиджра» деп аталатын ультрарадикалдық тармағы ретінде пайда болды. 1966 жылы өлтірілген Саид Кутбаның билікті күштеп тартып алу туралы идеяларын сіңірген Египет теологы Мұстафа Шукри негізін қалады [3].

Бұл идеологияны, экстремистік режимнің бас-тапқы сатысы ретінде, кейінірек Мысырдың президенті Анвар Садаттың өлтірілуін жүзеге асырған Аббасалам Фараж «әл-Жихад» тобынан бастап, барлық белгілі лаңкестік ұйымдар қабылдады.

Қозғалыста жеке рөлді 1970-1980 жж. кезеңінде такфир теориясын әрі қарай ақидамен бірге енгізген Аббасалам әл-Фараг жүргізді. Атап айтқанда, такфириттер ауғандық модельге сәйкес әзірленген жихад тәжірибесіне ерекше назар аударады, соның шеңберінде жихад деп жариялау үшін, әмір жүргізушіге және мемлекеттік қызметшілерге «такфир шығарылады» (дінсіздікті айыптау). Бұл мемлекеттік құрылымдардың барлық қызметкерлері «дінсіздер»

деп жарияланады және осы негізде олардың басқаруы мұсылман құқығын такфириттік тұрғыдан түсіну бойынша заңсыз болып саналады. Сонымен қатар, зайырлы мемлекет пен билеуші «тагуттар», яғни әкімшілік бағыныстағы емес, діни құлшылықтың пұттары (идолдары) деп аталады. Такфириттердің идеологиялық жиынтықтарында бұл тезис басты орын алады және кейбір мұсылмандардың діни сана-сезімінің психологиялық манипуляциясының негізі болып табылады.

«Мұсылмандар қоғамынан» шығуды Шукри Мұстафа исламдан бас тартып, жолдан таяушылық ретінде қарады, ал жолдан тайғанның жазасы тек қана өлім болды. Оның жақтаушыларының бірнешеуі өлтірілуінен кейін Мысыр полициясы жаппай тұтқындау жүргізді, ал Шукриге іздеу жарияланды. Осы сәттен бастап журналистер «Мұсылмандар қоғамы» «Ат-Такфируа-әл-Хиджра» («дінсіздікті және қоғамнан кетуді айыптау») деп, ал Шукридің өзін «Распутин» деп атайды [4].

Сарапшылардың пікірінше, Такфиризмнің жақтас-тары өз саясатында автономды болып табылады және мұсылмандар қоғамы сияқты ұйымдар Мысыр, Кувейт, Судан, Ливан, содан кейін Еуропа аумағында да пайда болды. Такфиризмнің түпнұсқа идеялары көптеген радикалды исламдық топтар мен секталардың жетекшілері тарапынан толығымен немесе ішінара алынған.

Айман аль-Завахири («әл-Каида»), Тахир Юлдашев (Өзбекстанның ислам қозғалысы) және шейх Исса (әл-Каида) такфиризм идеяларын басшылыққа алғаны белгілі. Теория мен практиканың айырмашылықтары болғанымен, олардың бәрінің ортақ бір сипаты – мемлекетке қарсы әрекет ету туралы тезис. Бұл «Аль-Каиданың» әлемдегі қызметіндегі, Қазақстандағы такфиризмнің айқын көрінісі.

Алғашқы кезеңде дайындалған, икемді адам материалын алғаннан кейін, такфиризм идеологтары бұл адамдар санасына жалпыланған идеяларды, ең алдымен, мемлекетке тақфир идеясын (оның дінсіздігін айыптау) сіңіреді, оны тағута елі (пұтқа табынушылық) деп жариялайды.

Келесі кезең – бұл хиджрата кезеңі (дінді сақтау үшін қоныс аудару). Бірақ бұл жағдайда Орта Азиядағы экстремистердің хиджратымен ұқсастық бар, олар үшін өз елінен тысқары әскери жихадқа дайындық немесе тікелей қатысуы хиджрат деп аталады. Мысалы, өз кезінде Тәжікстандағы хиджрат орындау нүктелерінің бірі Тавылдара ауданының тауларында орналасқан ИДУ әскери лагері болды. Онда қоныс аударған адамдар тәжірибелі шетелдік нұсқаушылардың қол астында әскери дайындықтан өтті. Қазақстанда 2005 жылы тақфир тобы – Аюбовшылардың 72 отбасы Чехияда хиджра құрды, дәстүрлі мұсылман елінен мұсылман емес елге ауысу шариғат тұрғысынан бұл жөнсіздік болып саналады.

Елден кетумен қатар, Тақфир топтары жасырын Хиджрат – сезімдік оқшаулану («узла шу'урийа») бар, олардың айтуынша, шынайы ислам атмосферасында өмір сүреді. Яғни, олар физикалық тұрғыдан осында, Қазақстанда тұрады, бірақ сонымен бірге сыртқы әлемнен толық бөлініп, қоғаммен барлық байланыстарды азайтады. Бұл – ішкі эмиграцияның бір түрі. Бұл кезеңде тақфиристер «мұсылмандық емес» салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан, киім-кешектер мен зергерлік бұйымдардан бас тартады, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардағы жұмыстарын қалдырады, бұлардың барлығы шайтаннан дейді олар. Осылайша, олар әлдеқайда көп оқшаулана

түсіп, түбегейлі түрде «эль-уәля-әл-баро» ұғымын дамытады, бұл сөзбе-сөз «достық пен қатыспасу» дегенді білдіреді. Бұл дінге сенушілермен достыққа меңзейді – олар өздерін тек дінге сенушілерміз деп танып, «кәпір» өмір салтына қатыспайды. Бұл түсінік оларда өте кең мағынада қолданылады.

Өзінің басшысына ғана бағынатын жабық топтардың сектанттық қағидасы такфиристерде де жүзеге асады. Өз кезінде Египеттің о дүниелік болған бұрынғы президенті Әнвар Садат: «*Ұйымға кірген әрбір адам Ихван-ул-мұсылман ұйымының өміріне ант беріп, өмірге мойынсұнып, кез келген жағдайда оған бағынатынына ант береді*», – деген еді. Бұл дегеніміз – олар өздерінің өмірлеріне Алланың құзырындағы билікті беріп қойды. Олар Құранға емес, өмірлеріне бағынады. Осы кезеңде тақфирист тек жихад үшін күш жинайды, бірақ шайқаспайды. Хижрат дегеніміз – елден кету немесе ішкі эмиграцияда болу – қоғамнан толық оқшаулану – бұл инкубация кезеңінің соңы болып табылады.

Соңғы саты – мемлекетке қарсы әскери «жихад» декларациясы. Жай айтқанда, террорға көшу. Исламдағы соғыс жихадының анық шарттары мен ережелері бар, оларды тақфиристер өрескел бұзады. Шын мәнінде, бұл жақсы дамыған сценарийде бір ғана нақты тапсырма бар – елде тәртіпсіздіктерді, саяси тұрақсыздықты тудыру. Ал түпкілікті мақсат – кейіннен радикалды мақсаттарды іске асыру үшін хаосты басқару тетіктерін құру.

Тәкпір (Такфир) – мұсылмандарды дінсіздікпен (күпірлік) айыптау және оларға қарсы қарулы күрес (жихад) жариялау. Сондықтан, «Ат-такфируа-ль-хиджра» тобы негізінен ұйым басшылары мен мүшелері «растайтын» (ридда жасаған) және «дінсіздікке» ұшыраған мұсылмандарға қарсы бағытталған. 1977 жылы топтың мүшелері лаңкестік шабуыл кезінде мұсылмандардың беделді «көшбасшыларының» бірі – бұрынғы вакф министр Шейх Мухаммад әл-Захабты ұрлап алып, өлтірді.

Тәкпіршілер әртүрлі елдерде өздерін танытып жүр. Ауғанстан мен Пәкістандағы «Әл-Каида» және «Талибан» ұйымдарымен ұқсас көзқарастары бар. «Ат-такфируа-ль-хиджраның» жолын қуушылардың баршасында дерлік ілімдерінде екі жүйені қалыптастыратын, негізгі Исламның тақфир және жихад туралы іргелі ережелеріне тән ерекшеліктері бар. Осы жалпы ислам ұғымдарын пайдаланып, олар оның мәнін танымастай етіп бұрмалайды. Осылайша, Ат-Такфируа әл-Хиджра «дінсіздік» («күпір» немесе «құдайсыздық») және «көпқұдайшылық» («ширк» немесе «пұтқа табынушылық») ұғымдарды абсолюттендіріп, Тақфирдің объектілерінің аясын кеңейтеді. Ислам құқықтанушылығы (фикх), теология (калям), философиясы (фальсафа) жаратушының жалғыз екендігін толық және дұрыс түсінуді мақсат етсе, Ат-Такфируа әл-Хиджра Құранның және сүннаның құқықтық, теологиялық, философиялық түсінудің мүмкіндігін жоққа шығарады.

Тәкпіршілер қоғамда «мазхабсыздар» деп аталады, исламның төрт мазхабының мағынасын бұрмалайды. Атап айтқанда, олар біздің тек Құран мен Сүннетке еретінімізді, мазхабтардың жарамсыз екенін айтады, «өйткені бұл Құранда және Пайғамбардың сүннетінде айтылмаған» дейді. Сондықтан, Қазақстандағы тәкпіршілердің имам Әбу Ханифаның және оның жолын қуушылардың мазхабына қатысты не себепті сын көзімен қарайтыны түсінікті болады. Осы орайда тәкпіршілер жергілікті имамдар билігін мойындамайтынын атап өту керек.

«Ат-такфир уа-ль-хиджра» идеологтарының пікірлерінше, мұсылман жолынан таюшылар (мудрадд) бір құдайлық принципінен «аз ауытқып кетуді» жасайды. Олар үшін мұндай «ауытқулар» ретінде, әдетте, тақуаларды мадақтау, сопылардың зираттары басында құран оқу, астрологиялық болжамдар (жұлдызнама) жасау, сәтсіздіктердің алдын алу үшін тұмар тағу болып табылады.

Заманауи «Ат-такфир уа-ль-хиджра» неоваххабиттер идеяларының жолын қуушылар тұрғысынан мыналар бидаға («жаңалық») жатқызылады: *«туған күндерді тойлауды ұйымдастыру, аптаның арнайы күндерін ерекшелеу, әр түрлі діни мерекелерді ұйымдастыру, атаулы күндер мен мерейтойлар, белгілі адамдарға арналған ескерткіштерді орнату, аза тұту жиналыстарын ұйымдастыру, азалы рәсімдерде әр түрлі жаңашылдық енгізу (мысалы, жоқтау айту), мазарларда ғимараттар салу»* және т.б. Алайда, Сүннит ханафиттері туған-туыстардың зираттарына бару, әсіресе, ата-аналардың қабірлеріне бару маңызды сүннет деп санайды.

Тәкпіршілер марқұмның мазары басында зиратта Құранның сүре оқу жөнсіз деп жариялайды. Сонымен қатар, Такфириттер ата-бабаларын – Жеті атасын есте сақтамайды, тіпті мұсылманның міндеттерін орындамағаны үшін өз ата-аналарын айыптайды, ал Құран мен Алла елшісінің сүннеті бізді ана мен екеге құрметпен қарауға үйретеді.

Такфиризмнің жолын қуушылар «бида» («жаңалық») сөзі араб тілінде «күпірлік», «адасу» деп түсінеді. Мысалы, 1207 жылдан бері Сирия, Алжир, Тунис, Марокко және басқа да мұсылман елдерінде бұл жарқын мереке кеңінен танымал болғанына қарамастан, олар Мұхаммед Мавлид әл-Набидің туған күнін тойлауға қарсы келеді. Тәкпіршілер Мәуліт дінде тыйым салынған жаңалық деп санайды, ал біз Мұхаммед пайғамбарымыздың Мәулітін сүнна мақұлдаған және мақтауға лайық дәстүр ретінде атап өтеміз. Жыл сайын мұсылман күнтізбесіне сәйкес Раби'аль-аууаль айында Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы еліміздің барлық өңірлерінде бірқатар ірі мерекелер өткізеді.

Мавлид әл-Набидің діни мерекелерін қабылдамай, тәкпіршілер өз туған күндерін атап өтпейді және өз ата-аналары мен туыстарының туған күндерін тойлауға тыйым салады. Одан басқа, ваххабилердің жалған ілімдерін ұстанған кейбір жас қазақстандықтар ата-аналарын намаз оқымағандары үшін көпірлер деп атайды.

Тәкпіршілер христиандар мен яһудилерді ғана емес, басқа мұсылмандарды да айыптайды. Оларды дінсіздер деп жариялайды. Өз объектілеріне қатысты бұл радикалды исламистер кез келген іс-әрекетті орындайды, соның ішінде кісі өлтіруден де бас тартпайды. Астана қаласы прокуратурасының өтініші бойынша Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының шешімімен «Ат-такфир уа-ль-хиджра халықаралық ұйымын экстремистік деп тану және Қазақстан Республикасындағы қызметіне тыйым салу туралы шешім қабылданды.

«Иакын Инкар» діни ұйымы. «Иакын Инкар» деген сөз араб тілінде «Құдайдан басқа барлық нәрседен бас тарту» дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы «Иакын Инкар» экстремистік ұйымының елдегі заңсыз қызметін айқындады. Бұл ұйымның мақсаты – «Ислам халифатын» құру. Конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, еліміздің саяси егемендігін бұзу ұйымның негізгі мақсаты. Осы ұйымның мүшелері басқа

діндердің бар болу құқығын түбегейлі түрде жоққа шығарып, олармен теологиялық және ұйымдық араздықта болады [5].

«Иакын Инкар» – шын мәнінде, қызметіне тыйым салынған «Таблиғи Жамағат» ұйымының бөлімшелерінің бірі. Осы ағымның жолын қуушылар зайырлы және демократиялық мемлекеттік принциптерін жоққа шығарады. Мысалы, оның жолын қуушылар, өздерінің наным-сенімдері бойынша, Мұхаммед пайғамбардың заманындағыдай ұзын шаш қойып, дәстүрлі араб киімдерін киіп, жаяу жүріп, заманауи техникалық жетістіктерден бас тартады. Осы ұйымның сотталған әдептілері Қазақстандағы жасырын террористік ұйымдар құруға тырысты. Ұйымның осындай деструктивті қызметі Қырғызстанда байқалды.

Бас прокуратура «Иакын Инкармен» қатысты қазақстандық азаматтардың кез келген іс-әрекеті: қаржыландыру, үгіт материалдарын насихаттау немесе тарату Қылмыстық кодекстің экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған баптарына сәйкес бағаланатын болады және қылмыстық заңға сәйкес жазаланады.

XXI ғасырда діни экстремизм әлемдік аренада жеке мемлекеттердің, күштер мен қозғалыстардың геосаяси мақсаттарына жету үшін сыртқы саясаттың саясаты мен құралының бөлігі болып табылатын ең күрделі әлеуметтік мәселелердің бірі болды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында діни экстремизмге қарсы тұрудың проблемалары мен жолдары өзекті мәселе. Барлық ұлттық заңдар бұл әрекетті ұлттық қауіпсіздікке, егемендікке, аумақтық тұтастыққа және конституциялық құрылыстың негізіне қауіп төндіретін ең қауіпті қылмыс түрі деп біледі [5].

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает экстремизм, который является одной из угроз современного мирового сообщества XXI в. В статье подробно раскрываются и подробно описываются экстремистские организации, запрещенные на территории Республики Казахстан. В то же время выявляются и решаются пути формирования религиозного экстремизма и влияние на общественное устройство.

Ключевые слова: религия, ислам, экстремизм, экстремистские организации, такфиризм.

In the article the author considers extremism, which is one of the threats of the modern world community of the XXI century. The article reveals in detail and describes in detail extremist organizations banned in the territory of the Republic of Kazakhstan. At the same time, the ways of formation of religious extremism and influence on the social structure are revealed and solved.

Keywords: religion, Islam, extremism, extremist organizations, takfiri.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/174.htm
2. Электронды ресурсы // <https://lektii.org/11-34241.html>
3. Электронды ресурсы // <https://yvision.kz/post/299760>
4. Электронды ресурсы // **Список террористических и экстремистских организаций, запрещенных на территории Республики Казахстан.** <http://mic.gov.kz/ru/pages/spisok-zapreshchennyh-terroristicheskikh-i-ekstremistskikh-organizacij>
5. Электронды ресурсы // **Иакын-Инкар** <https://zonakz.net/2018/10/12/jakyn-inkar-priznali-ekstremistskoj-organizacii-i-zapretili-ee-deyatelnost-na-vsej-territorii-kazaxstana/>

Түркістан қаласы.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Елизавета ИСИБАЕВА,
Балжан ДӘУЛЕТЯРОВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің доценттері,
тарих ғылымдарының кандидаттары

Қазақ елі тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, өркениетті елдердің бәрі өткен нарықтық қатынастар жолына түсті. Қазақстанда шынайы нарықтық қатынастарды орнықтыру бұрын бірыңғай мемлекеттік меншік құрамында болып келген түрлі мекемелер мен ұйымдарды мемлекет меншігінен алып, жекешелендіру жұмысының жүзеге асырылуымен айқындалды. Жекешелендіру – мемлекеттік меншіктің жеке меншікке өзгеруі ретінде өтпелі экономика кезінде ТМД елдерінде ғана емес, Шығыс Еуропада және нарықтық экономикасы дамыған елдерде, әсіресе, Ұлыбритания, Франция, Германия мен АҚШ елдерінде де кеңінен қолданылды. Алайда, жекешелендірудің мақсаты нарықтық экономикасы дамыған елдермен нарықтық экономика түскен елдерде әр түрлі болады. Егер нарықтық экономика дамыған елдерде жекешелендіру мемлекеттік бюджетке қосымша қаржы тартуды мақсат етсе, өтпелі экономика елдерінде жеке меншікті құру құралы болып, соның негізінде, бәсекелестік нарықтық ортаны қалыптастырды. Дамыған елдерде жекешелендіру негізінде жекешелендірудің бір моделінде жүзеге асты. Ол үлгі мемлекеттік кәсіпорындарды банк, сақтандыру компаниялары, кейде тұрғындардың сатып алуына негізделген еді. Ал, көршілес жатқан Ресей елінде жүргізілген жекешелендірудің негізгі мақсаты – мемлекеттік мүлікті сатып алу негізінде меншіктер топтарын тезірек қалыптастыру еді.

Қазақстандағы жекешелендіру үдерісі Чехословакияда қолданылған моделге ұқсастықпен жүзеге асырылды [1,16-б.]. Ол 1991 жылы басталып, 1998 жылдың басында аяқталды. Жекешелендірудің үлкен бір саласы – ауыл шаруашылығын жекешелендіру. Осы тұста бұл мәселені аша кеткен жөн. Ол ата-баларымыздың бүгінгі ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы – жер мен оның байлығының сатылмайтындығы әрі жекешелендірілмейтіндігі. Жекешелендіру науқаны ауыл шаруашылығы саласында қалай жүргізілді? Ауыл шаруашылығы объектілерін жекешелендіру совхоздар мен түрлі мемлекеттік ауыл шаруашылығы мекемелерін фермерлік, және шаруа қожалықтарына, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, шағын кәсіпорындарға ашық және жабық түрдегі акционерлік қоғамдарға айналдыру арқылы жүзеге асты. Жекешелендірудің міндеттерін жүзеге асыру мақсатында оның ұлттық бағдарламасы жасалып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 1993 5 наурыздағы жарлығымен бекітілді [2, 7-б.]. Жекешелендірудің негізгі мақсаты – мемлекетке қарасты өндірістік объектілерді, басқа да материалдық және материалдық емес (активтерді) мемлекеттің өтеусіз және өтеммен беру арқылы, республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Жекешелендірудің 1-сатысындағы негізгі қателік – әр адамның жеке мүлік және жер үлесі заң жолымен айқындалмады, жекешелендіруде бірыңғай саясат болмады, ол мемлекеттік мүліктің республикалық және коммуналдық болып бөлінуі жайлы шешімінің шығуына алып келді. Соның нәтижесінде, мемлекет

мүлкін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру көп нұсқалы түрде жүргізілді. Меммүлікком мемлекет мүлкін оның иелігінен алу мәселесімен оның жағдайы мен тиімді пайдаланылуы үшін ешқандай жауапкершілікті өз мойнына алмастан-ақ иемденді. Бірінші сатыда жаңа немесе бұрыннан келе жатқан мемлекеттік емес құрылымдардың өкілеттіктері мен қызметтері айқын түрде заң жүзінде белгіленбеді. Негізінен «төменнен ұсынылған жекешелендіру» жүргізілді, ол ұсыныстар көбіне қоғамның пайдасы үшін емес, келешектегі сатып алушының жеке пайдасы үшін жасалды. Төменнен жүргізілген жекешелендіру экономиканың дамуына пайда келтірген жоқ. Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендірудің инициаторы болу құқы бар еңбек ұжымдары, бір топ немесе жеке азаматтар, заңды тұлғалар және сатушы ретінде мемлекет атынан өкілеттік алған ұйымдар мен мемлекеттік коммуналдық басқару ұйымдары секілді субъектілердің көптігі де теріс рөл атқарды. Көбіне-көп сатушы жай ғана тіркеуші болып қалды. Бұл қателікті Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы сәуірдегі «Өндіруші салалардағы мемлекет мүлкін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді тездету шаралары туралы» Жарлығы біршама жөндеді. Бұл Жарлыққа сәйкес, кәсіпорын меншіктің басқа түріне өту туралы өтінішті Меммүліккомның органдарына берді, олар өтінішті тіркеп, жекешелендіру жайлы шешім шығарып, өтінішті тиісті жекешелендіру бюросына тапсырды.

Екіншіше орай, осы принцип ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің енжарлығынан, құқықтық және экономикалық сауатсыздығынан оң нәтиже бермеді. Халыққа жария жасалынбады, түсіндірілмеді, көбі білмей қалды. Түсінген басшылар барлығына түсіндіріп айтпады, айтса да өз адамдарына айтты, солар сатып алды. Қарапайым жұмысшы, халық ала алмады. Жекешелендіру тағдырын кәсіпорын басшысы шешті, ол өзіне тиімді есептеген жолды тандады. Шаруалардың көнбістігі, айтқаннан шықпайтынына есеп жасалды. Сол мерзімде мемлекетте мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіруде бірыңғай, орталықтандырылған саясат алу басым еді. Еңбек ұжымдарына тегін немесе көптеген жеңілдіктермен беру, нақ сол мерзімде даралануды (персонафикация) белгілеу алған мүліктің қадірін төмендетті, «ұжымдық эгоизмге» алып келді. Ауылдық жерлерде ауыл техникасы, малдары, т.б. өте арзанға сатылды. Ауыл шаруашылық саласы мемлекеттік кәсіпорындарын жекешелендірудің негізі болып саналады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіруде не істелді, нәтижесі қалай болды? Шаруашылық жұмыстың қорытындысы бойынша, жекешелендірілген шаруашылықтар мен жекешелендірілмеген совхоздардың қызметі бірнеше облыс бойынша салыстырылып талдау жасағанда бірінші көзге түсетін мәселе – меншік түрінің өзгергені шаруашылықтардың іс нәтижесіне әсерін тигізген жоқ. Өрине, бір жылдың қорытындысынан мұндай күрделі істің нәтижесін көре қиын болды. Меншік түрінің өзгеруінің нәтижесі екі-үш жылдан кейін анық көрінді. Сонда да тағы бір белгілі болған жәйт совхоздарды жаппай жекешелендіріп,

ұжымдық шаруашылықтарға айналдырылғаннан ондағы жұмыс істейтін аудандардың еңбекке деген белсенділігі мен кәсіпкерлік іскерлігі, талпынысы арта қойған жоқ. Сондықтан да қазір халықтың бұрынғы совхоздардың ұжымдық шаруашылыққа айналуы тек шаруашылықтардың маңдайшасының атының өзгергені ғана деп жүргені негізсіз сөз емес еді.

Қазір елді қатты алаңдатып, күдікпен үрей тудыратын жағдайдың бірі – елдегі қаржы, несие, баға саясатының дұрыс қалыптаспауы. Қаржы-несие жүйесінің тұрақсыздығы, капиталдың жемқорлар, ұрылар, алаяқтар қолында шоғырлануы экономикалық реформаны, оның ішінде ауылдағы жекешелендіруді, аграрлық саясатты жүзеге асырудың нәтижесін жоққа шығарып отырды. Сонымен бірге халықтың тез арада, асқан жылдамдықпен бай, кедейге жіктелуі, өмірдің жалпы деңгейінің күрт құлдырау адамдардың реформаға, Үкіметке, мемлекет басшыларына, заңдарға сенімсіздігін арттырып, ертеңгі күнге күдікпен қарауына мәжбүр етті. Бұл экономикалық реформаның мәні, нарықтық экономикаға көшу қажеттігі қатарындағы адамдардан; жұмыскерлерден, шаруалардан, қызметкерлерден сұралған, олармен келісілген мәселе емес, тек жоғарыдан мемлекет басшылары, Жоғары Кеңес депутаттары, қолында билік барлар тарапынан қабылданған, солар дұрыс деп тауып, мақсатқа айналдырылған және ақиқат-шындық ретінде қабылданғаны мәлім. Сол уақытта Үкіметтің түсінігінше, барлық мемлекеттік меншік жекешелендірілсе, онда Қазақстандағы барлық 17 миллион халыққа тұрғын үй және инвестициялық купон бойынша бөліп берілсе, әлеуметтік теңдік қалпына келіп, бүкіл халықтың әрқайсысы бірдей құқықты иеленіп, бұрынғы мемлекеттік, қоғамдық меншікті тең бөліп алатын болды деп есептеді. Сөйтіп, жарыс алдында бәрі бір деңгейдегі сапта қатар тұрмақ болды. Бұған кейбіреудің сенуі де мүмкін, бірақ халықтың көпшілігінің сенуі мүмкін емес еді [3, 7-б.]. Жекешелендіруді одан кең ауқымда және жедел жүргізуді көздеген «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің екінші кезеңі 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы» 5-наурызында Президент жарлығымен бекітілді. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – мемлекетке қарсы өндірістік объектілерді, басқа да материалдық және материалдық емес активтерді мемлекеттің өтеусіз және өтеумен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлкті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау [4, 16-б.]. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатымен, Президент бірнеше жарлық пен қаулы, Министрлер кабинеті бірнеше қаулы қабылдап, көптеген нормативтік құжаттар жасап, бекітті. Мемлекет иелігінен алу процесін меншіктің формасын өзгертпей-ақ, кәсіпорындарда шаруашылық мәселелерін шешуде толық дербестік беру арқылы жүзеге асырылды. Ал, «жекешелендіру» үдерісінде, «мемлекет иелігінен алудан» айырмашылығы, меншіктің формасы міндетті түрде өзгерді.

Теориялық тұрғыдан мынадай мәселені шешіп алу қажет: қандай жағдайда «мемлекет иелігінен алу» мен «жекешелендіру» ұғымдары бір-біріне сәйкес келеді, ал қандай жағдайда айырмашылықта болады? Дүниежүзілік тәжірибеде «жекешелендіру» ұғымы азаматтар мемлекеттік емес тұлғалардың өндіріс құрал-жабдықтарына меншік құқығын мемлекеттен алуы деп есептелінді, өйткені шет елдерде, меншіктің екі формасы ғана әрекет етеді: жеке және мемлекеттік. Ауыл шаруашылығы өндірісінен басқа да барлық

салаларында мәселені осылайша қоюға болатын. Әрине, жекешелендіру, барлық проблеманы шешпеді. Өтпелі кезеңде жекешелендіруді жүргізгенде қоғамның материалдық жағынан жіктелуі, кәсіпорындарының банкротқа ұшырауы, жұмыссыздықтың болуы, өмір сүру деңгейінен төмендеуі қоса орын алды. Ал, жекешелендірудің үшінші кезеңінде: (1996-1998 жж.) негізгі мақсат Қазақстан Республикасының экономикасында жекешелендіру үрдісінің негізінен аяқталып, жеке меншік сектордың басым болуымен айқындалды. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру тек қана ақша қаражатына сатылатын болды. 1995 жылдың 1-желтоқсанына дейін 1776 шаруашылық жекешелендірілді. Бұл – жалпы көлемнің 84% болып саналды. Реформаланған кеншаралардың негізінде 1000-нан астам ұжымдық шаруашылық, 420 шағын жекеменшік кәсіпорын, 340 акционерлік қоғам мен шаруашылық серіктестіктері, 1240 шаруа қожалықтары құрылып, жұмыс істей бастады. Мемлекеттік құс фабрикалары, мал шаруашылығы кешендері мен асыл тұқымды шаруашылықтарды акционерлеу толық аяқталды. Агро-өнеркәсіп кешендерінің дайындау, ұқсатушы және қызмет көрсетуші орталықтарында ауыл-село тауар өндірушілерінің қатысуымен 144 акционерлік қоғам құрылды. Тәжірибе ретінде 20 совхоз аукцион арқылы жекеменшікке сатылды. 20 жылдан астам еңбек стажы бар 33 шаруашылық басшысы мемлекеттік кәсіпорынның сатылуға түскен дүние-мүлкінің негізгі бөлігін тегін алды. Нарық механизмдеріне сүйене отырып, кешенді қайта қарауға бағыт жасалды. Алайда тактикалық тұрғыдан бұл асығыстық, бағытсыздық көріністерін берді. Жекешелендірілген, бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін бөлшектеріне дейін бөліп алған, пай иелерінің шаруашылық жүргізуге әлдері жетпеді, егін шаруашылығын жүргізуге қажет жөнді техника қалмады, өндіріс алған күннің өзінде өнімдерін ұқсатуы қиынға соқты, нарықтың қыспағына төтеп беруге жағдайлары келмеді. Экономикалық басқарудың жаңа тәсілдері, жекешелендіруді және оның тағы басқа тетіктерін республика жағдайында пайдалану әлі де болса кең өріс ала алмады. Бұл ретте республика шаруашылықтарында өндірісті басқару, ұйымдастыру әдістерін күрделі проблема ретінде қаралып отырғаны құпия еді [5, 47-б.]. Сондықтан да нарықтық экономикаға өту барысында бұрын қалыптасқан ауыл шаруашылығындағы өндірісті ұйымдастыру, басқару мәселелерінің тәжірибелерінің өдістері мен кемшіліктерін ғылыми түрде зерттеу бүгінгі күн талабы. Жер қатынастарын, мемлекеттік меншікті жекешелендіру үдерістерін анықтайтын заңдар қабылданды. Бұл жер реформаның негізгі мақсаты – жерде қожалық етудің түрлі нысандарын құру жүзеге асты. Осы жылдар аралығында, республикада мал шаруашылық фермалары, құс фабрикалары мен басқа ұқсас өндіріс орындарында өнімді өндірудің үзіліссіз технологиялық үдерісі қамтамасыз етілмеді. Ауылшаруашылық кешеннің мемлекеттік ауылшаруашылық, дайындаушы, өңдеуші және қызмет көрсетуші кәсіпорындары мүлкін жаппай жекешелендіру, сонымен қатар, шаруашылық нысандарын таңдау мүмкіндіктерінің іс жүзінде жоқтығы, инфляция тұсында шаруа қожалықтарын құру мәжбүрлігі, саланың ішіндегі тепе-теңдіктің бұзылуы, ауыл шаруашылығында кооперацияның, жоғарылмалы бірігудің мүмкіндігі жоққа шығарылды, ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігіне кері әсерін тигізді.

1994 жылдың соңына қарай негізінен совхоздар мен мемлекеттік шаруашылықтарды жекешелендіру есебінен ауылшаруашылық құрылымдардың саны 1990 жылдағымен салыстырғанда, сегіз еседен артық өсті,

яғни, ауылшаруашылығындағы көп тұрпаттылық орын алды. Алайда, шаруашылық етудің жаңа нысандарының тиімді жұмысы үшін және жерді ұтымды падалану мен қорғау үшін құқықтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар жасалмағандықтан, нарықтық өзгерістер өнім өндірісінің өсуіне алып келмеді. Ауыл тұрғындарының көпшілік бөлігі өмір тұрпатындағы үлкен өзгерістерге алып келетін реформаларға дайын емес еді, өндірістегі технологиялық байланыстар бұзылған еді. Осы кезеңде өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнімнің бағалары тепе-теңдігінің бұзылуы мәселесі ерекше өзекті еді, өнеркәсіптік тауарлар мен қызметтер бағаларын босатып қойып, Үкімет ауылшаруашылық өнімдерді бағаларының еркіндігін кідіртті. Жаңадан құрылған шаруа қожалықтарын несиелендіруді, мемлекет тарапынан жерге орналастыру шараларының ауқымды бағдарламасын, өсімдік зиянкестері мен аурулармен күресті, жануарлардың айырықша жұқпалы аурулармен күресті қарастырған «ауылшаруашылық кешеннің салаларын несиелендіру мен мемлекеттік іс-шараларды қаржыландыру туралы» (1993 ж. сәуір) Заңның қабылдануына қарамастан, бөлінген қаржы жеткіліксіз болып шықты. Ауылдың нарықтық қатынастарға көшуінің салдарын жұмсарта алатын «Ауыл мен Агроөнеркәсіп дамуының басымдылығы туралы» Заңды (1991 ж.) қаржыландыру да ұқсас жағдайға ұшыратты.

Ал республиканың ауыл шаруашылығының ерекшелігі мынада: 70 жылдан астам уақыт кезеңінде меншіктің екі формасы әрекет етті: мемлекеттік және колхоздық-кооперативтік. Сонымен бірге соңғы форма іс жүзінде бөлінбейтін ұжымдық сипатта еді, ал бұл әміршіл-әкімшіл жүйеде колхоздың ұжымдық беделін формальды түрде сақтай отырып, оларды іс жүзінде мемлекеттендіруге мүмкіндік берді. Ал, нарықтық қатынасқа өту кезінде жекешелендіру процесі екі кезеңде жүргізілді. Жекешелендірудің бірінші кезеңінде меншікті иелігінен алу процесі жүзеге асырылып, иеленудің ұжымдық формасы құрылса ал екінші кезеңінде жекешелендірудің нәтижесінде еңбек ұжымының әрбір мүшесінің ортақ меншіктегі үлесі анықталып, ынта-ықыласы болған жағдайда өзінің үлесімен ұжымының құрамынан шығуға жағдай жасалды. Пай зейнетке шыққан кезде сақталды, оны мұрагерлік ретінде беруге болатын еді. Колхоздарда меншікті реформалау мәселесі олардың әрбір мүшесін өндіріс құрал жабдықтарына жеке-үлестік меншікпен қамтамасыз ету мәселесіне кепіл тірелді. Бұл үдеріс колхоз меншігін жекешелендіру үрдісі деп аталды. Колхоздар мемлекеттіктің меншігі болмағандықтан, әңгіме меншігі жекешелендіру жөнінде болуға тиіс деп есептелінді. Жекешелендіру үрдісі жеке адамды меншікпен төленетін немесе төленбейтін негізде қамтамасыз ету үдерісін білдірді, яғни жекешелендіру үдерісі нәтижесінде жеке меншік субъектісі қалыптасуға тиіс еді. Бөлінбейтін колхоздық меншік, белгілі бір адамдар тобына тиесілі болғанымен, мемлекеттік сияқты қоғамдық меншіктің бір түрі болып табылды. Демек, колхоздық бөлінбейтін меншігі – ол да іс жүзінде иесі жоқ меншік, оны бөліп, колхоз мүшелерін тиісті үлестік меншікпен қамтамасыз етуді колхоздың меншігін жекешелендіру үдерісі ретінде қарастыруға болады.

Жеке меншік екі түрге бөлінді: топтық меншік және дара меншік. Отбасылық шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтан басқа кәсіпорындардың барлық түрлері және меншіктің жеке топтық формасын құрады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының меншігін жекешелендіру үдерісін жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан жағдайында ерекше өзекті сипатқа ие болды. Мұндай қажеттілік республиканың ауыл шаруашылық өндіріс дамуының бірқатар сипатты ерекшеліктеріне

де байланысты. Жекешелендірудің төртінші кезеңі (1999-2000 жылдардағы) мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру және жекешелендіру бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Мұндай негізгі мақсат жекешелендірудің құқықтық негізін және мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру болып табылды, басқару тиімділігі артты, есепке алу жақсарды. Жекешелендірудің механизмі нақты экономикалық және басқа жағдайлар толық ескерілген тиімді жұмыс істейтін нарық құрылымдарын қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес келген жоқ. Оның үстіне, ауыл шаруашылығы өзіне тән ерекшеліктеріне (сала өнімдері тез бүлінді, өндіріс циклі бірнеше жылдарға созылды, кеңестік шалғайлығы және тағы да басқа) байланысты бәсекелестік қабілеті кеміді, көптеген елдерде бұл салаға мемлекеттік қолдау саясаты жүргізілді және де, агроөнеркәсіп кешеніндегі жекешелендіруде ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің осал тұстарын өскеретін шаралары қарастырылды. Сонымен бірге, ТМД республикаларымен шаруашылық байланыстарының үзілуі саланы материалдық ресурстармен әсіресе, мұнай өнімдерімен жабдықтауды қиындатып жіберді. Бұл ауыл шаруашылығындағы жағдайды күрделендіре түсті. Өкінішке орай, агроөнеркәсіп кәсіпорындардың жекешелендірудің әдістері мен амалдарын реттейтін құжаттарда аталған ерекшеліктерді ескеретін нарық құрылымдарын қалыптастыратын механизм болмады. Қисын бойынша, олардың қалыптасуы ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін салалар кәсіпорындарын қайта құрумен бірге басталды. Бұл салалардағы жекешелендіру нарықтық инфрақұрылымды, онда бәсекелестік ортаны, қалыптасқан монополизмнен арылуды, ауыл тауар өндірушілерге қызмет көрсету құқығына ие болу үшін өзара бәсекелестік нарық субъектілерінің қалыптасуын қамтамасыз етті. Бұл салалардағы жекешелендіру керісінше болып шықты. Жекешелендіруді мемлекеттік реттеу, ауылдағы тауар өндірушілердің мүддесін бақылаусыз тақырлатуға алып келді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу мен оны өңдеуден кейінгі ақырғы өнімді сату бағаларындағы үлкен алшақтық, материалдық-техникалық жабдықтау кәсіпорындары ауылға беретін қосалқы бөлшектер мен техника бағасына қосылатын қосымша шығындар мөлшерінің жосықсыз көбейтілуі осының айғағы. Осының бәрі ауылшаруашылық кәсіпорындарының қаржы жағдайын қиындатып, саланы дағдарысқа ұрындырды. Агроөнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің белгіленген тәртібі жекешелендірудің екінші кезеңінде оның алғашқы кезеңіндегі қателіктері жойылмады. Дегенмен, жекешелендіру саласындағы кемшіліктерге қарамай, белгілі бір табыстарға да қол жеткізілді. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындардың жекешелендіру және Қазақстан Республикасының аграрлық секторында колхоздарды реформалаудың соңғы нәтижесі кезіңдегі қалыптасқан жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылымдарды талдар болсақ, совхоздар мен колхоздар базасында өндірістік кооперативтер, шаруашылық серіктестіктері мен шаруа (фермер) қожалықтары ұйымдастырылды. 1991 жылғы 2183 мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорынының 1998 жылдың 1 қаңтарында ғана 60-ы ғана қалды. 1997 жылдың 1 сәуірінде республиканың ауыл шаруашылығы саласында 51885 шаруашылық жүргізуші субъектілер, оның ішінде 47393 шаруа қожалықтары, 991 шаруашылық серіктестіктері, 2614 өндірістік кооперативтер, 399 акционерлік қоғамдар, 120 қауымдастықтар, 95 мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ Азаматтық кодекске сай келмейтін 273 кәсіпорын құрылды. Ауыл шаруашылығы кәсіп-

орындарын жекешелендіру үдерісі кезінде олардың жұмыскерлері, сондай-ақ жекешелендірудің басқа да субъектілері өздерінің заттай пайларын, жекешелендірілген мүліктер, жер үлестері ретінде алды. Мемлекеттік мүлік жөніндегі органдардың көрсеткіші бойынша республикада мүліктік пайды 1161906 адам алған. Соңғы он жыл ішінде халықтың дамуы жөніндегі статистикалық ақпарат талдауы, өмірдің жалпы ел алдында және жеке алғанда ауыл алдында бірқатар күрделі демографиялық мәселелер қойғандығын көрсетеді [6,55-6.]. 1989 жылдың халық санағы бойынша ол 1495126 адам болып шықты, яғни халқымыз, 2 млн, адамға азайып қалды. Мұның бәрі экономиканың барлық секторларының дамуына теріс әсер еткендігі тарихи шындық. Дегенменен, осындай қиыншылықтарға және оларға қарсы жүргізілген экономикалық реформаның басты нәтижесі республикада негізгі нарық институттары құрылып, жұмыс істеуде және елеулі табыстарға қол жеткізуде.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о процессе приватизации в сельском хозяйстве и его результатах. Процесс приватизации в сельском хозяйстве явился актуальным условием перехода от прежней социалистической сис-

темы к рыночной экономике, который проводился для резкого повышения деловой активности хозяйствующих субъектов, активизации экономической конкуренции.

The article describes the processes of privatization in agriculture and its results. The process of privatization in agriculture was an important condition for the transition from the former socialist system to a market economy, which was carried out for a sharp increase in business activity of economic entities, the intensification of economic competition.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қалтаев С. Нарыққа өтпелі кезеңдегі аграрлық қатынастар: Экономика ғылымдары кандидаты...дисс. авторефераты.-Алматы: 2001.-27-бет.
2. Барсуков Ю. Село – логика преобразования // Мысль 2004. - №8.- с 63.
- 3.Оспанов М.Т, Аутов Р.Р, Ертазин Х.Е. Теория и практика агробизнеса. -Алматы: СП «Франклин»1997.-356 с.
- 4.Сүлейменов М.К. Право и предпринимательство в Республике Казахстан. -Алматы: Жеті Жарғы. 1997.-323 с.
- 5.Кемел М. Тәуелсіздік жылдарындағы аграрлық реформа //Заң, 2002. - № 9. - 46-47-бб.
- 6.Реформирование экономики Казахстана: проблемы и их решение /Под ред. М.Б.Кенжегузина.-Алматы.1997.— с.54-55.

ОСОБЕННОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЛАГЕРЕЙ ДЛЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ в годы второй мировой войны на территории Казахстана

Руслан БЕКМАГАМБЕТОВ,
кандидат исторических наук,
Майсара БЕКМАГАМБЕТОВА,
кандидат исторических наук, Костанайский государственный
педагогический университет им. Султангазина

Победа Красной Армии под Сталинградом внесла решающий вклад в достижение коренного перелома в ходе Великой Отечественной и Второй мировой войны. В условиях изменившейся обстановки на фронтах, роста количества пленных и начавшегося восстановления освобожденных районов начинается планомерное использование военнопленных армии противника в системе принудительного труда Советского Союза. По состоянию на 01.01.1942 г. на территории СССР действовало 7 лагерей для иностранных военнопленных. Два из них находились в Казахской ССР (Актюбинский и Спасо – Заводской лагеря). Остальные размещались на территории РСФСР в Марийской, Мордовской и Татарской АССР, а также в Горьковской и Калининской областях. На протяжении 1942 г. в Союзе ССР были сформированы еще ряд лагерей, в результате к концу года их численность достигла 31 [1, с. 162].

Осознавая необходимость последующего использования военнопленных в системе принудительного труда, руководство страны обратило внимание на проблемы поступающего контингента военнопленных. Особенностью этого периода были серьезные недостатки в работе по эвакуации военнопленных с фронта. С момента пленения до поступления в пункты погрузки военнопленные проходят пешком по 200-300 километров и почти не получают никакой пищи, вследствие чего прибывают резко

истощенными и больными. Значительная часть военнопленных, не имея собственной теплой одежды, несмотря на указания, не обеспечивается из трофейного имущества [2, л. 1- 2].

Приказом НКВД СССР от 1 марта 1943 г. № 00398 «О вывозе военнопленных из лагерей и приемных пунктов прифронтовой полосы» предписывалось вывезти в течение марта-месяца текущего года всех военнопленных, находящихся в лагерях НКВД для военнопленных, на приемных пунктах в прифронтовой полосе и 78500 чел. из района Сталинграда. Всего 110563 человек. Первыми эшелонами приказано было вывезти офицеров.

Народным комиссарам внутренних дел Узбекской ССР, Казахской ССР и Удмуртской АССР, начальникам УНКВД Свердловской, Челябинской, Молотовской, Карагандинской, Ивановской, Саратовской и Омской областей обеспечить прием и размещение военнопленных. Предписывалось распределить офицерский состав отдельно от рядового и младшего начсостава. Рядовой и младший начсостав распределялся по различным лагерям, в том числе и на территории Казахстана. В Карагандинскую область в Спасозаводский лагерь № 99 начальником лагеря был назначен подполковник Сорокин Н.И. (распределено 5000 человек), в Пахта-Аральский лагерь № 29 - начальник лагеря подполковник Рудаков А.Ф. - 20000 человек [3, л. 148-159].

В течение 1943 г. началось частичное деление военнопленных офицеров и рядовых по национальностям. Так, итальянцы должны были быть переведены из холодных северных районов на юг Казахстана (лагерь в Пахта-Арал), в Узбекистан (лагерь в Андижане). Немцам и австрийцам особых климатических зон не выбирали [4, с. 77].

С 1943 года в составе ГУПВИ начинают выделяться лагеря, в которых содержались военнопленные по государственной принадлежности. Именно с 1943 г. и до конца войны численность военнопленных постоянно возрастала. В апреле 1943 г. было принято решение об образовании новых лагерей и расширении существующих. Предполагалось в течение 1943 г. значительно расширить сеть лагерей для военнопленных. Среди лагерей, подлежащих расширению, упоминался и Карагандинский лагерь. Планировалось расширить вместимость лагеря до 10 тысяч человек. Организация новых лагерей и расширение существующих возлагались на НКВД и заинтересованные в рабочей силе наркоматы.

Вторая половина 1943 г. характеризовалась постепенным увеличением числа промышленных объектов, на которых трудились военнопленные. К декабрю 1943 г. для трудоустройства на предприятиях в распоряжение наркоматов были выделены 29932 человека, в том числе Наркомату совхозов выделялись военнопленные на сельскохозяйственные работы в хлопководском «Пахта-Арал» [5, с. 151]. Совхоз использовал рабочую силу, сосредоточенную в лагере № 29. Последний был организован в марте 1943 года. Общее количество военнопленных западных армий – 2579 человек. В лагере в разное время насчитывалось 6 лагерных отделений. Дислоцировался лагерь № 29 в Южно-Казахстанской области, в 90 км от города Ташкента и 14 километрах от станции Сырдарьинская Ташкентской железной дороги на территории хлопководческого совхоза Пахта-Арал. В лагере, как уже упоминалось выше, имелись шесть лагерных отделений, расположенных от управления (лагеря) на расстоянии от 3 до 15 километров вдоль центрального оросительного канала.

Военнопленные использовались на сельскохозяйственных работах по обработке хлопковых полей. В то же время масштабы использования труда военнопленных в лагере были невелики. Из-за отсутствия в первое время квалифицированных работников производственного аппарата лагеря и опыта в вопросах организации трудоустройства, а также руководящих указаний центра по этому вопросу, производительность труда и заработок военнопленных в 1943-1944 гг. были очень низкими. Из выделенного наркоматом контингента военнопленных большинство оказались не в состоянии работать. По имеющимся неполным данным за 1943 г., от среднесписочной численности 2082 человек вывод на оплачиваемые работы составлял 811 человек или 39%. Среднедневная выработка на 1 отработанный человеко-день равнялась 3 р. 44 коп., а производительность труда в целом по лагерю составляла только 59, 2% [6, л. 12].

К 1 марта 1943 г., согласно справке об открытии лагерей в КазССР и Узбекской ССР для военнопленных, в КазССР работали: 1) Пахта-Аральский лагерь – 5000 человек, станция назначения – Велико-Алексеевская Ташкентская железная дорога. Расположен в Южно-Казахстанской области; 2) лагерь «Голодная Степь», расположенный в Южно-Казахстанской области, станция назначения – Голодная степь Ташкентской железной дороги; 3) Джамбульский

лагерь – 2500 ч. Станция назначения – Луговая Туркестано-Сибирской железной дороги; 4) лагерь «Иртыш-Гэстрой» – 4000 чел. Восточно-Казахстанской области, станция назначения – Защита Томской железной дороги; 5) Гурьевский лагерь – 9000 чел., расположенный в Гурьевской области. Станция назначения – Гурьев, Гурьевско-Оренбургской железной дороги [7, л. 16]. Необходимо отметить, что в справке указываются не только лагеря, но и лагерные отделения. Количество человек, указанных в документе, предполагало наличие мест в лагере. Лагерь в Гурьевской области был временным и использовался для концентрации и последующего распределения военнопленных.

Увеличение количества пленных в 1944 г. заставило НКВД СССР подумать о строительстве новых лагерей и расширении существующих. Приказом НКВД от 28 июля 1944 г. № 0156 предписывалось расширить сеть лагерей для использования военнопленных на строительстве и производстве. К 1 сентября 1944 г. было дано указание организовать лагерь № 222 при Актюбкомбинате. Численность контингента лагеря определялась в 2500 человек [8, л. 125].

С апреля 1943 г. по декабрь 1944 г. началось планомерное использование труда военнопленных. Перелом в ходе войны позволил принять меры для улучшения содержания пленных. Руководство НКВД приложило значительные усилия для улучшения питания, медицинского обслуживания, улучшило санитарно-бытовые условия для военнопленных. Труд вражеских солдат стал использоваться более массово, но по-прежнему оставался малоэффективным. Связано это было с отсутствием опыта организации труда военнопленных, постоянным расширением лагерей и неудовлетворительным физическим состоянием контингента.

ТҮЙІН

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстан аумағында орналасқан КСРО НКВД Бас басқармасы жүйесіндегі лагерлері, олардың қызметінің ерекшеліктері зерттеу нысаны болып табылады.

Тірек сөздер: лагерь, лагерь бөлімі, әскери тұтқындар, мәжбүрлі еңбек.

The object of the research is the camps of the system of the Main Directorate of the NKVD of the USSR for Prisoners of War and Internment, which are located during the Second World War on the territory of Kazakhstan, the features of their activities.

Key words: camp, camp department, prisoners of war, forced labor.

ЛИТЕРАТУРА

1. Мотревич В.П. Лагеря ГУПВИ НКВД (МВД) СССР в Челябинской области в 1942 – 1950 гг. (численность и дислокация) // Genesis: исторические исследования. – 2016. – № 6. – С. 162 - 169. URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=21086
2. РГВА. Ф. 4. Оп. 11. Д. 74. Л. 1-6.
3. ГА РФ. Ф. 9401. Оп. 1. Д. 637. Л. 148-159.
4. Карнер С. Архипелаг ГУПВИ. Плен и интернирование в Советском Союзе: 1941-1956. - Мос.: Изд-во РГГУ, 2002. - 304 с.
5. Попов А.Б. Пленные большой войны: Иностранные военнопленные в СССР в 1941-1945 гг. - Ростов-на-Дону: Издат-во Ростовского университета, 2000. – 56 с.
6. РГВА. Ф. 24 п. Оп. 26. Д. 42. Л. 12.
7. РГВА. Ф. 1п. Оп. 9 в. Д. 3. Л. 16.
8. ГА РФ. Ф. 9401. Оп. 1. Д. 707. Л. 125.

1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ РЕВОЛЮЦИЯ: білім беру саласындағы өзгерістер

Назым ҚАСЫМОВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университеті гуманитарлық факультетінің
Қазақстан тарихы кафедрасы

Мәдени революцияның жүзеге асырылуы социалистік қоғам құру туралы лениндік жоспардың бір тармағы болатын. Мәдени революция қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып, жаңа мәдениет түрін жасау және жаңа адамды тәрбиелеуге әсер етуге тиісті болды. Алайда мәдени революцияның белгіленген міндеттері кеңестік мемлекеттің әр аймағында әр түрлі тәсілдермен жүргізілді. Барлық аймақ үшін мәдени революцияның түпкі мақсаты – бірыңғай дүниетаным қалыптастыру және мәдени-ағарту, білім беру, ғылыми мекемелердің бірыңғай жүйесін құру ғана ортақ болды. Сонымен қатар, республикалардың тарихи дамуының өзіндік сипатына және қуатына қарай мәдени революциялардың өзіндік ерекшеліктері байқалды [2].

Большевиктер билік басына келген кезде олар әлі Қазақ өлкесінде толық жеңіске жеткен жоқ еді. Саяси жағдайдың қажеттілігі жаңа социалистік қоғам құруға қажетті идеологиялық алғышарттар жасау керек болды. Қазақстан тұрғындарының санасына жаңа саяси көзқарас енгізу міндеті тұрды. Адамдар жаңа өмір құруға өз еркімен, ынтасымен ұмтылуға тиісті еді. Осындай күрделі міндетті шешу үшін мәдени революция коммунистік партияның талабына сай білім беру, ғылым мен мәдениет мекемелерінің қызметін түбірімен өзгертуге бағытталды. Мәдени революцияның міндеттерін табысты жүзеге асыру үшін қажетті саяси жағдай бар болатын. Азамат соғысы аяқталып, өлкеде Кеңес өкіметі орнаған. Қазақстанда басқарушы мемлекеттік және партиялық аппарат орнап, қоғамдық ұйымдар қызу жұмыс жүргізді, ондағы «Қосшы», «Жарлы» және т.б. одақтарды атап өтуге болады. XX ғасырдың 20-жылдарының басында белең алған саяси жүйе Қазақстандағы мәдени дамудың бағытын, көлемін және қарқынын өзгертуге мүдделі болды. Алайда, мәдени революцияны тез әрі табысты жүзеге асыруда бірқатар кедергілер де болды. Ең алдымен, бұл кезеңде Қазақстан мәдениеті Кеңес елінің орталық аудандарынан айтарлықтай артта қалғанды. Өткеннен мұра болып қалған ағарту жүйесі әр түрлі: діни және ақсүйектік, орысша және орысша-қазақша аралас болатын. Халықтың басым көпшілігінің бастауыш білімі де болмады [1].

Жалпы, мәдени революция дегеніміз не және ол қалай жүзеге асырылды, қалай жүргізілді? Мәдени революция коммунистік партия белгілеген міндеттерге сәйкес білім беру, ғылым мен мәдениет мекемелерінің қызметін түбірімен өзгерту дегенді білдіреді. **Қазақстандағы мәдени революция басты екі міндетті шешуге тиісті болды:** біріншіден, мәдени артта қалушылықты жою, екіншіден, білім беру, ғылыми және мәдени мекемелердің жаңа кеңестік жүйесін қалыптастыру.

Мәдениет саласындағы жұмысқа басшылық жасау және бақылау жүргізуді партияның ОК хатшысы жүзеге асырып отырды, ал жергілікті жерлерде бұл істі партия комитеттері мен ұялары, олардың на-

сихат және үгіт жүргізу коллегиялары атқарды. 1920 жылы тамызда Орталық Комитетте үгіт-насихат бөлімі құрылды. Осы жылы 6 қарашада РКФСР Ағарту халкомы жанынан Бас саяси-ағарту комитеті іске қосылды. Бұл екі партиялық және мемлекеттік орган мәдени революцияға күнделікті практикалық басшылықты жүзеге асыра бастады. Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында Орталық Комитетте мәдениетке байланысты әр түрлі мәселелер қаралып, мәжілістер өткізілді.

Қазақстандағы мәдени революцияны түпкілікті жүзеге асыру үшін Компартия бірқатар міндеттерді шешуді талап етті:

1. Жергілікті жерде нақты мәдени база жасау үшін сауат ашу және саяси білім тарату шараларын жүзеге асыру;

2. Қазақстандағы оқу-ағарту мекемелерін бір жүйеге келтіре отырып, оқытуды бірыңғай оқу бағдарламасымен жүргізу;

3. Рухани өмірге жаңа мазмұн беру үшін қазақ социалистік музыка мәдениетін дамыту;

4. Кеңестік мемлекеттердің тұтас аумағында бірыңғай мәдени кеңістік жасау үшін өлкеде өнердің жаңа түрлерін – театр, кино, бейнелеу өнерін, т.б. қалыптастыру;

5. Қазақстанда ғылымды дамыту үшін ғылыми мекемелер жүйесін құру;

6. Жергілікті халықтың қоғамдық және жеке өмірдегі рулық және діни наным-сенімдерін жойып, кеңес адамының жаңа өмір салтын енгізу;

7. Социалистік қоғам құру міндеттерін шешу үшін ұлттық кадрларды даярлау;

8. Қазақстанда орта арнаулы және жоғары білім жүйесін құру.

Осылайша 1920-1930 жылдары партияның мәдени саясатының мазмұны партиялық және мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ рухани саладағы мекемелер мен ұйымдар қызметі арқылы жаңа кеңестік сана қалыптастыру ісіне бағытталды. Біртұтас социалистік мәдениет қалыптастыру үшін партия, бір жағынан – шығармашылық саласын халыққа жақындата түсуге, екінші жағынан – халықтың жалпы білімі мен мәдени деңгейін көтеруді ұсынды. Мұндай көзқарас әр түрлі ұлттық мәдениеттер қызметінің өрісін айтарлықтай тарылтты. Көп ұлтты мемлекеттің рухани саласын бірегейлендіру беталысы кейінірек ондағы қарама-қайшылықтардың шиленісуіне алып келді [2].

Сауатсыздықпен күрес барысында сол мезгілге шейін пайдаланып келген араб графикасын латын графикасымен алмастыру мәселесі қойылды. РКФСР-дің ұлттар ісі жөніндегі халық комиссариаты 1923 жылы араб қарпіне реформа жасау жөніндегі комиссия құрды.

Бұл комиссия үш мәселе бойынша жұмыс жасады:

-жазуы жоқ халықтар үшін жазу даярлау;

-өз жазуы бар халықтарды латын қарпіне көшіру;

-түркі жазуын реформалау.

XX ғасырдың 30-жылдарының соңына қарай КСРО тоталитарлық мемлекетке айналды. Тоталитарлық жүйенің орнауы мәдениеттен де байқала бастады. 1940 жылы кириллица негізіндегі жаңа қазақ әліпбиінің жобасы жасалды. Жоғарғы кеңестің 1940 жылы 10 қарашадағы V сессиясында «Латынданған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды. Бұл заң 12 жыл бойына шешімін таппады.

Социалистік қоғамда, жаңа мектептер ашу Кеңес өкіметінің алғашқы айларында-ақ қолға алынды. 1918 жылдың 21 қаңтарында РКФСР ХКК-нің «Шіркеуді мемлекет пен мектептен ажырату» туралы Декреті шықты. Қазақстанда мектептерді басқару жергілікті кеңестердің қолына көшті. 1921 жылы 18 қаңтарда Орынборда халыққа білім беру жөніндегі Бірінші жалпықазақтық конференция болып, онда республикадағы халыққа білім беру ісін ұйымдастыру міндеттері айқындалды.

XX ғасырдың 20-жылдарының ортасына қарай Қазақстанда төмендегідей білім беру жүйесі қалыптасты.

Қазақстанда кеңестік мектептер жүйесін құрудағы негізгі қиыншылықтар:

- мектеп үйлерінің жоқтығы;
- арнаулы білімді маман мұғалімдердің жетіспеуі;
- 2-3 ауысыммен оқыту;
- ұлттық тілдегі оқулықтардың жетіспеуі, ескі, революцияға дейінгі оқулықтарды пайдалану;
- көшпелі қазақ ауылдарында мектептер ашу ерекше мәнге ие болды.

Осы өзекті мәселені шешу жолында республикада бірқатар шаралар қарастырылды:

- қалаларда мектепке жарамды деген үйлер мемлекет меншігіне алынды;
- жаңа мектеп үйлерін салу қолға алынды;
- Қазақ АКСР Ағарту халкомының академиялық орталығы оқулықтар мен бағдарламалар жасауға кірісті;
- педагогтік курстар мен мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында оқытушы кадрларды даярлау қолға алынды;
- ауыл кедейлерін оқыту мәселесін шешу үшін интернат түріндегі коммуна-мектептер құрылды;
- қазақ ауылдарында жылжымалы маусымдық жартылай жабдықталған мектептер ашылып, олар оқу жылы қысқартылған және жеңілдетілген оқу бағдарламасымен қамтамасыз етілді.

Мектептердің әр типтілігін жою үшін БК(б)П ОК 1934 жылғы 15 мамырда «Бастауыш және орта мектептер құрылымы туралы» қаулы қабылдады. Осы құжатқа байланысты бүкіл КСРО аумағында жалпы білім беретін мектептердің бірыңғай түрі енгізілді [5].

Бірыңғай мектеп жүйесі бірыңғай оқыту бағдарламасын, бірыңғай әдістемелік жүйе, бірыңғай оқулықтар болуын талап етті.

Сондай-ақ 1926 жылғы 14 шілдедегі «Қазақ мектептер жүйесін кеңейту туралы» «Советская степь» газетіндегі мәліметтерді келтірсек, 1911 жылы Қазақстанда халыққа білім беруде 1 кісіге 35 тиын жұмсалса, 1925 жылы 1 сом 45 тиын, яғни 1911 жылдан 4,4 есеге өсті. Сөйтсе де, халық ағарту ісіне бөлінетін қаржының барыншы өсуіне қарамастан, ол мәдени ағарту мекемелерінің барлық қажетін, бастысы 1-ші сатылы мектептерді қанағаттандырмады. Мысалы, 1911 жылы 2975 тұрғынға 1 мектептен келсе, 1925 жылы 1134 адамға 1 мектептен келді.

Осылайша, мектеп жүйесінің, оларды ұстауға бөлінген қаржының өсуіне қарамастан, 1925 жылғы мектеп 1911 жылдан аз қаржы иемденді. 1911 жылғы мәлімет бойынша, жылына бір мектепті ұстау шығыны 930 сом 65 тиын мөлшерінде анықталса, ал 1925 жылы – 592 сом 12 тиын болып мектеп жұмысына өз әерін тигізбей қоймады [2, 297-б.].

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда жаппай сауатсыздықты жою мен халық ағарту ісін дамыту мәдени өзгерістердің басты бағыты болды. XX ғасырдың басында халық ағарту ісі қоғамның қосалқа жүйесі ретінде терең дағдарысқа душар болды. Халықтың басым көпшілігі оқи да, жаза да аламайтын еді, миллиондаған балалар мектепке бармады, оқу орындары мен педагогикалық кадрлардың аса тапшылығы байқалды. Сондықтан большевиктер халық ағарту саласында кешенді және батыл шараларға кіріскен кезде, қос мақсатқа бірдей жетуді: біріншіден, қарапайым адамдардың ықпалы мен сеніміне кіру; екіншіден, бұқара халықтың санасына маркстік-лениндік идеологияны сіңіруді ұйғарған кезеңде білім саласына өзгерістер енгізу көп жұмысты талап етті [6, 382-б.].

Халыққа білім беруде қаржының жаппай өсіп, 1926-27 жылдары 1925 жылмен салыстырғанда 88,81%, оның 15,2 % Социалистік шығыс мекемелеріне, Халық оқу-ағарту комиссариаты өзінің жылдық сметасында бір 2 комплексті мектепке шығынды 1805 сом 48 тиынға жеткізуді жоспарлап, 1911 жылмен салыстырғанда 874 сом 73 тиынға көбейтті. Сонымен бірге оқу құралдары мен жазу құралдарына 105000 сом бере отырып, Халық оқу-ағарту комиссариаты бюджетте тұрған Социалистік шығыс мекемелерінің мықты материалдық негізін қалады.

Болашақта мектептер жүйесін кеңейту негізінен қазақ халқының арасында 2 жылдық ауыл-қыстақ мектептер жүйесі мен жоғары типтегі мектептерді дамыту мақсатында жүргізу жоспарланды. Сондықтан да 1926-27 жылдардағы сметада 52 ауыл-қыстақ мектебін, 12 коммуна-мектебін, 30 жеті жылдық коммуна-мектеп салуды құрастырды. Қалған халық бөлігінің арасында мектеп жүйесінің кеңейуі халықтың бастамасымен және оны материалдық қолдауымен жүзеге асырылуы тиіс болды. Аз ұлттарды мектеп білімімен қанағаттандыру үшін сметада Жетісу губерниясында жеті жылдық екі мектеп-интернат ашу және жалпы сомдан 105000 сом бөліну көзделген. Аз ұлттардың ашылған мектептеріне оқу құралдары мен жазу заттарын алуға 35000 сом бөлінді.

Халыққа білім берудегі қабылданған жүйе бойынша мектептердің жоғарғы түріне II сатылы 7 және 9 жылдық мектептер және шаруа жастарының мектептері жатады. Бұндай мектептер 1926 жылы Қазақстанда небәрі 74 болса, олардың 3-і қазақ өлкелік тәжірибе-көрсеткіш мектеп-коммуналары ғана мемлекет бюджетінде. Сонымен бірге, мемлекеттік бюджеттің сметасына 30 жоғары мектеп түрін кіргізу көзделіп отыр. Бес жылдық жоспар бойынша 1930 жылға қарай 40 қазақ, 36 басқа шаруа жастары мектебін ашу белгіленді. Жергілікті халыққа Білім беру бөлімінің келесі жылы қанша мектеп ашатыны жергілікті қаржыға байланысты болды [2, 298-б.].

1935 жылы қаңтарда БК(б)П Өлкелік комитеті мен республика үкіметі «Қазақстан мектептері құрылымын жетілдіру туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулы ұсақ мектептерді түпкілікті жойып, жетіжылдық және орта

мектептерді дамыту, сондай-ақ әр оқушының сыныптан сыныпқа өтуін қамтамасыз етуге арналған бірқатар шаралар қарастырды. Келтірілген деректер бойынша келесідей кестені ұсынуға болады [3, 263-б.].

1-кесте: Қазақстандық балалардың мектепке тартылу мәліметтері

Ұлттар	1915 жыл		1924-1925 жж.		1925-1926 жж.		1926-1927 жж.		1927-1928 жж.		1927-1928 жж. пейзаждық өсу көр/ші 1924-1925 жж. мен салыс/да	
	мектеп	оқушы	мектеп	оқушы	мектеп	оқушы	мектеп	оқушы	мектеп	оқушы	мектеп	оқушы
Қазақтар	500	13000	1248	54128	1538	63246	1650	66818	1680	69896	34,6	30
Орыстар	1325	76511	1386	88022	1536	103248	1635	117226	1648	125112	20,0	42
Аз ұлттар	-	-	153	+012	200	14669	217	16534	248	20892	62,0	131
Барлығы	1825	89511	2787	151162	3274	181163	3502	200578	3576	215900	28,5	43

Кестеден қазақ балаларымен салыстырғанда орыс ұлтының балаларының мектепке тартылу дәрежесі жоғары болды. Мектеп жасындағы әр түрлі ұлт өкілдері балаларының бірінші басқыш мектептердегі пайыздық көрсеткішіне назар аударсақ:

2-кесте: Қазақстандағы әр түрлі ұлт өкілдері балаларының мектепке тартылу мәліметтері

Ұлттар	1924-1925 жж.	1925-1926 жж.	1926-1927 жж.	1927-1928 жж.
Қазақтар	12,0 %	14,9 %	15 %	23 %
Орыстар	39,1 %	45 %	55 %	64 %
Тараншылар	24,5 %	26,9 %	31 %	40 %
Дүнгендер	10,1 %	14,4 %	18 %	25 %
Өзбектер	13,4 %	16,5 %	17 %	21 %
Татарлар	48,0 %	55,8 %	60,5 %	68 %
Неміс және т.б. ұлттар	-	-	-	62 %

Бұған сенсек, қазақ балаларының мектепке қамтылуы төменгі деңгейде қалып отырған. Татар және орыс ұлт өкілдері балаларының мектептегі сандық көрсеткіші жоғары, ал төңкеріске дейін арнайы бастауыш мектептері болмаған аз ұлт өкілдерінің өздері де аз уақыт ішінде мектепке тартылу деңгейі жағынан жоғары көрсеткішке жеткен [3, 264-бб.].

Мұндай кемшіліктің болуын С.Сәдуақасов 1920-1930 жылдардағы мерзімді басылым беттерінде айтылғандай «С.Сәдуақасов қазақ баласын қазақ тілінде оқытуға қарсы болды ма?» Жоқ. С.Сәдуақасов мұндай пікірді қазақ тілінде жазылған оқулықтардың жетіспеушілігінен айтып отыр. Ол балалардың мектеп оқулығы көлемімен шектеліп қалуын қаламады. Мысалы, физика туралы бір оқу құралы болса, ол физиканы зерттеп білу үшін оқушыға тағы да қосымша әдебиет керек. Жаратылыстың бар күмәнін бір кітаппен ғана адам бітіре алмайды», – деп жазып келтірген [3, 267-б.].

Халыққа білім беруге арналған шығын мөлшері республикада жылдан жылға өсе берді. Өз ісінің үздік шеберлері С.Көбеев, О.Колкенова, Ш.Сарыбаев, Л.Добрянская, Х.Қазиев, И.Волков, А.Ақатов, т.б. республикадағы білім саласында тұңғыш еңбек сіңірген мұғалімдер атанды. Шығармашылық ізденіс пен күнделікті тәжірибеге сүйенген кеңестік педагогика қалыптасты. Соған қарамастан, қазақ балаларының білім алу деңгейі ауыз толтырып айтатын деңгейге жетпеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [https://stud.kz/referat/show/37221/1920-1930 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. Қазақстандағы мәдени революция.](https://stud.kz/referat/show/37221/1920-1930%20жылдардағы%20қағамдық-саяси%20өмір.%20Қазақстандағы%20мәдени%20революция.)
- [https://kk.wikipedia.org/wiki/ Саяси ағарту және мектеп жүйесінің құрылуы.](https://kk.wikipedia.org/wiki/Саяси_ағарту_және_мектеп_жүйесінің_құрылуы.)
- Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша хрестоматия (1917-1939). I том /Ред. Басқарған Қ.С. Қаражан. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 336-б.
- Махат Д.А. Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.). – Астана: «Ана тіл – Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., - 2007. – 582-б.
- <http://netref.ru/azastan-jastarini-1920-30-sauatsizditi-nauanin.html/> Б.С.Сайлан. Қазақстан жастарының 1920-30 жылдардағы сауатсыздықты жою науқанына қатысуы.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) кафедраның соңғы

2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) беттен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі-түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ

Қалдыгүл ТАСБОЛАТОВА (Таспулатова),
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің PhD докторанты

Қай заманда да әр адамның санасындағы аса мазмұнды және құрметті мәртебеге ие ұстаным – ол отансүйгіштік сезім. Бұл туралы әлемдік және төл тарихымыздың әр бетінен негізгі дерек табылады. Туған елінің құндылықтарын, әсіресе, тілі мен мәдениетін әрдайым құрметпен жоғары ұстап, ол құндылықтарды басқа ұлттар мен ұлыстарға, мемлекеттерге тарату да – отансүйгіштіктің белгісі. Қазақстандық патриоттық ұстанымның негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, қағидаттары, құралдары бар. Егер патриоттық тәлім-тәрбие арнасында солардың бірінің негіздері болмаса, ол жәй сөз болып қалуы мүмкін. Кез келген мемлекеттің білім беру жүйесі сол қоғамда ұстанған саясатымен анықталады. Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында осы мәселелер анық көрсетілген болатын. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулыққа тәрбиелеудің жолдары мен құралдары – түрлі іс-шаралар, тәрбие сағаттары, гуманитарлық пәндердің мазмұны. Қазақ баласын ұлтжандылық, отаншылдық сезімде тәрбиелеу – білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орнына дейінгі барлық ұйымдардың міндеті. ХХІ ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана тұтастығын сақтап қалады.

Жаһанданған заманда қазақ халқын жаманшылықтан құтқаратын нәрсе – ұлттық құндылықтар. Біз қаншалықты керемет білім алсақ та, теңдессіз технологияны меңгерсек те, елді ел қылатын ұлттық құндылықтар. Қазақты сақтайтын да солар. Одан айрылсақ, айдалаға адасамыз. Қорғансыз, тірексіз қаламыз. Қандай заман орнаса да, біздің тірегіміз – әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз. Адами болмыстың жоғары қасиеттеріне парасаттылық, білімділік, Отанын сүю, имандылық пен ғылымды меңгеруді, туған тілін құрметтеуді жатқызамыз. Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілінің тарихына үңіле отырып, қазіргі жағдайын сараласақ, ұлттық тіліміздің болашағына көз жіберсек бабалар еңбегінің құндылығына бас иеміз. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың пікірлері ойымыз бен санамызды толғандырады. Тілімізді гүлдендіретін де, болашағын көркейтетін де ұлтын сүйетін ұлтжанды ұрпақ болмақ. Осы орайда елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тіл туралы айтқан бірқатар толғамдарына тоқталып өтсек: «*Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады. Өз баласын қазақша сөйлетпеген қазақтың «қазақ тілі» деп сарнауының ешбір реті жоқ. Ұлтты күшейтудің бірінші темігі – тіл. Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек. Ғажап тілді азап тіл сияқты етіп көрсететін оқулықтардан құтылуымыз керек. Қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тегеурінді темігі болуға тиіс. Тарих пен тіл*

тамырлас. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, өзін қамшылауы тиіс. Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы уықтары іспетті». Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың латын әліппесіне көшу жөнінде бастама көтеруі, тіліміздің өркендеуіне негіз болып отыр. Бұл бастама рухани жаңғыруымыздың негізгі белгісі ретінде біздің ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен мұраларын қайта жандандыру болып саналады [1, 10-11-бб.].

Қазақ зиялыларының ішінде ұлт руханиятының қай саласында болмасын халқымыз үшін берекелі еңбек еткендердің бірі – Мұхтар Әуезов. Ұлы жазушы мәдениет пен тілді тұтас алып қарастыра отырып: «*Өз тілін білмеген адамдарды мәдениетті адамдардың қасына қосуға болмайды*», – деп тілін білмеген, оның қыр-сырын жетік меңгермеген адамдарды мәдениетті адамдардың қатарына қоспаған. Туған тілін білген және оны құрметтеген адамды ғана бойында тұлғалық қасиеті қалыптасқан адам деп есептеген [2, 1-б.].

Патриотизмді қалыптастыру – қоғамның әлеуметтік тапсырысынан нәр алатын мемлекеттік міндет. Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір алғы шарты – халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру осы мемлекет пен халық арасындағы көміл сенімді орнықтыруға тікелей байланысты. Адамдар мен мемлекет мүдделерінің ортақтығын, өзектестігін бұқаралық сана толық түсінген жағдайда қоғамның патриоттық сезімі арта түсетін болады. Тұтас елдің мүддесі мен жеке адам мүддесі әрдайым өзектес, сабақтас екенін әрбір азаматтың жете түсінуі олардың отаншылдық сезімін тәрбиелеуге тікелей қатысты екендігі сөзсіз. Адамдардың айқын азаматтық тұғырын қалыптастырмайынша, ұлттық рух туралы сөз етудің өзі артық. Елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, дәстүрін білмей мәдениетін, әдебиетін, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді оятудың өзі мүмкін емес. Өткен тарихты объективтік тұрғыдан саралап зерделеуге ұмтылу – заман талабы. Патриотизм ұғымы дерексіз, психологиялық сезім күйінен нақтылы іс-қимыл әрекетіне ауысқанда ол әр адамға түсінікті әрі әсерлі болады. Отан деген ұғымнан тарайтын бұл құбылыс қайткенде нақтылы сипат алады. Отан деген дерексіз дүние емес. Ол халықтан, жерден, судан елдің дәстүрі мен мәдениетінен, өнері мен әдебиетінен, тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен құралады. Онда патриотизм осылардың бәріне деген шексіз сүйіспеншілік сезімнен туындайды.

Қазақ халқының рухани көсемі, қазақ тіл білімінің атасы, мемлекет және қоғам қайраткері, білім беру жүйесінің ұлы реформаторы А.Байтұрсынов: «*Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады: Ең біріншісі бай тіл, екіншісі байтақ жер*», – деген екен. Біз – бүгінгі ұрпақ, осы екі нәрсені көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа табыстауымыз

керек. Ол үшін бізге отансүйгіштік, патриоттық, ұлттық сана-сезім қажет. Патриотизм проблемасын зерттеу отандық тарихымыздың барысымен, бүгінгі өміріміздің тыныс-тіршілігімен, тіпті қарама-қайшылығымен де байланысты екенін аңғартады. Демек, патриотизм феноменін түсініп-түсіну үшін оның тек өзінің ғана емес, жанама ұғымдарының да мән-жайын саралап алу керек. Тегінде, патриотизмнің мәні өте күрделі. Бір жағынан, ол – ізгілікті саяси үрдіс, яки жеке тұлғалық һәм қоғамдық сана элементтерінен тұрса, екінші жағынан отанды қорғауға, сақтауға, нығайтуға бағытталған сезім болып табылады [3, 2-б.].

Қазақ халқы жастарды патриотизмге тәрбиелеуде ұлттық мәдениеттің рөлін өте жоғары бағалаған. Ұлттық мәдениеттің рухани бағытын да, материалдық бағытын да назардан тыс қалдырмаған. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығын гуманизм мектебі десе болады. Өйткені ондағы кішіпейілділік, мейірімділік, қонақжайлылық, обал-сауап, борыш пен парыз, имандылық, намыс сияқты гуманистік түсініктер жеке адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігінде моральдық норма ретінде шешуші қызмет атқару дәрежесіне көтерілді. Олар адамның рухани дүниесін реттейтін гуманистік күштерге қағидаларға айналды. Егер «гуманизм» деген ұғымның мағынасына тоқталсақ, гуманизм – латынның «иманды» деген сөзінен алынған. Философиялық мағынада қарастырғанда адам болмысының тұжырымдамасы дегенді білдіреді. Нақтырақ айтсақ, гуманизм – адамның адами қадір-қасиетін, бітім-келбетін, оның жеке тұлғалық рухани көзқарасын, мінез-құлқын, сонымен қатар, адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына жасалатын қолайлы қоғамдық қамқорлықты білдіретін көзқарастар жүйесі. Гуманизм – бүгінгі таңда әрбір елдің өмір салты мен қоғамдық санасынан, психологиясынан белгілі деңгейде орын алып отыр. Гуманизмді патриотизмнен бөліп қарастыруға болмайды. Өйткені олар бір-бірімен етене қабысып, сабақтасып жатқан егіз ұғым, бірінсіз-бірі дәрменсіз болып қалады, оларды жеке-жеке жүзеге асыру мүмкін емес. Гуманизмнің мол үлгілері қазақ халқы ауызекі шығармаларында көрініс алған. Оларда қазақтардың гуманистік дүниетанымы, адамдық сипаты мен сапасы, ұлттық қасиеті мен менталитет белгілері терең бейнеленеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев көпұлтты Қазақстанда идеялық топтасу мен қазақстандық отаншылдықты қалыптастырудың бір ғана жолы бар екенін көрсетеді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігі жағдайында патриоттық тәрбие беру мәселесін адамдарға ұлттық дәстүрлердің ықпалын, оның әсер ету механизмін қолдану арқылы шешіледі. Дәстүр дегеніміз – біздің таным-түсінігіміз, белгілі бір ұлтты құрайтын халықтың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл тіршілік тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, сұрыптау теңізден өткізіп, бір жүйеге келтіріп, қалыпқа түсірген өмір сүру заңы, яғни бүгінгі түсінікпен айтсақ, қатал тірліктің қағидаларынан қорытып, уақыттың өзі бекітіп берген конституциясы. Оған басқа ұлттың ортақтығы жоқ. Белгілі бір ұлттың адамзат өркениетінің ортақ өрісіне шығып, дамып жетілуі де, құлдырап төмен кетуі де осы ұлт дәстүрінің сақталуы мен бұзылуына байланысты. Дәстүр бұзылған жерде халықтың халықтығы бұзылады: қазақ – қазақ болудан, орыс

– орыс болудан, шұршіт – шұршіт болудан, т.б. қалады. Ал бұған керісінше, қалыптасқан дәстүрі бұзылмаған елдер халықтық қалпына селкеу түсірмей, өзіндік өмір сүру заңдылықтарын сақтай отырып, ел көшін замана талабына сай жетілдіре дамытып, алға ілгерілей береді. Мұндай елдің іргесі берік, мәртебесі биік [4, 188-б.].

Патриотизмді қалыптастыру мен дамытудың бір жолы тұлға бойында ұлттық сезім тәрізді құбылысты орнықтыру болып табылады. Қоғамнан тыс өмір сүретін адам болмайды. Әрбір адам нақты ұлттың немесе ұлыстың өкілі ретінде бой көрсетеді. Туған халқының тағдырына, мақсат-мүддесіне, оның рухани құндылықтарына деген қарым-қатынас, тұлғаның ұлттық сана-сезімі – мұның барлығы ұлттық сезімге жатады. Ұлттық сезім – рухани құбылыс.

Патриотизмнің қалыптасу жолын былайша айқындауға болады. Адамдар ортақ аймақта мекен ететін, өмір сүру салты ұқсас, қарым-қатынас тілі ортақ, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі ортақ белгілі бір этникалық қауымдастықтың құрамына кіреді. Дәстүрлер ұлттық патриотизмді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Қазақ патриотизмі ең алдымен қазақ халқына, оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани құндылықтарына деген құрмет пен сүйіспеншілік, бұл құндылықтарды игеруге талпыныс болып табылады [5, 464-б.] Сонымен қатар бұл – өткен кезеңде ұлттарды біріктіріп, бір-біріне қосып жіберу мақсатымен жүргізілген саясаттың салдарынан ішінара ұмыт болған халықтың тарихи жадын, материалдық және рухани мәдениетінің белгілерін, өткеннің озық дәстүрлерін қайта жаңғыртып, қалпына келтіруге саяды.

Бүгінгі таңдағы әлемдегі тарихи, әлеуметтік-саяси оқиғаларға үңілсек, саны көп ұлттың саны аз ұлтқа үстемдік ете отырып жойып жіберуді, өзіне сіңіріп алуды мақсат ететіні, ал аз ұлттардың қалайда құрып кетпеу үшін жанталасқа түсіп келе жатқаны байқалады. Саны көп ұлтпен аралас-құралас тірлік кешкен саны аз ұлттың жойылып кетпеуге қарсы ең негізгі, ең басты қаруы – ұлттық дәстүрі мен тілі. Талай-талай қырғын соғыстар мен індеттерді бастан өткерген халқымыздың құрып кетпей, өніп-өсіп, ұлан-ғайыр жерді иеленіп отыруының басты себебі көптеген дәстүрлерді сақтап қалуында.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути, методы, направления воспитания молодежи к казахстанскому патриотизму.

The article discusses the ways, methods, directions of youth education to Kazakhstanian patriotism.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тіл туралы толғамдары. //Тіл. 2015.№3. 10-11-бб.
2. Әуезов М. Ғылым тілі. // Абай. 1918. №7. 1-б.
3. Мүсірепов Ғ. Әдебиет тілі жайында. // Социалистік Қазақстан. 1976. 28 қараша. 2-б.
4. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. Алматы, «Ғылым», 1995. 188-б.
5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Алматы, «Санат», 1998. – 464-б.

ЖЕТЕКШІ ӘРІ ЕҢ ҮЗДІК ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

Биыл Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ірге тасы қаланғанына 85 жыл толды. Ол – елдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Осыншама жыл ішінде қаншама тарих пен кезеңді басынан өткерген университетіміздің болашағы айқын, тарихы бай. Ең алғаш рет 1933 жылдың 20 қазанында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қазақстан үшін мамандар даярлау және Қазақ мемлекеттік университетін ашу туралы» №2293 қаулысы қабылданған еді. Арада екі-үш ай өтпей, 1934 жылы 15 қаңтарда Қазақстан білімінің қара шаңырағы құрылды. Әуелі Верный ерлер гимназиясының ескі ғимаратында 19 қаңтар күні биология және физика-математика факультеттерінің 54 студенті білім алуға кірісіп еді. 1934 жылдың 2 желтоқсанында оған С.М.Киров есімі беріліп, университеттің ең алғашқы ректоры болып ҚазССР Халық ағарту комитетінің орынбасары қызметінде болған Ф.Т.Оликов тағайындалды. Одан кейін 1937 жылы қыркүйекте төрт жылдың оқу жүйесіне негізделген тұңғыш гуманитарлық шет тілдері факультеттері ашылды. 1938 жылы оқу мерзімі 5 жылдық болып, құрамында 120 студентпен филология және әлем тілдері факультеті ашылды.

Соғыс жылдарында университетті Луньянец Иван Куприяұлы басқарды. Сұрапыл соғыстың ауыртпалығына қарамастан, университет «Барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен қарыштап алға баса берді. Әр жылдары Университеттің басшылары Т.Тәжібаев (1948-1953), А.Закарин (1953-1955), Т.Дарқанбаев (1955-1961), Ә.Жолдасбеков (1970-1986), Е.Ерғожин (1986-1988), М.Әбділдин (1988-1991), К.Нәрібаев (1991-2001), Т.Қожақұлов (2001-2008), Б.Жұмағұлов (2008-2010) болып, ҚазҰУ-дың дамуына елеулі үлестерін қосты. Осы тұлғалар арасынан Ә.Жолдасбеков атамыздың университетіміз үшін сіңірген өмірі мен қызметін аса дәріптеп айтсақ болады. Ғылым мен мәдениеттің 70-80-жылдардағы үздік жетістіктері осы адамның қызметіне байланысты. ҚазҰУ қалашығының негізін қалаушы ретінде осындағы Студенттер сарайына Ә.Жолдасбековтің есімі берілді.

Қазақ Ұлттық университеті – еліміздегі 60 жоғары оқу орнының ішіндегі ең үздігі. Елімізде 9 университет «ұлттық» деген мәртебеге ие. Солардың ішінде біздің қара шаңырағымыз да бар. Қазақ Мемлекеттік университетінің аты мен мәртебесі 1991 жылы 23 қазанында өзгертіліп, университет ұлы философ, энциклопедист Әл-Фараби атына берілді. 1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қаулысымен «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті» деп аталады. Қазіргі таңда университет құрамында 16 факультет қызмет атқарады. Оларға биология және биотехнология, шығыстану, география және табиғатты пайдалану, журналистика, тарих, археология және этнология, халықаралық қатынастар, механика-математика, физика-техника, экономика және бизнес, филология және әлем тілдері, философия және саясаттану, химия және химиялық технология, заң факультеті,

жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеттері жатады. Университетте 2000-нан астам жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, олардың 1000-нан астамы ғылым докторлары мен кандидаттары болса, 100 академик пен елуден астам философия докторы бар. Университеттің білім беру жүйесі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі және оқыту саласы кредиттік жүйеге толық негізделген. Мамандар даярлау «бакалавр», «магистр», «PhD» үш сатылы түрінде қамтамасыз етілген. Университетте 98 кафедра, 20 ғылыми-зерттеу институты мен орталық, технопарк қызмет атқаруда. Біздің қара шаңырақ 180-нен астам мамандықтарды даярлайды. Бүгінгі күні университетімізде 27000-ға жуық студент білім алады.

Студенттердің еркін білім алып, өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Ә.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, үлкен мүмкіндіктермен қамтылған «Әл-Фараби» кітапханасы, 5000 студентке арналған студенттер үйі, спорткешен және стадион, тамақтандыру комбинаты, сауда орталығы, кино залы және толық «ҚазҰУ қалашығы» ішінде Wi-Fi сымсыз желісі орнатылған. Студенттердің көшбасшылық және өзінің жеке қабілеттерін ашу, үлкен орта қалыптастыру мақсатында жастар ұйымдары жұмыс жасайды. Оларға «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, студенттер сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді.

2010 жылғы деректер бойынша университет әлемнің 800 университеті қатарынан 501-550 аралығында болса, 2011 жылы 401-450 аралыққа дейін көтерілген екен. 2012 жылы әлемдік үздік 390-шы университет қатарына қосылса, осы 2019 жылы 207-ші орынға орналасты.

2010 жылдан бастап Қазақ Ұлттық университетінің ректоры қызметін Ғалымқайыр Мұтанов атқарады. Ғалымқайыр Мұтанұлының тағайындалуымен университетіміз жаңа кезеңді бастан кешуде.

Қазақ Ұлттық университеті аса дарынды әрі ұлы ойшыл, біртуар азаматтарды өзінен түлетіп ұшырды. Біздің университетімізден бітіріп, қызмет еткен Зейнолла Қабдолов, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Тұманбай Молдағалиев, Қадір Мырза Әлі, Тұрсын Жұртбай, Жүрсін Ерман, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Мырзатай Жолдасбеков, Өмірзақ Айтбайұлы, Тауман Төреханов секілді тұлғаларға бас иіп, тағзым етеміз және мақтанамыз!

Қазіргі таңда Қазақ Ұлттық университеті өз зерттеу дәуірін, саласын қалыптастырған жетекші орындарды алатын классикалық жоғары оқу орны. Ол Қазақстанның жоғары ғылым мен білімі шоғырланған орталық болып табылады. Бұл жерде білім алушы әрбір студент бақытты әрі өз болашақтарының жарқын болатынына сеніммен қарайды!

Қайрат ЕСМАХАН,
ҚазҰУ-дың 4-курс студенті.
Жетекшісі: Ә.АҚТӨРЕЕВА.

ТАРИХ ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Хадиша ЕРМҰХАНОВА,
Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері

Біз тарихтағы тұлғаларға өте мұқият қарағанымыз абзал. ...болашаққа тағылым боларлықтай саяси портретін жасауымыз керек. Бұл біз үшін емес, болашақ тарих үшін керек.

Академик М.Қозыбаев.

Қазіргі таңдағы білім беру саласы қоғамның даму үдерісі, ақпараттардың үздіксіз ағыны және ғылымның өзгерістер енгізуімен байланысты болып отыр. Қоғамда қалыптасып отырған осы жағдайлар және әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар өзгерістерге бейімделу қажеттілігін туындатуда. Заманауи білім кеңістігіне өту жағдайында бәсекеге қабілетті және жаңарған ұлттық санаға ие тұлға дайындау – әр тарихшы ұстаздың басты міндеті саналуда. Ұлттық сананы жаңғырту дегеніміз ұлттық салт-дәстүрімізді, тіліміз бен мәдениетімізді, қазақи рухымызды, тарихи санамызды жаңғырту болып табылады.

Осындай кезеңде оқытудың жаңа технология түрлерін меңгеріп, жаңаша ойлайтын, сонымен бірге, білімді ұлттық тәрбиемен ұштастыра білетін ұстаз еңбегі ақталары анық. Әрине, қандай істі де жаңадан бастау, жаңа соқпақ жол ашу қиындық туғызады. Соған қарамастан жаңалыққа ұмтылған ұстаздарымыз оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңа арнаға бұрып, шығармашылықпен еңбек етуде.

"Ал, мектеп оқулықтары қазіргі заманауи талапқа сай келе ме?" – деген сұрақ туындайды осындайда.

Тарих оқулығы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды байланыстыра отырып жазылуы керек екендігі белгілі. Тек бір жақты, бүкіләлемдік бағыт деп шетелдік оқыту тәсілдерінің барлығын алуға ұмтылудың қажеті жоқ. **Әлемдік үздік тәжірибемен қоса халқымыздың ұлттық дәстүрлерін тарихи тұрғыдан көрсетуді ұштастыра білу парызымыз.**

Оқулық жазуда тарихи жалғастық пен танымдық қағидаларын ұстану қажеттілігі туындайды. Біздің мемлекетіміздің Ұлы Дала төсіндегі Сақ, Түрік, Қазақ хандығы дәуірлеріндегі даңқты мемлекеттердің жалғасы екендігі ғылыми тұрғыда баяндалып, ұлттық тарихи сананы тәрбиелеуге жұмылдыру міндетіміз. Осылайша жас ұрпақтың санасын, рухы мен жігерін көтеретін тарихи мәліметтер көбірек көрініс тапқаны дұрыс.

Қазақстан тарихын жазуда ұлт тарихын тұлғаландыру басты орын алады. **Сондықтан қазіргі ерекше көңіл бөлетін жағдай – тарихи білім берудегі тұлғатану мәселесі.** Себебі қолданыста жүрген кейбір оқулықтарда тарихи оқиғалар жалпылама баяндалады да, жеке тұлға туралы деректер өте аз кездеседі.

Әдіскер-ғалым Т.Тұрлығұлов: *«...жеке тарихи қайраткерлерді өткенде, олардың өмірі мен халыққа қызметінен неғұрлым көбірек мәлімет келтірсек, соғұрлым оқушылардың түсінігі мен білімі арта түседі, олардың сезімі мен санасы соғұрлым*

өзгереді» [1, 17-б.], – деген әдіс ұсынады. **Тарихи тұлға туралы дерек бере отырып, оқушыны тұлғаның өнегелі өмірі мен ел үшін жасаған ерекше еңбегін үлгі етіп тәрбиелейміз.**

Тұлғатану мәселесіне байланысты Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде: *«Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данағөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс»*, – деп атап көрсеткен болатын [2]. Бұдан шығатын қорытынды, ел игілігіне өздерінің өмірлері мен еңбегін арнаған азаматтардың өнегелі істерін де тарих оқулығына енгізу қажеттілігі туындайды. Тарихи тұлғалар туралы жазылған еңбектердегі мәліметтер мен деректерді мектеп оқулықтарына енгізу уақыт талабы болып отыр.

Міне, сондықтан да, қазіргі таңда тарихшы ғалымдарымыздың алдында мектептегі тарих оқулықтарына нақты деректер негізінде енгізілмей қалған халқымыздың ардақты азаматтарының еңбегін зерттеу міндеті тұр.

Тарихи тұлғалар тақырыбына кеңірек тоқтасақ, әрине, қазақ халқының даңқты ұлы – **Бауыржан Момышұлы** алғашқы болып ойға оралады. Батырдың **«Қанмен жазылған кітап»** туындысы кейін **«Соғыс психологиясы»** деген атпен баспадан шыққан болатын. *«Бұл сирек басылым тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан мемлекетінің жаңа буын жас толқын ұрпақтарын ата дәстүрін қастерлеп, Отан сүю рухында тәрбиелеудің рухани қазына көзіне айналар деген сенімдеміз»*, – деп баға берді М.Мырзахметұлы [3, 9-б.]. **Осы еңбекті мектептердегі әскери іс сабағында оқытып, оқушыларымызды ер намысын, адамгершілік арын жоғары ұстауда жауынгерлік рухта неге тәрбиелемеске?!**

Танымал жазушы **Медеу Сәрсек** «Ермұхан Бекмаханов» және «Ноқталанған тарихшы» ғұмырнамасында тарихшы **Ермұхан Бекмахановтың** өмір жолы мен шығармашылығын жабық мұрағаттардан алынған нақты деректер арқылы сипаттаған. Е.Бекмахановтың алғашқы еңбектерінің бірі – «Тарих мұғаліміне көмекші» әдістемелік оқу құралы болып табылады [4, 97-б.]. Оның авторлығымен шыққан «Қазақ ССР тарихы» алғашқыда ғылыми деңгейі озық, жазылу үлгісі соны делініп, И.В.Сталин атындағы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Кейін бұл еңбек ұлы орыс халқына қарсы жазылған туынды, мұндай кітапқа мемлекеттік сыйлық беру – ұлтшылдық ниетті құптау болады деген айып тағылды [4, 141-142-б.]. Е.Б.Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» монографиясы тарих ғылымының докторы М.П.Вяткиннің редакциясымен 10 мың дана таралыммен жеке кітап болып, 1947 жылдың қазан айында орыс тілінде жарық көрген [4, 195-б.]. Алайда өкінішке орай осы еңбегі үшін ғалымның қудаланып, бас бостандығынан айырылғанын тарихтан білеміз.

Медеу Сәрсекенің Е.Б.Бекмахановқа арнап жазған еңбектерінде талантты ғалым қаламынан көптеген іргелі ғылыми еңбектер жазылып, тарих ғылымына өлшеусіз үлес қосылғандығы баяндалады. **Осы аталған монографиядан алынған мәліметтер тарих оқулығына енгізілсе, оқушы ғалымның ғылыми ізденісімен қоса, өмір дерегімен жете танысар еді.**

Біз тек бір-екі ғана еңбек туралы сөз етіп отырмыз, ал мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қазақстан тарихнамасында жеке тұлға өмірі аз зерттеліп, аз айтылып жүрген кемшін тұстар көптеп саналады. Бұл істе Мемлекет тарихы институты ұжымы да біршама ғылыми ізденістер атқарып, **«Ұлы Дала тұлғалары»** сериясы бойынша еліне еңбегі сіңген, қайраткерлік қарымымен танылған ірі тұлғалар жайындағы зерттеу еңбектерді жарыққа шығара бастады.

Тарихшы-ғалым, профессор **Б.Ғ.Аяған «Әбілқайыр Шайбан – Дешті Қыпшақтың соңғы билеушісі»** еңбегінде Әбілқайыр Шайбанның XV ғасырдың ортасында Дешті Қыпшақтың ең құдіретті хандарының бірі болғандығы жайында нақты деректер келтірген. Еңбекте Әбілқайыр Шайбан хан өзбек-қазақтардың ортақ билеушісі болған және ол туралы Махмуд Кухистани жазған деп көрсетілген [5, 4-б.]. Сонымен бірге, ол туралы мемуарлық жазба әдебиеті парсы және шағатай тілдерінде жазылған Орта Азия ғалымдарының еңбектерінде сақталған [5, 10-б.] деген құнды мәлімет берілген. **Профессор Б.Ғ.Аяған бұл еңбегін ортағасырлық әдебиет, отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы зерттеулерін қайта қарастыра отырып, тарихи тұрғыдан тың деректерді пайдаланып жазған.**

Еңбекте көрсетілгендей Әбілқайырды Дешті Қыпшақ патшасы, Ақ Орда билеушісі, Әбілқайыр ұлысының негізін салушысы, кейде **«көшпелі өзбектердің» ханы, сондай-ақ «Бузуруғ ханы» (орысша Үлкен хан)** деп атаған [5, 28-б.]. Әбілқайыр хан шын мәнінде Дешті Қыпшақтың соңғы билеушісі болғаны және ол қайтыс болғаннан кейін Сібірден Орта Азияға дейінгі ірі мемлекет ыдырағаны баяндалады. Автордың пайымдауынша, кейінгі хандардың ешқайсысын да қыпшақтар мемлекетінің толық билеушісі деп атамаған [5, 152-б.].

Белгілі ғалымдар А.Айталы мен Қ.Ахметов қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневке XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тарихындағы феномен тұлға деп баға берген болатын [6]. Ж.Тәшенев өмірі мен қызметін зерттеу нәтижесінде институт ғалымдары **С.Ж.Дүйсен мен Қ.А.Еңсенев «Жұмабек Тәшенев»** еңбегін жазып шықты.

Ғылыми зерттеуде сол тоталитарлық заманның өзінде ұлтжанды азаматтың Мәскеу өктемдігінің бетін қайтара білгендігі айқын көрсетілген. Ол Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты, яғни еліміздің 1/5 бөлігін Ресейге қосудан сақтап қалды [7, 173-б.]. Еңбекте сипатталғандай, атамекенді саудаға салуға республикадағы жоғары басшылар арасында жалғыз Ж.Тәшенев қана ашық және табанды түрде қарсы шыға білген.

Басқа еңбектерін айтпағанда, теңдессіз осы ерлігінің өзі-ақ Жұмабек Ахметұлы есімін Қазақ тарихына мәңгілікке қалдырды деп бағалайды авторлар [7, 275-б.].

Ал осы тұлғаны қазіргі жас буын толық танып отыр ма? Соңғы жылдары оқулықтарға Ж.Тәшенев туралы аз ғана мәлімет енгізілгені болмаса, өкінішке орай бұл сұраққа «жоқ» деген жауап аламыз.

Келесі тарихи тұлғаның бірі Нұртас Оңдасынов туралы профессор Д.А.Махат ғылыми-зерттеу еңбегінде былай деген болатын: **«Қылышынан қан тамған өктем саясатына қарамастан ұлттың рухын көтеруге үлес қосқан Н.Дәндібайұлы есімі жалпы зиялы қауымға таныс болғанымен жеке тұлға ретінде қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы әлі ғылыми тұрғыда өз бағасын толық алып болған жоқ»** [8].

Осыған сәйкес ғалым **Қ.А.Еңсеневтың «Нұртас Оңдасынов»** атты еңбегі жарыққа шықты. Ғылыми-зерттеуде қоғам қайраткерінің Қазақ КСР Ғылым академиясының салынуына, Қазақ қыздар педагогикалық және Шет тілдер институттарын ашуға мұрындық болғандығы, Мойынты-Шу темір жолы, Іле, Шу өзендеріне көпір, Сырдарияға бөгет және Бөген су қоймасы, Арыс-Түркістан каналдарының салынуына ұйытқы болғандығы жазылған [9, 4-б.].

Сонымен қатар, кітапта тұлғаның ел басшылығында болған кездегі көптеген жарқын істерінен басқа адамды тани білу қасиеті дараланып көрсетілген. Жезқазғанға барған сапарында Қаныш Сәтбаевты кездестіріп, оны басына төніп тұрған қауіптен арашалап, Қазақстан Ғылым академиясына президентікке ұсынған. Келесі бір сапарында Лениногор кенішінде жүрген Дінмұхаммед Қонаевты шақырып, саяси басшылыққа тағайындаған [9, 346-б.]. Нұртас Дәндібайұлы – халық алдында өзінің перзенттік борышын адал атқарған адам. **Оның ұрпаққа үлгі боларлықтай үш анық даналық сөзі қалды: «Біріншіден, қанша жыл қолымда билік болса да, біреуден бір тиын да пара алмадым – Қолым таза! Екіншіден, үштіктің бірі болып, біреудің сыртынан қол қойған емеспін, яғни ешкімнің қаны мойнымда жоқ – Арым таза! Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген де, тіптен ешкімнің ешқашан жүзін сұраған да емеспін – Жүзім таза!»** [9, 348-б.] **Міне, жүзге, аймаққа бөлінбеуге тәрбиелеу құралы осы емес пе?!**

Институт ғалымдары **С.Ж.Дүйсен мен Ж.Н.Қалиевтің «Кәрім Мыңбаев»** атты ғылыми-танымдық еңбегінде тұлғаның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі жан-жақты баяндалған. Оның ғылым саласындағы рөлін былайша пайымдайды: **XX ғасырдың 40 жылдары ғылыми еңбектері Кеңес Одағында ғана емес, әлемде мойындалған Қаныш Сәтбаевпен қатар қазақ ғалымы Кәрім Мыңбаев деуге болады.** Олардың ағылшын тіліне аударылған ғылыми мақалалары АҚШ пен Ұлыбританияның ғылыми журналдарында басылған [10, 5-б.]. Ғалым Бетпақдаланы мал бағуға, егін, бау-бақша, көкөніс т.б. ауыл шаруашылық дақуларын өсіруге болатын Бақдалаға айналдыру жолында идея көтеріп, іске асыру жолында аянбай еңбек етті [10, 211-б.]. Авторлар ғалымның ғылыми ізденістері басты жаңалығы – өнеркәсіпке қажетті көксағыз өсіру болғандығын баса көрсетеді. Сонымен қоса, Кәрім Мыңбаевтың ВАСХНИЛ-ді басқарып, осы ғылыми мекемені ауыл шаруашылығы ғылымы салалары зерттеулерін үйлестіруші, бағыттаушы орталыққа айналдыруға күш салып, ел экономикасын дамытуға өлшеусіз еңбек еткені сипатталған [10, 211-б.].

Кәрім Мыңбаев – XX ғасырдың ортасында биология ғылымы бойынша қазақ ұлтынан шыққан тұңғыш ғылым докторы. Ол сонымен қатар қазақ халқының ғылымы мен жоғары мектебінің дамуына, мәдениетінің өркендеуіне зор үлесін қосты. Алайда, өкінішке орай қазіргі жас буын өкілдері ғалымның өлшеусіз еңбектерін біле бермейді?!

Институт ғалымы **Н.С.Лапин** өзінің орыс тілінде жазған «Қазақстан Республикасының Президенті **Н.Ә.Назарбаев** және қазақстандықтардың тарихи санасының қалыптасуы» еңбегінде қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыру үдерісінде Қазақстан Республикасы Президенті **Н.Ә.Назарбаев**тың рөлін ғылыми тұрғыдан түсіндіру мақсатын ұстанды. «Учитывая роль Президента РК – Лидера нации **Н.А.Назарбаева** в формировании массового исторического сознания казахстанцев, становится актуальным вопрос о введении в учебную программу по истории Казахстана спектра вопросов об изучении вклада Президента **Н.А.Назарбаева** в становление и развитие исторического сознания казахстанского общества и модернизации национальной истории. Целесообразно в национальных учебниках истории представить материал, в котором будет существенно выделена роль Президента РК **Н.А.Назарбаева** в процессе формирования исторического сознания граждан Республики Казахстан» [11, 227-б.].

Осы еңбегінде автор «Можете ли Вы сказать про себя, что Вы знаете историю своей страны в XX веке» анкеталық сұранымының нәтижесін анықтайды. Сұралғандардың 67%-ы қысқаша ғана мағлұмат беріп, тарихи сауаттылықтан гөрі тарихтан қысқаша мәліметі барлығына қанағаттанатынын білдірген [11, 190-191-б.].

Ғалым **А.Н.Қашқымбаев** өзінің «**Ілияс Есенберлин**» еңбегін ұлттық тарихи тұрғыдағы құндылығымен барша қауымды таң қалдырған «Көшпенділер» атты трилогияның авторына арнап жазды. **Еңбектің ерекшелігі – тарихи шығармалары арқылы жұртшылықтың Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы тарихына деген қызығушылығын оята білген Ілияс Есенберлин тұлғасын жан-жақты ашып көрсете білуі.**

Автор жазушының кереметтігін бірде-бір руды қарама-қарсы қоймай, керісінше олардың бірлігі мен бас қоса жасаған әрекеттерін «Алмас қылышқа» теңеп, дәріптегендігін ризашылықпен жазады [12, 153-б.]. Кітапта жазушының XX ғасырдың 60-жылдары алғашқылардың бірі болып **Алаштың азаматтарын ақтауға үлес қосқандығы және Өзбекстанның құрамына өтіп кеткен қазақ жерлерін тарихи отанына қайтару, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы идеяның авторларының көзі тірісінде-ақ осы бір ірі бастаманың зардаптары туралы ащы шындықты айтуы** баяндалған. Еңбекті оқи отырып, **І.Есенберлин** туралы тың деректермен танысасыз.

Белгілі орыс тарихшысы **Анна Панкратова**: «... туысқан, бауырмалдығы ғажап қазақ халқы, олардың қанағармандығы көрсетілген айтулы оқиғалардан айыра, «тарихы жоқ халық» ретінде, көшпенділікпен күнелткен тобыр етуді өз басым түсінбеймін», «...бұл халықтың бай тарихы бойынша үш ғылыми институт жұмыс атқарды» [13, 20-б.], – деген болатын. **Кеңестік дәуірдің өтпелі кезеңінде өрлік танытып, ғылыми ортада бүкпесіз қазақтың бай тарихының мүддесін қорғаған, оған әділ баға берген, ұстанымы берік жан - Анна Панкратова туралы не білеміз? Оқулықтарда А.Панкратова туралы мәлімет тек қана Е.Бекмахановқа байланысты оқиғада берілген.**

Осы сұраққа жауап табу мақсатында ғалым **Қ.М.Ерімбетова** Қазақстан тарих ғылымын қалыптастыруда ерен еңбек еткен және белгілі тарихшы **Е.Бекмахановты** 25 жылдық түрме азабынан құтқарған академик **Анна Панкратованың** өмір жолына арнап

«Қалдырған ізі мәңгілік. Қазақтың тарих ғылымы. Академик **Анна Панкратова**» атты 2 томдық сүбелі еңбек жазды.

Ендігі міндет – осы тұлғалардың өмірдеректерін мектеп оқулықтарына енгізу. Оқушыларымыз тарихи тұлғалардың халқына сіңірген еңбектерімен таныса отырып, отаншылдыққа, елге адал қызмет етуге тәрбиеленеді.

Жаһандану дәуірінде тарих арқылы жастарымыздың ұлттық санасын көтеру уақыт күттірмейтін мәселе болып отыр. Ғалым **Х.М.Әбжанов**: «Егер кешегі отарлау мен тоталитаризм бір мемлекеттің ғана күшімен жүзеге асса, жаһанданудың артында әлемдік әлденеше алпауыт мемлекеттер тұрғанын бір сәтке қаперден шығармау керек», – деген болатын [14]. Сондықтан да жаһандану заманындағы әлемдік мәселелер және Қазақстанның ерекше даму жолы туралы таныстыруды аса бір жауапкершілікпен орындау міндеті жүктеліп отыр.

Осылайша, жоғарыда тоқталып өткен ұстанымдарға негізделіп жазылған оқулықтар ұлттық тарихи сана мен патриоттық сезімді қалыптастыруға қызмет ететін болады деген сенімдеміз.

РЕЗЮМЕ

В написании истории Казахстана особое место занимает исследование персоналий национальной истории. Поэтому в статье рассматриваются проблемы внедрения в школьные учебники научных трудов об исторических личностях.

In extending horizons of the history of Kazakhstan, a special place is occupied by the study of personalities of national history. Therefore, the article considers the problems of introducing scientific works on historical figures in school textbooks.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Тұрлығұлов Т.** 7-8-кларстарда Қазақ КСР тарихын оқыту.- Алматы, «Мектеп», 1971. – 34-б.
2. **Назарбаев Н.Ә.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017.
3. **Момышұлы Б.** Екі томдық шығармалар жинағы. – 1-том. Алматы, «Жазушы», 2004. – 480-б.
4. **Сәрсекке М.** «Ермұхан Бекмаханов».- Астана, «Фолиант», 2010. – 672-б.
5. **Аяған Б.Ғ.** «Әбілқайыр - Шайбан Дешті Қыпшақтың соңғы билеушісі». – Алматы, «Золотая Книга баспасы» ЖШС, 2018. – 176-б.
6. **Айталы А.** Жұмабек Тәшенев феномені. 2010 жылғы конференция материалдары.
7. **Дүйсен С., Еңсенов Қ.** «Жұмабек Тәшенев».- Алматы, «Литера-М» ЖШС, 2012. – 320-б.
8. **Махат Д.А.** Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925-1956 жж.) – Астана, «Ана тілі Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС, 2007 – 390-б.
9. **Еңсенов Қ.А.** «Нұртас Оңдасынов».- Шымкент, «АЗИАТ», 2017. – 408-б.
10. **Дүйсен С., Қалиев Ж.** «Кәрім Мыңбаев».- Астана, «Типография Стимул» ЖШС, 2016. – 238 б.
11. **Лапин Н.С.** «Президент Республики Казахстан **Н.А.Назарбаев** и формирование исторического сознания казахстанцев». – Астана, «БиКА», 2017. – 296-б.
12. **Қашқымбаев А.Н.** «Ілияс Есенберлин».- Астана, Мас-тер ПО ЖШС, 2014. – 298-б.
13. **Ерімбетова Қ.М.** «Қалдырған ізі мәңгілік. Қазақтың тарих ғылымы. Академик **Анна Панкратова**». 1-том. - Астана, «БиКА» БП кешені, 2016. – 364-б.
14. **Әбжанов Х.М.** «Ұлт тарихы. Оны зерттеудің өзекті ұс-танымдары қандай болу керек?». Егемен Қазақстан. 2006.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, БІЛІМІ КЕМЕЛ ОҚУ ОРДАСЫ

Жұлдыз ӘДІЛҒАЗЫҚЫЗЫ, Жазира ӘБДИҒАЛИЕВА,
Эльмира КӘКЕНОВА, Дана СЕЙДАЛЫҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан қаласы Гуманитарлық колледжінің
қоғамдық пәндер оқытушылары

Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму үрдісінде әр түрлі деңгейдегі оқу орындарының өзіне тән терең тарихы мен өсу, өркендеу кезеңі бар. Бүгін біз сөз еткелі отырған Астана гуманитарлық колледжінің тарихы өткен ғасырдың 20-жылдарынан басталады. Сол жылдардағы білім беру жүйесінің қалыптасу тарихына терең үңілу үшін осы кезеңдегі білім саласындағы ахуалға толық тоқталып өтелік.

Өткен ғасырдың 20-жылдары алаш зиялылары қазақ даласын шарпыған 1916 жылғы көтеріліс, большевиктік революция, азамат соғысы жылдарындағы аласапыран бәсеңдегеннен кейін Қазақстанда қоғамдық өмірдің барлық саласында қызметке араласты. **Әсіресе, білім беру ісін қалыпқа келтіру, мектеп жүйесін құру, оқулықтар жазу, шығару, баспа ісін жөнге келтіру, мамандар дайындау кезек күттірмес шаруа болатын.** Ерекше назар аударатын жай, 20-жылдардың басында қазақ зиялылары арасында таптық ұстанымы бойынша жіктелу, қайшылық соншалықты ашық байқала қоймаған еді. Сонымен қатар, әлі кеңестік сипаттағы тапшыл, ұраншыл белсенді жаңа толқын да қалыптаса қоймаған еді.

Революцияға дейін-ақ ұлтжандылығымен, күрескерлігімен танымал болған **А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Есполов, т.б.** қазақ зиялылары білім беру, оқулықтар жазу мен шығару, республиканың келешегі үшін қажетті мамандар дайындау ісіне тікелей белсене араласты. Әр түрлі деңгейдегі жиналыстарда, кеңестерде, баспасөзде өз пікірлерін ашық білдірді. Қазақ зиялыларының қайсы бірі болмасын ел ішіндегі жағдайды, білім беру жайын жетік білді. Оны ашына жазып қана қоймады, өзгертудің жолын іздеді.

М.Дулатов 1920 жылы 7 қарашада «Кедей сөзі» газетінде жарық көрген мақаласында Кеңес үкіметінің білім беру саласында жасап жатқан жағымды істерін революцияға дейінгі жаймен салыстырып талдау жасады. Бұрынғы мектептердің берген білімдерінің төмен, қанағаттанғысыз, сапасыз тіпті қазақ үшін зиянды болғандығын көрсетті. М.Дулатов: *«Патша заманы болғандары қазақты бөлу, бүлдіру, тілін, ұлттығын жоғалту мақсатымен ашылған еді. Бұл школдарда ана тілі оқытылмайтын.... Негізгі школдардың есігі қазақ балаларына жабық болатын»*, – деп ашына жазды.

Ал, азды-көпті бірдеме оқығандардың күйі де жетісіп тұрмағандығын, алған білімдерін елді көтеруге, көгертуге емес, қайта өз ұлтына адал қызмет етсем деген жанның табиғатына жат қылықтарды бойына сіңіріп, халықты отарлаушылармен бірге тонаушы болғандығын көрсетіп: *«Азын аулақ екі класты, яғни сол қатарлы школды бітірген жігіттер тілмаш, переводчик болса, үлкен төрелікке жеткендей көріп, қазаққа күн көрсетпей, «елім, жұртым» деген сезімнен ат шаптырым аулақ жүріп, арызшы, парақор болып кететін. Бұлардың мұндай болып кету себебі тәрбиесіздік, саясаттан хабарсыздық, ұлтшылдық рухы бойына сіңбегендік»*, – деп ауыр да болса ащы шындықтың бетін ашты.

Одан әрі: *«... миссионер Победоносцев оқу министріне берген баяндамасында қазақ туралы ... «Қазақ баласын бастауыш школдарда ғана аз жыл оқытып, ғылымның жоғары басқышына шығармау керек. Олар тәуір оқыса, көзі ашылып кетіп, ұлтшыл, саясатшыл болады. Бізге олардың ұлтынан айрылып, басқаларға ере алмағаны керек»*, – деп жазғандығын, патша үкіметінің білім берудегі қазақтарға ұстанған саясатының қандай болғандығын паш етті [1, 16-б.]. Одан әрі М.Дулатов қазір Кеңес үкіметінің оқуға жол ашып отырғандығын, қай тілде оқысаң да тоқтау жоқтығын, оқудың, оқу жасындағылардың барлығына әйел-еркек демей міндетті, әрі тегін екендігін, бала түгіл, елу жасқа дейін хат танымайтын адам қалмасын, деп отырғандығын жазды.

М.Дулатовтың осы мақаласына тереңірек үңілсек, 20-жылдары қазақ зиялылары сол кезеңдегі әр түрлі толып жатқан қиыншылықтарға қарамастан Кеңес үкіметінің білім беру саясатының дұрыс екендігіне сенді, қолдады, көмектесті және халық мүддесі, ел игілігі үшін қызмет жасады. Ел ішіндегі сауатсыздықты жою, білім алуға, ғылымды игеруге Кеңес үкіметінің жол ашып отырғанын көріп білді. **М.Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылдың 7 қазанындағы №258 санында: «Кеңес үкіметі, бұрын ғылымға қолы жетпей жүрген жалшылардың, бұқараның, қазақ сықылды бұратаналардың балаларын оқытуға кірісті. Езілген тап, езілген ұлт басқалармен заң алдында тең болса да, тұрмыста тең болуы қиын болмақшы, шынымен тең болу үшін оның өнері, білімі тең болуы керек. Сондықтан Кеңес үкіметі ең алдымен езілген ұлттың өнерін, білімін арттыруға кірісті ... оқудың ана тілінде болуын шарт қылып, қазақ сықылды өз тілінде жазулы кітаптары жоқ ұлттардың әдебиетін күшейтуге кірісті, әр ұлттың өз тілінде ғылыми кітап шығаруы ... қамына кірісті. ... Октябрьдің арқасында қазақтың да оқуға қолы жетті. Орынбор, Семей, Ташкент сықылды ірі қалаларда бұл күнде оқып жатқан қазақ балаларының саны бұрынғыдан 100 есе артық деуге болады», – деп жазды. Ұлт мүддесін қашанда жоғары қойған М.Дулатов большевиктік үкіметтің білім беру ісіндегі алғашқы қадамдарын пайымдап, қазақ балалары үшін ашылып жатқан мектептерге үмітпен қарап, оған шын жүректен қолдау жасады. Тарихқа шегініс жасап, білім беру ісінің қалыптасуына талдау жасап отырғандықтан әділін айтсақ, М.Дулатов және басқа да қазақ оқығандары Кеңес үкіметінің жақсы жақтарын көре білді. Білім алған қазақ жастары еліне, ұлтына шынайы қызмет жасаса деген үмітте болды.**

Қазақстандағы Халық ағарту комиссариатының негізін қалаушы, алғашқы Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынов оқу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу ісін, мектептің қазақ тұрмысына қажетті түрлерін, ел ішіндегі жағдайды жетік түсінді [2]. Келер күнге үмітпен қараған дана қайраткер сол жылдардағы басты мәселелердің бірі болып отырған мектеп жүйесін құру, қаржыландыру, мұғалімдер дайындау ісімен қатар, әр саладан жоғары білімді мамандар дайын-

дау ісіне де тікелей араласып, өзі қадағалап отырды.

Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынов сауатсыздықты жою пункттерін, бастауыш мектептерді ашу және осы білім беру орындары үшін маман дайындау мәселесін басты орынға қойды.

Қазан төңкерісінен кейінгі елдің әлеуметтік-саяси жағдайы өте күрделі болса да, 1919 жылдың 2 желтоқсанында Ақмола уездік ревкомы жанынан халық ағарту бөлімі құрылды. Сол тұстағы педагог мамандардың жетіспеушілігіне қарамастан, келесі жылы 1920 жылдың 1 қаңтарында аталған бөлім осы уезде 104 бірінші деңгейдегі және 3 екінші деңгейдегі мектеп ашып, оларға тіркелген 6500 шәкіртке 150 мұғалім білім бере бастады. Олардан басқа тағы да 38 бірінші деңгейлі және бірінші, екінші деңгейлі қазақ-татар мектептері ашылды. Жаңадан ашылған қазақ мектептері үшін жергілікті ұлт өкілдерінен маман кадрлар даярлау мақсатымен сол жылы Ақмолада педагогикалық техникум ашу мәселесі көтерілді.

Қазақтар арасындағы сауатсыздықты және шала-сауаттылықты жою мақсатында қазақ тілінде білім беретін сауатсыздықты жою пункттері мен мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер даярлау үшін арнайы қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Курстар қазақ және орыс тілдерінде ашылып, «Сауатсыздық жойылсын» ұранымен өз қызметін белсенді жүргізді.

1922 жылы алғаш рет педагогикалық курс ұйымдастырылды. Осы маңызды шараны Көкшетаудағы алғашқы кәсіби білім ордасы педагогикалық техникумның оқытушылары мен оқушылары жүзеге асырды. Педагогикалық техникум жайлы мұрағат материалдарында мынадай деректер кездеседі: «В городе имеется педагогический техникум, есть 5 отделений, из них которых одно отделение полностью киргизское (казахское). Всего преподавателей 13, учащихся 151, из них киргизов 27» [3]. Педагогикалық техникум оқушылары қатарында бастапқыда қазақ жастары аз болғанымен, біртіндеп олардың қатары өсе түсті.

1926 жылғы санақ бойынша, Ақмола қаласында



халықтың 46 %-ы сауатты болған. Осы жылдары білім беру саласын оқулықтар және оқу құралдарымен қамтамасыз ету, маман дайындау мәселесі жиі көтерілді. Көктем шыға жұмыстарын бастайтын және қыс айларында қыстауда жұмыс жүргізетін маусымдық мектептерге, елді мекендерде сауат ашуды қолға алған көшпелі мектептерге, ел ішінде ашылып жатқан бастауыш мектептерге мұғалімдер қажеттілігі күн тәртібінде тұрды.

Арада бірнеше жыл өткен соң 1928 жылы педагогикалық техникумды Ақмолаға ауыстыру қарастырылды. Себебі, Ақмолада және жақын елді мекендерде

педагогикалық мамандарға сұраныс арта түсті. Жаңа оқу орнын құруға қаражат тапшылығы, мамандар жетіспеушілігі, т.б. себеп болды да, педагогикалық мамандар дайындау саласында қалыптасқан Көкшетау педагогикалық техникумын Ақмолаға көшіру дұрыс шешім ретінде қабылданды. Сонымен қатар, большевиктер партиясы халықтың сенімі мен қолдауына ие болу және өз қатарына партия мен Кеңес өкіметі ісіне берілген мамандар дайындауға кірісті.

Бүгінгі күні мамандар дайындауда елеулі орны бар Астана гуманитарлық колледжінің іргетасы осылай 1928 жылы қаланды. Оған бүгінгі күнге дейін сақталған фотосуреттер сонымен қатар, 1928-1944 жылдар аралығындағы тарихи деректер де айғақ. Тарихи деректерге сүйенсек, 1928



жылы халықтың саяси санасын оятып, сауаттылығын ашу мақсатында Көкшетау қаласындағы педагогикалық техникум Ақмолаға көшірілгенде оның алғашқы директоры болып білікті ұстаз және оқу орнында танымал тұлға С.Д.Доброслысов тағайындалады.

Техникумның Ақмолаға көшіп келуімен, С.Доброслысов бірнеше маманды орыс тілі пәнінің оқытушысы В.А.Комаров, тарихшы П.И.Беляков, математика пәнінің оқытушысы Ш.П.Чубаров өзімен бірге алып келді. Дайын тұрған арнайы ғимарат болмағандықтан, техникум қазіргі М.Ю.Лермонтов атындағы орыс драма театрының ғимаратына орналасты. Бастапқыда болашақ мұғалімдер дайындайтын оқу орны ұлттық маман кадрлар жетіспегендіктен оқу үдерісін тек орыс тілінде жүргізді. Сондықтан, қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерге сұранысты ескеріп, техникум жанынан арнайы қысқа мерзімдік мұғалімдер дайындайтын курстар ұйымдастырды.

Техникумдағы оқу мерзімі үш жыл болды. 1928 жылдың 1 қыркүйегінде техникумның мектеп бөлімінің бірінші және екінші курстарында орыс тобында жүзден аса адам білім алды.

1920-1930 жылдардағы білім ордаларында қандай пәндерді игергенін, қандай пәндерді оқуға басым бағыт берілгенін мұрағат деректерінде сақталған бітіруші түлектердің куәліктерінен көре аламыз. Оған осы оқу орнын 1930, 1931 жылдары бітірген А.Черепанова мен В.В.Кокинаға берілген куәліктер, саяси мәселелерге арналған «Исторический материализм в связи с ленинизмом», «История классовой борьбы», «Экономическая политика», «Политическая экономика», өлке тарихына арналған «Краеведение» мен «Методика русского языка», «Методика математики», «Методика обществоведения», еңбектері дәлел болады.

Ал, 1929 жылы жергілікті ұлттан мамандар даярлау үшін мектеп бөлімінде қазақ тобы ашылады. Сол жылдары «Сауатсыздық жойылсын» ұранымен елде сауатсыздықты және шала сауаттылықты жою, елді мекендерде

СВИДЕТЕЛЬСТВО

Согласно постановления Совета Акмолинского Педагогического Техникума и на основании раздела IV ст. 342. Положения о Техникумах выдано настоящее свидетельство

в том, что гр. _____ в 19____ года _____ мес. _____ дня, поступив _____ мес. 19____ года в Акмолинский Педагогический Техникум окончил _____ мес. 19____ по школьному отделению, прослушав:

1. Исторический материал в связи с левизмом
2. История классовой борьбы
3. Экономическая география
4. Экономическая политика
5. Политическая экономия
6. Конституция РСФСР и СССР
7. Математика
8. Физика
9. Социологические, естественнонаучные
10. Семейное хозяйство
11. Химия
12. Эволюционная теория
13. Введение в педагогику
14. Основы педагогики
15. Педагогика
16. Психология
17. Система народного образования
18. Педагогика
19. Конспектная программа
20. Методика русского языка
21. Методика латинского
22. Методика обществоведения
23. Методика естествознания
24. Методика ИЗО
25. Методика русского труда
26. Методика пения
27. Методика философии
28. Русский язык и литература
29. Казахский язык
30. Кратегия
31. Педагогическая работа
32. Педагогика
33. Пение
34. Физическое воспитание

выполняя практические занятия по школьной и с.х. практике и сдав все установленные зачеты, а потому гр. _____ имеет получить в установленном порядке квалификацию.

Директор Педагогического Техникума _____

Член совета: _____

Секретарь: _____

Акт. 1938. № 147.

СВИДЕТЕЛЬСТВО

Согласно постановления Совета Акмолинского Педагогического Техникума и на основании раздела IV ст. 342. Положения о Техникумах выдано настоящее свидетельство

в том, что гр. _____ в 19____ года _____ мес. _____ дня, поступив _____ мес. 19____ года в Акмолинский Педагогический Техникум окончил _____ мес. 19____ по школьному отделению, прослушав:

1. Исторический материал в связи с левизмом
2. История классовой борьбы
3. Экономическая география
4. Экономическая политика
5. Политическая экономия
6. Конституция РСФСР и СССР
7. Математика
8. Физика
9. Социологические, естественнонаучные
10. Семейное хозяйство
11. Химия
12. Эволюционная теория
13. Введение в педагогику
14. Основы педагогики
15. Педагогика
16. Психология
17. Система народного образования
18. Педагогика
19. Конспектная программа
20. Методика русского языка
21. Методика латинского
22. Методика обществоведения
23. Методика естествознания
24. Методика ИЗО
25. Методика русского труда
26. Методика пения
27. Методика философии
28. Русский язык и литература
29. Казахский язык
30. Кратегия
31. Педагогическая работа
32. Педагогика
33. Пение
34. Физическое воспитание

выполняя практические занятия по школьной и с.х. практике и сдав все установленные зачеты, а потому гр. _____ имеет получить в установленном порядке квалификацию.

Директор Педагогического Техникума _____


Член совета: _____

Секретарь: _____

Акт. 1938. № 147.

сауатсыздықты жою пунктерін ашу, маусымдық, көшпелі және тұрақты бастауыш мектептер ашу өзекті мәселе ретінде қарастырылды. Бірақ, техникумның материалдық базасы нашар болуы, оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеушілігі, азық-түліктің тапшылығы, қытушыларға жалақы төлеудегі қиындықтар сол жылдарға тән болды. Сонымен қатар, таптық ұстанымы мен партиялық саясатқа маңыз берген коммунистер техникумда оқу әдістемесінен сабақ берген С.Добромысловты білікті ұстаз, тамаша ұйымдастырушы болғандығына қарамастан большевиктік партия қатарында болмағандықтан, басшылық қызметтен алды. Кейін Ресейге қоныс аударған С.Добромыслов Омбы педагогикалық институтында оқытушылық қызмет атқарады.

Одан кейін Ақмола педагогикалық техникумындағы басшылық қызметке Ақметқали Ынтықбаев



Ынтықбаев Ахметқали 1929-1930 жылдардағы оқу бөлімінің меңгерушісі. Кейіннен Семей қаласындағы қазақ педагогика институтының директоры қызметін атқарған.

келеді. Бірақ, ол осы қызмет орнында ұзақ істемеген тәрізді. Себебі, А.Ынтықбаев Семейдегі педагогикалық оқу орнында қызмет істеп жүрген жерінен халық жауы ретінде тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесіледі.

Педагогикалық техникумды 1930 жылы алғашқы 16 түлек дальтон жоспары негізінде оқып бітіріп шықты. Оның мәні ел ішіндегі мұғалімдерге сұраныстың жоғары болуына байланысты, білім алушылар жеделдетілген бағдарлама бойынша оқытылып,

оқу мерзімін қысқарту арқылы бітіріп шығып, қызметке жіберілді.

1928 жылы Ақмолаға көшіріліп әкелінген оқу орны сауатсыздықты жоюда және мұғалімдер даярлауда біршама жұмыстар атқарып, өз миссиясын орындады. 1931 жылы педагогикалық техникум Көкшетауға қайта көшіріліп, сол жылы Қарағандыға ауыстырылды. Бұл жағдайға бірнеше факторлар ықпал етті. Индустрияландыру нәтижесінде Қарағандыда ашылған ірі өнеркәсіп қарқынды дамып, халық саны көбейді. Қалада және қала төңірегіндегі елді мекендерде бала саны өсті. Мұғалімнің жетіспеушілігі айқын байқалып, қажеттілік артты. Осы себептерден

педагогикалық техникум Қарағандыға орнықты.

Қарағанды қаласында жеті жыл қызмет істеген педагогикалық техникум 1938 жылы Қарағандыда Мұғалімдер институтының ашылуына байланысты қайтадан Ақмолаға көшірілді. Бірақ, оқу орнына дайын ғимарат болмағандықтан, «Целинигидроماش» зауытының (Насос зауыты) орнындағы қазақ мектебінің бір бөлігіне орналасады.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін соғыс өрті шарпыған территориядан кәсіпорындардың Қазақстанға да көшірілгені белгілі. Ақмолаға көшірілген Насос зауыты қазақ мектебі ғимаратына орналасады да, техникум 1941 жылы Щучинскіге көшірілді. Осында педагогикалық училище болып қайта құрылады.

Ал 1944 жылы Ақмола қаласына қайта көшірілген оқу орны осында біржола тұрақтайды. Осылай, 1944 жылы Ақмолада қазақ және орыс тілдерінде оқытатын педучилище ашылды. «Бастауыш сыныптарға білім беру» мамандығы бойынша дайындық басталды.

1961 жылы Ақмола атауы өзгерген кезде оқу орнының атауы

да өзгеріп, Целиноград педагогикалық училищесі

болып аталды. Алғашында «Бастауыш сыныптарға білім беру» мамандығы бойынша талапкерлерді қабылдаған училищеде қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие» мен «Өн-күй» мамандығы ашылады. Кейін «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі

Копия

вход № 137

от 26/III - 38 г.

Акмолинскому горсовету № I

Постановление

Директору Акмолинского областного педагогического техникума г. Караганда № 547 от 22 июля 1938 года

«О переброе педучилища в г. Акмолинск».

В связи с организацией учительского института в г. Караганда, Директору областного техникума постановляется:

- 1) Карагандинское педагогическое училище перенести в г. Акмолинск.
- 2) Обязать Акмолинский райисполком тов. Кисельниченко переписать здание казахской средней школы педучилищу по учебно-бытовому значению.
- 3) Обязать Акмолинский райисполком тов. Кисельниченко переписать здание русской средней школы (бывшее здание райкома НКВД) К) переписать педучилищу по учебно-бытовому значению.
- 4) Обязать Акмолинский райисполком тов. Кисельниченко переписать здание казахской средней школы и русской средней школы.
- 5) Обязать директора Акмолинского педучилища тов. Маюнова обеспечить ремонт учебного корпуса и общежития к 10 августа.
- 6) Обязать т. Маюнова немедленно командировать в Акмолинск ответственного сотрудника для разрешения всех вопросов в связи с переездом педучилища.
- 7) Обязать акмолин. обл.ИО извещать горсовет на расходы по переброе педучилища предварительного установить потребную сумму.

И.О. зам. Председателя Обл.исполкома : (Костенко)

За секретаря :

қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары қосылды. Қазіргі ғимараты колледжге 1980 жылы берілген.

Бүгінгі Астана гуманитарлық колледжінің қалыптасу және даму тарихына назар аударғанда, оқу орны қай жылы құрылды деген сұрақ туады. Педагогикалық техникум Көкшетаудан Ақмолаға уақытша ауысып келген 1928 жылдан ба, әлде біржола Ақмолаға келіп орныққан 1944 жылдан ба? Қолымыздағы деректерге аналитикалық талдау жасай келгенде, оқу орнының негізі 1928 жылы қаланды деп алған дұрыс деп санаймыз. Ал, 1944 жыл екінші рет келді және араға уақыт салып өз қызметін жалғастырды. Бүгінгі күні елордада орналасқан гуманитарлық колледж бай тарихы бар, Қазақстанның білім беру жүйесінде өзіндік орны бар білікті оқытушылар қауымы мен тұрақты студенттер контингенті қалыптасқан кемел білім ордасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Алматы: «Мектеп». 2003. 400-б.

2. Байтұрсынов А. Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек? //Қызыл Қазақстан. 1923. №14. 12-13-бб.; Баулу мектебі //Жаңа мектеп. 1925. №1. 22-27-бб.

3. Кокшетауский государственный областной архив. Фонд – 76, хранение 573.

МОҢҒОЛДАР ӘЛЕМДІК ИМПЕРИЯНЫ ҚАЛАЙ ҚҰРДЫ?

(Қысқа мерзімді жоспар. 7-сынып. Қазақстан тарихы)

Несібелі АНАРБЕКОВА,
№149 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар таралымы	6.3А XIII-XV ғасырдың I жартысындағы Қазақстан.	
Осы сабақтың оқу мақсаты	6.3.2.5 – Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау.	
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау. Оқушылардың басым бөлігі: Моңғол империясының үстемдік етуі, империяны басқыншылық саясаты мен оның зардаптарының әсері жайында мағлұмат береді. Кейбір оқушылар: Моңғол мемлекетінің құрылуының негізгі бағыттарын бағалайды.	
Бағалау критерийлері	Оқушы: Моңғолдардың Қазақстан аумағын жаулап алудағы бағыттарын біледі; Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттайды; Отырар оқиғасын талдайды; Моңғол мемлекетінің құрылуының негізгі бағыттарын біледі.	
Тілдік мақсаттар:	Кілтті сөздер: Моңғол империясы, Шыңғыс хан, “Жасақ” заңдар жинағы, ұлыс, оқылым, жазылым, талдау, тыңдалым.	
Құндылықтарға баулу:	Қазақстан патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық.	
Пәнаралық байланыс:	География, дүниежүзі тарихы.	
Алдыңғы білім:	Шыңғыс хан жайлы мағлұмат біледі.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы: 5 мин	Оқушылармен сәлемдесу, назарын сабаққа аудару, бүгінгі сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критерийлері мен таныстыру. Ынтымақтастық атмосферасын құру. Оқушыларды ұлыстар бойынша топқа бөлу, топ басшысын сайлау. 1-топ: Жошы ұлысы. 2-топ: Шағатай ұлысы. 3-топ: Үгедей ұлысы. 4-топ: Төле ұлысы.	Топ аттары жазылған қағаз.
Сабақтың ортасы: 25 мин.	Оқушыларға Моңғол әскері туралы слайд, видеоролик көрсетіледі, тақырып бойынша сұрақтар қойылады. Оқушы біледі, түсінеді, көреді. 1-тапсырма. Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау үшін мына тапсырма беріледі: Топтық жұмыс жасалып постер арқылы қорғалады. 1-топ: Моңғол мемлекетінің саяси құрылымы. 2-топ: Моңғол әскерлері. 3-топ: Соғыс жорықтары. 4-топ: Шыңғыс хан ұрпақтары. Топтар бірін-бірі бағалайды, топ ішінде өзін-өзі бағалайды. 2-тапсырма. «Сұрақ-жауап» әдісі. Оқушыларға сұрақтар қойылады. 1. “Жасақ” заңы. 1.Қылмыс, жаза. 2. Соғыс, әскери жасақ. 3. Отбасы және неке. 4. Мақтау. 5. Салт-дәстүр және ырым. 2. Моңғолдар Еуропаның қай елдеріне шапқыншылық жорықтар жасады? Польша, Чехия, Венгрия. 1. Ауыр атты әскер. 2. Жеңіл атты әскер. 3. Әскердің түрі. 4. Әскердің қаруы. Садақ пен жебе. Найза, қылыш. 5. Әкімет билігінің жоғары органы «Яса» («Жасақ»). 6. Моңғол әскері Отырар қаласына қай жылы басып кіреді? 1219 жылы.	Таныстырылым слайд, видеоролик. Слайд.
Сабақтың соңы. 10 мин.	Кері байланыс: «Бірлескен жоба» әдісі арқылы сабақты қорытындылау. Үйге тапсырма: «Моңғол империясына» эссе жазу.	Стикерлер.

Алматы қаласы.

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

Гүлімжан ӨТЕШОВА,
М.Әуезов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Оқу мақсаттары	6.3.2.2 - ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.2.1.3 -тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін «Ұлы Дала» ұғымын қолдану.	
Сабақ мақсаты	Оқушылар VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің сыртқы саясатын талдап, елдің дамуындағы қағандардың рөліне баға береді.	
Бағалау	Түрік қағанаттарының сыртқы саясатын талдайды.	
Тілдік мақсаттар	Тілдік мақсат. Түрік қағанатының құрылуы туралы мәтінмен жұмыс. Тақырып бойынша сыныпта өзара алмасады. Пәнге қатысты лексика мен терминология. Қағанат, ішкі-сыртқы саясат, қаған, жабғу. Диалогқа/ жазылымға қажетті тіркестер. Түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарыдеректің негізінде келесі қорытындыларды шығаруға болады ... Келесі себептер: факторлар әлеуметтік; экономикалық; саяси мәдени. Оған қарағанда маңыздырақ болды, өйткені.... Бұл оқиға/өзгеріс маңызды болды/айтарлықтай, өйткені...	
Құндылықты дарыту	«Мәңгілік Ел» идеясының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы» құндылығын түркілер жайлы әңгімелеу барысында жүзеге асады.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы пәнінен алған білімдері мен дағдыларын Түрік қағанатының құрылу маңызын талдау кезінде және мемлекеттерді салыстыруда қолданады.	
АКТ	Интернет материалдарын қосымша ақпарат ретінде қарастырады.	
Баст. білім	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының кезеңдері мен ерекшеліктерін біледі.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңі	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ой қозғау. –Ерте орта ғасырлардағы ел билеушілердің сыртқы саясатының негізгі мақсаты қандай болды? Олар өз мақсаттарына жету үшін қандай саясат жүргізді? Бүгінгі сабақтың оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерін таныстыру.	Таныс-тырылым.
Сабақтың ортасы 15 минут	Зерттеу және талдау. Топтық жұмыс. 1-тапсырма. Венн диаграммасы. Әр топқа екі қағанды таңдап алып, олардың жүргізген сыртқы саясатын салыстыру тапсырмасы беріледі. (Бумын қаған, Шегу қаған, Сұлу қаған, Білге қаған). Топтардың бірін-бірі бағалауы. Бағалау критерийі: Түркі қағанаттарының сыртқы саясатын талдайды. Дескриптор: Әр қағанның сыртқы саясатының екі ерекшелігін анықтайды; Қағандардың сыртқы саясатының үш ұқсастығын атайды; Қағанның сыртқы саясатының нәтижесін сипаттайды.	Түркі қағанаты тарихының зерттелуі: http://anyzadam.kz/info/515/ Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).
10 минут	Топтар бірін-бірі бағалаған соң талқылау сұрағы қойылады: -Қағандардың сыртқы саясатын салыстыра отырып, олардың қандай ортақ сипаттарын байқадыңыз? Ортақ белгілер ерте ортағасырлардағы мемлекеттердің ерекшеліктері туралы түсінік бере алама? Ерте ортағасырлардағы мемлекеттердің сыртқы саясатындағы ұқсастықтардың көп болуы неде? Сергіту сәті: интербелсенді тақтадағы әуенмен биді қайталайды.	Гумилев Л.Н. Көне түркілер-А, 1994 ж.
13 минут	2-тапсырма. Кубик стратегиясы. Кубиктің әр қырына алты қағанның аттарын жазып қойыңыз. Бумын қаған – Түрік қағанаты, Естемі қаған –Түрік қағанаты, Шегу қаған – Батыс Түрік қағанаты, Сұлу қаған –Түркеш қағанаты, Білге қаған – Шығыс Түрік қағанаты, Білге күл Қадыр хан – Қарлұқ қағанаты. Оқушылар кубикті лақтырып, өздеріне түскен қаған бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. -Бұл қағанның есімі неліктен тарихта сақталуы тиіс? -Қағанның өз мемлекеті үшін атқарған ең маңызды қызметін атап, дәлелдеңіз? Оқушылардың бірін-бірі бағалауы.	
2 минут	Бағалау критерийі: Түрік қағанаттарының сыртқы саясатын талдайды. Дескриптор: әр топ өздеріне берілген қаған бойынша. Қағанның атқарған ең маңызды қызметін атайды; Қағанның есімі неліктен тарихта сақталуы тиіс екендігін негіздеп, дәлел келтіреді; Қағанның мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалудағы рөліне баға береді. Бағалау: Оқушылардың бір-біріне кері байланысы. Рефлексия: Екі жұлдыз бір тілек. Мұғалімнің кері байланысы.	

Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті.

АҚ ОРДА

Ләззат ЕСКЕНДІРОВА,
№149 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 6.3 А Қазақстан тарихының XIII-XV ғасырлардың I жартысындағы Қазақстан.																			
Оқу мақсаты	6.3.1.6. Картаны қолдану арқылы XIII-XV ғғ. мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру.																		
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: XIII-XV ғғ. Ақ Орда мемлекетінің саяси тарихын, қоғамдық құрылысын білу.																		
Бағалау критерийі	XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің саяси құрылымын біледі.																		
Ойлау дағд/ың деңгейі	Білу, түсіну, қолдану.																		
Тілдік мақсаттар	Сабақ барсындағы жаңа сөздер: Шығыс Дешті қыпшақ, Мауеренахр, ұлыс, этникалық, Орда.																		
Құндылықтарға баулу	Мәңгілік ел: Оқушылардың бойында туған жеріміздің тарихын ұлттық байлық көрінісі ретінде дәріптеу.																		
Пәнаралық байланыс.	География.																		
Алдыңғы білім.	Қазақстан территориясындағы ұлыстардың құрылуы.																		
Сабақтың басы. 10 минут.	Ұйымдастыру. Тренинг: «Тату көрші» /тренинг оқушылардың тұрған орнында орындалады. Мұнда оқушылар бір-біріне қарама-қарсы тұрып алақандарын түйістіріп сәттілік тілейді/. Үй тапсырмасын сұрау: «Қос шеңбер» әдісі арқылы. Топқа бөлу: «Серіктестік» әдісі арқылы «Жошы» ұлысы, «Шағатай» ұлысы, «Үгедей» ұлысы деген топтарға бөлінеді.		Жылы лебіз. С ұ р а қ т а р тізбесі.																
Сабақтың ортасы: Жаңа білім: 22 минут.	Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру. «Денататты графика» әдісі. 1-топтық тапсырма. Түйінді сөз ресурс арқылы таратылады. Нұсқау: 1-топ таратылған Ақ Орда билеушісі Орда Еженнің саяси рөлін анықта! Нұсқау: 2-топ Ақ Орданың ішкі саяси тарихы кезеңдерін сипатта! Нұсқау: 3-топ «Ақ Орда хандары» тармақтарға жікте! <table><tr><td>Саяси тарихының кезеңдері</td><td>Хронологиясы</td><td>Билеушәлері</td><td>Ерекшеліктері</td></tr><tr><td>1-кезең:</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>2-кезең:</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>3-кезең:</td><td></td><td></td><td></td></tr></table> Дескриптор: Ақ Орда хандарын біледі. Саяси қоғамдағы орнын, қызметі мен тарихи рөлін түсінеді.		Саяси тарихының кезеңдері	Хронологиясы	Билеушәлері	Ерекшеліктері	1-кезең:				2-кезең:				3-кезең:				6-сыныптың электронды оқулығы. Кестелер: « т а р и х и механизм», «менталды к а р т а », «тұжы-р ы м д ы қ к е с т е ». Маркер, Флипчарт.
Саяси тарихының кезеңдері	Хронологиясы	Билеушәлері	Ерекшеліктері																
1-кезең:																			
2-кезең:																			
3-кезең:																			
Сабақтың соңы. 6 минут.	«Кері байланыс «табыс сатысы» әдісі арқылы жүргізіледі. Дамытамын. Қолдандым. Түсіндім. Білдім.																		
Үйге. 2 минут.	«Даталар сөйлейді» оқиғалардың хронологиялық тізбесін жаса.																		

Алматы қаласы.

ӨЗ ПӘН БІРЛЕСТІГІҢІЗДІ ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында **«Пән бірлестігі сөз алады»** айдарымен әр мектептің пән бірлестігінің іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр пән бірлестігінен кемінде 5 мұғалім 1 жылға толық жазылып, 1) **барлығының түбіртегін**, 2) **барлық бірлестік мүшелерінің** бірігіп түскен сапалы **фотосын** және 3) бірлестіктің соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы 1 беттік мәлімет,

4) қанша адам жазылса, сонша мұғалімнің 1-2 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы бірлестіктің ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін **«Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе»** айдарына фотосымен, жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүлдегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.

Редакция алқасы.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨТЕРІЛІСІ

Гүлзира ДҮЙСЕНБИНОВА (Дюсенбинова),
№149 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы	1836-1838 жж. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі. Алдыңғы сабақтың жалғасы (2-сабақ).	
Зерттеу сұрағы	Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?	
Оқу мақсаты	7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау.	
Сабақ мақсаты	Отаршылдыққа қарсы азаттық күрестің себеп-салдарын анықтап, көтерілістің маңызын талдайды. Исатай мен Махамбеттің ұлт-азаттық күрестегі рөліне баға береді.	
Бағалау критерийлері	Сыни ойлау мен талдау. Тарихи оқиғаға қатысты құжат авторының ойын анықтап, деректің тарихи маңызын талдайды.	
Пән/ар. байланыс	Қазақ тілі пәні бойынша жаңа сөздермен жұмыс және оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым барысында қолданылады.	
АНТ	Бейнефильм, интерактивті тақтамен жұмыс.	
Сабақ кезеңі	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
1-сабақ Қызығушылық ояту 5-мин.	(Т) Ұйымдастыру сәті. Сыныпты топқа бөлу. Ұй тапсырмасын тексеру. (Б) Оқушылармен сатылап сұрақ қою әдісімен диалог әңгіме жүргізіліп, өткен материал еске түсіріледі. Оқушыларды осы сабақта басты зерттелетін мәселеге ойларын шоғырландырудан бұрын, өткен материалды еске түсіріп, пысықтап алуға назар аударылады. Бөкей Ордасы қашан, қай жерде құрылды? Бөкей Ордасында көтеріліс қай жылдары болды және оның басшылары кімдер? Көтерілістің негізгі себептері қандай? Көтерілістің басталып кетуіне түрткі болған жағдай? Көтерілісшілер мен патша әскерлерімен біріккен Жәңгір жасағымен арасындағы негізгі шайқас қай жерлерде болды? Екі жақтың арасында болған шайқастың нәтижесі? Көтерілістің жеңіліске ұшырауының негізгі себептері неде болды? Көтерілістің салдары мен тарихи маңыздары қандай?	Презентация. Топтар атауы жазылған карточка. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 3-том. – Алматы, 2010. Қабылдинов З.Е.
Мағынаны тану. 5 мин.	Зерттеу мен талдау. Махамбеттің «Мен, мен едім» термесін тыңдата отырып, оқушылардан терменің мазмұны туралы сұрай келе, олардың ойын зерттелетін мәселеге шоғырландыру. 1-тапсырма. Дерекпен жұмыс. «Деректер сөйлейді». 1-топ. Бұл дерек қандай әлеуметтік топтың мүддесін қорғайды? (1, 2-дерек). 2-топ. Құжат бойынша автордың берілген тарихи оқиғаға пікірін анықтауға тырысыңыз, автор нені айтқысы келді? (1, 2-дерек). 3-топ. Бұл құжат қазақ халқының өміріне қалай әсер етті немесе әсер етуші еді? (1, 2-дерек). 4-топ. Деректе қандай тарихи фактілер келтірілуде? Деректің тарихи маңыздылығы неде? (1, 2-дерек). Кері байланыс. Топтық бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек» Топты бағалау критерийлері: - мазмұнды ашуы; - сөйлеу шеберлігі; - регламент сақтауы. Кері байланыс. Мұғалімнің кері байланыс беруі. 3-тапсырма. «Үздіксіз сөйлеу». Көтеріліс барысында Исатай мен Махамбетті қандай ортақ идея біріктіргендігін анықтау үшін топтарға тапсырма беріледі. Қос батырдың ортақ мақсат-мүддесі туралы оқушыларға мұғалім тарапынан бағыт-бағдар беріледі. Өр топтан шыққан өкіл қос батырды қандай идея (мақсат, ой) біріктіргенін 1-2 минут ішінде үздіксіз сөйлеп шығуы керек. Бағалау критерийі: Дескрипторы: -Қос батырды біріктірген ортақ мақсаттың кемінде 1-уіне мысал беру; -Қос батыр туралы өзіндік 1 пікір ұсыну Кері байланыс. Мұғалімнің бағалауы.	https://my.mail.ru/music/songs/maхамбет-мен-мен-едім-7649262c26e218829e0068250dc02852 М.Өтемісұлы «Мен, мен едім» термесі. 8 сынып. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. Атамұра, 2012. Атамұра, 2012. Қазақтардың (1836-1838) хал-азат жж. қозғалысы = Народно-освободительное движение казахов годах Құжаттар, материалдар, мақалалар. /
Ой-толғау 1 мин.	Рефлексия. Оқушылар кері байланыс парағына өздерінің білімдері қандай дәрежеде игергендерін көрсетеді. Мысалы, «Мен барлығын түсіндім» деген оқушылар өз стикерлерін жасыл түстің тұсына «Мен орташа түсіндім» деген оқушылар сары түстің тұсына, ал «Ешнәрсе түсінбедім» деген оқушылар қызыл түстің тұсына стикерлерін жапсырады.	

Алматы қаласы.